

---

Масғұт Жабасұлы ХАЛИОЛЛА

# ОҰ СҮЗГІ

Естеліктер, сыкак әнгімелер, кесемсөздер

---



Масғұт Жабасұлы ХАЛИОЛЛА

---

# ОЙ СҮЗГІ

Естеліктер, сықақ әңгімелер, көсемсөздер

*Қазағым деп қайнап жүр,  
жас журналист қарағым!  
Сөзімді саған арнадым.*

Қарағанды, 2014

УДК 821.512.122  
ББК 84(5Қаз)  
Х-17

**Халиолла М.Ж.**  
**Х-17 Ой сүзгі. Естеліктер, сықақ әңгімелер,  
көсемсөздер. – Қарағанды: TENGRI, 2014. – 296 б.**

ISBN 978-601-7449-66-7

Белгілі қаламгер, Қазақстанның құрметті журналисі Масғұт Халиолланың бұл жинағына кейінгі жылдары жазған естеліктері, сықақ әңгімелері мен көсемсөздері енген. Ардагер журналист өзімен тұстас әріптестерін ілтипатпен еске алып, Алаштың асылдары Абай, Әлихан, Мәдидің өнегелі өмірі туралы сыр шертеді, қазақтың біртуар ұлдары, көрнекті ғалым Евней Бөкетов пен геолог, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төкіні Ақышевтің бейнелерін сомдайды. Кешегі және бүгінгі заманғы қисынсыз идеологияны батыл әшкерелеп, қазақ тілінің тағдыры туралы толғанады. Қазіргі қазақ журналистикасының барысына алаңдайды. Шығармаларының тілі шұрайлы, ойы әуезді.

Кітап қалың оқырманға арналған, журналистика факультеттері мен бөлімшелерінің студенттері қарт қаламгердің көсемсөздерін қосымша құрал ретінде пайдалануына болады.

**Құрастырғандар: Аман Жағдаұлы Жанғожин,  
Арнұр Масғұтұлы Халиоллин.**

УДК 821.512.122  
ББК 84(5Қаз)

ISBN 978-601-7449-66-7

© Халиолла М., 2014

# 1. ЕСТЕЛІКТЕР

---

## ОЙ СҮЗГІ

**О, туған жер, туған ел,  
Кеудемді төсеп қорғадым.  
Шаршағанда – қуатым,  
Арқа сүйер – қорғаным.  
Шөлдегенде – кәусарым,  
Сағынғанда – аңсарым.**

*(Жалаңтөс батырдың өсиет батасынан).*

Баяғыда мақтаншақтау біреу «мен туғанда таң құланиектеп атып келе жатыр екен, содан ұйықтап кетіп, күннің батқанын байқамай қалыппын» деген екен. Өткен өмірді еске алып, көз алдымнан өткізсем, өз басым 4-5 жасымнан бергі көрген, естігенімді аздап болса да айтып бере алатын сияқтымын. Отыз екінші жылы аштық есін алған біреу қолымнан жетектеп бара жатқанда ауыл адамдары көріп қалып, айырып алыпты. Егер көрмей қалса... қайтер еді... Енді міне сол катерден аман қалғанымға тәуба етіп, өзім ес білгеннен бері ұмытылмай келе жатқан кейбір оқиғаларды қағаз бетіне түсіре кеткенім айып болмас деп ойлаймын. Шынымды айтайын, ойдан шығарып қисындастырып, өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай етіп айтуды суқаным сүймейді. Кейбіреулер сияқты өтірігін жасырып «арғы жағы Аллаға ғана аян» деп Жаратқанға сілтей салу қолымнан келмейді. Әйтеуір шындықты айтқанды қалаймын. Ал, шындықты айту – оңай, дәлелдеу – қиын. Айтудың өзі – ерлік. Мен феодалдық қоғамды кітаптан оқыдым. Оның да сол жазылғандай екеніне көзім жете бермейді. Тарих оқулығын ақтарсам, қазақтар дегеніміз «сайда саны, құмда ізі жоқ», «көшерін жел қонарын сай білетін» далалықтар екен. Содан да көшпенділер аталыпты. Тәуелсіздігімізге қолымыз жеткеннен кейін ғана өз тарихымызды таразылай бастадық. Ұлы

Мұхаңның «Абай жолы» эпопеясын оқысам бірлі-жарымы болмаса, өңкей бір от тілді, орақ ауызды жалындаған жандарды көремін. Қаскөйі мен қайырымдысы, ақылдысы мен ақымағы өмір бойы алысып, атысып, тартысып, бірде жақсылық, бірде жамандық жеңіп келе жатыр екен.

*«Өмір, дүние дегенің,  
Ағып жатқан су екен.*

*Жақсы-жаман көргенің,*

*Ойлай берсең, у екен»,* деп данышпан Абай айтқандай, өмірдің күнгейі мен көлеңкесін жеріне жеткізіп, иін қандырып айтып берген адам аз-ау.

Қазақты жанындай сүйіп отырып, кемшілігін тізіп айтқан сол данамыздың өзі «Еңбегінді білерлік еш адам жоқ, түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім», деп өзіне-өзі тоқтау салған ғой. Айтсаң – өзің, айтпасаң – сөзің өледі. Өзің өлгеннен сөзің олген қиын. Десек те сен айтпасаң, түбінде басқа бір батыл айтады. Менің айтайын дегенім, кешегі күннен дәл бүгінге етегімізден тартып, ілгері басқан аяғымызды кері шегеріп, сүйегімізге сіңіп бара жатқан кейбір жаны сірі, жарамсыз да жайсыз мінездеріміз.

Кеше айттың не? Бүгін айттың не? Бәрі бір дейтін бар замандарға, бар адамдарға ортақ жайлар. Осыдан ғибрат алам дегенге ой салар болса – мен риза. Кемшіліктерімізді айту-біреуді мұқату емес, кейінгілерді залалды қылықтардан, қулық-сұмдықтардан, рухани азғындаудан сақтандыру...

## ҚАРА ТОРҒАЙЛАР

Мен ес білген кезде қазіргі Ақтоғай ауданында Қопа деген жерде отырыппыз. Сол жерде «Береке» деген ұжымшар ұйымдастырылыпты. Ашаршылықтан кейін елге шолақ құйрықты, жүні үлпілдеген мактадай жұмсақ мәліп (осылай айтылатын) қойлар таратылып берілді. Біздің жердің табиғатына төзе алмады-ау деймін, кейін тұқымы үзіліп кетті.

«Әкем мектепте мұғалім болды. Қарқаралының педагогикалық техникумын бітірген екен. (Бүкіл өмірін оқу-

ағарту ісіне арнаған адам. Қазір Сарытерек ауылындағы орта мектеп сол кісінің – Жабас Халиоллаұлы Кеңесбаевтың атында). Мектеп бастауыш болса керек. Оқушылар, кітаптар есімде жоқ. Тәрізі ол кезде оқу мені өзіне тарта қоймаған болар. Есімде қалғаны – қара торғайлар. Иә, кәдімгі, көбіне егісте, қырман басында жүретін қара торғайлар. Қыстауда Әмірбек есімді орта жастардағы кісінің үйімен көршіміз. Оның 10-12 жастағы баласы екеуміз досжармыз. Қайда барса мені қасынан қалдырмайды. Көктем шыға бір күні мені қырман басына алып келді. Былтырғы астық сабанының арасынан қызыл бидай дәні кездеседі. Әлгі торғайлар соны шұқылап жүріп тауып жейді екен. Менің «бастығым» үйден алып келген жылқының құйрық қылынан есілген тұзақтарды әр жерге бекітіп құрды да «ертең келеміз» деп үйге қайттық. Сол түні көз ілмегенім анық. Ертеңіне таңертең ерте «бастығымның» соңынан еріп томпаңдап келемін. 3-4 қара торғай тұзаққа түсіпті. «Бастығым» қалтасынан кішкентай бәкісін алып, «пісіміллә» деп ауызын жыбырлатты да үлкен кісілерше: «сенде жазық жоқ, бізде азық жоқ» деп бауыздады. «Бауыздамаса – құс та, мал да, аң да арам болады»,– деп түсіндірді. Енді арам мен адалдық айырмасын түсінетін болдым. Сонан соң сол жерде шақпағын шағып от жағып, жүні жұлынған қара торғайларды ағаш істікке шаншып шыжылдатып пісіре бастады. Қырманда жүріп жемделген торғайлар семіз екен. Кәдімгідей майы отқа тамшылап, қызарып пісті. Осыған дейін мұндай дәмді тамақ жемеген сияқтымын. Ой, рахат-ай! Ендігі кәсіп осылайша қара торғайлар аулау болды.

### «ТУҒАН ЖЕРГЕ ОРАЛУ»

Тоқырауын бойынан қашан кеткеніміз есімде жоқ. Қайта оралып келгеніміз күні кешегідей көз алдымда. Ит тұмсығы өтпейді дейтіндей қалың тоғайдың ортасын жарып аққан мол сулы Тоқырауын өзенінің екі қабағына қоныстанған киіз үйлі ауыл мәре-сәре. Ойын баласына тығылмақ ойнайтын, жазда саялайтын, қыста боран - шашыннан паналайтын тоғайы, таңертеңнен кешке дейін балық аулап, мөлдір суына құмарын

қанғанша шомылатын өзені болса – одан артық рахат, пейіштің керегі бар ма?!

Менің таңғалғаным балалардың бәрі – жүзгіш. Суға сүнгіп кетеді де көпке дейін шым батып жоғалады. Сөйтсем бұлар өзен жағасында өскен –«балық боп кеткендер» екен. Қопа жақта мұндай өзен жоқ. Селгиіп қарап, таңданып тұра беріппін.

Бір бала:

– Ей, сен неге суға түспейсің?!–деп айқалағанда барып ес жиғандаймын.

– Ой, ол жүзе білмейді,– деді күнге күйіп, беті жылтыраған, кетік тіс қайыс қара бала. Намысым келді. «Мыналар мені жүзу білмейді» деп кемсіткісі келеді-ау. Жүзудің қиындығы жоқ сияқты. Екі аяғыммен суды шапақтап, екі қолымды су астында тырбандатсам-несі бар, жүзіп кетпеймін бе?–деп ойлап тұрмын.

– Ей қорқақ, секір суға!–деген өктем дауыс тағы шықты. «Мен сендерге жүзе білмегенді көрсетейін» – деп жардың жағасынан екпіндей секіріп, ағысты өзенге қойдым да кеттім. Алғашқы екпінмен біраз жерге барып қалсам керек, одан соң тырбандадым да қалдым. Бір-екі рет су жұтып та жібердім. Сол екі ортада әлгі мені мазақтаған қара балалар екі жағымнан келіп қолтықтап, жағаға алып шықты.

Міне, менің өмірімде естен кетпейтін ел анасындай Тоқырауын өзенімен танысуым осылай басталған. Бұдан соң балалар мені мазақтағанды қойып, шын көңілдерімен көмектесе бастады. Ол кезде труси деген жоқ. Ұзын дамбалдың екі балағын мықтап байлады да суға тарс еткізіп соғып, ішіне ауа толтырып, одан соң ышқырын буып тастады, домаланған шар сияқты бірденені мойныма асып берді. Иектің астынан көтеріп, суға батырмайды. Аяғыңды қанша шалпылдатсаң да еркін. Қойшы, сонымен түске дейін мен жүзгіштердің соңынан еруге жарап қалдым. Алғашқыда «ит малту», одан соң құлаштап жүзуді әжептәуір үйреніп алдым. Кейін Чапаевша сыңар қолданып (бір қолды көтеріп, винтовка бар ғой) жүзуді қостым. Бұл мектепке барғаннан кейінгі өнерім. Ол былай болды. Бізді «Өндіріс колхозының балалары» дейді. (Кейін «Өндіріске», «Жаңа тұрмыс» ұжымшары қосылды). Үй саны 30-40 болар.

Балалар өңшең «сен тұр, мен атайын» – ірі, бойшаң, балуан. Әсіресе, Тұрсынбаевтар – Жақсылық, Жақсыбайлар. Олардың ағасы Бекіш – шаруашылық басқармасы. (Сол кезде неге солай атайтынын білмеймін, басқарушы емес, басқарма дейді). Жақсыбай өте қайратты әрі өткір бала еді. Өмірі қысқа болды. Әскерден оралған соң кешікпей дүние салды. Радиацияның салқыны тиді ме, қан тасыған ауруына ұшырапты. Бүгінде аман-есен жүрген Мінтай Жүнісов, сол құралпы Әбікен Исин, Оразәлі, Зекен деген балалармен дос - жолдас болып кеттік. Жақсыбайдың жұдырығы тым қатты. Оның әкесі Тұрсынбай ақсақалдың құдыққа түсіп кеткен біздің үйдің Қара іңген деген түйесін беліне арқан байлап сүйреп шығарғанын өзім көргенмін. Арамызда бізден ересектеу балалар да бар. Олар жоғары кластарда оқиды. Әзирбек Смағұлов, Шешенбай Тақанов сынды азаматтар кейін ел мақтанышы атанды. Аудан орталығы – Ақтоғайда «Чапаев» кинофильмі көрсетіле бастады. Қызық! Тамаша! Әсіресе, командир Чапаев ұнайды бізге. Бірдемеге «ашулансақ» колмақол Чапаевша жұлқынып шешініп, киімдерімізді ту талақай етіп шашып тастаймыз. Кітап салған болжамамыз қалады әр жерде. Чапаевтікіндей қылышымыз жоқ, қайта киінгенде оның орнына бір таяқты белдікке қыстырып аламыз. Осы таяуда бір телеарнада осы фильмді көрсетті. Кенестік идеологияның әсерінің күштілігі сондай көрген адамды әлі баурап алатындай.

Осы жерде реті келген мына бір оқиғаны айта кетейін- «Өндіріс» ұжымшарының орталығы «Ақ үй» (Қарамойын деген жерде) мен Ақтоғай кентінің арасы 4-5 шақырым. Мектеп Ақтоғайда. Балалар жаяу қатынап оқитынбыз. Қыста боран шашынды күндерде қалың тоғай арасындағы сүрлеу жолмен өту үшін де жүрек керек. Біз, бірінші сынып оқушылары, ересек балалардың, аудан орталығында қызмет істейтін жас жігіттердің етегінен, белдігінен ұстап алып, бүлкектеп желіп отырамыз. Олардың арасында менің майданда мерт болған немере ағам Қасейін Қобаев, 87 жасында дүние салған майдангер, ардагер ұстаз, елге жаққан аяулы азамат Амантай Жүнісов, майданнан оралған соң аудандық тұтынушылар қоғамында еңбек еткен Алтынбек Досмағамбетов және басқалар бар еді. Осындай



қиыншылық бізді ерте есейтті де, шынықтырды. Майданда шейіт болған барша ағаларымыздың орнын толтырғандай болып жүретін Аман-аға қайтыс болғанда бар қайғыға енді ғана тап болғандай сезіндік... Алыстан катынап оқығанмен Ақтоғайда тұратын балалардан біліміміз төмен болмаған сияқты. Қысқы демалыстан соң кітапханадан кітап алып оқи бастағанымыз есімде. Көпшілігіміз оқу жылын үздік бағамен аяқтадық.

...Сонымен таң ата үйден шыққан біз түстен кейін ауылға қайтамыз. Алысып ойнап отырып Тоқырауының жағасына келеміз. Осы кезде ересек балалар «Кім Чапаев?» деп саң ете түседі. Кім Чапаев болса, мына өзенге, күзгі суық суға киімімен қойып кетуі керек. Киімді аяймын деп чапаевтық дәрежеден айырылып қалуға бола ма?! Нар тәуекел! «Мен Чапаев!» -деп шырылдаған дауыстар мүлгіген тоғайды жаңғырықтырады. Балапан қораздай қоқиланып келіп, суық суға қойып-қойып кетеміз де арғы жағаға шыққанша әптігіміз басылып, су құйған іннен шыққан саршұнақтай сүмірейіп-сүмірейіп тұрамыз. Боғжама ішіндегі кітап, дәптерлер беттері бір-біріне жабысып, кейін кепкен соң күйген терідей бүрісіп қалады. Оған қарап жатқан біз жоқ. Чапаев атын иеленгенге мәзбіз. Біз үшін Чапаев болғаннан артық дәреже жоқ!

## ТУҒАН ЖЕРДЕЙ ЖЕР БАР МА?!

Сол уақытта жаз айларында Тоқырауын бойы жер жаннатына айналушы еді. Жасыл шалғын арасына кірген балашаға «жұтылып» кетеді. Кейін талай жерлерді аралап көрдік қой. Шынымды айтайын. Солардың бірде-бірі маған туған жердей әсер еткен жоқ. Көз алдыңызда мына бір суретті елестетіп көріңізші. Жағасын шолпылдата сүйіп еркелей аққан, арнасына лақтырған күміс тиын қып-қызыл маржандай құмымен аймаласқан, үңілсең жүзің көрішетіп сұлу - сырбаз, ерке өзен қандай ғажап! Жағасына нықтаса, құшақтаса өскен қалың тал, долана, ұшқат ағаштарының қою көлеңкесі өзен суының буланып ұшып кетпеуіне бірден-бір қорған. Жаз болса айдынына шомылып, ақ шабақтай асыр салатын, қыста айнадай

жалтыраған көк мұзына қол ұстаса сырғанақ тебетін жастар кандай бақытты! Бұдан артық қуаныш, рақатты ойын баласы іздемес!

Өзеннің екі қабағына жарыса өскен тоғай ішінің жұпар иіс мұрныңызды қытықтап, ішпей-жемей мас етеді. Киіз үй орнындай жерден ә дегенше бір шелек ботаның көзіндей мөлдіреген хош иісті қарақатын теріп алғанға не жетсін! Қазір қаланың саяжайларында өскен қарақат Тоқырауын бойының қарақатына қарағанда қыстан тұралап шыққан ақсақ-тоқсақ жандық сияқты. Мойылы мен доланасы қызарып піскенде, тобылғысы мен ұшкаты гүл шашқанда сәулім қыздай сыланып, тоғайға ерекше сән беретін. Түйетабаны мен биеемшегі қазіргі қырыққабат пен сәбізден кем көрінбейтін. Мүмкін осының бәрі туған жерге, өскен ортаға деген перзенттік махаббаттың суынбас әсері болар. Сонда туып, өскен адамдардың 70-80-90 жасқа шаршамай, шалдықпай жеткенін мен табиғат ананың емдік қасиеті, ғажайып күдіреті екеніне шүбаланбаймын.

Тоқырауын өзенінде балықтың неше атасы өсіп- өнетін. Өзен суы көктемде тасып Балқаш көліне құйғанда балықтар ағысқа қарсы жүзіп өзеннің тұщы суына ентелеп жетіп, уылдырық шашатын. Сазан, шортан, маринка (қара балық) сияқты балықтарды қармақпен аулайтынбыз. Сол ортаның төл тумалары Тақан, Рыстапа, Мұхамедия сияқты үлкен кісілер суға сүңгіп кетіп, балықты ұясынан ұстап, желбезегінен алып жағаға лақтыратын. Бүгінгі жүдеп - жадаған Тоқырауынды көріп жүргендер менің сөзіме сене қоймас. Тоқсаныншы жылдардың бас кезінде бір әкім-қараны Тоқырауын бойында қарақат өскеніне сендіре алмағанмын. Айналасы 60-70 жыл ішінде гүл жайнаған аймақтың көркі кетіп, шұнақ шөлге айналып бара жатқанына менің де жүрегім ауырады. Амал бар ма, жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысы елді де, жерді де оңдырмай аздырды да тоздырды ғой. Қырық жылға созылған атом жарылыстары жерді тулаққа, адамды аруаққа айналдырды. Бұрынғы бұрқырап ағып жататын өзен, бұлақ көздері суалып, тартылып, құрғап қалғанына өзіміз куә болдық. Жайқалып өсіп тұрған жасыл тоғай адам қолымен аяусыз оталды. Табиғатқа жаны ашымастар, өзінен кейін дүние өртеніп кетсе де қыңқ

етпейтіндер қарақат, мойыл, долана сияқты жеміс бұталарын көктей жұлып, сындырып, тып-типыл етті. Табиғат-анаға осындай мейірім-сіздікті көріп отырып келер ұрпақтың туған жерге, алтын бесігімізге деген перзенттік сезімі қандай боларына көзім де, айтуға тілім де жетпейді: Ақтоғай, Тоқырауын табиғатының бүгінгі мүшкіл халі көңілімді жүдетіп, жүрегімді сыздатқан соң бір реквием (жоқтау өлең) жазып едім. Ол «Қайран өлкем тұнжырап» деп аталады. Менің туған жерге деген ортаймас махаббатым да, сағынарым да, табынарым да осы өлеңнің ішінде деп білерсіздер.

*Суың қайда сынаптай сырғып аққан,  
Нуың қайда жағасын бүркеп жапқан.  
Тұншығыпты жарға ұрған толқындарың,  
Тыншығыпты көк құрақ сыбдыр қаққан.  
Аң адасқан алпауыт орманыңды  
Қаңсыратып қандай қол балта шапқан?!  
Жер жұтты ма сар сазан, шортаныңды,  
Бал сорпасын тамсанып талай татқан.  
Аққу ұшып, қаз қонған айдындарың  
Айнымайды тақырға тұрған қақтан.  
Қазан ұрған долана, мойылынды,  
Құлмағыңды бейне бір сырға таққан.  
Мақтанышым-жазірам қайыршыдай,  
Тағдырына торығып ойға батқан.  
Алла менен адамнан сауға сұрап,  
Қайран өлкем тұнжырап мұңын шаққан.*

\* \* \*

*Кім көреді олардың жылағанын,  
Қу жанына араша сұрағанын,  
Кім тыңдайды олардың шер мен зарын,  
Кім аяйды бүгінгі мүшкіл халін?!*

\* \* \*

*Сұрайды енді бұл жерге келген-кеткен,  
«Ақтоғай» деп атаған не себептен?»*

Тоқырауын «толқыны» ансамбльде,  
Аты қалған күйінде толгам шерткен.  
Жағасына жарасып ауыл қонған  
Айдынды өзен арнасы құрғап кепкен.  
Қырық жылдық зұлматтың кесірі ме,  
Жер астынан шыққан у сыртқа тепкен.  
«Адам-бала, жер-ана» деуші еді ғой,  
Қорлық бар ма анаға бұдан өткен ?!

\* \* \*

«Жері байдың-елі бай» депті бабам,  
Бір терегі қисайса болған алаң.  
Үстін орып, енді астын сорып жатса,  
Қарсы қояр қайратың, бар ма шараң?  
Тоғайын мен өзенің сәнің еді,  
Сәнің кетсе, әніңнің күні қараң.  
Жерің азар, елдің де құты тозар,  
Табиғатпен кіндіктес қашанда адам.  
«Елім, Жерім» дейтұғын, Ей, Азамат;  
Жәннатыңа қорған бол, келсе шамаң.

\* \* \*

Асығамын жеткенше туған жерге,  
Саз жастығым, мәз күнім өткен Елге.  
Көз алдымда аяулы екі сурет—  
Сырнайлы өзен, әнші орман-сағым перде.  
Ақшабақ боп айдынды жарып өттім,  
Масаңдаумын желпіген жұпар желге.  
Осылайша қиялдап қауышамын,  
Атамекен пейіштен айтышы кем бе ?!  
Сол суретпен енермін оралмасқа,  
Тек білместін не екенін – түс пе, оң бе?!

## АБАЙМЕН ТАБЫСТЫРҒАН АТАМ ЕДІ

Атам Халиолла – Кеңесбайдың үлкені. Екі інісі – Қобайдолла мен Уәтайолла. Балалардың есімдері «Оллалап» аяқталуына қарағанда Кеңесбай арабша оқыған, ислам дініне құлай берілген адам сияқты. Ел арасында «шағын мешіт ұстаған» деген сөз де бар.

Қобайдолладан (Кобай) төрт ұл: Әсет, Қасет, Құсайын, Қасейін. Уәтайолладан (Уәтай) жалғыз перзент – Мақсұт Қарқаралыда оқып жүргенде жастай дүние салыпты. Менің атымды өзіне ұқсас етіп Масғұт қойындар деп хат жазған сол ағамыз екен. Тәрізі Абайдың «Масғұт» дастанын оқыған болса керек.

Менің әкем Жабас – Халиолланың жалғызы. Бұл кісі Қарқаралы педагогикалық техникумның алғашқы түлектерінің бірі. Бесоба деген жерде мәдениет орталығы ашылып, сонда ұстаздық қызметін бастаған. Нұрбек Ақбөкеев деген жолдасымен бірге оқып, бірге еңбек еткен. Әкем осы бір зейінді, парасатты азаматпен арасындағы достық қатынасын өмір бойы сағынышпен еске алып отыратын еді. Нұрбектің ұлы Аманжол Нұрбеков қазір Қарағанды қаласында медколледждің директоры, ғылым кандидаты, іскер де абыройлы азамат.

Жас кезімде мен атамның баурында өстім. Ер баланың тұңғышы болған соң атам мені қазақ дәстүрімен өз қойынына салыпты. Сол кезде айтқан әңгімелері әлі есімде. Шашымды ұстарамен алып тұрып: «Қалын елім, қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз аузыңа түсті мұртың» деп күбірлеп, Абай өлеңін оқыған қоңыр дауысы құлағымда. Бірде атам «Маса» деген өлеңді жатқа оқыды. Бір жылан ұйықтап жатқан қойшыны шағайын деп жылжып келе жатқанда сары маса бишара қойшыға жаны ашып оятпақшы болады. Ұйқылы-оюу жатқан қойшы бетіне келіп қонған масаны бір сыйпап өлтіреді. «Халқым, мен де осы маса сияқты сені ұйқыдан оятпақшы едім...», дейді ұлы ағартушы, ақын, ғалым, ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынов. Бұл кезде Ахаң ұсталып кетсе керек. Атам «сен бұл өлеңді ешкімге айтпа» деп қатты естертті. Зердесі аса берік кісі еді. Мен кейініректе газеттерден түрлі хабарларды,

өзіме ұнаған «Робинзон Крузо», «Қазына аралы», «Сырлы арал» сияқты кітаптарды кешкілікте оқып беретінмін. Естігенін қағып алып, ауыл ақсақалдарына әңгімелеп отыратын.

Сол жас кезімде Балқашқа қарай түйе жеккен арбамен бір айлы түнде кетіп бара жатқанда «осы жерді Саржан қашқан атайды» деп көрсетті. Ол кісінің түсіндіруінше: Кенесарының ағасы Саржан орыстың зеңберекті әскерімен садақпен атысып жүргенде ішке кірген бір жансыз садағының кірісін қиып кеткен екен. Содан Саржан қашып, әлгі жер «Саржан қашқан» аталып кетіпті.

– Орыстың бұл жерде не шаруасы бар? – деймін балалық қызығушылықпен ар жағын анықтай түспек болып.

– Ой, балам-ай, не шаруасы бар дерің бар ма? Оларға жер керек. Жерге ие болса, елге билік жүргізеді. Адам баласының көзі жерге, байлыққа, билікке тойған ба? –деп бастап Ескендір Зұлқарнайын патша әңгімесін айтып берді. Ол әңгіме де Абайдан. Әрине, бұл кісі Абайдың 1909 жылы Петербургте Кәкітай тасқа бастырған тұңғыш жинағын, Ахмет, Міржақып, Әлихан сияқты арыстарымыздың күшімен, қамқорлығымен шығып тұрған «Қазақ» газетін оқыған. Оқығанда жай ғана оқымаған, көп өлеңдерді жаттап алған. Баланың зердесі тасқа түскен таңбадай ғой. Содан болар мен Абайдың біраз өлеңдерін мектепке бармай тұрғанда-ақ жатқа айтатынымын. Ол, әрине, атамның ынарапаты. Кейін жазушы Жәкең (Жайық Бектұров) үйінде отырып телефон соғып: – Масғұт, әне бір өлеңін айтып жіберші, – дейтін. Мен де қалжындап: Жәке, мен сізге справочное бюро емеспін ғой, қарамайсыз ба, Абайдың жинағынан, – деймін бұлданғандай. – Ой, жолың болғыр, мына қалың кітаптардың қай жерінде екенін біле алмай отырмын ғой... – дейді марқұм.

Осы біздің азаматтарымыз шет елдіктерді білгенде сондай. Өзіміздің Абай сияқты мақтаньш ететін даналарымызды неге оқымайды екен? Келсін, келмесін жат жұрттан сөз қыстырмаса көңілі көншімейді-ау. Қазақ халқының, қазақ тілінің жанашыры, азербайжан қызы Асылы Османова айтқандай: «Қазағым-ау, әуелі өзіңді біліп, өзіңді сыйлап-құрметтеп, өзіңді түгендеп алсаңшы. Сонан соң басқалар қашпайды ғой». Бүгінгі қай ата

немересіне Абай өлеңін жаттатып отыр. Жаттатайын дейді-ау, орыстың, шетелдіктердің иісі сіңіп кеткен бүгінгі балалар ынта қоя ма? Құдай болашақтан түңілдірмесін. Біздің қазақтың «бұдан да жаманымызда тойға барғанбыз» деп жайбарақаттыққа сүйрейтін бір кері тартатын мақалы бар. Сол жайбасарлығымыз ұрпақ тәрбиесінде орын толмас кемшіліктерге ұрындырып, ұлт рухын әлсіретіп, ұлтсыздық ауруына ұшыратып жатқанына жаның ауырады.

Атам жетпіс үш жасында 1948 жылы желтоқсанда дүние салды. Әкесі Кеңесбай 63 жас жасаған екен. «Біздің тұқымда ең көп жасаған адам – мен деп өзі айтып отыратын» дейтін атам. Ал, атамның жалғыз перзенті – менің әкем 83 жасында қайтты...

Атама менен топырақ бұйырмады. Ол кезде мен Қарағандының мұғалімдер институтында оқып жүр едім. Жолдастарым қысқы емтихан кезінде көңілі бұзылады деп суық хабарды жасырып қойыпты. Жарықтықтың маған бергені көп еді. Сол жақсылығын адал ақтайын деген ниетпен есімін құрметпен алып келе жатырмын.

Атамның әңгімелері менің рухани өсуіме көп әсер етті. Халқымыздың қуанышы мен ренішіне ортақтастырды. Қазақ деген байтақ сахараны қорғап, тұс-тұстан аш қасқырдай қаптаған дұшпандарға кеудесін бастырмаған батыр да өзім дегенге өзгін жарып беретін мәрт халыққа ғашық етті. Мен ұлтшыл болып өстім. Менің ұлтшылдығым кеңес дәуірінде жылаған баланы «бөки келін қалды» деп қорқытатын ұлтшылдық емес еді. Менің ұлтшылдығым өз халқымның кейбір атан түйе тарта алмайтын, өзінде жоқты көре алмайтын, өзінде барды бере алмайтын іштарлық, қызғаншақтығын сезе отырып, құлай сүйетін ұлтшылдық еді. Бұл қазіргі «ұлтшылық» деген сөзден қорқып жолдан тауып алған «ұлтжандылықтан» әлде қайда жоғары тұратын биік қасиет деп білемін. Қазір ұлттық рухымызды көтере алмай біреудің қаңсығын таңсық көріп, көрсеқызарланып бара жатсақ, ол-ұлтшылдықтың емес, ұлтсыздықтың кесірі.

Мен өскен ортада орыс және басқа ұлт өкілдері болмаса да кейін оларды жатырқаған жоқпын. Орыс ұлтының өкілін бірінші рет жеті жасымда көрдім. Әлі күнге ұмытпаймын, әкем

аудан орталығы Ақтоғайда оқу бөлімінің инспекторы болып қызмет істейтін. Бұл-қызыл қырғынның кезі. Кейін сол кісінің әңгімелерінен түсінгенім-отыз жеті елді жайпап салыпты. Аудан басшылары түгелдей дерлік ұсталған. «Киім-кешегімізді жудырып, бауырсағымызды пісіріп, дорбаға салдырып, «бүгін бе, ертең бе» деп отырдық» деуші еді әкем. Сол жылдары өткен бір сайлауда бір кемпірдің депутаттыққа кандидат Пинхасик дегенге тілі келмей «маңқасап» деген екен, оны да «халық жауы» деп жауып қойыпты. Сол кезде біз аудан орталығынан 4-5 шақырым жерде, Тоқырауын өзенінің сол қабағында ертеде Мұқан, Мұқатай есімді төрелер салдырған үйде бірнеше отбасы тұрдық. Осы үйде Алаштың ардагері Әлихан Бөкейханов та болыпты. Асты-үсті тақтайлы, еңсесі биік үй төбенің үстіне салынған. Жарты шақырымдай жерде – Тоқырауын өзені. Қолдан жасап алған конькиімді аяғыма қайыспен мықтап байлап алып өзенге келіп, жалтыраған мұз үстінде сырғанақ тебемін. Бұл бір ракат шақ. Сондай бір күні ойыным әбден қанып, үйге қайтып келе жатыр едім, жол бойымен сырғып келе жатқан бір шаналы жолаушыға көзім түсті. Әлгі өтіп кеткенше мен қозғалмай тұра бердім. Бір кезде менің тұсыма келгенде әлгі жолаушы үстіндегі тұлыбының жағасын көтеріп еді, бір жалпақ бет саржағал әйелдің жүзі анық көрінді. Көзі көкпең-көк тұздай, мұрны пістиген әйел маған тіктеп қарап еді – зәрем ұшты. Бірдеме айтып еді, мен түсінбедім. Сол қалшиған бетімде сіресіп қатып қалғандай тұра бердім. Әйтеуір өтіп кетті-ау. Уһ! – деп дем алғандай болдым. Үйге келіп атама айтып едім, «мына төменгі жакта Каганович деген колхоз бар. Сонда кожағұл руының бір жігіті орыс әйел әкелінгі деп жүруші еді. Сенің көргенің сол болар», – деп түсіндірді. Менің орыс ұлтының өкілі алғаш көруім осылайша ұмытылмай есте қалды. Қазір Қазақстанда жүзден аса ұлт тұрады деп көпіртіп жүргеніміз артық сөз. Он адам, жүз адам, тіпті мың адам да ұлт бола алмайды. Олар ұлттың шашырандысы. Қазақстанда бір ғана ұлт бар. Ол – қазақ ұлты.

Атам ашаршылық туралы да көп әңгімелер айтатын. Қазіргі Ақтоғай ауданының орталығы әу баста Дуанши деген



жерде болыпты. Кейін Қарамойынға, одан Шатырша тауынын бауырына көшіпті.

– Дуаншиде «продпомощь» (азық-түлік көмегін беретін) деген мекеме ашылды,– деп бастады бір әңгімесін атам.– Ашаршылық жылы. Астымда атым, тақымымда мылтығым бар. Сол «продпомощьтан» бидай алуға бардым. Тиесімді алған соң жолға түсіп, аяндатып келе жаттым. Жол бойы шұбырған аштар. Балқашқа қарай жаяулап шұбап барады бишаралар. Кейбіреулеріне жаным ашып, қоржынымнан бидай алып, жолға төгіп қоям да, «кел, ал!» деп ымдаймын. Бір қолым мылтығымда. Көзің тайып кетсе, бас салудан тайынбайды. Астығың түгіл, өзіңді жеп қоюға бар. «Аштық не жегізбейді, мастық не дегізбейді» деген осындайдан шыққан сөз екен ғой.

Осы аштық тақырыбы біздің тарихымызда, әдебиетімізде жабық болды. Ол туралы айтқан адам қудаланды, түрмеге жабылды. Кеңес үкіметі, компартия, «күн көсем» Сталин озіпе шаң жуытпады. Не жасыратыны бар, дүние жүзіндегі ең бақытты ел – КСРО дегенде иманымыз кәміл болған. Өмірде талай-талай идеология өмір сүрген, сүріп те келеді. Солардың ішіндегі коммунистік идеология – ең зымияндарының бірі. Арқаңнан қағып отырып, жұлыныңды үзетін сол еді. Аузыңа су, миыңа у құйып, басыңды айналдырып, естен тандыратын...

Аштық жөнінде әкем де мынадай бір әңгіме айтатын. Жаз ортасы. Аудан орталығы Қарамойыннан көшіп, Ақтоғай басына барған. Астымда Қарқаралыда педтехникумді бітіріп, Бесобада мұғалім болып, қызмет істеп жүріп байларды тәркілеу алдында бір байдан сатып алған Кертөбел деген бәйгі атым бар. Жолдас мұғалім Нұрбек Ақбөкеев те бір ақ боз ат сатып алды. Екеуі де сан жарыста алдына мал салмаған сәйгүліктер. Кейін Ақтоғайда Кертөбел бәйгеден жеке дара келіп, суып тұрғанда Асайынов деген аудандық милиция бастығы көкпарға міне шауып, зорықтырып өлтірді. Әлгі желөкпе Шет ауданына ауысып, сонда жүргенде ұсталып, ақыры атылып кетіпті. Халық қарғысы жібермеді оны.

Сол кертөбелмен салдыртып Қарамойын сыртындағы ауылға бара жатсам аудан орталығы болған кезде салынған 2-3 еңселі ақ үйлер бар, еді. (Содан Ақ үй атанған). Ел кеткен соң

есік, терезесі ашық қалған. Соның бірінен түтін шығады. Атымды есік алдына қаңтара салып кіріп келсем, бір түрі қап-қара негірлердей адам өлген адамды жіліктеп жатыр екен. Басын көтеріп, маған қарағанда екі көзі қып-қызыл, қолындағы пышағынан қан тамшылайды. «Батырға да жан керек» деген, жүрегім тіксініп, артында адамдар бар екен деп ойласын дегендей «мұнда, мұнда, бері келіндер!» деп айқай салғанымды білемін. Одан соң ат үстінде есімді жигандай болдым. Ауылдан екі-үш адамды ертіп келсем, зым-зия жоғалған. Өлген адамның төгілген қаны әлі кеппеген. Үйдің іргесі қалың тоғай болушы еді. Соған кіріп кетсе керек.

Мұндай әңгімелер көп. Алапат соғыс басталар алдында Бегазы тауына барып келгендер ашаршылықта төсегінде құшақтасып жатып өлгендерді көріп, жерледік деп әңгімелеп отырғанын да естідік. Сол бір зұлматтардан жойылып кетпей аман өткен қазағым мәңгі жасайтын феникс құс сияқты әулие қасиет иесі ғой.

## АСЫЛ ӘЖЕМ, АҚ ӘЖЕМ

Менің әкемнің анасының есімі Әйкежан еді. Руы Тобықты ішінде Жуантаяқ. Дөнгелек жүзді, қара торы, мінезі майда, кішіпейіл екені ұмытылмай есте қалыпты. Біз ұлы анамызды Апа дейтінбіз. Бұл кісі менің он жасымда атамнан бұрын дүние салды. Ал, осы Апамның және атам Халиолланың келіні – інісі Қобайдолланың (Қобайдың) жұбайы есімі көркіне сай Ақбет деген анамызды Әже дейтінбіз. Бүкіл өмір қайғы-қасіретпен, бейнетпен өткен осы бір асыл адамға арнап алтыннан ескерткіш тұрғызса да артық болмас еді. Әсет, Қасет деген екі ұлы 17-18 жастарында сол заманның ең қатерлі ауруы - өкпе дертінен қыршын кетті. Құсайын деген кіші ұлы жастай шетінепті. Төрт ұлдан қалған жалғызы Қасейін екінші дүниежүзілік алапат соғыс-өртіне шарпылып, 20 жастан асқанда шейіт кетті. Осы төрт өлім бір адамды күйдіріп, жандыруға жетіп артылатын қасірет емес пе?! Жоқ, аяулы әжем белін бекем буып ұжым-шар жұмысына араласты. Аса жігерлі, ерге бергісіз қайратты еді.

Мал бақты, егін екті, шөп шапты. Тынымсыз еңбек етті. Әрине, әжем жалғыз емес еді. Күйеулері, балалары соғысқа кеткен абысындары, келіндері қол ұстаса, ұжымдаса кимылдады. Осы қажымас, тіпті қаһарман әжемнің бір ерлігін айтайын.

Қазіргі Ақтоғай кентінің Балқашқа қарай жүретін жолында, Тоқырауын өзенінің сол қабағында Қарамойын деген биік бар. Биік деп отырғыным таудан аласа, төбеден жоғары. Сол биіктің өзен жақ етегі- мен арық тартып, Қоянқырған даласына Тоқырауыннан су шығарған әйелдердің (бірлі-жарым еркектер болмаса көбісі әйелдер) ерлігіне дәлел: әлгі қазылған арық өзен арнасынан 7-8 метр биіктікте екен. Арық сорабы күні бүгінге дейін сайрап жатыр. Сол арық арқылы кең далаға шыққан су мен құнарлы топырақтан өнген ақ бидай, қожа бидай, қызыл бидай елді соғыс кезінде аштықтан аман алып қалды. Жер аударылған неміс әйелдері мен балалары сол далаға бақша егіп, қауын, қарбыз, қырық қабат (капуста), сәбіз, тағы басқа жеміс-жидек өсірді. Елінен, жерінен қуғындалып, тағдыр тауқыметіне ұшыраған міскін жандар казактардың дарқандығынан, қонақжайлылығынан, имандылығынан пана тапты.....

«Басқа түссе – баспақшы» дегендей, бейбіт уақытта бала баққан момын әйелдер ерлерінің, балаларының орнын басты. Көбісінің асыл жарлары, көзінің қарашығындай боздақтары туған елге оралмады. Соғыстан соң кәрі кемпір-шалдарды бағып күткен, дүниеден озған соң ақ жуып, арулап мәңгілік мекендеріне өз қолдарымен аттандырған Бұлдыбала, Сақып, сынды асыл сүйек аналарымыз, жетгелеріміз болды.

Әжемнің жалғызы Қасейіннен «майдан даласында ерлікпен қаза тапты» деген қара қағаз келді. Әкем «мүмкін бір жерде аман жүрген шығар, соғыстың аты-соғыс, артын тосайық» деп естіртпеді. Менің қарындасым Қабираны, одан соң інім Жасұланды бауырына салып берді. Әжем белін бекем буынып, енді жыламаймын деп тастай түйініп алды.

1957 жылы ҚазМУ-ды тәмамдап, Қарағандыға облыстық «Советтік Қарағанды» газетінің редакциясына қызметке келгенде Ақтоғайдан әжемді, ол кісінің бауырына басқан баласы-Қабираны, жиеніміз Маратты бірге ала келдім.

Михайловкадан үй жалдап тұрдық. Менің жұбайым Нұрфатиманың екі жас баламен медицина институтын бітіріп шығуына әжемнің шарапаты тиді. Осындай үлкен жүректі, жанының жылуын ұрпағына арнаған асыл адам – ақ әжеміз де дүниеден өтті. Топырағы торқа, жаны жанната, иманы жолдас болсын, марқұмның! Амин.

## ЖЕР АУДАРЫЛҒАН НЕМІСТЕР

1941 жылдың қазан айының орта тұсында Ақтоғайға жер аударылған немістер келіп жетті. Өгіз, түйе жеккен арбаға тиелген өңкей кемпір-шал, катын-қалаш, бала-шаға. Бір таңғаларлығы-шалдар өте аз, олардың өзі ауыру-сырқау жандар екен. Ер –азамат емге жоқ. Оларды мектеп жанындағы интернат үйіне орналастырды.

Ертеңіне осы жерден маңайдағы ұжымшарлардан келгендер бөлісіп әкетіп жатты. Көбірек алғандар таяу жердегі «Сәуле» мен «Өндіріс» шаруашылықтары-ау деймін. Біразы аудан орталығы Ақтоғайда қалды. Олар жанадан ашылған өндіріс комбинатына жұмысқа орналасты. Тері илеп, өңдеп, одан соң тон тігетін болды. Тері илейтін кішігірім заводқа Шәкіржан деген кісі басшылық етті. Арғы тегі шала қазақ болса керек. Қазақ арасында туын-өсіп, сіңісіп кеткен. Жер ауып келген бір орыс попы орындық, үстел, түрлі үй мүліктерін жасады. Өндіріс комбинатын Гиматов (қазақтар Химатов деп атайтын) деген бір татар жігіт басқарды. Оның ең өтімді өнімі-пима. Биязы жүннен басылған ақ, қара пималарды қолы жеткендер сәнге қиетін.

Біз «Өндірістегі» неміс балаларымен тым жақындасып алдық. Олар бізге қармақ, шана жасап береді. Қапқан балық құтыла алмайтын желбезекті қармақты солардан көрдік. Оған дейін біз қармақты инеден жасайтынбыз. Оны қапқан балықтан көбіне айрылып қалатынбыз.

«Өндірісте» Андрей (Айндрих), оның інісі Роман (Ромул) деген балалар болды. Олар ұста дүкенін ашып, соқа-саймандарды егіске әзірлейтін, жеке адамдарға пышақ соғып

береді, тесілген шәйнек, шелектерін жамап-жасқайды. Келесі көктемде неміс әйелдері бақша екті. Тұқымды елдерінен ала келіпті: «Қайдан келдіңдер? десек, «Харьковская область, Сахновчанский район» дейтін. Олар неміс тілімен қатар орыс тілін де жақсы білетін. Андрей мен Роман келесі жылы аудан орталығына келіп, әуелде орта мектеп шаруашылығында, одан соң өндіріс комбинатында жұмыс істеді. Бірер жылдан соң Андрей үйленді. Келіншегі Вера шаштаразы болды. Оның ағасы Этка Гених «Сәуле» ұжымшарының басқармасы Сламбек Досжановтың атшысы болып жүріп, аз уақытта қазақ тілін ана тіліндей үйреніп кетті. Ол «Тәуке батыр» қиссасын айтқанда талай қазақ таңдай қағатын. Басында мандалин, гитарада ойнап жүріп, артынша домбыраны да үйреніп алды. Іске мығым, адамдармен тіл тапқыш жұғымды жігіт болды. Көп ұзамай Жанна деген дәрігер қызға үйленді. Аз жылда қазақтармен құдандаласып, туыстасып кеткен немістер еліміз тәуелсіздік алған соң ежелгі ата мекені – Германияға көшкенде Қазақстанды, оның бір кішкентай бөлшегі Ақтоғайды қимай жылап кеткенін дүйім ел көріп таңғалыпты. Осыдан 5-6 жыл бұрын Германиядан туған жері Ақтоғайға қонаққа келген неміс жігіті нарық киыншылығына ұшырап жүдеп қалған елді көріп «Қайран Ақтоғайым-ай, не болып кеткенсің?» деп жыларман болыпты, дейді көргендер.

Соғыстан аман-сау оралған кейбір жігіттер неміс қыздарына үйленді. Солардың кейбіреуіне «қазақ қыздары тұрғанда кеше өздерің атысқан неміс қыздарына үйленгендеріңе жол болсын? – дегендерге: «Сендер білмеген соң айта бересіңдер. Неміс қыздарының құшағы ыстық, өздері күшті әрі сүтті болады», – деп қалжыңмен құтылады екен. Айтан Жармағамбетов дейтін ағамыз соғыстан оралғанда бір белорус қызын ала келген еді, қазақтың әдепті келіні, бүлдіршіндей ұл-қыздардың анасы болыпты. Осыдан біраз жыл бұрын дүние салар алдында «мен мұсылман дінін қабылдаған адаммын, ислам рәсімімен жерлеңіздер» деп тілек етіпті. Қайран, ақкөңіл қазекем, өзді-өзі сыйыспай жүргенде, өзге ұлтты сыртқа теппейтін осындай дарқан мінезі үшін де сүйеміз ғой.

Осы немістердің бір айрықша, есте қаларлық мінезі – кеуде көтеріп кісімсінбейтіні, өз шаруасына ықтиятты, іске тындырымдылығы. Ал, тіл үйренуге келгенде мұнай құйма құлақ, зерек ұлт бола қоймас. Қазір ойлап отырсам олардың қазақ тілін тез үйреніп кетуіне себеп болған - өмір сүрген ортасы мен тілге деген қажеттілік болар. Өздері шетінен қушыкеш, қалжак болды. Атам айтады: Бірде Витядан (мектеп шаруашылығында жұмыс істеген неміс баласы) отын, шөп үйетін қора қабырғасының қалай құлап қалғанын сұрап едім: – Жаңа осында бір ақсақал келіп, қораның түбіне дәрет сындырып еді, ол кеткен соң өзінен - өзі құлап қалды, – деп шек - сілесі қатып күлді. Жер ауып келген чешендер Балқашта мал ұрлап, қазақтар арасында бүлік шығарып жүргенде немістер осылайша қазақтармен тонның ішкі бауындай жақындасып, бауырласып кетті. Ұлттық мінез де көп нәрсеге себеп қой. Қазақтардың салқын қанды, сабырлы мінезі де кейбір отаршыларды сабасына түсірген сияқты.

## ӨНЕРДІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ ХАЛЫҚТА

Ақтоғай Алаштың үш арысының кіндік қаны тамған жер. Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермековке аудан орталығында көрнекті ескерткіш қойылған. Ол – елім деген Ерлерге көрсетілген халық құрметі, сүйіспеншілігінің ыстық белгісі. «Жақсы адам ай мен күндей, әмбеге бірдей» десек те олардың шыр етіп өмірге келген жерін бұрмаламай атау ләзім әрі әділеттілік. Ұлы Абай Семейде оқып жүрген Нарманбетті көріп, бірер сөзбен сынап, кейін «Дадан тобықтыдан шыққан бір сарбала бар, соған қамқоршы болыңдар» деп тапсырған. Үлкен ақын болып, Алаштың мақтанышына айналған Нарманбет те Ақтоғайдың киелі топырағынан нәр алған. Осы күні бірде Алматыда, бірде Шет ауданында («Елтұтқа» Астана, 2002ж. кітабын қараңыз) туған деп кейбіреулер Ақтоғайдан қызғанып жүрген Күләш та ақындық туы Нарманбет пен әннің туы Манарбектің қарындасы. Қазақтың бұлбұлын туған елі қадірлеп, орта мектепке атын беріп отыр. Кейінгі уақытта да талай – талай

ғалымдар, өнерпаздар осы жерден қанаттанып ұшып шыққан. Ол өз алдына жеке әңгіме тақырыбы болғандықтан көп тоқталмадық. Тек соғыс кезінде барша өнерпаздарды топтастырып, ұйтқы болған бала жігіт, кейін Қазақстанның халық артисі атанған Мағауия Хамзинді атап айтқан жөн. Ол кезде Мағауия аудандық соттың хатшысы болатын. Көбіне домбыра, мандалин тартатын. Тәттімбеттің, Аққыздың қосбасарларын шебер орындайтын. Кейін өзінің атасы Әшімтай күйшінің қосбасарларын орындап жүрді. Атақты «Қоныр қаз» күйі солардың арасында. Өткен ғасырдың елуінші жылдарының орта тұсында Мағауия Балқаш қаласы көркемөнерпаздарын бастап Алматыға келін, жүлделі орын алған еді. Сол жолы «ойын-тойларда тартып жүріңдер» деп өзінің домбырасын жерлес студенттерге сыйлап кетті. Ол біраз уақыт облыстық филармонияның артисі де болды.

Аудан көркемөнерпаздарын Мағауиядан кейін клуб менгерушісі Мүсілім Мұқанов деген кісі басқарып жүрді. Одан соң жастайынан домбырашы әрі әнші бала атанған, өнерге жанымен берілген. Тұрған Түсіпбаев басшылық етті. Тамаша өнерпаз, бірнеше әндердің авторы, гармон, аккордион, тағы басқа музыка аспаптарында бірдей ойнайтын, кейініректе еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атанған Дәртай Сәдуақасов эстафета таяғын осы Тұрған ағасынан алды. Тұрғанның әкесі Түсіпбай ақсақал да жақсы күйші еді. Тұрған екеуміз бір үйдің баласындай тату-тәтті өстік. Түсекең көңілі түскенде бізді отырғызып қойып күй үйрететін. Менің де «нан жерлігім» бар еді. Бірақ мен домбырадан гөрі кітапқа көбірек көңіл бөліп кеттім.

Мектепте ойын-сауық жиі болып тұрады. Тұрақты көркем өнерпаздар үйірмесі бар. Оған аудан орталығындағы өнерпаздар да қатысып жүрді. Мен көбіне Асқар Тоқмағамбетовтің сыкак өлендерін, фелъетондарын оқимын. Сейтжан Қалихановтың сүйетіні де осы жанр. Неміс өфицерінің жұбайына хаты, оған жұбайының қайтарған жауабы әлі күнге ұмытылған жоқ. «О, майн гот, майн гот, бұрынғыдай жайым жоқ» деп зарлайды «тозақ отына» шарпылған есалаң офицер. Тұрған күй тартады, ән айтады. Бірде спектакль қойдық. «Полк баласы» деп аталады.

Жазушы Валентин Катаевтың осы аттас шығармасынан инсценировка жасадық-ау деймін. Тіпті өзіміз пьеса жазуға талаптанған кезіміз де болған. Мен полк командирі Енакиевтің, еліктің лағындай нәзік қыз Дәйна Сейсепова полк баласы Ваня Солнцевтің, Сыпатай Оспанов, Тұрған Түсіпбаев, Тәкеш Айтбаев, Әлімжан Ысқақов, Совет Мақажанов және басқа балалар әр түрлі рольдерде ойнап, «бала артистер» атандық. Бірде тәп-тәуір спектакль әзірлеп, енді көпшілікке көрсетеміз дегенде литодан өтпей қалды. Себебі: әлгі пьесаның авторы «халық жауы» атанып сотталып кетіпті. Оны біз қайдан білейік?

### ҰСТАЗДА ДА ҰСТАЗ БАР...

Соғыс кезінде біз кімнен оқымадық. Өзі де балалық, шалалықтан арыла қоймаған түбіт мұрт «мұғалім» беліне күміс белдік байлап, оған қынын қапқаздаған қанжар қыстырып тәштиіп тұратындардан да дәріс алдық. Математиканың исі мұрнына бармайтындар да сабақ берді. Алгебраның есебіп жазып, жауабын кітаптын соңынан алып қоя салатын күндер де болды. Соның зардабы кейін маңдайымызға аз тиген жоқ. Соғыстан кейін Қарағандыдан келген Арын Өтешев деген мұғалім: «Сендерге обал болған екен, қайта оқытпаса болмайды екен» деп қосымша сабақ өткізетін. Кішкене ғана шегініс жасайық.

Соғыстың қайнап тұрған шағы. Ер азаматтар майданда. Мектептер жабылып қалмай ештеп-септеп күн көріп жатты. Майданға кеткен тәжірибелі мұғалімдердің орнын түбіт мұрттар басты. Солардың біреуі бастауыш мектепте сабақ береді ғой. Өзі мектеп менгерушісі, өзі мұғалім. Бірер айдан соң жалақысын алады. Бұрын қолына «қарға тышып» көрмеген бала жігіт әлгі ақшаны не істерін білмейді. Қалтасына «сыймай» барады. Бірде балаларды тізіп тұрғызып қояды да «кругом!» деп бұйрық береді. «Енді бері қарамаңдар, ақша тығамын» дейді де қалтасындағы ақшасын мектептің сыртқы қабырғасындағы сылағы түскен екі кірпіш арасына жытырады. Сонан соң көңілі орнығып балаларды таратады. Ертеңіне әлгі жерді караса ақша



жоқ. Ол ақша тығып жатқанда қу балалардың бірі қолтығының астынан қарап тұрса керек. Сонымен әлгі жас мұғалімнің бір айлық жалақысы “кіпит” болыпты,- деп әңгімелейтін қалжақбастар.

Майданнан оралған мұғалімдеріміз Байғожа Жарқынбаев, Жанәділ Сапарғалиев, Сағадиды Мыңшалов және оларға кейінірек қосылған Арын Өтешев балаларды, ұстаздық қызметін сағынып қалған ба, жан-тәнімен еңбектенетінін сезетінбіз. Біз де оларды қатты сыйлап, көңілдерінен шығуға тырысатын едік. Олар туралы «Парыз» атты кітабымда «Ұстаздар мен тұңғыштар» деген тақырыппен сөз еткенмін. «Тұңғыштар» дейтінім – Ақтоғай ауданы бойынша орта мектепті 1947 жылы тұңғыш бітірген біздер – Міңтай Жүнісов, Мүслима Түсінбекова, Әлімжан Ысқақов, Лиза Адамбекова, Сағит Кенжебаев, Тая Каребина (орыс әлде украин қызы), Зақан Қазанғапова және осы жолдардың авторы – мен. Бізден кейін келесі жылы Төкіш Ақышев, Ортай Әбдірахманов, Тәкеш Айтбаев, Мәриға Смағұлова, Совет Махажанов, тағы басқалары орта мектепті тәмәмдады. Осы аталғандардаң бәрі де өмірден өз орнын тапты, еліне лайықты еңбек етті. Оқыған мектебіне, ұстаздарының атына сөз келтірген жоқ. Бұлардың арасында ұстаздар да, ауыл шаруашылығы маманы, журналист те бар. Төкіш Ақышев дарынды математик еді. Геолог мамандығын таңдап, жемісті еңбегі бағаланып КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Ғылым докторы, профессор атанды.

Біздің ұстаздарымыз мектеп бітіріп кеткеннен кейін де әрқайсымыздың оқуымызға, қызметімізге көңіл аударып отырғанын атап айтқым келеді. Жанәділ мұғаліміміз – Ақтоғайдың патриоты еді, өзінің алдынан өткен бір шәкіртінің атына сөз келсе, шыдамайтын, ренжіп қалатын.

Алматыда ҚазМУ-да оқып жүргенімде амандасуға үйіне бардым. Сәлемімді алған соң ең алғашқы сұрағы “Қалай оқып жүрсің?” болды. “Жаман емес” дедім күліп. “Жаман емесіңді” қоя тұр, зачет, емтихан кітапшанды әкел” деді бетіме барлай қарап. Аударып-төңкеріп қарап шықты да күлімдеп өзіме ұсынды. “Құдай жолынды қылғыр (сөзінің нәші еді), жүрегім жаңа орнына түсті ғой. Осында біреулер Ақтоғайда оқу

бітіргендер жоғары жақта нашар оқиды екен деп жыныма тигені ғой. Төртті көтермелеп, сүйеп қояр, бесті қоя бермейді. Рахмет!”- деді қадірлі Жәкем. Міне, ұстаз деп, зиялы деп осындай адамдарды атау керек. Амал қанша ұстаздың, мұғалімнің бәрі бірдей бола бермейді. Өзінің қызметін күн көріске айналдыратындар да бар ғой арамызда. Соның бірін келесі әңгімеден көресіздер.

## «СОҒЫС ҚҰДАЙЫНЫҢ» ҚҰҚАЙЫ МЕН ҚУЛЫҒЫ

Мен осы жазбаларымда кейбір адамдардың атын атамай немесе өзгертін атап отырғым келді. Өйткені олар бұл дүниеден көшкен. Марқұм болғандардың атын атап, түсін түстеп жату – аруаққа шет деп білемін. Біз оны “соғыс құдайы” деп атайтынбыз. Майданда болдым деп айтатын әңгімелері сенімсіздеу еді. Қаны бұзылғандау, жүйкесі жұқарған адам. Сөйлегенде аузы көпіріп, елеуреп, кейде көгеріп, құрысып, тырысып қалады. Әсіресе, оның жынына тиетін – Тұрған. Өзіміздің көшпелі, жылжымалы театрымыз – Тұрған. Ол әлгі әскери дайындық мұғалімінің, біздіңше “соғыс құдайының” тілін алмайды. Алса да екі-үш айтқызбай орындай қоймайды. Сондай бір қактығыста соғыс құдайы Тұрғанды айнала бере желкеден қондырды. Түрекең теңселіп тұрды-тұрды да шалқалап құлап, көзін алайтып, аузынан ақ көбік ақтарып, “талды да” қалды. Тұрғанның осы артисттігін мұғалім түгіл, бірге жүрген біздің өзіміз түсінбедік. Сыртқа шығып, дәрігер шақырайық десек мұғаліміміз есік алдына талтайып тұрып алған, бізді жібермейді. Оның да жүзі қуарып сұп-сұр болып кетті. Өзі аурушалыс адам құлап түсудің аз-ақ алдында тұр. Ес кетті, жан шықты дегенде Тұрғанның беті бері қарады-ау... Құдай жарылқап, соғыс құдайы осыдан соң ешкімге қол көтермейтін болды.

Жазғытұрымғы мезгіл. Жер дүние жаңа көктеп, тыныс кеңейіп келе жатқан. «Соғыс құдайы» жоғары сынып оқушыларын қаздай тізіп аудан орталығының төбесінен төніп тұрған Шатырша тауының бауырына (аудандық тұтынушылар

одағы қоймасының сыртына қарай) алып барып, әскери ойынды бастап жіберді.

Не шайтан түрткенін қайдам, ойынның арты шынға айналғандай. Тұрған екеуімізді бөлектеп алып өрге қарай жүгіртеді де «Назад!» деп қайта қайтарады. Осылайша үш рет қайталады. Басында балалықпен мән бермеппіз. Жүгіре берсең ол да жүк екен. Тұрғанға айттым: – «Ей, біз кашанғы жүгіре береміз. Давай, тауға шығып кетейік!» Ол мақұлдады. Сонымен «Назад, назад!» деген бұйрықты құлағымызға қыстырмай тауға жүгіріп шықтық та бір жартастың үстіне тауықша қонақтап отырдық. «Соғыс құдайы» дауыс қарлыққанша айқайлап-айқайап шаршады-ау деймін, бір кезде оқушыларды жиып алып кейін қайтты. Ертеңіне түк болмағандай құнжиып біз отырмыз. Мұғаліміміз оқушыларды қатарға тұрғызып, Тұрған екеуімізді алға шығарды. Көзі шапыраштанып, беті-аузы қисайып кеткен «соғыс құдайы» бізді тілдеп, жер-жебірімізге жетін жатыр. Шыдап бақтық. Өзінің екі сөзінің бірі «разгилдй», «дизертир» еді, оларды айта-айта жалықты-ау деймін, енді бізді қоқиланып қорқытуға көшті. «Мен сендерді қазық қып жерге қағып жіберіп, суырып алып, қайта қағамын. Құртам! Құртам!» деп зіркілдейді. Осы кезде Тұрған «Мұғалім! Қыртсаңыз қырта беріңіз! Біз не істейік енді!» деп айқай салды. Мұны естіген оқушылар ду етіп күлкіге көмілді. Мұғаліміміз бұл күлкінің астарын түсінбеді. Осыдан кейін біз одан сескенбейтін болдық. Анау бір жылдары осы әңгімені Тұрған марқұмның есіне салғанымда:

– Сен ұмытпаған екенсің ғой. Қайран «соғыс құдайы». Ей, өзі тірі ме екен?– деп мәз болып күлді.

– Е, неге ұмытайын. Есінде болсын, адам өзіне жасаған жақсылықты тез ұмытады. Біреу сені өмір бойы есіне алып жүрсін десең –жаманшылық жаса!– дедім қалжыңдап.

– Құрысын, жаманшылық жасағандардың да оңғаны жоқ. «Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі дүр, жамандыққа жақсылық – ер кісінің ісі дүр!» деген мақалға екеуіміз де жүгіндік.

Өмірінің соңғы жылдары кеңшарда автоклуб, одан соң клуб меңгерушісі болып жұмыс істепті Тұрекен. Қайда жүрсе де жұртты күлдіріп, өзі де өмірден күліп өгінгі. Әйелі он қыз тауып,

он біріншісі ұл болғанда қуанғаны ғой, сүйінші сұрап келген адамға жалғыз сиырын жетектетіп тұрып, енді мені қойшы ғып жіберіңдер! – деген екен сабазың.

Ақтоғайдың тумасы, Ішкі істер қызметінің ардагері Самат Сүлейменұлы Байжасаров айтады:

– Бір жылы Тұрған Қарқаралыға келді. Ән, күйін тыңдап, жайғасқан соң:

– Түреке, неше балаң бар? - дедім.

– Соларды кім санапты. Әйтеуір кляпайттап жатырмыз ғой! – дейді күлкінін гүлі Түрекең.

«Соғыс құдайының» құқайын айттым ғой. Енді қулығын тыңдаңыздар. Іші мерез адамдар жалаңқабаттығын сездірмеу үшін түрлі қулықтарға барады. Әлгі «соғыс құдайымыз» майдандағы ерліктерін әңгімеленгенде бұл адам қалай Батыр атағын алмаған деп таңғаласыз.

– Бір жолы командиріміз бес адамнан барлаушылар тобын құрып, мені командир етіп тағайындады, – деп бастады әңгімесін. – Жау тылында екі тәулік жасырынып отырдық. Жан-жақты барлау жасадық. Ақыры блиндаждың күзетшісін пышақтап өлтіріп, оншақтысын қырып тастадық. Екі офицерді тұтқындап, ауызын тығындап, мойнына арқан салып сүйретіп, жаудың қорғаныс шебін айналып өтіп бара жатқанда екі оттың ортасында қалдық. Біздің әскерлер де, фашистер де екі жақтан бізді қарауылға алып оқты боратты-ай кеп. Бір уақытта қарасам өзімнің төрт адамым да, немістің екі офицері де оқ тиіп тырапай асыпты. Жансауғалап өзім аман шықтым. Шыққаным кұрысын, менің ерлігіме куә болар ешкім қалмаған. Сонымен сол жолы бар еңбегім зая кетіп, наградасыз қалдым, – деп өкініш білдірді. Қоңырау соғылып, сабақ осылай аяқталды.

Қыс ортасында «соғыс құдайы» бір өнер шығарды. «Үйлеріңнен 2-3 литрден кәресін әкелесіңдер, – деді. – Оны қайтесіз? – дейміз.

– Кәресін мылтық тазалау үшін керек, - дейді ол».

Оқу, жаттығуға арналаған 4-5 кіші калибрлі винтовка бар мектепте. Әр бала 2-3 литрден кәресін әкелсе тазалау емес, астауға құйып, мылтықтарды жүздіріп қоюға болады.

Жоғары сыныптардың әр оқушысы әлгі көлемдегідей кәресін әкелсе, оны сақтау үшін арнаулы қойма ашпаса болмайтынын ішіміз сезеді, бірақ ашып айтуға батылымыз жетпейді.

Ақыры жинап бердік. Одан кейін кәресін көрсек бұйырмасын. Ақыры «соғыс құдайының» қулығы ашылды. Көп ұзамай ол үйленді. Үйге де, той-томалақ өткізуге де кәресін көптік етпейді...

### БІР ҚОЗҒАУШЫ КҮШ КЕРЕК-АУ...

Кеңес өкіметі тұсында кеңестік идеологияның, оның жұртшылықты ұйымдастыруда қозғаушы күші болған – социалистік жарыстың әсерін мойындау керек сияқты. Осы сөзіме дәлел келтіре кетейін.

1953 жылы мен ҚазМУ-дың журналистика бөлімінің 2-курсының студенті едім. Ол кезде журналистер филология факультетінен бөлініп кете қойған жоқ. Қыркүйек айының орта кезі, Алматыдағы барлық жоғары оқу орындарының шәкірттерін ауыл шаруашылығы жұмыстарына жіберіп жатты. Біздің университеттің үлесіне сонау Ташкент сыртында жатқан Мырзашөл жеріндегі «Мақтаарал» кеңшарында мақта теру жұмысы тиді. Алматыдан шыққаннан әндетіп, үш тәулік жол жүріп Сырдария бекетінен түскенде даусымыздың қарлығып қалғанын бір-ақ сездік. Шіркін, жалындаған жастық! Шаршауды білмейтін шағымыз ғой. Кәдімгі жүк таситын вагондарда қарапайым өмір сүрудің өзіне де қажетті жағдайлар жасалмаған. Қатар-қатар тактайлар-төсегіміз де, асханамыз да, ойын-сауығымыз да сонда. Өмірі мақта термек тұрсын мақтаның қалай өсіп-өнетінін көрмеген біздерге күнделікті шамамен 25-30 келі мақта терін, тапсыру қиямет-қайымның тапсырмасындай. Орындамасаң – еңбегің еш. Ал, артық орындасаң – екі есе ақы аласың. Адамнан қулық артылған ба?! Мұның да есебін таптық. Өзіміз оншақты келі мақта тапсырамыз да артығын оңтүстік жақта мақтамен көзі шыққан жігіттердің есебіне жаздырамыз. Олар ақшаны күреп алып жатады. Обалы қанша, біздің

еңбегімізді жемейді. Ақша алған күні (ақымызды апта сайын төлейді) нашарлау бір асханаға барып, Шымкенттің жаман арағымен бойымызды жылытамыз. Күздің салқыны ол жақта да біліне бастады. Мақта теріліп біткен соң ұлпасы ашылмай қалған қозапая дегенін теретін болдық. Қазан айы түгесілуге айналды. Осы кезде студенттер арасында социалистік жарыс деген қозғаушы күш шықты. Біз журналистер мен филологтар экономистермен жарысқа түстік. Қай озғанымыз қызыл туға ие боламыз. Алматыға желбіретіп алып барамыз. Қандай салтанат! Міне, қызық енді басталды. Мезгілімен дем алу азайды. Тыныштық кетті. Кешке селтеңдеп билеу тоқтады. Таң ата жұмысқа шығып, күн бата қайтып жүрдік. Осындай мазасыз күндердің бірінде қызық оқиға болды. «Коммунистер, алға!» деген ұран көтерілді. Тура соғыстағыдай. Майданда болмасақ та кинофильмдерден көріп, майдангерлерден естіп, қанып жүрдік қой. Коммунистердің орны алғы шөп. Партия мүшелері таң қылаң бере мақта даласына аттанамыз (маған екі есе міндет жүктеледі, әрі коммунист, әрі топтың старостасымын). Бірде таң атып қалған шығар деп апыл-құпыл киіне салып мақта егістігіне келсем ешкім жоқ. Әлі қараңғы, жан-жақтан ештеңе көзге шалынбайды. Бір шамада түннің түндігі түріліп, таң құлан иектенді. Құс қанатының дыбысы естіле бастады. Енді бірде мақта сабағының сытырлағаны құлаққа шалынды. Адамның ба, малдың ба, әйтеуір бір жанды мақұлықтың қимылы сияқты. Көңіліме қорқыныш кіре бастады. Оңтүстік жақта осындай жерлерде жабайы қабандар жүреді дегенді естіген едім. Әлде сол пәлелер ме екен?! Қаранғылық сөйілген шақта мен де баспалап әлгі дыбыс шыққан жерге таядым-ау. Қозғалыс байқалады. Жоқ, мал да, шошқа да емес, адам екені анық. Енді батылданып, таяп келсем... өзіміздің курста Тұраркүл деген сол кезде отызды орталаған әйел болушы еді, біз оны сыйлап Татьяна апай дейтінбіз, сол кісі – коммунист.

– Ой, Татьяна апай, сіз екенсіз ғой. Қашан келдіңіз бұл жерге? – деп жатырмын.

– Мен бе, мен кешкі тамақты ішкен соң, егістікке кетіп қалғам. Содан бері бірталай қозапая жинап тастадым, әне көрсең!

– деп мақтана күліп тұр. Міне, социалистік жарыстың күші, күші емес-ау құдіреті!

Сондай жанкешті еңбегімізге тиіп жатқан жалақы да, сыйлық та жоқ. Намыс! Намыс қой, түн қатырып, түс қашырып жүрген...

Жарыс нәтижесін шығарып, қорытындылағанда екі факультеттің көрсеткіші шамалас шығып, қызыл туға ортақтастық. Бәріміз де қуаныштымыз, ризамыз.

### КӨҢІЛШЕКТІК ПЕ, КӨПШІК ҚОЮ МА?

Біздің қазекен «көңілі түссе – көлдей, көңілі түспесе – шөлдей» дейтін ақ халық. Бір ғана мысал. Қонақ шақыру салтын алайық. Қонағына жатып жастық, иіліп төсек болып, шала шабылады (Жат жұрттықтар осы бір қонақжайлылығымызды жарамсақтыққа, қорқақтыққа жорып, асымызды, ішіп, аяғымызды теуіп кеткеніне талай куә де болғанбыз). Дастарханы сіресіп тұрса да табаққа бас түспесе, көңілі тыншымайды. Нарық келіп бүйірін қысса да қазақтың табағын ортайта алмады. Бұл да бір сүйекке сінген асыл қасиеттеріміз.

Ертеде Ақтоғай ауданының «Қаратал» кеңшары, қазіргі Шабанбай би ауылында Ақай молла атанған (өз атын жұрт біле бермейді) қожанәсірлеу ақсақал болды. Қандай шаруа болса да «мен оны білмейтін едім» демейтін, «ол, қарағым, оңай» деп кірісіп кететін. «Ақа, пеш қалай білесіз бе?» дегенде: «Ол, қарағым, оңай» деп жаңа салынған мектепке пеш қалап, түгін мұржадан шықпай, пештің от жағар аузынан шығып, талайға дейін күлкіге батқан едік. Сол кісі Балқашқа барған бір сапарында нән арба ыңғай ірі қойдың басын артып келе жатады. «Мұның бәрін қайтесіз?» дегендерге: «қарағым, көптен бері біраз адамдарға бас ұстата алмай ұятты болып жүр едім, сәті түсіп ет комбинатынан алып келе жатырмын» депті. Ақай әпенде. Бұл – қазаққа ғана тән мінез.

Енді бір мінезімізді айтайын. Жетпісінші жылдары (өткен ғасырда) марқұм Жәкең (Жайық Бектұров) ел арысында суырыпсалма ақын атанған бір ақсақалды таныстырды. Патша

заманында орыс деревнясында шошқа баққан. Қазақша аты ұмытылып, Кузьма атанып кеткен. Жәкең «ақындардың бастығы» ғой, телевизор арқылы әлгі кісінің өлеңін оқытуды сұрады. Жарайды, келістік. Ол кезде бүгінгідей үн таспаға жазып алып беру немесе экранға тікелей шығу жоқ. Әуелі «черновой тракт» дегеніміз болады.

Соны өткізіп барып, артық - кемін шамалаймыз. Ақсақал өзі тұрған кеңшардың директорын, партия ұйымдастырушысын, кәсіподақ ұйымының төрағасын, бас көтерер белсенділерін тізіп өлеңіне қосып, әр қайсысына жұмсақтап көпшік қойып шықты. Оған мынадай мақтаудың орынсыз әрі артық екенін ескерттік. Енді эфирге шыққанда қайталамайтын болды. Бірақ сөзінде тұрмады, қайыра мақтап шықты. «Ақсақал – ау, мұныңыз қалай?» дейміз ғой. Сондағы айтқаны: «Ойбой, айналайын – ау, оларды атамасам жалғыз сиырды қыстан шығара алмаймын ғой. Маған оларды мақтатып отырған сол арамқатқыр ғой». Не дерсің, шындықты айтқан адамды қалай кінәларсың...

Біреу көңілшектіктен шүленсиді, қолында жоқты табам деп тыраштанады, біреу күн үшін, біреу шырмауықтай шырмап алған қу тіршіліктің салмағын жеңілдетем бе деп түрлі ұсақ қулық, айла – шарғыға баратын сияқты.

Ал, енді біреулер екі сөзінің бірінде ретті, ретсіз болсын есебін тауып жағынып, жарамсақтанып қалмаса, ішкен-жегені бойына сінбейтін дауасыз осы күні. Осы бір жаман әдет біздің қазақта салтқа айналып бара жатқанын көргенде сол жарамсақ үшін өзіміз ұялатын болдық. Қайтерсің, жарамсақ қашанда елдің ортасында емес, өзінің ұятының үстінде отырады.....

Бірде бір қадірлі ақсақалдың жаназасына жиналды. Дәм үстінде жиынды басқарып жүрген жігіт өзінің қолындағы тізім бойынша сөз бере бастады. (Мұндайда марқұм болған адам туралы лебіз білдірем деген адам орнынан тұрып сөйлей беруші еді ғой). Сөз берген адамдарын таныстырып, олардың қызмет дәрежесін, атақ – абройын түгел тізіп шыққанша біраз уақыт өтті. Марқұмды мадақтаудан гөрі сөз сөйлеушілерді дәріптеуге айналып кетті. Енді бір сөйлеуші марқұмның баласына қарап:

– Сіз біздің Абайымызсыз, данышпанымызсыз! – деп бөсіп ала жөнелді. Осы сөздерді естіген «данышпан» «мұныңыз



артық болды – ау» деген жоқ. Сондай орынсыз мақтау, мадақтауды орынды деп толайым қабылдады. Үндемеуіне қарағанда солай – ау дедік те қойдық.

Осындайда еске түседі. Бірде талантты ақын Серік Тұрғанбеков бір марқұмның жаназасында дүниеден өткен азаматтың тіршілігінде атқарған жақсы істерін еске алып, жылы сөздер айтса керек. Ел тарқағанда марқұмға жақын болып жүргендердің бірі: «Жақсы сөйледің. Сөз арасында мені де қосып мақтай салсаң еді! – деп بازیна білдіріпті. Сонда Серік: - Қойыңызшы, өлген сіз емессіз ғой! – деп жүріп кетіпті. Кісі өлген жерде де өз атына мақтау, марапат, қолпаш сөз дәмөтіп, иегі қышып тұратын, қайран қазақем, қайтейін сені!

XX – ғасырдың ортасы ауа өрши түсіп, XXI – ғасырдың басында лапылдап бара жатқан бір жаман әдет – осы жарамсақтық, мақтаншақтық, атаққұмарлық, мансапқорлық.....

Нарық кіргелі дүниеқорлық деген пәлеге белшеден батып, ұйыққа түскендей жұтылып барамыз. Қанағат, ынсап, шүкір, тәубадан айырылған адам – өзі тойсада, көзі тоймайтын мешкей, мешкей емес – ау, жұтқаны жұмырына жұқ болмайтын жалмауызға айналады екен. «Кедей байға жетем дейді, бай құдайға жетем дейдінің» құлағы селтиген сияқты. Дүние, байлыққа құмарлық рухани байлықты жалмап жұта береді, талғамай қылғи береді. Ақыры сол тойымсыздық әлгі имансыз мешкейдің өзін де жұтып тынады. Бұл сөзіміз жаңалық емес. Ақын, ғұлама ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының мына бір өлеңіне ой жүгіртіп көріңізші.

*«Шаранамен туып едің,  
Бөз оранып өтесің.  
Бір сағымды қуып едің,  
Қай уақытта жетесің?  
Қанша дәулет жиып едің,  
Бәрі қалды нетесің?  
Мал үшін жан қиып едің,  
Қайтып алып кетесің?»*

Дүниенің өткіншілігін, опасыздығын, жалғандығын түсінген дана адамның ұрпағына айтқан сөзі осы. «Мал үшін жан қиып едің» деген сөздің астарында арынды сатып, қу құлқынның құлы болып едің, содан не шықты? – деген сұрақ тұр емес пе? Қазір қу дүние үшін туысын да, жолдас – жорасын да сатып жатқан, сатып жатқан емес, атып жатқан, қылмысқа белшесінен батып жатқандар әрісі адамгершілік, берісі мұсылманшылық, имандылық жолдан тайып, адасқандар демеске лаж жоқ. Біз қалай жұмсартсақта мұның түбі – рухани күйреу. Оның түбі – құран тілімен айтқанда – ақырзаман.

Осындай осалдығымызды айтсақ,... «Е..... заман өзгерді ғой, қазір ішімдегімді тап, - деп сызылып тұратын уақыт емес. «Таспен атқанды аспен аттың» күні өткен. «Таспен атқанды таспен ат!» Сонда ешкімге есең кетпейді, - дейді білгіштер. Бүгінгі мораль осы.

Әйтсе де аспен атсаң да, таспен атсаң да обал, сауап, ұят деген қасиетті ұғымдарды ұмытуға бола ма? Әрі-беріден кейін сол адамгершіліктің тұтқасы болған ұғымдардың өзін қазір екінің бірі түсіндіріп бере ала ма?

Адамды ақылсыз, сезімсіз хайуаннан бөліп, даралап тұратын – оның бойындағы ең асылы, ардақтысы, ұлылығы – ұяты. «Ұяты жоқтың иманы жоқ» дейді Құран кәрімде. Пайғамбарымыз Мұхаммед ғ.с. Хадистерінде ұятқа айрықша маңыз беріп, терең түсіндіреді.

Адамның жұрт көзіне ұятты жерлерін жолаңаштап шығуын «Ұят болды» дейміз. Бұл сырт көрініс. Ал, сырт көзге түсе бермейтін ішкі жан дүниесіндегі, мінез – құлқындағы жағымсыз қылықтар ше? Ешкім көрмейді деп еденге түкірсеңіз де ұят емес пе? Біреуді біреуге шағыстырып, өрт салып, екі оттың ортасында алақанын қыздырып рақаттанып отырған пендеде ұят бар дей аламыз ба? Есілдерті биік отыратын тақ, мансап болып, көз алдында біреуді біреу шығғырып, қуырып жеп жатса да селт етпейтін, «көрмейтін», ішінде ит өліп жататын жылым құрттарда ұят бар дей аламыз ба? Осындай ұятсыздарды жалғанның жарығына сүйреп шығарып, қарғыс таңбасын баса алмай жүрген өзіміздің де ұятымыз күн санап кемін, бетіміз көн болып бара жатқанын сеземіз бе?

Ертеде ауылда төрт сыныптық білімі барлар білімді адам есептелетін. Оқығаны аз болса да өмір сабағынан көңіліне тоқығаны мол болатын олардың. «Ұят емес пе? Ұят болады» деген сөздер әркімнің көңіліне өшпейтіндей етіп, алтын әріптермен жазылып қойғандай әсер ететін.

Ізгіліктің, инабаттылықтың ұясы болған ауылда ақсақал адам үйге кіріп келгенде орнынан атып тұрып сәлем бермеген жасты таяқтап алса да ешкім қолын қақпайтын. «Мына көргенсіз кімнің баласы? Кім тәрбиелеген?» деп шықпыртып алатын. Қазір «балаға тисең – пәлесі жұғады». Тәртіп бұзғаны түгіл, қылмыс жасағанға ескертуге ешкімнің батылы жетпейді. Дардай жігіттер мен бойжеткендердің үлкенді сыйлаудан қалып бара жатқанын көргенде, амалсыздан келешегімізге күмәнмен қарай бастаймыз. Бұл да ұятымыздың азайғанына, ұлтымыздың бойындағы асыл қасиеттерінің біртіндеп кеміп, аза бастағанына айқын мысал.

Бірде мынадай бір оқиғаға куә болдым.

Астында темір тұлпары, омырауында қалалық мәслихат депутатының белгісі бар бір жігіт үй алдында әңгімелесіп отырған үлкендер алдынан ордаңдап олай да өтті, былай да өтті. Күндегі әдеті осылай екен. Осыны байқап жүрген бір ақсақал: «Әй, шырағым, бетінді бері бұршы. Осы сен қай жердің қазағысың?» деді Анау: «Оны қайтесіз? Сіз бармаған жердікімін! – деді жақтырмай. – Жарайды, сол жердікі – ақ бола қой. Бірақ сенің елінде үлкенге сәлем бермеуші ме еді? Сенің сәлеміңе біз аса зәру емеспіз. Бірақ сен мына жас балаларды ойласаңшы. Олар сенен үлгі алады ғой. Ал, сен мына түрінмен кімге қандай тәрбие бере алғандайсың?! – деді өмір көрген қария.

Бұл да ұят мәселесіне жатады. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» дейді халқымыз. Әшейін, мысал етіп айтқан ғой. Болмаса, ит ұятты не қылсын! Ұяттан айырылған адамның да сол иттен артықтығы шамалы дегені ғой.

Ұяты бар адам өзінің әр күнгі қылығын ақыл, ой таразысынан өткізіп, саралап, салмақтап отырады. Жақсы қылығына көңілі толып марқаяды. Жаманына өкініп ұялады. Жалпы тәрбиелі адам теріс қылығы еске түссе жеке жүріп те өзінен өзі ұялады. Өзінен өзі ұялған адам – ең иманды адам.

## МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ

– Адам өмірдің өкінішсіз өтіуіне «үш таңдау» себепкер, - дейтін атақты режиссер Аскар Токпанов. Бірінші – дос таңдау, 2 – мамандық таңдау, 3 – жар таңдау.

Таңдауын таңдарсың-ау. Бірақ өмір дегеніңіз өзгермейтін, қатып қалған догма емес. Қызығы да, қиындығы да мол өмірдің сынағынан сүрінбей өту үшін, ең алдымен, тағдырдың көзі түзу болсын, одан соң нәпсі – шайтанның азғыруынан сақтайтын, қызық қуып мастанбайтын бойында ерік-жігерің болсын! Жасысаң да, орынсыз тасысаң да өмір илеп тастауы мүмкін. Ұлы Абайдың «Ақырын жүріп, анық бас» деген сөзін еске алып,

*«Әркімді заман сүйремек,  
Заманды қай жан билемек,  
Заманға жаман күйлемек,*

*Замана оны илемек»,* – дейтін даналық сөзін жүрегіңізде ұстасаңыз, өмірде өкінішіңіз аз болуы мүмкін.

Бала күніңізде дос көп. Ұлғайған сайын азая беретініне де көз жетті. Жар таңдау – бұл өзі жұмбағы көп дүние. Махаббат та мәңгілік емес. Бірақ мұнда ең бастысы – сыйласым, адамгершілік, сабырлылық.

Өмір соқпағына түсіп, арман қуған жасқа ең бастысы - өзінің қабілетіне, талантына олқы да, артық та келмейтін мамандық таңдау. Дұрыс таңдалған мамандық өзіне де, елге де пайдалы. Дұрыс таңдалмаған мамандық – жүйке тоздырады, тіпті өмірінді қысқартады десек артық сөз емес. Сонау жас шағымда осылай айтсам – ақылы асқанның бірі болар едім...

Мектеп бітірер шақта юрист – заң қызметкері болуды армандадым. Дүниенің әділетсіздігін ертерек сезде бастадым. Әлімжеттік, өктемдік, адамға қиянат жасағандарды жазаласам деген ой келді. Бірақ бұл арманым орындалмады. Онжылдықты ойдағыдай бітіргенмен оқуға барар алдында қатты ауырып қалдым. Нөсер жаңбырдан соң арнасы толып, тасып жатқан. Тоқырауын өзеніне шомылып, суық судан өкпем қабынып, ауруханадан бір-ақ шықтым. Жөтел тұншықтырып, мұрнымнан қан ағатын болды. Ол аз болғандай жасымда шықпаған

қызылша кабаттасты. «Байтал түгіл бас қайғы» дегендей, юристің ауылы алыстап кетті. Аурудан жүдеп, әлсіреген маған алысқа ұзаудың қауіпті екенін ойластырып, әкемнің ақылымен жақын жер – Қарағандының мұғалімдер институтының тіл-әдебиет факультетіне құжаттарымды тапсырып, емтихансыз қабылдандым. Бір күнім сол факультетте өтті. Марқұмдар Қалжан Тұңғышбаевтың, Фатима Кенжебаеваның лекцияларын тындадым. Екінші күні тарихшы студенттердің тілімен институт директоры Қабзәкір Байтасовқа «тарих факультетіне ауыстыруыңызды сұраймын» дей өтініш бердім. Ол кісі өзі тарихшы болғандықтан ба (Ерте дүние тарихынан сабақ береді екен), ойланбастан, менің кілең бестерден тұратын аттестатымды алдырып көрді де «қалаған факультетіңе бара бер» деп, рұқсат етті. Директорымыз Қ. Байтасов тамаша тарихшы, ғажап шешен адам болып шықты. Ерте дүние тарихын өзі жазғандай көркем тілмен әңгімелейді. Грек ақын, философтарының шығармаларын жатқа айтады. Дәріс басталғаннан аяқталғанға дейін аудиторияда шыбынның ызыңы естілетіндей тыныштық орнайды. Бірінші жұп аяқталғанда есікті сөйлеп бара жатып жабады да, екінші жұпта дәл сол үзілген сөйлемнен бастап кетеді. Директорлық міндетіне де аса жауапты қарайтын қатал кісі екен. Өкпе қабынуынан арыла алмай жүргенде Михайловқадағы суық жатақханадан институттың өз ішіндегі бір жылы бөлмеге ауыстырып, қамқорлық жасаған да осы кісі. Басқа да жақсы мұғалімдер болды. Сол кезде жап-жас Қали Жуасов, майданнан жарадар болып оралған Құрманбай Ермағамбетов, қарт ұстаздар Сапарғали Сырымбетов, Әбдуқаас Тұрғанбаев, сол жылы Алматының қыздар педагогикалық институтын бітіріп келген өте биязы Жәмихан Жүкебаева студенттерге ұнайтын. Әсіресе, семинарларда қатты талап қоятын, ал, емтиханда кең Қали Жуасов көңілден шығатын. Қалекен – мінезді адам. Екінші курста жүргенде қысқы емтиханды ертерек тапсырып, көкшетаулық Иманғали Жұмағұлов екеуміз Ақтоғайға бармақ болдық. Екі сабақтан емтиханды беске тапсырған соң иі жұмсақ Сапекеннің үйіне барып 4 – сабаққа емтихан тапсырдық. Ол кісіден жоғары баға алған соң коніліміз тасып Қалекене бармаймыз ба... Өсылай да

осылай... Қалекен екеуіздің бас -аяғымызды көзімен бір шалып шықты да «асықпаңдар, барасыңдар ғой» деп, мырс етіп күлді. Амал жоқ, емтиханның белгіленген күнін асыға күтіп жүрміз. Ең алдымен кірген – екеуміз. «Кетпедіңдер ме?» деп жымың етті. Бәрін айтсам, созылып кетер, қосымша сұрақтар қойып екеумізді де «Неуд» деп қуып шықты. Емтихан кешке қарай басталған. Біздің жағдайымызды көрген студенттер «ертең тапсырамыз, Жуасов мас көрінеді» деп лезде тарап кетті. Ертеңіне емтихан жалғасты. Кешке қарай Иманғали екеумізді шақыртып алып «ал, енді бара беріңдер» деп зачет кітапшамызға «5»-ті қонжытып қойып берді. Қалай түсінсеңіз, олай түсінісіз, осындай да ұсақтамайтын, әрқашан кесек турайтын еркөңіл, сері мінез адамдар болады. Кейін Қалекен осы оқиғаны айтқанымда «Ә, солай болып па еді?!» деп мәз болып күліп еді марқұм.

Институттағы екі жыл лезде өте шықты. Тарих ғылымының саясатпен тамырлас екенін жақсы түсіндім. Одан бері де тарих беттері талай төңкеріліп түсті. Қазақстан тарихы көмбеде қалып, Ресей патшаларын, оның қаракшылық, отаршылық жорықтарын мадақтауға кеткен қайран қымбат уақытыма әлі күнге ішім ашиды.

Енді педагогтік қызмет басталды. Әкем ұстаз болғандықтан бұл іс маған тонның ішкі бауындай жақын. Бір жарым жыл уақытым жастарға білім, тәлім беруге жұмсалды. Аса бір тәуба етіп еске аларым – соңғы кезде менің оқушыларымның жаппай үлгерімге жеткені. Мұның мақтануға тұрарлық табыс екені даусыз. Әкемнің «жаман оқушы болмайды, жаман мұғалім болуы мүмкін» дейтін өмірлік қағидасының тәжірибеден алынғанына көзім жеткендей болды. Менен дәріс алған Омарханов Әуезхан, Қалиакпаров Мырзахан, Байсеркин Сәтжан, Әлжанов Мұқсиын, Ордабеков Ғазиз сынды балалар кейін білімді, қадірлі, іскер, еңбексүйгіш азаматтар атанып, еліне еселі еңбегімен танылды.

Менің ұстаздық жолым тым қысқа болды. Қызметке кірісісімен партия мүшелігіне кандидат, бір жылға жетпей мүше, содан екі ай өтпей аудандық партия комитетіне насихатшылық жұмысқа қабылдандым. Үш ай өтпей Алматы партия мектебіне

насихатшылардың үш айлық курсына жіберілдім. Сонда жүріп кұжаттарымды ҚазМУ-дың журналистер даярлайтын бөліміне тапсырдым. Артымнан шақыру қағаз келді. Сонда аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Махами Яхин марқұмның айтқаны: – Ей, сені біз насихатшылар курсына жібердік пе, жоқ оқуға түсіп кел деп жібердік пе? Босатпаймын. Бір – екі жыл қызмет істе, сонан соң Мәскеу ме, Алматы ма – қалаған жеріңе партия мектебіне жіберу – менің міндетім болсын!

Амал бар ма, көнбеске шара жоқ. Жарты айдай көңілсіз жүрдім. Сұңғыла Махаң менің көңіл күйімді сырттан байқап жүреді екен. Бір күні шақырып алды да: «Сені босатпаса болмайды екен. Басың салбырап кеткен екен. Сонау отызыншы жылдардан жатқан архив бар еді. Соны бір ретке келтіріп бер. Қасыңа екі адам қосамын. Сонан соң рұқсат, жолың болсын!» – деді. Міне, осымен менің партиялық қызметім де аяқталды. Кейін ол кісі зейнетке шыққанда ұзақ жылдық еңбегін баяндап көлемді очерк жаздым, киноочерк түсірттім. Сонда Махаң: «Мен сені журналистік оқуға дұрыс жіберткен екемін, журналист болмасаң, мен туралы осындай еңбектер жазбас едің ғой!» – деп күліп, ризалық білдірді.

Бес жыл ҚазМУ-да өтті. Талай қызық та, қиындық та кездесті. Оның бәрін айта берсек сөз ұзарып кететін түрі бар. Бір ғана ұлы суреткер Мұхаңның (Мұхтар Әуезовтің) алдынан дәріс алғанымыздың өзі неге тұрады! Академик жазушы Зейнолла Қабдолов (бұл кісі де бізге ұстаздық еткен) айтқандай: Біздің басқалардан бір артық жеріміз бар. Ол – ұлы Мұхаңнан дәріс алғандығымыз...

Қырық жылдан аса журналисттік жұмыста еңбек ету көп оқиғаларға куә етті. Көп адамдармен кездестірді. Басқаны да сынайсың, өзің де сыналасың. Өмір саналы, ойлы адамдарға оңай өткел емес. Көріп тұрып шындықты айтпасаң, адамдығыңа сын. Ал, шындық айтылуы оңай болғанмен, дәлелдеуі қиын, айтсаң өзің өлетін, айтпасаң сөзің өлетін шырғалаң. Кім көрінгеннің айтқанын мақұлдап, көз жұмып бас шұлғи беру – адамшылық арыңа таңба салатын, жаһіл адамның ісі. Өзіндік пікірі жоқ (мейлі ол пікірі қате болсын), жан боп жаралғалы өз сөзін айтпаған, тек өзгенің бетіне жаутаңдап, жарамсақтанумен,

мансап қуумен өмір сүру – өзі үшін от оттан, су ішкен тілсіз хайуанның әрекеті. Журналист осы жолға түссе, оның құрығаны.

Біраз жыл бұрын Қарағандыдағы Мағжан Жұмабаев атындағы № 37 мектептің ұжымымен кездесу өткізгенімізде (осы мектепке мұңлы, сырлы ақынның есімін «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымын басқарып жүргенде мен ұсынған едім) ағылшын тілінің мұғалімі болса да ана тілімізге жанашыр болып, өзіндік үлес қосып жүрген Бикен Адамова деген қызымыз «осы журналист пен тілшінің бір-бірінен қандай айырмасы бар?» деп сұрақ қойған еді. Мен оған «журналист-мамандық, тілші-қызмет» деп жауап бердім. Қызметтік иеленгенмен мамандыққа сай келмейтіндер бүгінде аз емес. Олардың бойында өз мамандығына сүйіспеншілік, жан-жақты білімдарлық, әділдік, халқым дегенде қабырғасы қайысатын табандылық, жеке бас мүддесінен ұлт мүддесін кашанда жоғары ұстайтын, өз жүрегінің, арының кепілі болатын зиялылық жетіспей жатады. Егер бұқаралық ақпарат құралдарының беделін, абыройын көтереміз десек журналистердің мемлекет қызметкері дәрежесінде қабылданып, мемлекет, халық, ұлт мүддесіне адалдығына ант беруін ойластырған жөн.

Менің байқауымша, журналисттер тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп, еңбек етіп жүр дегенімізбен әлі толық тәуелсіздік ала қойған жоқ. Бұрын партияға, үкіметке тәуелді болса, енді билік тұтқасын ұстаған қалталыларға, шен-шекпенді шенеуніктерге тәуелді. Моральдық, материалдық жағынан тәуелді журналистен қара қылды қақ жарып айтатын әділдік, шыншылдық талап ету-жоқты тауып бермедің деген талаппен пара-пар.

Тәуелсіз елге Алаштың ардақты ұлдары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Қошке (Қошмұхамбет) Кеменгеров сынды ұлт ұстаздарының қасиетті күрес жолын, асыл арманын жалғастыратын, саясатта білімі мен ақылын тең ұстайтын, тура бидей әділ, сабырлы да салмақты қаламгер-журналист керек. Тәуелсіздік алған заманда рухсыздық апатқа ұшыратады. Ұлтыңды ұлықтасаң – өзін де ұлысың. Өмір сабағы қаламгер әріптестерімізге осындай аса құрметті әрі жауапты міндет жүктейді.



## ҚАЙТА ОРАЛМАС КҮНДЕРДІҢ ЕЛЕСТЕРІ

Адам өмірінің бақытты яки бақытсыз болуы үш таңдауға байланысты: 1. Дос таңдау. 2. Жар таңдау.

3. Мамандық таңдау.

*Асқар ТОҚПАНОВ.*

«Өтеді күндер,  
Өтеді жылдар,  
Өтеді жазым зымырап.  
Солады гүлдер,  
Соғады дауыл,  
Сарғаяды жапырақ».

*Тарас ШЕВЧЕНКО.*

Осы өмірімде күнделік жазып көрмеппін. Күнделік менің басыма жазылушы еді. Кейде құрмет тұтқан адамдар – қадірлі ұстаздарым, дос-жолдастарым, жалт етіп көрініп, жарқ еткен бір ауыз сөзімен ұмытылмай есте қалған таныс бейтаныстар туралы жазғанда болған оқиғаларды күні кешегідей көз алдыма елестетіп отыратыным бар. Соны маған көпсінгендей кейбіреу «қалай ұмытпағаның» деп күмәнданғандай болады.

Мен айтамын: ұмытылғаны – қажетсізі. Баяғыда (өткен ғасырдың 48-50 жылдарында) мұғалімдер институтында оқып жүргенде ұстазым болған марқұм Қали Жуасов айтушы еді: «бастарыңды шөп-шаламға толтыра бермеңдер, әр мәселенің негізін білу керек» деп. Сол ағамыз айтқандай, ұмытылатыннан құтылғанға қуанған жөн сияқты. Оның орнын жаңалықтар толтырады. Жанармаған дүние бәрібір ескіреді. Ал, ұмытылмай сақталғаны – қажеттісі.

Мына бір естеліктерде айтарым – менің есімде тас болып катып қалған ұмытылмас дүниелер. Яғни, бір ауыз жалғаны жоқ, жүз пайыз шындық. Ал, менің жасымда шындықтан шығу – күнә. Түрлі себептермен айтылмаған жайлар түбі бір айтылатынына шүбәланбаймын.

Бұдан бұрын «Орталық Қазақстанның» мерейтойына арнап жазған бір мақаламда «журналист – қызмет лауазымы емес, мамандық» деген едім. Байқаймын, осы сөзім біраз

қаламдастарымның көңіліне келіп қалған сияқты. Әлі де сол сөзім – сөз. Журналист – мамандық, мамандық болғанда кілттипаны көп мамандық. Өркениетті елдерде журналист мамандығына дейін басқа бір мамандықтың етегінен ұстайды екен. Шамасы келсе – журналист болады, келмесе – бастапқы мамандығын дөңгелете береді.

Әрине, журналистік шеберлік еңбекпен, ізденумен келетініне дау жоқ. Мынадай бір тәмсіл бар: «Ойланып отырған журналист бос қарап отыр деп ақымақ қана ойлайды». Ойсыз журналистің құнары да, берері де жоқ. Кейде журналистке ерік бермейтін жағдайлар кездеседі.

Бір мысал келтіре кетейін. Өткен жылы «Жас Алаш» газетінде өзіндік соны пікірімен ерекшеленін тұратын, содан да болар қоғамда нөқтаға басы сыймай жүрген дара режиссер Болат Атабаев: «мен жылдан астам уақыт болды қазақ баспасөзін оқымаймын, оқығым келмейді! Себебі, бәрінің жазу стилі ұқсас, моральдық деңгейден әрі аса алмайды» дей келіп, жазып отырған мәселеге жан-жақты талдау жасалмайтынын, баға берілмейтіндігін, қанша жазса да хабар дәрежесінен аса алмайтынын әділ сынады. Бұл – қазақ журналистикасына өте ауыр сын!

Осы мақалаға жауап ретінде сол газеттің 9 желтоқсан күнгі санында журналист Сайлау Байбосынның мақаласы жарияланды. Онда «майдандағы жауынгер журналист» бүгінгі баспасөздің жай-күйіне терең барлау жасап, әр түрлі себептердің (әсіресе, тіл мәселесі, ұлтымыздың көпшілігі ана тілінен айырылып қалғаны, биліктің сынға сырт қарайтыны, т.б.) тұсау салып отырғанын ашық айтады. Біздің пікіріміз: шындық жолында күресушінің маңдайынан сипаушы сирек, олай болса міндетіне берік бол!

Ойлы адамға журналистік дипломның жоқтығы бөгет болмайтынын өмірден көріп те жүрміз. Қалтасында қос-қос дипломы бар кейбіреудің ештеңе бітіре алмағанына куә болғанбыз. Сөзімнің тобықтай түйіні: талант, білік, еңбек, әділеттік, батылдық – журналистің өмірлік серігі. Сөзді қару еткен адамның достарынан дұшпаны көп болатыны баршаға мәлім. «Басқа пәле – тілден» деген сөз жайдан-жай айтылмаса керек...

...Бес жыл бес күндей болған жоқ. Қалтада екі диплом – педагогтік және журналистік. Кейбіреулер Алматыда қалды, көпшілігі өз облыстарына қайтты. Мен өндірістік жаттығуды екі рет Қарағандыда өткізген едім. Өзім де, редакция да қанағаттанып, жақсы мінездеме алып қайтқанмын. Мұның бір себебі – менің алдымда болған практиканттар Қарағандыда оларға тиісті қамқорлық жасалмағанын айтып шағымданған болса керек, кафедра меңгерушіміз профессор, тарих ғылымының докторы Қайыржан Бекқожин марқұм «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған көлемді мақаласында облыстық газеттерге қатты шүйліккен. Сын садағы «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газетіне де дөп тиген. Мен келгенде практиканттың жеке іс жоспары жасалып, жетекшілікке редактордың орынбасары (ол кезде қос-қос орынбасар болмайтын) Ғалымбек Нәдіров белгіленді. Ғалекен қатаң тәртіптің адамы. Өзіне де, өзгеге де талап қоя біледі. Өзі де сыйлай, өзгеге де сыйлата алады. Жақындатып та, алыстатып та жібермейді. Әскери басшыға тән жинақы адам. Мен де сол кісінің талабын екі етпей орындадым-ау деймін. Қолайына жақтым. Сол жақындығымыз ол кісі дүниеден өткенше сақталды. Оның адамдық пайымы, кісілік қасиеті кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болсын деген мақсатпен 2-3 рет естеліктер жаздым. Газеттерде жарияланды. Туған жері Павлодар облыстық газетінде де орын берді. Практикада жүргенде әдеби қызметкер ретінде 3 айдың жалақысын алып, газетте жарияланған материалдарыма тілші ретінде қаламақы төленіп, қалтам қалындап қайттым. Айтпақшы, газеттің екі санына шолу жасаған едім, сыным қатаңдау болды-ау деймін. Дәл сол сәтте «дұрыс, дұрыс» дегенмен, кейін редакторға жақшай қалғанымды сездім. «Турасын айтсаң, туғаныңа, әділін айтсаң, әкеңе де жақпайсың» деген мақалды жастай естігенмен шындықтан шыға алмайтын мінезімнен көп бөгет көріп келе жатқанымды жасыра алмаймын. «Сүтпен біткен сүйекпен бірге кетеді» дейді ғой. Солай да болар.

Кейін редакцияға қалдырып кеткен материалдарымды кафедраға келген газет сандарынан көріп, қаламақысы кешіккен соң Ғалекенге хат жазған едім. Сондағы Ғалекеннің маған

қайтарған жауап хатындағы мына сөздер әлі есімнен кетпейді. «Масғұт, қалқам, хатыңды алып, бухгалтериядағы тоңмойындардың кінәсінен кешіккен қаламақынды жіберттім. Сау бол, болашағыңа тілектес ағаң Ғалымбек». Міне, осы аз ғана сөзде Ғалекеңнің мінез-құлқы, азаматтық бітімі – бәрі-бәрі сайрап тұр.

Сонымен, сағынып жеткен Қарағандыдамын. Редактор Бейсенғали Тәйкімановқа кіріп жолдаманды ұсындым. Бейсекең оны оқыды ма, оқымады ма, білмеймін. Өзіме қайтарып берді де бетіме жалпақ көзілдірігінен түйіле қарап: – Қазір орын жоқ, тоса тұр, – деді. Қанша тосу керектігін ашып айтпады. Содан облыстық партия комитетіне барып мәселені шешкенімді бұрынырақта жазғанмын. «Бос орын» деген екінші аудармашының орнына отырып біраз тер төгуге тура келді. Бізді аудармашылыққа әзірлемеген. Бұл «қолынан келсе, істесін, келмесе, кетсін» деген жебрей құлықпен жасалған ішмерездік екенін түсіндім. Бұдан бір жыл бұрын газеттің екі санына шолу жасағанымда батыл сын айтамын деп артық кеткенім бел аспай жатып мандайыма сарт ете түседі деп кім ойлаған. Жалпы біздің қазақ «қарын шашы алынбаған», сынды сырт айналып өтетін, өзбектерше айтқанда, түске дейін өзгені алдап, түстен кейін бірін-бірі алдап, өмірін «еке-екемен» өткізетін момынсыған айлакер халық болар. Абай данадан сөз қалған ба, «қазақтың өлгенінің жаманы жоқ, тірісінің жамандаудан аманы жоқ» деген еді-ау жарықтық. Осылай «жауырды жаба тоқып» кете берсек, өсін, өркендеуіміз мүң болар...

Бас аудармашы Мінәж Жармұхамбетов ауырып қалған соң бүкіл аударма (онда да «диктовка») менің мойнымға түсті. Күніне 500 жол ТАСС-тың материалдарын аудару, ҚазТАГ-тың бүкіл материалын қарап беру, жергілікті жерден түскен хабарландырулар – бәрі менің қолымнан өтеді. Көмекші деп берген Жәнібек Түсіпбековті менен алып корректорлыққа жіберді. Жұмыс уақыты таңертеңгі 9-дан кешкі 9-ға дейін созылып, қан қысымым көтеріліп, қатты ауырдым. Сонда Ахметжанова деген дәрігер (атын ұмыттым, ұлты орыс) күйеуі қазақ болса керек, жанашырлық жасап, бір ай бюллетеньмен ұстады. Одан соң аудармашылықтан бас тарттым. Қоқанлоқы жасады, көнбедем. Ақыры елге кетуге бел байлағанымда

Бейсекең алдап-сулап райымнан қайтарды. Сол кезде редакциядағы бастауыш партия ұйымының хатшысы, алапат соғысқа қатысқан майдангер аға Ахмедия Әлғожиннің жақсылығын ұмытпаймын. Кейін Ақаң қартайып, редакцияда кудалануға ұшырап жүргенде телевидениеге шақырып, жеңілдеу жұмысқа орналастырып, қарызымды өтеген едім. Марқұмның иманы саламат болсын!

Мұны мен неге айтып отырмын? Өнер, шығармашылық бар жерде күндестік, көре алмаушылық, қызғаныштың қызыл иті сумандап тұратыны бар. «Аузымен арыстан алатын, қолымен қосаяқ соқпайтын» жандайшап, жарамсақ жантықтар өсектен өтірік өсіріп шығарып күн көреді. Ақылы аз басшы соған алданып өз абыройын кетіріп, ақыры үй ішінен жау іздеп жүріп, өзі қазған орға өзі құлап, мерт болатыны баршаға аян. Соған бір мысал, бір басына өз ақылы мол жетеді дейтін Бейсекең өзі топтастырған тобырының арамзалығынан партбюро құрамына сайлануына жасырын дауыспен 18 адам қарсы шығып, Қарағандыдан кетуге мәжбүр болды. Сол кездегі кателіктеріне кейін өзі опық жегенін айтып, сыр ашқанына да куә болғаным бар. Марқұм Жайық Бектұров оның сөзін тыңдап отырып «дүние кезек қой, Бейсеке, бір күн бетін, бір күн артын береді деген бар» деп арағайындық жасаған еді.

Мен газет редакциясына келген кезде байқағаным, бұл орта Қарағанды қазақтарының қара шаңырағы сияқты еді. Кейде қазақ драма театрының, радионың, мұғалімдер институтының, қала мекемелерінде қызмет істейтін кейбір зиялы азаматтардың басы осында қосылып, едәуір мәжіліс құратын. Олардың арасында театрдың белді актерлері Мұздыбек Әбдікәрімов, Ағдарбек Ыбыраев, Әнуарбек Шаймерденов, Зейнолла Жакыпов, Жәмила Шашкина, жазушылар Аллажар Теміржанов, Жұмағали Сәрсекөв, атақты әнші Қали Байжанов, институт оқытушылары Қали Жуасов, Қаби Лекеров, Мархат Исин, кейінде педагогтік институт директоры болған Сейтқали Баймұрзин, тағы басқалары бастары қосылса дуылдасып қалатын. Әсіресе, Қали Байжанов ақсақал әңгіме көрігін қыздырып жіберетін. Ертеде Семейде жүрген кезде, «көңілдестер» санын 500-ге жеткіземін деп сайран салғанын жиналғандар шек-сілесі қата тыңдайтын.

Өзінің аса жоғары дауысымен (бас па, баритон ба білмедім) ән де шыркап беретін. Редакцияның өз қызметкері, шахтер қаласының жыршысы атанған Мақсұт Байсейітов, шахтер ақын Орынбай Аймағамбетов, аркалы ақын Қабыкен Мұқышев қосылғанда мәжіліс тасыған өзендей гүрілдейтін.

Қабыкен айтады: Мына Мақсұттың ақындығы бәрімізден басым. Бірақ бұл ақындықты қадірлей алмай, беделін түсіріп жүр. Баяғы заман болса, сөзсіз айтыс ақыны болар еді. Көрші тұрамыз. Бірде түнгі «жорықтан» кейін ерте тұрып, басымды жазып, ес жиып есік алдында тұр едім. Мақсұт келіп «Қолыңды сағынып қалдым» деп, емеурін жасады. Қазір ойланбастан бір ауыз өлең айтсаң, бір жарты қояйын, - дедім. Сондағы айтқаны:

*Мен тұрмын еш тағат тұта алмай,  
Қайран бас ауырып сырқырап.  
Ал, сенің аузыңнан жұпардай,  
Заһардың исі тұр бұрқырап.*

Мақсұттың қазір бір мектеп соның есімімен аталатын күшеншек ақынға айтқаны:

*Сабалақ бөркің түсіп қабағыңа,  
Сылдырлап мұз қатыпты балағыңа.  
Жаратып торай тұмсық, бұзау бас қып,  
Сорлы әкең қалған екен обалыңа.*

Тарихтың тәлкегі деген сол. Күшеншектің атында мектеп бар, ал ақберен ақын Мақсұттың бүгінде аты да аталмайды.

Б.Тәйкімановтың тұсында редакцияда Түсінбек Мақамбетов деген кісі қызмет істеді. Бұған дейін радиода басшы болған дейтін. Аудармаға шебер. Орыс тілінің грамматикасын шекілдеуікше шағады. Бар айыбы – шөлдей береді. Ағын да, қызылын да, торысын да таңдамайды. Бірде редактор сонау үрей заманынан бері жазғандарын орысшаға аудартады ғой. Апта өтеді, ай жетеді, таусылар емес. Әбден жалыққан Түсекең редакторға бір күні:

– Бейсеке, – депті. - Осы мен сіздің оттаубайларыңызды аударып берем бе?! – Түйеден түскендей мына сөзге Бейсекең тас-талқан болып ашуланады. («Оттаубай» Түсекеңнің сөзінің мәтелі болатын.) «Жұмыстан шығарам, өз өтінішіңмен кетесің» дейді. Түсекең жаза қоймаған соң, кәсіподағын көндіріп, «арак

ішеді, жұмысына жауапсыз қарайды» деген кінә тағып, жиналыста қарамақ болады. Обкомнан кісі шақырылды. Сол жиналыста мен де болған едім. Түсекең кінәсін мойындады. Мәселенің нүктесі қойылар шақта обкомның үгіт-насихат бөлімі менгерушісінің орынбасары Әлжан Кенжебаев орнынан тұрып, партиялық ақыл айтпақ болды.

– Жігіттер, арақты кім ішпейді? Бірақ кіммен ішуді, қанша қалай ішуді білу керек. Біз де ішеміз. Тіпті, Никита Сергеевич Хрущев та ішеді, – деген кезде басы салбырап отырған Түсекең көзі жайнап: «Әй! Саған осы біз де жетпейміз бе? Хрущевта нен бар!» - деп дауыстап жібермесі бар ма?

Аллаң жар болсын! Дүние бір минутқа тоқтап қалғандай, жым-жырт тыныштық орнады. Әлжекеңнің үні өшті. «Хрущев арақ ішеді» дегенді жоғарғы жақтағылар естісе, Әлжекеңнің ертеңгі күні не болмақ?

Қызметтен шығып тұрған Түсекең орнында қалды. Әрі қарай сөз де болмады. Тым-тырыс тарадық. Түсекең өз өтінішімен көп ұзамай қызметтен кетті. Торғайға барып, обкомның лекторлар тобын басқарды деп естідік. Қарағандыға бір келгенде үйімізден дәм де татты. Алдына қойған ақаңнан ауыз тиген де жоқ. Торғайда біраз жыл жұмыс істеп, сол жақта дүние салды. «Адамның басы – Алланың добы» деген сол.

«Он саусақ бірдей емес» дегендей, әр адамның өзіне тән мінез-құлқы, іскерлік қабілеті, тапқырлығы, талғамы болады. Редакция қызметкерлеріне де осылайша қараған жөн сияқты. Мәселен, былай қарағанда корректордың жұмысы еш қиындығы жоқтай көрінуі мүмкін. Әйтсе де әріп қуалап оқыса, корректор ұтылады. Логикамен (қазақша айтқанда қисынмен) оқыса, ұтады. Корректор Шәмшікамар Байғабылова (қалам қайраты мол журналист Қайыркен Сұлтановтың жұбайы) соңғылардың қатарынан еді. Ол кейде түпнұсқадағы қателікті сол қисынмен тауып, кезекші редактормен ақылдасып түзетіп отыратын. Корректорлар Сапар Тұрабаев, Қазыбек Зағыпаров, Зейнолла Ыдырысов сергек, өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын. Әсіресе, Сапар өз ақылымен, өзгенің сезімімен жүретін жаны таза адам болатын.

Мәшенкешілер арасында Қадиша Ақпанова (алдында Өзірейіл тұрса да тайсалмайтын «батыр Мұхаң» атанған корректор Мұхаммет Ақпановтың жұбайы) ерекше құрметтелетін еді. Қадишаның саусағы пианинода ойнағандай лыпып тұратын. Журналистер оған материал бастыруға кезекке таласатын. Бір қатесіз әрі шапшаң басып беретін. Айша апай жылдам басатын, арасында қалжыңдап сөйлесіп те отыратын. Бір жас журналиске: – Қалқам, сен осы жасыңда мешел болғансың-ау, – дегені бар. – Иә, мешел болғам, оны қайдан білдіңіз? - деді таңданып. – Ерніңді жалай бересің, мешел баланың бір әдеті сол болады, - деді Айшекең марқұм. Сыйлы апайдың қалжыңын ешкім де көңіліне алмайтын.

Редакцияның қолбаласы болып өскен Жәнібек Түсіпбеков өте тындырымды жан еді. Нендей жұмыс тапсырсаң да екі сөз жоқ, бара беретін, уақытпен санаспайтын, ешкіммен ренжіспейтін, «әркімнің өз адамы» еді. Бірде редактор өтіп бара жатып: – Жәнібек, қал қалай? – деді. Жәнібек: – Темекі тартып тұрмын, Бейсесе, – деді. Сонда редактор күліп: – Ой, құлағыңды... (Жәнібектің құлағы ауыр болатын) «Саңырауға сәлем берсең, атаңның басы» дейді деген-ау, - деп бұрылып кетті.

Осы естелікте редакцияда сол кезде қызмет еткен барша адамдар жайында көрген-білгенімді айтуды мақсат етпедім. Оған уақыт болғанмен, денсаулық мүмкіндік берер емес.

Адам болған соң жетістігі де, кемшілігі де кездеседі ғой. Мінезі де сан алуан. Бірақ мінез оның адамгершілігін анықтай алмайды. Адамгершілік ұятына, яғни иманына байланысты. Ұяты жоқ адамның иманы да жоқ дейтініміз содан.

«Жылтырағанның бәрі бірдей алтын емес» дегендей, жұрттың бәрі бірдей мінсіз емес. Философ ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының мына бір ұлағатты сөздері тілге оралады. «Ең зиянды адам – мінезі тайғақ, екі сөйлейтін адам... Ең асыл адам – қиянатсыз, ақпейіл адам. Мейірім, ынсап, ақпейіл, адал еңбек – осы төртеуі кімнің басында болса – сол шын адам болады». Бүгінде ондай адамды кездестіру қиындап барады ғой. Журналистер арасынан қашанда сондай адамды іздейтініміз рас.



Әйтсе де «жақсы адамдар өлмесе екен, жаман адамдар дүниеге келмесе екен» деген тілектен аса алмай жүрміз.

Газеттің күш-қуаты тілшілер қауымына арқа сүйеуінде болса керек. Тілшілермен қарым-қатынас жолға қойылмай газет бедел ала алмайды. Сол үшін тілшілер жиыны өткізілетін. Жергілікті жерден жазылған әрбір хат үлкен, толғақты проблемалар көтеруге мұрындық болатынына көзіміз жеткен. Сауаты шамалы тілшілер де болады. Дей тұрғанмен, олардың арасында шындықты жазатындар аз болмайтын. Мәселен, Долинкадан жазып тұратын Иманғали Жұмышев ақсақал. Өмірдің тәттісін де, ащысын да татқан, қиындыққа жасып, мұқалмаған, өмірге сүйіспеншілігі азаймаған саудыраған адам еді. Дүние саларының алдында Нұра ауданының Ивановка ауылында тұрды. Иссапарда жүргенде (ол кезде ТВ-дамын) арнайы барып сәлем бердім. Журналист баласы Қадыр Жұмышев бізбен бірге. Отыз жетінің қуғын-сүргінінде нақақтан Итжеккенге айдалған адамның бастан кешкендерін тебіренбей тыңдау мүмкін емес. Ақсақал өз тағдырына, өміріне риза емес екенін жасырмады. «Адалдық жолы деген соң коммунист болдым, мұнда да арамзалар табылды, өз мансабы үшін сенің өміріңді тозаққа айналдыруға баратын дозақылар өріп шығып, ақ жолдың өзін ластап, адастырып жіберді. Мен адал жолды Құраннан, Пайғамбар хадистерінен таптым» деп, соңғы уақытта дінге бет бұрғанын бір қуаныш ретінде айтты.

Менің ойыма қанша дана болса да өмірден өз орнын таба алмай, өксімен өткен Абай ағамыздың бір шумақ өлеңі оралды.

*«Күн жиылып, ай болды, он екі ай – жыл,*

*Жыл жиылып, қартайтып қылғаны бұл.*

*Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,*

*Жалғаны жоқ Бір Тәңірім кеңшілік қыл».*

Жанаарқадан Бұралқы Жолаушин деген кісі жиі жазып тұрды. Бұл кісінің хаттарының негізінде Ғалекеңнің тапсыруымен мен фельетон жазғаным бар. Бүгін сау-саламат ортамызда жүрген ардагер азамат, қоғам, мемлекет қайраткері, облыс экономикасы мен мәдениетін өркендетуге зор еңбек сіңірген Сұлтан Қапарұлы Досмағамбетов сол кезде жап-жас жігіт, жалындап тұрған, болашағы мол ғалым политехникалық

институтта кафедра менгерушісі болатын. Ол экономикалық тақырыптағы материалдарын бабына келмей қозғала қоймайтын Хайреддин Әубәкіров ағамызға әкеліп тапсырып көп аялдамай шығып кететін. Кейін кафедра менгерушілігінен облыстық партия комитетінің екінші хатшылығына бірден жоғарылады. Одан соң облыстық Кеңес атқару комитетінің төрағасы болып көп жылдар жемісті, орнықты еңбек еткенін білетіндер аз емес.

Аса кішіпейіл, ақкөңіл педагог, пединституттың доценті Қалжан Тұңғышбаев ұлттық тәрбие тақырыбын сол кезде қозғаушылардың бірі болды. Терең білімді ғалым Сәлкен Балаубаев ағамыз да газетке аз да болса ат салысқаны есте қалыпты. Мысты Балқаш өңірінен завод жұмыскері Төлеуғазы Әбдуақасовтың хат-хабары үзілмейтін. Сол кезде Жезқазған, Ұлытау жактан жиі хабарласып тұратын Сағындық Қожамсейітовке өз тәжірибеммен бөлісіп хат жазғаным ұмытылмапты. Бүгінгі шенеуніктер газет, радио, телевидениемен байланысты халықпен байланыс деп түсінсе, өз міндеттерін жеңілдете түсер еді.

Газеттің соңғы кезде көрінбей кеткен бір жанры – «Достық әзіл» деп аталатын. Оны Мақсұт ақын жазатын. Суретші Юрий Жуков кескін-кейпін түрлендіріп салатын.

Соған бір мысал. Хасен Әбдірахманов деген жігіт майданнан омырауы орден, медальға толып оралған еді. Политехта ұстаздық етті-ау деймін. Үнемі буы бұрқырап жүретін Хасең мақалаларын орысша жазатын. Соны еске алып Мақсұт:

*Мақаланы Хасен жақсы толғайды,  
Газетке де табақ-табақ жолдайды,  
Бірақ оның жазғандарын орысша,  
Дроздовқа аудартпаса болмайды,* – деп әзілге

қосты. Дроздов облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында бас агроном болып істейтін. Қазақшаға судай, қазақтың сырын да, жырын да жетік білетін адам еді. Қазақтар қай жерде болсын Александрды Әлеке деп атайтын.

Бастан кешкені де, оқыған-тоқығаны да мол Жәкеннің (Жайық Кәгенұлы Бектұров) материалдары газет оқушыларының назарын жиі аударатын. Ол Алаш арда-

герлерінің еңбектерін сол шактын өзінде сөз арасында сыналап жеткізіп жүрді. Газеттің бірнеше санында жарияланған «Өрт» атты әңгімесінің астарынан саясат іздеген біреулер өзіміздің арамызда дауыс көтермегенмен «үш әріпке» сыбырлағаны сезіліп қалды. Өз арамызда отыз жетінің қайта айналып бір соғуын аңсап жүретін «салпаң құлақтардың» болғанына бүтінгі тәуелсіз мемлекеттің азаматтары сене қоюы кәдік-ау. Амал қанша, солай болған. Менің бір фельетоныма «бұл жұмысшы табына жала жапқандық» деп жармасқанда редактор Б.Тәйкіманов «Ей, сен 1937 жыл бар деп отырсың ба?!»– деп тойтарып тастағанын айтсам мүмкін сеніп те қалар...

Сол кезде газет беделінің аса жоғары болғанына бір мысал келтірейін. Журналистік қызметіме кіріскен 1957 жылы күзде тұңғыш іссапарым Ұлытау ауданынан басталды. Аудан орталығы қораш көрінді. Мәдениет орындары, тұрмыстық қызмет көрсететін мекемелер тым жүдеу. Әу пісімілла менің қаламыма осы мәселе ілікті. «Тауықсыз да таң атқан» деген скетч жаздым. «Мәдениетсіз де алға баса береміз» дегендей.

*«Монша жоқ Ұлытауда жуынатын,*

*Болғанмен отын арзан, суы жақын.*

*Сақал, мұрт желмен ойнап желкілдейді,*

*Көрмедік шаштаразды қырынатын»* – деп бір топ

адам әндетіп келе жатады...

Шағын да болса шымыр болды-ау деймін, қышыған жерге дөп тигенін Ұлытаудан келген хаттардан білдік. Аудандық пошта бастығы поселкелік кеңес төрағасымен келісіп, газеттің сол санын жоғалтып жіберіпті. Жұртшылық газет материалын Марганец (Қаратас) руднигінен келгендерден естіп, сол жерден алдырып оқыған көрінеді.

«Скетч көркемөнерпаздарға арналған» деген соң жастар сахнаға шығармақ болады. Жағдайды тексеруге бір тілші жіберілді.

Қош, қайыр, едәуір дүрбелең туғызған кішкентай материалдың дүмпуімен пошта бастығы қызметінен босатылып, поселкелік кеңес төрағасына аудандық партия комитетінің бюросында қатаң сөгіс жарияланады. Ол кездің тәртібі өте қатты, газет беделі жоғары болатын. Қазір қылмыс көбейіп

кеткендіктен бе, кісі өліп жатса да назар аудары қоймайтын сияқтымыз.

Сол материалым бүркеншік атпен жарияланған еді. Менің алдымда Жәкең барып қайтқан аталған ауданға. Кейін аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Төлеубек Қашқынбаевтың «осында екі ку келіп кетіп еді, осы пәле неде болса солардан келді» деген сөзі құлағымызға жетті.

Редакцияның құпиясы деген болады. Жазылған материалдарды бүркеншік атпен беру жиі кездесетін. Бірталай материал «Бесеу Біріккенов» деген атпен беріліп жүрді. Әуелде бес адам ба, бес саусақ па біріккен, ол жағына көңіл аудармаппын. Кейін менің де біраз фельетоным сол бүркеншік атпен жарияланғаны есімде қалыпты. Көбіне мен тегім, өз атымның басқы үш әріптеріп алып Х.Алмасов деп жазып жүрдім.

Редакция құпиясы қатаң сақталатын. Тіпті, қызметке қабылданғанда «редакция құпиясын қатаң сақтаймын» деп қолхат беретін. Қазір ондай тәртіп бар ма, жоқ па білмеймін. Сондай тәртіп қажет-ау деймін.

Енді бір айтайын дегенім, газетке жұртшылықтың шындықтың өз қорғаушысы деп қарайтыны. Сөзім жалаң болмасын, оған да бір мысал келтірейін. Қарағанды филармониясы ертеден бар. Сонда мақпалдай майда дауысты, мінезі де жібектей әнші Мағауия Көшкінбаев деген бір аяулы ағамыз қызмет етті. Сол кісі бірде редакцияға қамқорлық сұрап, қам көңілмен келді.

Филармонияның көркемдік жетекшісі Амандықов деген (атын ұмыттым) дәстүрлі әндерді орындаушыларды кекетіп, мұқатып қудалай бастапты. Керісінше, «күмпілдетіп, сүмпілдетіп» деп (Мағаңның өз сөзі) ән айтатындарды қолпаштап мадақтайды екен. Оның артынша Жетімтаева (атын ұмыттым) деген әнші әйел келді. Оның жағдайы да жоғарыдағыдай. Қысқасы, осы мәселеге газет араласып, екі ардагерді қорғап қалдық.

Енді бір мысал. Бірде Ғалекең шақырады деген соң барсам, қуықтай кабинетінде алтын саусақ хирург Хафиз Жаңабайұлы Махажанов отыр екен. — Мына Хафиз ағанды білетін

шығарсың?— деп бастады әңгімені Ғалекең. — Осында менің өтінішіммен келіп отыр. Мына хатты Егіндібұлақ ауданынан бір жас жігіт жазыпты. Шөп тасып жүргенде арбадан құлап, аяғын сындырып алған екен. Қазір халі ауыр. Ескі қалада базардың жанында бір үйде жатқан көрінеді. Сені Хафиз ағаға қосып жіберейін деп отырмын. Кейін қадірлі ағаң туралы бір дүние жазсаң осы жайды да ұмытпассың... — деді. Редакцияның жалғыз автокөлігіне отырып «Копай городтағы» бір үйге келдік. Жүзінің қаны кашқан жүдеу жігіт біз барған соң жастықтан басын көтерейін деп еді, қимылы шапшаң Хафиз-аға «Жата бер, жата бер» деп көрпесін аяқ жағынан ашып, аяғын ұстады. Башайлары көкпіл тартып, ісінген екен. Хирург аға сирағын саусағымен басып-басып көрді де, жас жігітке қарап: «Я тебя отремонтирую, ертең маған кел! Сіздер көмектесесіздер ғой?» деді. Мен басымды изедім. Қысқасы сол жігіт біраз уақыттан кейін редакцияға келіп, көзінен жасы сорғалап тұрып рахметін айтты. Бұл, әрине, үлкен жүректі, жаны періштедей таза Ғалекеңнің қамқорлығының арқасы, газет беделінің арқасы деп мақтанғышпен айтуға боларлық оқиға. Жалпы халық осындай адал қызметі үшін газетті жақсы көреді, сүйеді. Халық үшін сіңірген еңбек кезінде бағаланбағанымен Алладан қайтады дегенге бүгінде мен кәміл сендім...

Жыл сайын ҚазМУ-дің журфагінен жастар өндірістік жаттығуға келіп жататын. Соларға да қамқорлық жасадық. Өткен жылы дүние салған академик, журналист-жазушы Рымғали Нұрғалиев, майда мінезді, өзіндік жазу өнері бар Болат Бодаубаев және басқалар біздің газеттен өтті. Бұларға басшылықты мен жасаған едім. Біздің үмітімізді ақтап, жақсы азаматтар, маман журналистер болды.

Сол кезде талай талантты жастарды «ата таяғын ұстауға» мәжбүрлеген саясатты қалай ақтауға болады? «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» шыққан біртуар жастар қой соңында кеткенде еліміздің тағдыры не болар еді? Өзіміздің облыстан шыққан жұлдызымыз Ақселеу Сейдімбеков, қазіргі көпі-кон комитетінің төрағасы, «далалық зерде» басына қонған Қабылсаят Әбішев сынды талай жастар сондай солақай саясаттан бірнеше жыл қой соңында жүріп, ақыры қашып құтылғанын

бүгінде еске алудың өзі қорқынышты. Біздің газет аталған жастарға да қамқоршы болғанын мақтанышпен айтсақ артық болмас.

Коммунистік саясаттың бір өрескел қателігі әр ұлттың өзіндік ерекшелігін ескермеді. Қайтсе де тездетіп орыстандырып, оған «совет халқы» деген атты теліп, түптің түбінде «советтік ұлт» жасағысы келді. Кейінгі кезде үлкен дау тудырған «Қазақстандық ұлт» деген сандырақ соған еліктеу екені даусыз. Бұл ұлт пен халықтың (тарихи категория) ара жігін айыра алмағандардың немесе ел иесі, жер иесі қазақ ұлтын түрлі себептермен қазақ жерінен пана тапқандардың (енді пайда тапқандардың) қатарына апарып қоюдың жылым-құрт айла-шарғыларының бір түрі.

Н.Хрущевтің «мен патша өкіметінің ғасырлар бойы жүргізген орыстандыру саясатын бір жылда орындадым» деген мағынада мастыкпен мақтанғаны аға ұрпақтың есінде болар. Қазақтың алтын бас ұлдарын қойшы, сұлу қыздарын шошқашы ету арманы ұлттық намысымызды таптап, ақыры Желтоқсан көтерілісіне ұласқанын іштей қорланып тұншыққан демократияның соңғы тұяқ серіпкені демеске бола ма? Саналы журналистер бұл саясатты қабылдамады. Қолдан келгенше қойшы жастардың тұрмысын жақсартуға көмектесті.

Қарағанды педагогикалық институтының студенттері, партия мен үкіметтің сол кездегі солақай саясатына наразылық білдірушілердің қатарында болған жастар Мақсым Омарбеков, Кәрім Сауғабаев та «Орталықтың» қамқорлығын аз көрген жоқ. Жазған материалдары кешікпей жарық көріп тұрды. Жоғары қаламақысы өз алдына. Филология ғылымының кандидаты, ішкі, сыртқы мәдениеті өзіне жарасып тұратын Қәби Лекеров, жазушылар Амантай Сатаев, Асан Жұмаділдин, талантты ақын Сайлаухан Нәкенов бұл газетті өз үйіндей көретін.

Қарағандыға ат басын бұрған атақты жазушылар Сәбит Мұқанов, Зейін Шашкин, көрнекті ғалым, дипломат Төлеген Тәжібаев, өнер жұлдыздары Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов, Бекен Жамақаев және 1961 жылы партияның өндіріс ошақтарына жақындау саясатына байланысты қара алтын ордасына келген 40 жазушы редакцияда болып сұхбаттасқаны

ұмытылмас оқиғалар болды. Солардың арасынан дәрігер жазушы Зейін Шашкиннің ойлы әңгімесі әсер етті. Ол қазақ халқының өмір сүру, күнкөріс тіршілігінің бүгінде қатты өзгеріске ұшырағанына кеңінен тоқталды. Бұрын қымыз ішетін қазақ араққа, шарапқа, сыраға көшті. Мал азайды. Барының өзі бағу, саууды қиынсынып, жеңгейлеріміз, келіндеріміз «дүкен сауатынды» шығарды. Жеміс-жидек, овощ өсіру өмірімізге ене алмай келеді. Витамин жетімсіздігінен түрлі аурулар иектеп барады. Мынау іргеміздегі атом полигоны жүз түрлі ауру таратып жатқанына көңіл аудармай, бізде космодром бар деп мақтанатын болдық, – деп, сол кезде екінің бірінің жүрегі дауалап айта алмайтын «сырымызды» ашып тастады.

Екінші бір есте қалған кездесу Бауыржан Момышұлымен болды. Баукең Қарағандыға келген 40 жазушының серкесі де, еркесі де еді. Өзі солай ойламаса да халық сүйіспеншілігі Ұлттық батырымызды сол дәрежеге көтерді. Батырдың туғанына 100 жыл толуына орай ертеректе баспасөзде жарияланған естелігімді шағындап болса да қайталауды жөн санадым.

Кеншілер сарайы кездесушілерге лық толы. Көңіл де мерекедегідей. Баукеңе сөз үшінші болып тиді-ау деймін, жұртшылық ду қолшапалақтап, орындарынан тұрып қарсы алды. Батыр «кадірлі халайық, ықыластарыңызға мың да бір рахмет, осында жиналғандардың көпшілігі басқа ұлт өкілдері екен, мен сөзімді орыс тілінде жалғастырайын» деп рұқсат сұрағандай болды. Бір бәйге аттан екінші бір тұлпарға ауысып мінгендей ағылды келін... Мен университеттес қаламдасым Константин Кимнен «қалай сөйлейді?» деп сұрап едім, ол бас бармағын көрсетті де «чисто литературно» деп шешендігіне ризалық білдірді. Жиын аяқталған соң редакторымыз Бейсенғали Тәйкіманов Баукеңнің машинкеге басылған сөзін өзінен сұрап алып, мәдениет бөлімінің меңгерушісі Әмен Әзиевке берді де газеттің келесі санына жариялануын тапсырды. Өзге тапсырма болмаған соң газет қызметкерлері тарап кетті. Ертеңіне сағат 10-да Әзиев маған алқынып келіп, Баукеңнің кешегі сөзін аударып апарып, қол қойдырып әкелуді қолқалап сұрағандай болды. Сол кезде «Бауыржанға барудан гөрі зоопарктегі арыстанның жалын

сыйпап келу оңай» деген сөзді естiгiнбiз. Әмен алдына барды ма, әлде әлгi сөзден қорықты ма?— ол арасын анық бiлмедiм, нар тәуекел, костюмiмдi шешiп алмас» деген ойға бекiндiм де әрiптесiмнiн тiлегiн қабыл алдым. Баукең туралы Александр Бектiң «Арпалыс» атты кiтабынан, басқа да шығармалардан оқығаным бар едi, өзiн бiр көрiп, тiлдесудi армандайтынмын. Бес беттiк сөздi қиналмай еркiн аудардым. Жастық шақта максимализм деген рухани биiктiк болады ғой. Сол сезiм қанаттандырып, Баукең жатқан қонақ үйдiң люкс бөлмесiнiң есiгiн қақтырды. «Войдите!» деген гүрiлдеген дауысты естiсiмен «Ассалаумағалейкум» деп кiрiп бардым. Сәлемiмдi қабылдады ма, қабылдамады ма бiлмеймiн, алғашқы естiгенiм «Где тот дурак?» деген сұрақ болды. Мен неғұрлым қысқа қайырып: ол кiсi асығыс бiр шаруамен басқа жаққа кетiп едi дедiм де, өзiмдi таныстырып, келген шаруамның жайын айттым. «Садись!»— деп орындықты нұсады. Бес бет қағазды оқып шықты. Бiр-ақ рет ескерту жасады. Онда да, «передовая линияны» жартылай орысшалап жiберген екенмiн. «Тәйт!»— дедi дауыстап. — Сен қай жердiң қазағысың? — дедi бетiме бажырая қарап. — Осы Орталық Қазақстанның,— дедiм. — Обрусевший қазақпысың? — Жоқ, таза қазақпын. Мен туған жерде 2 ғана орыс отбасы болды. — Онда сенiң аузыңа «алдыңғы шепте» деген сөз неге түспедi? — Кешiрiңiз, мен әскери терминдердi кейiн университетте әскери кафедрада естiгенiм болмаса, әскерде болған жоқпын,— деп бетiне тура қарадым.

— Митингiде сөйлеген сөз сөз болмайды екен. Осыны қайта жазсақ қайтедi?

— Мақұл.

— Онда мен айтып отырайын. Сен қорытып жазып отыр. Келiстiк пе?

— Келiстiк!

Сонымен түске дейiн мақаланы аяқтадық. Бұл екi арада басқа келген адамдар болды. Редакторымыз да келдi. Оған тоқталмаймын. Кетерде «сағат 3-ке дейiн машенкеге бастырып, белгiленген уақытта осында боласың. 5 минут кешiксен келме?» — дедi нығыздап. Ентiгiп редакцияға барып, Ақпанова Қадишаға диктовка жасап, белгiленген уақыттан 15 мин. бұрын жеттiм.



Мен барғанда Зайтуна деген әйел (маған балдызым деп таныстырған) және оның күйеуі тамақ ішіп отыр екен, «встать!» деп команда беріп еді, әлгілер орындарынан атып-атып тұрды. – Біз енді жұмыс істейміз. Сендер жүре беріңдер. Шақырсаңдар ертең шақырыңдар. Бүгін, бүрсігүні қолым тимейді. Телефон мынадай...

Сонда байқағаным өзі орысша сөйлеп отырса да, қазақша сөйлегенінді қатты қадағалайды екен. Таптаурын болған «Партия, Ленин, халық» деген тіркестерді өзінше «Халық, Ленин, Партия» деп өзгертуі маған тосын жаңалық болды. Сонда Баукең ең алдымен халық деп жаз. Лениннің аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ. Ол да халықтан шыққан. Ал, партияны құрған Ленин, оның партиядан бұрын тұруы заңды. Бұл жеке басқа табынудың алдын алуы екенін кейін түсіндік.

Бұл кездесуде Батырдан өмірлік сабақ алып қайттым. Біріншісі – Баукең өз стилін бұрмалап, өзінше сай өрлеп кететін жазғыштарды жек көреді екен. «Сен мұны әдеби етіп неге аудармадың?– деп алғаш сынап қойған сұрағының астары түсінген адамға соны аңғартты. «Сіздің сөзіңізді басқаша айтуға менің қақым жоқ, сіз не жазсаңыз соны аудардым» деген сөзіме іштей қанағаттанғанын байқадым.

Екіншісі – орынсыз ақырмайды, сынау үшін ақырады екен. Осыны батырдың өмірінен роман-диалог («Аңыз бен ақиқат») жазған, жазушы Әзілхан Нұршайықовқа айтқанымда «Баукеңді түсінген екенсің. Бірде мені «опасный хайуан екенсің» деп үйінен қуып шыққан. Баукең – терең психолог адам» деп ағынан жарылған.

Қыстың қысқа күні ұясына қонғанда қонақ үйден көшеге шықсам Баукеңнің «где тот дурак?» деп сұраған адамы есік алдында мені тосып жүр екен. «Қойға шапқан батырын, батырды көрсе, қой болар» деген мақал есіме түсіп, әншейінде «жау қайдалап» жүретін көбік кеуде жігіттің айлакерлігіне күлкім келді. Материалды редакторға өзі апарып тапсырғысы келіп еді, ол «пысықтығынан» ештеңе шықпады. Бейсекеңе кіріп, материалды өз қолына беріп, оқып шыққанша тосып отырдым. Бес бет қағаздың сыртына «Тайку» деп қол қойып, «шаршаған шығарсың, енді қайта беруіңе болады» деп ризалығын білдірді.

Бұл күні мен олжалы болдым. Батыр да «материалға түнде беттен оқып барып қол қоямын» деп қитыққанда «қол қоймасаңыз алмаймын, редакция қол қойылмаған материалды қабылдамайды» деп заңды талап қойғанымда «ты еше молокосос!» деп біраз ақырып алып сабасына түсті. Дәл сол кезде жазушылар З.Қабдолов, С.Бакбергенов, Т.Молдағалиев келіп, біздің қыжылымызға қарап, күліп тұр екен. Олар да редакцияның тәртібін Баукеңе түсіндіріп жатты. «Жақсының ашуы – шәйі орамал кепкенше» деген ғой, Батыр да күлімсіреді. Материал қолға тиісімен шұғыл бұрылып кетіп бара жатқанымда «Ей, тоқтағын! Сен окпелеп барасың ғой! Екеуміз бүгін көп жұмыс істедік. Өзің бір жақсы жігіт екенсің» деп арқамнан қақты. «Ел құрметтеген Батырға өкпелемес болар» деген сөзімді теріс көрмегендей болды.

Жылы сөздерге көңілім өсіп, шаршағаным есімнен шығып, сергіп кеттім. О дүниелік болған адам туралы жазу қанша қиын болса да шындық одан жүз есе қымбат. Және жас журналистерге сабақ болсын, «еңбегінді әлде кімдер пайдаланып кетпесін, тіршілігінде кеуденді бастырма» деген аманат айтып жазып отырмын.

Мына жалған дүниеде адам атына дақ түсірмегенге не жетсін! Естелігімді украин халқының бунтарь ақыны Тарас Шевченконың өлеңімен бастап едім, сол аруақты ақынның өлеңімен (аударған жыр дауылпазы Қасым Аманжолов) аяқтайын.

*«Ез тірліктен ер өлім,  
Артық екен дер едім.  
Шіркін тірлік жақсы ғой,  
Түсірмесең беделін».*

Ұлтымызды тәрбиелеуде өзіндік үлесі бар талай талапты да талантты жастардың болашағының көзін ашқан сексен жастағы қадірмен газетіміз «Орталық Қазақстанға», оның еңбекқор ұжымына өмірдің бар жақсылығын тілеймін! Адалдық, әділеттілік – ұраны, ақжарылқап күндер, хош иісті гүлдер ажырамас серігі болсын!

*2011 жыл, қыркүйек, Астана қаласы.*

## II. АЛДЫҢҒЫ ТОЛҚЫН – АҒАЛАР

---

### ТАҢБАЛЫ ТАРЛАН ЖӘКЕҢ

Дүние – үлкен көл,  
Заман – соққан жел  
Алдыңғы толқын – ағалар,  
Артқы толқын – інілер.  
Кезекпенен – өлінер,  
Баяғыдай көрінер.

*АБАЙ.*

Жайық Бектұров жайында мақала жазайын десем естелікке айналып кете беретінін өзім де аңғармай қалатын сияқтымын. Оған бірден бір себеп менің ол кісі туралы көп білетінім әрі қаламдас аға ретінде құрметтейтінімде болса керек. Мен білетін Жәкең (Нұрмахан ініміз Жақа дейді, мен өз анамды Жәке деуші едім, содан да ма, осы атау ұнап тұратын) іші алаулап жатса да сырын сыртқа шығармайтын, денсаулығының кінәратына қарамастан қайрат-жігерін, ақыл-парасатын тең ұстайтын, еңбектен қол үзбейтін, білуге құмартудан бір сәт жалықпайтындығымен айрықша дараланатын. Кейбір жазу-сызумен айналысқан адам қағаз бетіне түсірген еңбегін табысым деп санаса, Жәкең көбірек білгенін, оқыған-тоқығанын қымбат бағалайтын. Кітап оның бауыр еті – баласындай көрінетін. Жақсы кітапты оқып беруге – саран, алуға – жомарт еді. Пәтерінің бір бөлмесінің төрт қабырғасы, екінші бір бөлмесі кітап сөресіне айналған. Жәкеңнің кітап құмарлығы таңғаларлық еді. Бір жылы Алматыға барған сапарында сол кездегі құнды ақшамен бірнеше жүз сомның кітаптарын букинистік дүкеннен сатып әкелгенін білеміз. Үйінде құранның әр жылдарда, әр елде шыққан басылымдары көп болатын.

Жәкеңнің жақсы көретін ғалым-ұстаз қарындасы Фатима Кенжебасва ағасына еркелеп бір қалжың айтқаны бар. «Мен

Жайықтың анау портфелінен қорқам. Үйге келгенде өзіне ұнаған кітап «берсең – қолыңнан, бермесең – жолыңнан» дегендей, сол портфельге түсіп кете баратын».

Жеке басқа табынудың әшкереленуінен біраз жыл өткен соң Сталиннің көп томдығын «Орталық Қазақстан» газеті редакциясы кітапханасынан шығарып тастаған кезде (ол уақытта мен редактордың орынбасары едім) кабинетімнің бір қалтарыс жеріне жасырып қойған едім. Жәкең өзінің кітапқұмарлығына басып, менен қолқалап сұрап алды. Соның I-томының ішкі мұқабасына қалжыңдап, «өзіңіздің досыңыздың кітаптарын сыйлық етіп ұсынамын» деп жазып бердім. Бұл кітаптар Жәкеңнің кітапханасын қастерлеп сақтап, журналист-жазушының шығармашылығы туралы сүйсінерлік жұмыстар жүргізіп отырған Жасөспірімдер кітапханасында жинаулы тұрған болар.

Енді бір қасиеті сол кезде шет елдерден бе, Ресейден бе кітапханалармен байланыс жасап, біраз әдебиеттер алдырып оқып, солардан кейбір материалдарды аударып газеттерге бастыратын. Мысал ретінде айтайын, «Вестник Европы» журналынан Середаның Кенесары ханның қаһармандығын аспандата мадақтайтын мазмұнды еңбегін аударып, осы өзіміздің «Орталыққа» бастырды. Кейде шет тілдерде жазылған хаттарды менің V-сыныптан бастап Қарағанды политехникалық институтының ерлі-зайыпты ағылшын тілі оқытушыларынан жеке оқып, кейін ҚарМУ-дың заң факультетін және Алматы шет тілдер университетін бітірген Гүлліра деген қызыма аудартып, жауап хат жаздырып алатын.

Өзінің туған жеріне жер теңгермейтін. Бір жылы Ақтоғайға шақырдым. Біздің шөлді-шөлейтті жеріміз Жәкеңнің көңіліне толмады. Кейінгі жылдары жер асты суларын Балқаш өндіріс орындары сорып, бетін полигон зардабы жүдетіп бара жатқанынан болар... «Апырай, мына жерде бұрын қалай тұрғансыңдар, қазір қалай тұрып жатырсыңдар» дегенде мен «Жәке, бұл патша үкіметі басып алған сіздің жеріңіздей болмағанмен Алаш үкіметінің премьері Әлихан Бөкейханов туып-өскен, оның ата-бабаларының құт мекені болған, атақты Жалаңтөс батырдың, Жанқұтты, Шабанбай билердің, Нарманбет

ақынның, Күләш, Манарбек, Әсет сынды бұлбұлдардың кіндік қаны тамған қасиетті, құтты мекен. – деп бір жағы қалжың, бір жағы шындықты – айтқанымда «Ә, солай екен-ау» деп түсіністікпен мақұлдаған еді.

Бүгінге дейін баспа бетін көрген жазу-сызуда (өзінің еңбектеріндегі шашыранды мәліметтер болмаса) Жәкеңді публицист-журналист, жазушы, қарымды қаламгер дегеннен өзге деректі кездестірген емеспін. Қадірлі ағаның 70 жылдығында Қарағанды радио және телевизия комитетінде бас редактор қызметінде жүргенімде бір толымды хабар әзірлеген едім. Сонда өз аузынан естіген өмірбаяны мынадай: – Мен 1912 жылы бұрынғы Ақмола уезінің Моншақты болысында (қазіргі Целиноград облысы, Алексеевка ауданында тудым. Бұл бір орманды сұлу алқап. «Қозы-Көрпеш – Баян-сұлу» лиро-эпостық жырында айтылатын Моншақты, Домбыралы дейтін таулы, орманды өңір.

Бұл араның орталығы осы күнгі Ақкол станциясы (темір жол бекеті). Бұл аймақта атақты Шаңдақ дейтін жер бар. «Жылқым жатыр Ақкөлдің Шаңдағында, Кімдер сері болмайды бойдағында» деп келетін өлең-әннің қанат қаққан өңірі осы жер. Әкеден екі жасымда қалдым. 10 жасқа дейін ата қолында өстім. (Жәкең атасын «Кәрі әкем» деп атайтын). Ескі дәуірде туып, жаңа дәуірде өмірге көз аштық. Біз ауыл жастары еңбекті мал бағудан, шөп шабудан, егін орудан бастадық. Қаршадай күнімізден еңбекке араластық. Мен әуелі молда алдынан ескіше хат танып, ауыл арасына тараған қисса-хикаяттар оқып кеттім. Содан 1922-1923 жылдары ауылда ашыла бастаған жаңа мектептерде оқыдық. Кейінірек келе сол кезде Азат ауданы аталған ауданымызда жеті жылдық шаруа жастар мектебі ашылды. Осы күні бұл арада Кеңес деп аталатын мектеп бар. Оның ашылғанына 60 жыл толып қалды. 1927 жылдың аяғында комсомол қатарына өттім. Ауылда тап күресі, тап тартысы ұраны күшті қолға алынды. Әйел теңдігі, қарыз серіктіктерге мүше тарту, газетке жазылу, жаңа спектакльдер қою, сауатсыздықты жою, газеттерге хабар жазу, қызыл отау ашу, жер бөлісі, байларды тәркілеу, астық дайындауға араласу біздің алғашқы қоғамдық өміріміздің бастамасы болды. Мен Ақмола

округтік «Сары-Арқа» газетіне алғаш рет «Білген» деген бұркеншік атпен 1928 жылдың күзінде ауыл ахуалынан хабар жарияладым. Содан республикалық «Жұмысшы» газетіне де тілші болдым. 1928-1929 жылдары астық дайындайтын бес-тіктерге хатшы болып, күні-түні жан-жаққа нұсқау хаттар жазумен қолым, қаламым төселіп кетті.

1930 жылдың көктемінде Атбасар қаласында оқу-ағарту халық комиссариаты қызыл мұғалімдер даярлайтын үш-төрт айлық курс ашты. Аудандық атқару комитетінің жолдамасымен екі жүз шақырымдай Атбасарға оқуға бардым. Сонда менімен бірге оқыған жігіттердің бірі – осы күнгі белгілі жазушы Сейтжан Омаров. Курсты жақсы бітірген соң мені Нұра ауданына мұғалімдікке жіберді. Осы күнгі «Энтузиаст» совхозы тұрған жердегі «Ақтобе» мектебінде мұғалім болдым. Ол жерде Сәкен Сейфуллин 1916 жылы мұғалім болыпты. Сәкен туралы көп әңгімелерді сол жерден естідім.

1931 жылдың күзіне қарай өз жеріме, сол кездегі Сталин ауданына келдім. Мұнда партия-бақылау комиссиясында хатшы болдым. 1931 жылдың 6 ноябрь күні партия мүшелігіне кандидаттыққа өттім. Іле-шала аудандық комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімін басқардым. 1931 жылдың күзінде Ақмолада ашылған коммунистік университетке сырттай оқуға түстім. Бірақ 1932 жылдың көктемінде Алматыдан өлкелік партия комитетінің өкілі Нұғыманов жолдас келіп, мені сол университетке оқуға жіберуді ұсынды. Қарағанды обкомының қаулысымен 1932 жылдың көктемінде Алматыға келдім. Университеттің әуелі комсомол, артынша газет бөліміне қабылдандым. 1934 жылы көктемде Мирзоян жолдастың қолымен өлкелік комсомол комитетіне жауапты қызметке алындым. Қазақстанның көптеген жерлерін араладым. С.Мендешевпен бірге көп жерлерде болдым»...

Жоғарыда айтылғандай, Жәкеннің 70 жылдығына хабар әзірлеген кезде қойған «Журналистік, әдеби жұмысыңыз қалай басталды?» деген сұрағыма мынадай жауап алған едім: «Алматыда «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттерімен тікелей араластым. Мұнда Саттар Ерубаяевпен, әдебиетші Рахымжан Жаманқұловпен жақын таныстым. Комсомолдың

басшы қызметтерінде өлкелік, Оңтүстік Қазақстан облыстық, Арыс, Мактаарал аудандық комсомол комитеттерінде қызмет істеп жүріп, газеттен қол үзбедім. Әдеби сын, комсомол өмірінен үзбей жазып тұрдым. 1937 жылы «Лениншіл жас» газеті редакторының орынбасарлығына алдырды. 1938 жылдың басында «Социалистік Қазақстан» газетіне ауыстым. 1939 жылы Жамбыл облысы құрылғанда осында жаңадан ашылған облыстық газетке редакторлыққа жіберілдім. Газетте жаза жүріп, көптеген адамдарға көмектестім. Мәселен, Кенен ақынға...»

Жайық Кәгенұлының өмір жолының бір тарауы осындай. Жазықсыз жазаланып, қызыл қырғынның көкпары болғаны өз алдына бір сүре әңгіме. Ол феодализм, капитализм, социализм, қайыра айналып келген «жабайы» капитализмнің аласапырандарын бастан кеше жүріп өзі де көптен үйренді, көпке үйретті де. Буыны бекіп, шынығып өсті. Қазақстанның кеңестік дәуірінің алғашқы кезеңдерінде атақты, белгілі қайраткерлердің бәрін дерлік жақын көрді, көбісінің сөзін тындады. Бірқатарының қасында серіктес болып, солардан ақыл-кеңес, тәлім-тәрбие алды. Олар Ә.Жангелдин, С.Садықбеков, І.Көшкінов, Қ.Жүсіпбеков, Ш.Бектұрғанов, Ә.Досов, Ж.Сәдуақасов, Ұ.Құлымбетов, Т.Жүргенов, І.Құрамысов, О.Исаев, Л.Мирзоян, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, ақын, жазушылар: бертіндегі С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, А.Токмағамбетов және басқалары.

1958 жылдың басынан бастап өзі дүниеден өткенше Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облысаралық бөлімшесін басқарды. Бұл бөлімше Қарағанды, Жезқазған, Целиноград, Павлодар, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан әдебиетшілерін қамтыды. Көптеген жастардың жазушылар одағының мүшелігіне өтуіне, шығармашылық өсуіне қамқорлық жасады. Ағалық, әкелік ақыл-кеңесін аямады. «Бір аяқ астың екі аяқ желпі бар» дегендей, шығармашылық желпініс, жастық желік теңіз болмаса да өзен, көлшік суының толқынындай, асып-тасып тұратыны бар ғой. Сондайда Жәкеңнің майдалап айтқан ақылы талайларға ем болатын. Енді солардың өзі сиреп барады.

Жаратқан ием бір басына жетерлік талантты аямаған, бірақ сол асылды бағалап ұстай алмаған Мақсұт Байсейітов деген ақын жігіт Жәкеңе еркелеп бір өлең шығарған еді. Басталуы мынандай:

«Біздің бастық-аты Жайық Бектұров,  
Ақша алады текке жатып, тек тұрып...»

Сол өлеңін Жәкеңе оқып беріп, бас жазуға ақша сұрағанда: «Әй, тентек, текке жатып, тек тұрып» деме. Сендер сияқты ала құйын мінезі бар ақындарды қайырып әкеліп, жөнге салып отыратын адамның омырауына орден тақса да артық болмас еді-ау» дегені бар еді.

Жәкеннің журналистік, жазушылық қызметімен сабақтастыра жүргізген бір жұмысы – тарихи мұраларды, ескерткіш орындарды қорғау, сақтау, қалпына келтіруге байланысты. Ол КСРО Жағрапия қоғамының мүшесі ретінде осы қоғамның Омбы бөлімінің жұмысына тікелей қатысып жүріп, Омбы қаласында бір кезде оқыған Сейфуллин, Нұрмақовқа ескерткіш тақталар орнатуға 15 жыл уақытын арнағанын орынды мақтанышпен айтып отыратын. «Мұны өзім аса бір абыройлы іс санаймын» деп шүкіршілік ететін. Қарағанды қаласында көптеген жазушыларға, әдебиет, мәдениет, өнер қайраткерлеріне көше аттарын қоюға белсене араласып, қала, облыс басшыларына тікелей ұсыныстар жасап, орындалуын қадағалап жүргеніне өзіміз куә болдық. Сөйткен Жәкеңе жарты ғасыр өмірі өткен, жемісті қызмет еткен Қарағандыдан бір көше бұйырмағанына көңіліміз қалғанын айта кеткіміз келеді. Әйтсе де, қаладағы үлкен бір мәдениет орны – Жасөспірімдер кітапханасына Жәкеннің атын беріп, өзінің ең бір қымбат дүниесін – кітаптарын сонда жинақтап қойған облыстық мәдениет басқармасына ризашылығымызды білдіруді орынды деп білеміз.

Алматыда шетелдердегі қазақтар үшін шығып тұратын «Біздің Отан» деген араб әрпімен басылатын газетке Қарқаралы тарихын, қазақтың жер, су аттарының түп төркіні, Ертіс – Қарағанды каналы жайлы очерктер жариялап, бұл ісіне көңілі толып жүретін. Елін, жерін елжірей сүйген үлкен жүректі азамат қаламгер ағаның өткенді бүгінгімен, бүгінгіні болашақпен



ұштастырып толғана жазатыны жастарға өлшеусіз үлгі-өнеге, фибратты сабақ болары сөзсіз.

Тәуелсіздікке дейін оның жазғандары «үш әріптің» бақылауында болды. Айдауда жүргенде басынан кешкендерін баяндаған «Таңба» атты қайғылы хикаяты Жазушылар одағында, түрлі баспаларда, одан әрі Орталық комитетте жылдап құлыптаулы жатты. Аудармаларының өзіше аты жөнін қойғызбаған екен. Кенестік цензура «қырағы» еді ғой. Атақты «Робинзон Крузоны», «Л.Пантелеевтің әңгімелерін, Л.Серебрякованың, Шандор Петефидің, Азия, Африка елдерінің прогресшіл жазушыларын аударған Жәкеңнің есімі көрсетілмеді.

«Мен өмірімде омырауыма бір медаль тақпай кетіп барамын. Қызғанбаймын-ау, басқа ұрған қарашын аттай жалтақтап қалған жандайшаптардың бірдеңені қиратқандай болып күпініп жүргенін көргенде осы біз шындыққа қашан жетеміз? – деп уайымға беріліп кеткенімді өзім де байқамай қаламын, – дейтін. «Жәке, өтірік туған күні шындық өлгенін білмейтін бе едіңіз?» – деймін әдейі қайрай түсіп.

– Білемін ғой. Мен оны көріп те келдім. Өтірікті үш қайталап айтсаң шындыққа айналатынын күнде көріп жүрміз ғой, – деп біздің пікірімізді қостайтын.

Осылайша ішқұса болып жүріп жазған «Жол жоралғысы» атты очерктер жинағына 1977 жылы 18.XII-де қолтаңба жазып сыйлаған еді. Сонда былай депті: «Үзіп-жұлып қысқартушылардың кесірінен түсініксіз беттері көп, өзіне түпкі төркіні көптен таныс осы очерктерімді, келешекте қазақ болатын Арнұрыңа жаңа жылға арнаған тартуым болсын. Жайық».

Осы жинақта Жәкең үлкен арманы күйік болып өмірден өткен ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің, қазақ халқының досы Григорий Потаниннің, жаужүрек ғалым Шоқан Уәлихановтың Қашқарға жасаған аса қатерлі саяхаты туралы баяндаған екен. Екінші бір жұпыны жинағына өлеңдер мен поэмалары енген. 1991 жылы баспадан шықты. Қайта құрудың «кемпір шуағы» түсіп, аз да болса ауа тазара бастаған шақта Жәкең, «Иә, Алла» деп қаламын қолға мықтап ұстағандай.

Алаш ардагерлерінің, қызыл қырғында мерт болған ағаларының тағдыры Жәкеңді қатты толғандырды. Түрлі газет, журналдарға бұрқыратып жазып жатты. «Орталық Қазақстанға» редакторлыққа Нұрмахан Оразбеков есімді сергек те батыл азамат келіп, Жәкеңді терең түсініп, қордаланып қалған шығармаларын жарыққа шығарып, бұлақ көзін ашты. Алматыда «Қазақстан» баспасынан 2002 жылы «Енеден ерте айырылған төл секілді» аталатын қалың кітабын қолымызға тигізді. Биылғы Жәкеннің 100 жылдық мерейтойына байланысты Нұрмахан бауырымызға осы бір атымтайжомарттық еңбегі үшін өз атымнан, оқырмандар атынан мың мәрте рахмет айтуды борыш санаймын. Осындай ыстық жүрек, ақ пейіл азаматтар көбейе берсе, қазақтың мерейі өсе беретініне бек сенеміз.

Осы кітапқа енген очерктерде үш Әлекең – Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков және Мәшһүр Жүсіптің «Өзіме жете туды» деген Әли есімді баласы мен Алаш туын көтерген азаматтардан өзге Мәшһүр-Жүсіп, Балуан Шолақ, Қажымұқан, Шашубай, Қасым Аманжолов, Ілияс Манкин, Нұрлыбек Баймұратов сынды ақындар, сал-серілер өмірінен тың мағлұматтар беріледі.

Жәкеңнің жастық шағынан көңіліне ұялаған есім – Сәкен Сефуллин. Ақын мұғалім болған мектепте Жәкең де сабақ берген. «Сәкеннің соңғы сәттері» очеркінде төңкерістің қызыл сұңқары атанған ардақты ақын азаматтың және оның асыл жары Гүлбаһрамның бастан кешкен азапты күндері туралы кәптерді көз алдымызға мөлдіретіп алып келеді. Өлең өлкесінде өшпес із қалдырған, поэзия мәдениетін еуропалық жоғары дәрежеге көтерген Мағжан Жұмабаевтың айнымас серігі, ақын сонау Ақтеңіз жағасында айдауда жүргенде жол қиындығына қарамастан, 11 рет іздеп барған Зыликадай қайратты арудың мехнаты жайында шындықты жазу үшін бірнеше рет кездесіп әңгімелескен, тіпті ақынның саяси ақталуына әл-қадерінше септігін тигізген осы біздің Жәкең болатын.

Бірсыпыра жол сапарында ел арасында өзі куә болған, көрген, ойға түйгендері кеңестік отарлық саясатқа томпақ келетіндіктен баспаға берілмеді. Оларда қазақ қыздарының қойшы болып тіркеліп, басшы қызметкерлердің көңіл көтеретін

«куыршағына» айналып бара жатқанына жаны ашып, қатты киналатын. Елсіз қу медиен далада әлгі қыздардың «шопандық» міндетін атқарып жүрген кәрі-құртан кемпір-шалдардың көрген күнін тозаққа теңеп әңгімелейтін. Қайтсін, іш қазандай кайнайды, күресерге дәрмен жоқ...

Осындай жазбаларын «Құпия дәптерде» сақтайтын. Солардың бірсыпырасын мен «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының облыстық ұйымын басқарған кезде мәшинкеге бастыруға қолғабыс жасаған едім. Жәкең өзі қоян-қолтық араласып жүретін Кітапқұмарлар қоғамының сол кездегі басшысы, өзі де баспасөзге жақын Мәлік Имашевпен келісіп, біздің қоғамның есеп шотына аздап тиын-тебен аудартты. (Біреу-міреу сөз етсе, заңды болсын деп сақтық жасағанымыз ғой). Мәшенкеші Қадиша Ақпановамен екеуіне бір бөлмені меншіктеп беріп қойдық. Қанша қағаз басылғаны беймәлім, біреу ай күнде келіп, тапжылмай отырып бастырып әкетіп жүрді. Зәуде есік ашып кірсем мен шыққанша үндемей отыра қалатын. Қызыл империя тұсында әбден зәрезап болған ағамыздың бұл қылығын бізге сенімсіздік емес, өз өмірінің өшпестей етіп салған таңбасы деп түсініп жүрдім.

Осындай күмән мінез-құлқында ғана емес, басқа жағдайларда да байқалатын. Бірде көңілде, сырлас топ қала сыртына шығып, таза ауада жүріп қалдық. Мезгіл көктемнің жазға айналып, шыбын-шіркейдің күні туып тұрған шағы. Біздің басы-көзіміз, қолымыз масаның, шіркейдің уынан күп болып ісіп кеткенде Жәкеңнің бір жері де қызармағанына қайран қалғанбыз. «Сендер бұған таңдансандар шынын айтайын. Мен Солтүстік Оралда айдауда қалың орман арасында жүргенде иммунитет алғанмын. Қазақшалағанда, пісіп кеткенмін. Ол жердің масасы Сәбеңше (Сәбит Мұқанов) көтеріп айтқанда, торғайдай болатын. Мына біздің масаның «тісі» маған өтпейді», – деп күлдірген еді.

Қанша қиындық көрсе де еңсесі түсіп, жасымаған ағаның тәуелсіздік алған соң ойлағаны орнына шыға қоймай қазақты қазақ жағадан алып, бірлігі кетіп, кірмелерге кіріптар болып, әлсіреп бара жатқанын көргенде қатты киналып жүрді. Әсіресе, бұрынғы ортақ пайдаланып келген кәсіпорындардың, мәдениет

мекемелерінің аз ғана байшыкеш топтың жеке меншігіне айналуы, байдың да, кедейдің де жаңа түрлерінің «гүлденіп» шыға келуі, сырттан пайда табуға келген жебір капиталистердің оңай олжаға тұмсығын сұғып, казак жерінің ен байлығын тонай бастауына шыдай алмай «Заман-Қазақстан» газетінде «Осы біз қайда бара жатырмыз?» деп бір бет мақала жазып, бар ашу-ызасын төге салды. Алаш партиясы сынды ұлттық партия құру да ойына келді. Егер денсаулығы мүмкіндік берсе, отбасының қайғылы тағдырына, жасының ұлғайғандығына қарамай саясат майданына белсене араласып кетер ме еді, қайтер еді? Осы бір әрекетінің өзі Жәкеңнің ешқашанда «аузын буған өгіз» болып, басы салбырап отырып қалмайтын, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» дейтін күрескер тұлға екеніне бір мықты дәлел. Ал өмірде өзіне жала жауып, ұлтшылдығын күнә етіп бетіне басатындарға «несчастнй пасквильянт» деп, жерлеп тастағанын өзіміз көріп, куә да болдық. Қазақтың «тентек те болса, ұлың зор болсын» деген мақалы Жәкеңе лайықтап айтылғандай. «Күн көрістің құлы болғанша, еліңнің адал ұлы бол» – Жәкеңнің берік ұстанымы болатын.

Жәкеңді казак халқының біртуар ұлы, казак тілінің жанашыры, маманы ғана емес, жан-жақты білімдар ғалым десек орынды болар. Бірде «Жәке , осы Сіз жазушыдан гөрі ғалымға көбірек ұқсайсыз» деген едім «Ә, солай ма, осы күні мені біраз адамдар, өтірік, шыны екенін қайдам, профессор деп атай бастады. Осы атау маған ұнайтынын да жасырмаймын», деп көңілденіп күлген еді. Марқұм Евней Бөкетовтің ректорлығынан бастап Жәкең ҚарМУ-да мемлекеттік емтихан комиссиясының мүшесі болып жүрді. Мен оның білімдарлығына сүйсініп, «ауызша архив, сан-сала энциклопедия» деп атап, өлең де жазған едім.

Жәкең адамды бір көргенде жаңылыспай баға беретін сыншы да еді. Бірде Алматыдан Қарағандыға басшы қызметке жіберілген бір жігіттің орын тағына отырған сәтте сөзін тыңдаған соң пікірін сұрағанымда «кателесем қуанар едім, әй, бірақ мынау жалаңаяқтау ма деп қалдым» деген еді. Айтқаны айдай келді...

«Өткел» атты жинағында мынадай бір қолтаңбасы бар. Соны оқушы қауымға ұсына кетсем, сөз парқын түсінетіндер артық демес. Бұл сөздер Жәкеннің өз шығармаларының алдағы тағдырына қатты алаңдағанына бір мысал.

*Көңілдес інім Масзұт,  
Бастан кештік жыл да жұт.  
Боран да соққан толастап,  
Арты болар елге құт.  
Жазулы тұрған сөзім көп,  
Білемін сырын өзім тек.  
Калама деп шашылып,  
Отырам іштей қайғы жеп.  
Сөзімді осы есіңе ал,  
Мұрама менің көзің сал.  
Біз бейбақты деп сана,  
Өрттен қалған жалғыз тал.*

Жайық Кәгенұлы – тамұқтың тас қақпасынан көкөрім шағында, оң мен түс дерлік беймезгілде капияда кіріп, қылкөпірден аман өтіп, тағдырдың басқа салған тауқыметін ұрпағына жеткізген аз ғана адамдардың бірі. «Таңба» атты трагедиялық шығармасының жаңа басылымы қолымызға тиді. Осы еңбектің мөрі бұзылмай жарық көруіне аянбай еңбек сіңірген Нұрмахан Оразбек бауырымызға тағы да ризашылығымызды білдіре отырып, бұл кітаптың тәуелсіздігімізді құрметтей де сақтай да білуге тәрбиелейтін құнды еңбек екенін айтамыз.

«Ақын болу міндет емес, азамат болу міндет» дейтін ұлағатты сөз әр адамның жүрегінде берік сақталуы тиіс. Алайда, адам психикасын өзгертіп жіберу де адамның қолында екенін өмірдің тар жол, тайғақ кешулерінен өткендер жоққа шығармайды. Зобалаң жылдардың зорлық, зомбылығын бастан кешкен Жәкен былай дейді: «Үрей, қорқу, үрқу талайды қуыршақ етіп жіберді. Тұтқынға алынған адам бірден есеңгіреп, есінен ауыш қалады, қорқуы да, алдануы да дәл бір жас баладай болады... Өмірден күдер үзген адам көзі қарайыш, сандырақтап не болса соған қол қоя береді, ертең атылатынын көз алдына келтіре алмай, бір күнгі жан тиыштығын ойлайды...».

Жәкең сол бір зұлмат күндердің үрейлі таңбасы біздің адамдарды қаны сорғалап тұрған шындықтың өзін айта алмайтын етіп, күш қайда болса, сол жақтың ығына қарай жығыла беруге дағдыландырып жібергенін, «үндемеген үйдей пәледен құтылады» деген бейшаралықты берік ұстанып алғандығын өмірінің соңғы күндерінде жиі айтатын болды. «Біз бұйрық, жарлықты асыра орындауға әбден төселіп алғанымыздан соның арты не болатынын ойламаймыз, робот-адамдармыз, бұл бізді ажалымыздан бұрын алатын, бүгін емдемесек, ертең дауасыз ауру» деп отыратын. Осы пікірін «Заман – Қазақстан» газетіне де жолдаған екен. 1997 жылдың 21 наурыз күнгі санында Жәкеңнің хатының негізінде Бейбіт Орынбекұлы Қойшыбай – ұрпағының «Осы біз қандаймыз?» атты айқарма беттік мақаласын берді. Бұл кезде Жәкең тірі. Газет саны менде сақталған еді. Сонда ұлт тағдырын қабырғасы қайыса ойлайтын ағамыз былай деген екен: «Бейбітжан, бұл тақырыпта сөз таусылмас, мың бір түнге жетпес. Тегі қазақ халқы қазір біртұтас саяси бағыттағы партия құрып, біртұтас қауым құрмаса, мұны тәуелсіздік деу бос сөз болар, соңғы кезде біз ішіміздегі кірме ағайындарды үстем етіп алдық...».

Осы хат жазылғалы да біраз жылдың жүзі болған екен. «Баяғы жартас бір жартас» дейтіндей, өзгеріс шамалы екеніне әлде бір даукес болмаса, ешкім де теріс дей алмас.

«Біреудің жоғын біреу ысқырып жүріп іздейді» деген сөзді бабаларымыз айтып кеткен. Қазақ халқының тағдырын басқа біреудің емірене келін шешіп бермейтінін күнде көріп, жиырма жылда жиырма сөз үйренбеген, үйренуге құлқы да, талабы да жоқ көршілерімізге қарап, біліп отырмыз ғой. Шыдамдылық, сабыр сақтау қазақтың қанындағы ең асыл қасиеттер. Әйтсе де адам өмірі қысқа. Бүгін жететін жерге ертең жетем деу – көк жалқаудың ісі.

Осымен Жәкеңнің 70 жылдығында өзіне оқып берген, ағаның өзі ұнатқан інілік лебізімді ұсынайын:

*Жетпіс те бір заңғар биік қия,*

*Ақыл тауға ақиық салған ұя.*

*Білетіндер айтады өзіңізді*

*Ауызша архив, сан-сала энциклопедия!*

*Өмір өзі сайыс та қызық базар,  
Қыран ғана шығандап қанат жазар.  
Жетпісіңіз жер баспас дүлдүл күйде,  
Жиырма бесі талайдың жолда қалар.*

*Жетпіс – асқар, басында қар жатады,  
Тек мұзбалақ шаңқылдап тіл қатады.  
Жиырма бестен екі жұп, жиыrmасы алда,  
Жетпіс тұлтар арындап зулатады.*

*Мүшел тойға Жәкеміз күймен кепті,  
Қорғасын ой құйылған, тілі епті.  
Қарауылға жүзді алып, шабыт шалқып,  
Сеңгіріне сексеннің тартып кетті.*

*Жаны жайсаң жас адам құрдасы да,  
Жақсы азамат досы да, сырласы да.  
Самға, Жәке, шаршама, даңғыл бозым,  
Жиырма бірінші ғасырдың қырқасына!*

Менің қолымнан келгені «Орталық Қазақстанға» «Таңбалы тарлан» деген (27, 29.05.2003 жыл) көлемді эссе жаздым. Одан кейін өзім де науқастанып қалдым. «Торғай жаңбыр жауса, балапанын қорғайды, бұршақ жауса, өз басын қорғайды» дегендей. Енді, міне, тіршілігінде сыйлас болған ағаның мерейтойына қосқан үлесім болсын деп осы еңбегімді ұсынып отырмын.

Қаламдас ағаның өлмес өмірі басталғанын жүрегім сезеді. Елдің қуанышы мен қайғысына ортақтасқан Азаматтың есімі, еңбегі ұмытылмайтынына кәміл сенеміз. Тәуелсіз еліміздің көк туы желбірей берсін, енді тәуменді адамдар болмасын!

*2012 жыл.*

## ІЗГІЛІКТІ ҒАЛЕКЕҢ

Өткен ғасырдың ортасынан аса «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газетінің редакциясына Қазақтың мемлекеттік университетінің журналистік бөлімшесін (ол кезде филология факультетінің құрамында болатын) бітірген жоғары білімді жастар осы газеттің ірге тасын қаласқан қаламгерлермен бірге қызмет істеді. Байырғылардың тәжірибесі мен өз міндетіне деген жауапкершілігіне жас журналистердің кәсіби білімі мен жалындаған жігері ұштасып, газеттің мазмұны байып, жанрлары айқындалып, оқырманға бұрынғыдан да жақындай түсті.

Табиғат құпиясы көп қой. Біреуге қаламгерлік талант бергенмен бастаған істі байыпты аяқтауға жететін табандылық, орнықтылық бермейді. Өмірден өз жолын адаспай табуға көмек қолын созатын, сүрінсе сүйеу, талпынса тірек болатын ақылшы, қалтқысыз қамқоршы ағалар сол көкқанат шақта аса қажет-ақ. Сондай адамгершілікті, ізгілікті пір тұтқан ағалардың бірі ғана емес, бірегейі бола білген, бүгінде туғанына жүз толуын Қарағандыда, өзінің кіндік қаны тамған атамекені Павлодар жерінде атап өтейін деп отырған ұстаз журналист Ғалымбек Әбдіхалықұлы Нәдіров болатын. Ғалекең ол кезде газет редакторының бір ғана орынбасары еді. «Редактор жиналыста жүреді, орынбасар киналыста жүреді» дегендей, қызмет ауырлығы Ғалекеңе көбірек түсетін. Бір әріп катесі үшін жұмыстан шығарылатын, тіпті Итжеккенге айдалып кететін отыз жетінің ызғары әлі қайта қоймаған кез. Сырттан баспалап жүретін «үндеместер» өз алдына, өз арамызда да «салпаң-құлақтар» бөлғанын кейінде білдік қой. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін құпия құжаттар беті ашылып, шындыққа аз да болса көзіміз жеткендей болды. Сол кезде «бір көзің бір көзіңе карауыл болсын» деген ескертпе сөз әркімнің-ақ көңілінде жүретін сияқты еді. Осы сөзіме өзім куә болған бір оқиғаны дәлел ретінде айта кетейін. Хрушев заманы. Жылымық келді дегенмен көңілден үрей кетпеген. газеттер ол сөйлеген кезде 8, кейде 10 бет болып шығып жататын. Қаз ТАГ арқылы алғаш берілген баяндама теріліп, беттеліп біткен соң қосымшалар түсетін, одан біраз уақыт өткен соң түзетуге түзету беріліп,



әбден мезі ететін. Сондай бір аласапыранда кезекші болғаным есімде қалыпты. Таңға жақын газет беттеліп әзір болды-ау дегенде енді бір шолып шығайыншы деп газет бетіне үңілгенімде «Н.С.Хрущев Үндістанға жүріп кетті» деген тақырыпша «үріп кетті» болып бадырайып тұр. Көздерін ұйқы тұмандатқан корректорлар да байқамаған. Металдан құйылған «ж» әрпі ауыр салмаққа шыдамай ұшып кеткен. Бетті қайта құйғызып, бәрі орнында тұрғанына көзіміз жеткен соң, баспаханаға үйі жақын редактордың орынбасары Ғалымбек Әбдіхалықұлына газеттің бірнеше данасын жібердік. Ол кісі түннің қай мезгілі болса да төсегінен тұрып, шапанын жамылып отырып, беттерді асықпай сүзіп қарап шығып, байқаған қателерін көрсетіп, «исправить, сверить, затем в печать» деп қол қоятын. Ертеңіне осы оқиғаны Ғалекең айтқанымда, мұндайға аса сақ, отыз жетінің сұмдықтарынан шошып қалған ағамыз «Апырай, қарағым-ай, Хрущев Үндістанға үріп кетті емес, бүкіл редакция құрып кетті бола жаздаған екенбіз –ау», - деп басын сығымдап ұстап, біразға дейін үнсіз отырып қалды. Қазіргі газет беттерінде жиі кездесетін әріп қателерін көргенде тіксініп қалатынымыз содан да болар. Ғалекеңнің «жеті өлшеп, бір кесетін» мәтінділігі оның тәрбиесін көрген біздерге де жұққаны даусыз.

Көбіне үнсіз ойда жүретін Ғалекең бірде мені жұмыс аяқталған соң алып қалып, екеуміз ҚазТАГ-тың аудармасын ТАСС-тың негізгі материалымен салыстырып оқып отырмыз. Ғалекең ҚазТАГ-тың аудармасына да сене бермейтін. Үлкен бір жиынның есебі-ау деймін, ұзақ отырдық. Шек шұрылдады. Сол кезде жасы біраз жерге барып қалған адамның шыдамдылығына іштей таңғаламын. Шаршап дем алған бір үзілісте «мен саған бір сырымды айтайын, тісіңнен шығармайсың ғой» деп, маған сенім білдіретінін ескертін, өзінің басынан кешкен кейбір қиыншылықтарын әңгімеледі. «Менің туған елім - Павлодар жағында. Аталарымыз ауқатты болыпты. Әкем қажыға барған деседі. Өзім гимназияны бітірдім. Орысша сауатым біршама тәуір. Гимназияның сапасы жақсы еді. Жан-жақты білім беретін. Одан соң ауылда мұғалім болдым. Кеңес өкіметі орнады дегенмен байлардың шырқы бұзылмаған кез.

Мұғалімдердің көбісі сондай байлардың балалары. Ол кезде «заем» деген болатын. Біреу айлық, біреу жарты жылдық, енді біреулер қалтасының қалыңдығын көрсетіп, жылдық жалақысына жазылып жатты. Ондайлар - әлділердің балалары. Жас кезім, солардан қалғым келмей мен де жылдық жалақымды ұсындым. Өзім жас келіншегіммен бір құдайына қараған адамның үйінде тұрамын. Жыл бойы қолыма көк тиын алмаймын. Ас-суым үй қожасының мойнында. Бір сөзбен айтқанда, асырап, сақтайтын сол. Енді бір қызықты айтайын. Осы таяу жылдары сол кісінің кенже баласы үйіме келді. Қолында әкесінің жолдаған хаты бар. «Балаларың оқыған көрінеді. Ұстаздық етіп жүргендері де бар деп естіп жатамыз. Мына балама сүйеніш болып, оқуға түсіріп берсін. Соны көптен көп тілек етемін...» деп жазыпты. Маған жасаған баяғы жақсылығын аузына алмайды. Бұрын «қайтсем сол жақсылығын өтеймін» деген ой көңілімде жүруші еді. Сәті түсті деп қуанып, дереу Ермұрат (Еркен деп атап кеткенбіз) деген жоғары оқу орнында ұстаздық ететін баламды шақырып алып

әлгі баланы көздестіріп, мықтап тұрып тапсырмаймын ба?! Еркен де «көрейік» деген болды. Бір күні қонақ балам басы сапбырап келіп тұр. «Не болды?» деймін. «Екі алдым» дейді. «Емтихан алған кім?» - «Еркен ағам» дейді. Еркенді шақырып алып, тергегендей қадалып отырмын. «Апырай, ұят болды-ау» деймін қиналып. «Ешқандай ұяты жоқ. Ештеңе білмейтін баланы білетін баланың орнына өткізсем сонда ұят болатын еді» дейді Еркенім жайымен. Міне, «баланы адалдыққа тәрбиелеудің бір пайда, бір зияны бар» деген сөз осындайдан шыққан,- деп Ғалекең екі иығы селкілдеп күлді-ай кеп.

Содан Ғалекеңнің көңілденіп отырған сәтін пайдаланып, Қарағандыға қашан келгенін сұрадым. - Отызыншы жылдары Қарағанды үлкен өндіріс ошағына айналды ғой. Орысша, қазақша газеттер шыға бастады. Екеуіне де араласа жүріп, ақыры қазақшасына тұрақтадым. Соғысқа дейін «Қарағанды пролетариатында» тілші, бөлім меңгерушісі болдым. Біздің қазақ біреуді түрткілемесе, бойына ас батпайды емес пе? «Қажының баласы мынандай идеологиялық мекемеде қалай

жұмыс істеп отыр?» деп үстімнен домалақ арызды бұрқыратты. Солардың кейбіреулері осы Қарағандыда әлі бар.

– Атын айтпайсыз ба? - деп қалдым.

– Қайтесің соның атын. Отыр ғой, анау таяғын тізесінің үстіне көлденең салып... Содан аманымда жөнімді табайын деп, туған еліме кеттім. Дұрысы – кашып кеттім. Соғысқа сол жақтан аттандым. Қалай соғысқанымды айтып, мақтанбаймын. Орысша білмейтін қандастарыма пайдам тигеніне шүкіршілік етемін. Бұл соғыс қазаққа оңайға түскен жоқ. Орысша білмейтін, есі шығып, меніреу болып қалған қазақтарға обал-ақ болды...

Майданнан оралған соң бұрынғы қудалау ұмытылған шығар деп, осы кара шаңыраққа – облыстық газеттің редакциясына орналастым. Балаларым осында туып, осында ержетті. Жоғары оқу орындарын бітірді. Оқуларын қадағалауға мүмкіндігім болған жоқ. Көріп жүрсің ғой, күні бойы күйбендеп осы газет шаруасымен жүреміз. Шүкіршілік (ол кезде «құдайға шүкір» деп айтуға қорқатынбыз), балаларым маған салмақ түсірген жоқ. Өздері талаптанды, үздік оқыды.

Галекеңнің осы әңгімесін толықтыра кетейін. Үлкен ұлы - Шаймұрат (Шайкен) экономика ғылымдарының кандидаты, Қазақ мемлекеттік университетінде дәріс оқыды. Кейін Мәскеуде, шет елдерде дипломаттық жұмыстар атқарды. Қызы Клара – медицина ғылымдарының докторы, Қарағанды медицина академиясында профессор, кафедра менгерушісі болды. Қазір Санкт-Петербуркте еңбек етеді. Екінші ұлы – Ермұрат, екінші қызы София да – ғылым кандидаттары, жоғары оқу орындарының ұстаздары. Қысқаша айтқанда, халқымыздың беделді азаматтары. Немерелері де ата есіміне лайық еңбектеніп, тәуелсіз еліміздің гүлдене беруіне өзіндік үлестерін қосуда.

Галекеңнің адами ұстанымын аңғарту үшін ертеде арамызда болған бір сұхбатты бұрын жазылса да қайталайын деп отырмын. Бүгінгі жас ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде.

– Сіз адам бойындағы қандай қасиеттерді жоғары бағалайсыз? — дедім бір әңгімеде.

– Әр адам өзінше бір сырлы дүние. Сол дүниеге үңіле, түсіне, бағалай білу керек. Нашар мінезді адамның өзінен бірдене үйренуге болады. Мен әсіресе, адалдықты, әділдікті,

сөзіне беріктікті ұнатамын. Сөзіне тұрақсыз адамнан бедел кетеді. Мың жылтыр сөзден осы бүгін арамызда жүрген адамдардың біріне көмек, қайырымдылық жасағанды жөн көремін. Кейбір адамдар болады. Айтқанын тыңдап, жазғанын оқысаңыз, құдай сақтасын, әулие екен деп ойлайсыз. Ал, өзінің күнделікті ісін, адамдарға қатынасын көрсеңіз, көңіліңіз суып, тіпті түніліп қаласыз. Ондай адамдар өзіне сын көзімен қарамайды. Абай дана айтқандай, өзіне өзі аптасында, айында, тым болмаса жылында бір рет есеп бермейді. Өзіне өзі ғашық, өз буына өзі мас. «Молданың айтқанын істе, істегенін істеме» дегендей, сондай мақтаншақтардан сақ болу керек.

– Ең жек көретінің?..

– Ең жек көретіндерім толып жатыр. Сонда да әсіресе, екіжүзділікті, көлгірлікті ит етінен жек көремін. Күліп отырып, астыңнан қиятын қылқұрттықты ұнатпаймын. Білмейтінін жасырып, білуге ұмтылмайтындарды көргім келмейді. Кейбіреулер болады, дастарқанын жайып, алдыңа ас қояды да, қойнына тас тығып отырады. (Ғалекең бұдан да қатты айтып еді, мен ептеп жұмсарттым). Құшақтап отырып, қылқындырып өлтіруге қолы қалтырамайтындарға ішім жылымайды. Бұл - барып тұрған зымияндық. Қоғамды аздыратындар осылар. Бүгін қойныңа кіріп, ертең мойныңа шығатындарды сатқындар деп білемін. Енді әлгі «көк суға» құл болғандарды суқаным сүймейді. Түбінде осы арақ бізді жұта ма деп қорқамын. Баяғыда, білемісің, ауыл үйде ұрлық деген болмайтын. Енді қарашы, есікте қос-қос құлып. Көзің тайса, қағып кететін ұрылар қаптап кетті. (Қайран Ғалекең бүгінгі билік тұтқасын ұстағандардың өзі өз елінде, өз ортасында оққағарымен, өзінің қарулы күзетімен жүретінін көрсе не айтар еді?!) «Албасты қабаққа қарап басады» деуші еді, сол пәлекет қазақты айналдыра бастаған сияқты. Көңілшекпіз, көрсеқызармыз, мақтаншақпыз, дарақымыз. Еліктемей, солықтаймыз. Өз алтынымызды ойланбастан өзгенің мысына айырбастай саламыз...

Осы сұхбатымызға жарты ғасырдай уақыт өткен екен. Ғалекеңнің қаупі қоюланбаса, сұйылған жоқ. Жауырды жаба тоқумен өтіп бара жатқан есепсіз күндердің обалын кімнен

сұраймыз? Заманнан ба, адамнан ба? Ешкімді кінәлай алмаймыз. Жауап жоқ...

Ғалекең жастарға қатаң талап қоя да білетін. «Шала піскен» материалдарын қайтарып беретін. Көтеріліп отырған мәселенің қыр-сыры ашылды ма, қызыл сөз қуып, алдына қойған мақсаттан алыстап кеткен жоқ па, тіл тазалығы сақталған ба, грамматикалық, синтаксистік, орфографиялық қателерден арылған ба – осылардың бірі көңілінен шықпаса, Ғалекең қызыл сиямен сұрақ белгілерін тізін қоя беретін. Мұны кейбіреулер ұнатпай «қызыл күршекті қоя береді, құдай білсін кімнің мойнына түсерін» деп қыжыртып та жүретін. Ал, өз кемшілігін дұрыс түсінгендердің бәрі кейін «Ғалекеңнің қызыл күршегі біздің қолымызға ұстатқан қызыл диплом екен ғой» деп рахметін айтып, жазды да.

Ғалекеңнің қарапайымдылығына, қайырымдылығына бір мысал келтіре кетейін. Бірде Ғалекең шақырғанға кабинетіне кірсем атакты хирург Хафиз Жаңабайұлы Мақажанов отыр екен. Егіндібұлақтан бір жас жігіт көмек сұрап, хат жазыпты. Шөп тасып жүргенде арбадан құлап, аяғы сыныпты. Ғалекең маған бар жағдайды түсіндіріп: «Мына Хафекенді өтінін шақырып, көмектесуін сұрап отырмын. Сен қазір осы кісімен бірге сол жігіттің жатқан жеріне бар», деді. Бардық. Ескі қаладағы базардың түбінде бір үйде екен. Хафиз Жаңабайұлы өзінің шалт қимылымен жігіттің сынған аяғын сипалап көрді де «я тебя отремонтирую, ертең маған кел» деді. Ертеңіне ауруханаға жеткізіп, Хафекеннің қолына тапсырдық. Сол жігіт құлан-таза жазылып кетті. Ауруханадан шығып редакцияға келген жігіттің көз жасы мен айтқан алғысы әлі есімде. Осындай тосын бейнетке, бақытсыздыққа тап болған әр адамға қолма-қол көмек керсету редакцияның міндеті емес қой. Бұл да Ғалекең сияқты үлкен жүректі мейірімді адамның кесек кісілігінің, ірілігінің белгісі болар. Сол кездегі жас жігіттер - біздерге көрсеткен өнегесі деп білемін. «Мың жылтыр сөзден бір қайырымды істі жақсы көремін» деуіне айқын дәлел.

Көптің көзіне түсе бермейтін мазасыз мамандықтың иесінің еңбегі кезінде бағаланды да. Орден, медальдармен марапатталды. Қалалық Кеңеске бірнеше рет депутат та болды.

Былтыр Павлодар облысындағы туған жерінде оның атына көше де беріліпті. Биыл асы өтейін деп отыр. Ал, негізгі еңбек еткен жері - Қарағанды тырс етпейді.

Туғанына ғасыр толып отырған ұстаз журналистке біздің бойымызға сіңірген үлгі- өнегесі, тәлім-тәрбиесі үшін барша шәкірттері атынан жаныңыз жәннатта, тәніңіз рақатта, иманыңыз жолдас болсын деген тілегімді білдіремін. Ғалымбек Өбдіхалықұлының ізгілік іздері көмескі тартпай жас журналистердің қалам қайратымен сара жолға айнала берсін!

*2007 жыл.*

## **ТІЛ МЕРГЕНІ – ҚАЛЕКЕҢ**

Бір кабинетте бес адам отырамыз. Бөлmemіз кең. Жасы үлкеніміз - өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі – Қалекен – Қали Садықов ақсақал. Өткен ғасырдың елу жетінші жылы елу жасын атап өткен Қалекен сол кезде бізге қартаң көрінгенімен қазіргі бізге қарағанда қылшылдаған жігіттей екен ғой. Кең маңдайына әлі әжім түспеген, жүзінің қызыл шырайы тарқамаған Қалекенді сұлу болмаса да сүйкімділер қатарына ойланбай қоюға болатын еді. Сырттан «көшім шаруасы бітті» дейтіндей әзіл – қалжыңын ілестіре жүретін, киіктің асығындай оңтайлы, шалт қимылды жігіт ағасы – Шарапат Абаев соғыстан алған ескерткіштей жаралы сол қолын алға созып бөлмеге көңілді кірді. Ол әуелде Қалекенің бөлімінде болып, жаңадан ашылған сауда және тұрмыс бөліміне меңгерушілікке ауысқан. Әзіл айтарда көзі күлімдейтін әдетімен:

– Опырмай, Қалекеннің маңдайы өлшесе өзімен кетсін, тура Маоның маңдайынан аумады екен ғой, бұрын қалай байқамағанбыз, - деді Шәкең жаңа бір жаңалық ашқандай жорта таңданып. Қалекен әріптесінің жүзіне жымия қарады да:

– Шарапат, мүлт кеттің. Менің маңдайым Маоның маңдайына емес, Маоның маңдайы менің маңдайыма ұқсайтынын қалай байқамағансың, - деп жымиып алдындағы қағазына шұқшиды. Қалекеннің осындай тапқыр, өткір

сөздеріне құлағымыз әбден үйреніп, әттен сол кезде қағазға түсіре беру ойымызға келмейті. Бірде лезде бағдаршамдай өзгерін тұратын елең-алаң мінезді бір жігітке «ішіп алса – тура би, ішпей жүрсе – суровый» деп пакты анықтама бергеніне тәнті болғанбыз.

Қалекен басқарған бөлімдегі екі момын атанған Қойшы Шаяхметов пен Ораз Сағынаев сол күні шахтаға кеткен. Қалекеннің шәкірттері көп. Қазір редактордың орынбасары Аман Жанғожин де сол кісіден тәлім алдым деп ризалық білдіріп отырады. Мен 1957 жылы ҚазМУ-ды тамамдап, «Советтік Қарағанды» газетінің редакциясына жолдамамен келгенімде осы Қалекен, редактордың орынбасары Ғалымбек Нәдіров, жауапты хатшы Өмірзақ Өкішев, бас аудармашы Мінәш Жармұхамбетов қаздай тізілін елуге келгенін бұрын да жазғанмын.

Содан бері жарты ғасыр өте шығыпты. Енді олардың жүз жылдықтарын атап өтіп жатырмыз. Елу жылдықтарына куә болғандардан өрттен кейінгі бұтадай екі-үшеу ғана қалыппыз. Соңғы екі айда Мікеннің, Ғалекеннің 100 жылдығын еске алдық. Мен сол көзден кеткен соң көңілден де алыстап бара жатқан ағалардың бейнелерін көз алдыма елестетіп отырып естеліктер жаздым. Баяғыда жүз жасаған бір ақсақал «мына есіктен кіріп, мына есіктен шыққандай болмады-ау» деп өмірдің өткіншілігіне, жалғандығына өкінген екен. «Жақсы адамдар өлмейтін болсайшы, жаман адамдар дүниеге келмейтін болсайшы» дегенімізбен, өмірдің өз заңы бар. Оны ешкім өзгерте алмайды.

Қалекеннің үлкен ұлы Мәдениет Садықов ҚазМУ-дың филология факультетін бітірген, білімді азамат еді. Оқу-ағарту жүйесінде жемісті еңбек етті. Мектеп директоры болды. Жүрек ауруынан ертерек дүние салды. Жұбайы Майра балаларды оқытып, тәрбиелеп өсірді, отбасының ұйытқысы, мейірімді ана ретінде жұртқа ұнады. Кіші ұлы Берікбай шахтада жұмыс істеп жүріп, апатқа ұшырады. Жұбайы Гүлзайраш атасының қара шаңырағына ие. Ұлы Жеңіс, қызы Зәуреш абыройлы азаматтар. Қалекеннің өзіне тартқан көркем жүзді қыздары Зәйда, Ипатия, Жібек, Шолпан бұл күнде ұл-қыз өсірген үлгілі отаналары. Кенжесі болғандықтан болар, Берігін аузынан тастамайтын. Осы

таяуда түсімде Қалекенді көрдім. Мен түске сенбейтін едім. Сонда да қатты ойланып қалдым. Сол баяғы күлімдеп сөйлейтін қалпы. «Әй, Мәкім, (мені өзінің үлкен ұлы Мәдениетіндей еркелетіп «Мәкім» дейтін) сен мен туралы неге жазбай жүрсің?» деді. Не деп жауап бергенім есімде жоқ. Танертең бәйбішеме айттым. «Ықылас» сүресін оқыдым да қолыма қалам алдым. Содан бір ауыз жалғаны жоқ, Қалекен туралы шындықты оқырманға ұсынып отырмын.

Алланың кеудесіне құя салған дарынымен суарылған, журналистік мамандықты нан табар кәсіп емес, үлкен өнер, халыққа қызмет етудің адал жолы, Абай – дана айтқандай, «бөтен сөзбен былғанбаған», өтіріктен аулақ, шындықтың жан дауысы деп білген аз ғана қаламгердің бірі – Қали Садықов – «Қарағанды пролетариаты» (қазіргі «Орталықтың» атасы) газетінің іргесін қаласқан аға буынның белді, қажырлы, қарымды өкілі. Жазушы, «Менің құрдастарым» романының авторы Саттар Елубаевпен бірге қызмет істеген, сырлас болған. Саттар Ленинград университетін бітірген соң Алматыға келіп, одан Қарағандыда біраз тұрақтаған. Қарағандыда Саттар Елубаев атындағы үлкен көше бар. Саттардың энциклопедиялық біліміне, қалам қайратына сүйсінетін. «Бірақ қыздарға одан гөрі біз өтімді едік. Бетінде ептеген ақауы бар еді. Ішімдіктің «ауыз ашарын» сол Саттармен бірге жасадым» деп, Қалекен кейбір жастық «саяхаттарын» еске алып отыратын.

Қалекеннің бар білімі онжылдықтың мұғдары. Кейін мұғалімдер институтын сырттай бітірген. Әкесі Егіндібұлақ аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы болып тұрғанда 37-нің құрығына ілініп, содан хабарсыз кетеді. Өзі жаяулап Қарағандыға келіп, шахтаға түседі, одан газет редакциясына орналасады. Руы-Қожа. Ақын Аллажар Теміржанов екеуі құрдас, қатты қалжыңдасатын. Алдекең бір нәрсе көңіліне ұнамаса қалекенге қарап көзін қысып қойып: - «Мынау кожақыртыл ғой» дейтін. Сонда Қалекен: «Ей, Аллажар, сен ақын болсаң да тіл білмейсің. қазақтар өзінің идеологиясын сеніп тапсырған кожаларға ондай әдепсіз сөз айтпаған. Бұл сөздің түп негізі бидай көжеден шыққан «көжеқыртыл» деп бет бақтырмайтын. Аллажар тағы да неше түрлі бұралқы сөздермен мазалай



бергенде Қалекен: «Ақындар – еліміздің ардақтысы. Аллажар – шошқалардың қалпақтысы» деп аузын аштырмай тастайтын.

Сол Қалекен «көмір өнеркәсібінің инженері, журналистиканың профессоры» атанды. Техника, технологияға байланысты терминдердің баламасын өзі ойлап тауып, шебер қолдана білетін. Біртіндеп термин болып қалыптасып кететін. Оларды газет бетінен теріп, жинап жүрген біреу диссертация қорғап, ғылым кандидаты дәрежесін алғанын естіген Қалекен адал еңбегінің әлде біреудің «жемсауына» түсіп кеткеніне қынжылып: «Осы ыза қылғанда Алматыға жүгіріп барып университетке профессор болып отыра қалайын ба!» депті.

Қалекен шындап соңына түссе жазғандарын ел сүйсініп оқитын мықты қаламгер болар еді. Ол газет жанрларын еркін меңгерген. Көсемсөздерді ақ өлеңмен жазатын. Фельетон, сын-сықақ тарыңыз оның алдында сұлап түсетін. Әділін айтсақ, сол кездегі аға буын өкілдерінің арасындағы айтқышы да, жазғышы да осы Қалекен болатын. Ол өлең де жазатын. «Қалекеннің батасы» деп аталып, жұртқа тарап кеткен бір өлең-бата өзінің тұстас, құрбы-құрдастарына арналған. «Мысқыл, мысқыл түбі-мүшкіл» дегендей кейбіреулердің көңіліне келмесіп дегендей, кісі аттарын сәл өзгертіп айтып жүрген уақыт та болған. Енді қалекен туралы арнайы әңгіме қозғағанда әу бастағы нұсқасын ұсынсақ, сөз түсінетін адам ренжи қоймас деймін. Қалекен замандастарына арнап, әзіл-қалжыңмен астарлап жазған ғой. бір ғажабы, өзінің баласындай жастарға бір сөз де бағытталмаған. Менің есімде, зердеме қалған кейбір жолдар мынадай:

*«Бейсекеңдей өзгергіш болма,  
Жас бастықтай сөзге ергіш болма,  
Құрдасымдай қорқақ болма,  
Сартаубайдай шорқақ болма,  
Кәртайдай өкпеші болма,  
Шәймердендей ептеші болма,  
Құдыштай сараң болма,  
Қағазбектей арам болма,  
Хайридендей бақыл бол,  
Мұхамбеттей батыр бол,  
Аллауакбар!».*

Енді кейбір кісі аттарына түсінік бере кетейік. Бейсекең деп отырғаны – бұрынғы редактор Бейсенғали Тәйкіманов, «жас бастықтай» дегені – кейін газет «Орталық Қазақстан» атанған соң редактор болып келген Саттар Бөлдекбаев болар, редакцияда пыш-пыштап сөз таситын бірлі-жарым «өсек-центрлердің» тіліне еретін осалдығы болған. «Құрдасымдай» дегені - Ғалымбек Нәдіров, ол кісінің «екі шоқып, бір қарайтын» сақтығын Қалекең қорқақтық деп бағалайтын. «Сартаубайдай» дегені – газеттерді қаражатпен қамтамасыз етіп отыратын кішігірім мекеме—баспа, полиграфия басқармасының бастығы, жазғандарының салмағы шамалы, соған анда-санда қаламақы алып тұратын Жақан Рақымов. Оның жазғандарына Сартаубаев деп қол қоятыныны -- Сарытау атамекені екен. «Кәртайдай өкпеші болма» дейтіні - аяқ астынан өкпелей қалатын, «Есен бе, Ерекеңнің еріншегі, Өзінен көш ілгері келіншегі» дейтін Кәртай Ермекбаев, «Хайридендей бақыл бол» дейтіні – ешкімге қосылмайтын, арак-шарап ішпейтін, « марксизмге суарылған иделог» атанған Хайрекең Әубәкіров ағамыз. «Мұхамметтей батыр бол» дейтіні – корректор Мұхаммет Ақпанов, жұтып алғанда алдында жан алатын әзірейіл тұрса да періп өтетін шатақилау жігіт еді. Қазір ол да өмірден өткен. Міне, осы аз ғана сөзбен берілген «батада» қаншама адамның мінез-құлқы тасқа таңба басқандай сайрап тұр. Бұл да – Қалекеңнің тіл мергендігі.

Қалекең өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі болған кезінде бүкіл Қарағанды бассейнінің шахталары, Теміртау металлургия заводы, Балқаш, Жезқазған кен өндіру орындары, мыс қорыту заводы, Теміртаудағы химия өндірістері түгелдей осы бөлім қызметкерлерінің «меншігі» болатын. Солардағы өндіріс жүрегінің соғысын көркемдеп жеткізу, сын садағын да берік ұстау жиі-жиі жолға шығуға итермелейтін. Бірде осы газетке еңбегі сіңген, фототілші Қамаш Шамовпен Қалекең Балқашқа баруға әзірленеді. Сонда Қалекең қашанда қалжыны жарасқан Қамаш інісіне «сен жолға бірдеңе аламын деп әуреленбе. Анау-мынауы мен аламын ғой. Сен соғымның қазы-қартасынан қамты, көп жыл сақталған бес жұлдызды коньяктан жол қоржыныңа сала сал. Сол жетеді, одан артық алсаң жүгің ауырлап кетер. Осылар өзімізге «былай жетеді» депті бас

бармағын көрсетіп. Осы әңгімені біз кейін еске түсіріп, «Қалекенше жомарттық» дейтінбіз.

Мұндай «хикаяттар» аз емес. Енді біреуін айта кетейін. Қалекеннің үйі «Бейбітшілік гүлзарында» еді. Сырт жағында – медицина институты. Жұмысқа сол жақпен баратын. Мединституттың сырт есігінен кіріп, Гагарин алаңына қараған есіктен шығып жүреді. Бір күні бір қарт вахтер «сен кімсің, қайда барасың?» деп қолынан ұстап алады. Ондайға сасатын Қалекен бе! «Ей мен бе, мен профессор по алхимии, Кииз Польшин Керзович» депті жайымен. «Профессор» деген соң, басқасына мән бермей «О профессор мырза, кешіріңіз» деп иіліп, бұғіліпті әлгі вахтер. Кииз Польшин Керзович дейтіні Қалекеннің үстінде қалыңдығы анау-мынау киізге бергісіз күздік пальто, аяғында керзі етігі бар екен. Соны нұсқап айтқан ғой сабазың.

Бір жылы Қалекен екеуіміз Қарағандының көшелерін аралап, барлық мекемелердің маңдайшасындағы атаулардың орысша, қазақшасын салыстырып шығып, сын мақала жаздық. Қалекен Қ. Ерденев, мен Х.Алмасов деп бүркеншек атпен қол қойдық. Шынында аударма атаулар «шым-шытырық, шидей қотыр» дейтіндей екен. Әріп қатесі аяқ алып жүргізбейді. Бұл сауатсыздық қана емес, тілге мән бермегендіктің көрінісі екеніне көзіміз жетіп, ызамен күлеміз. Сонда мен «орысша мінді-ау желкеме, екі аяғы салақтап» деп едім, Қалекен «қазақшам жаны қысылды, екі көзі алақтап» деп ойланбастан жалғастырып әкетті.

Қалекен бала мінезді, аңқылдаған ақкөңіл, көңіліне кек сақтамайтын, түпкі ойымды тап деп білгішсініп шіренбейтін қарапайымның қарапайымы еді. Өзі туралы анекдоттар шығарып, өзі жариялап жүретін. «Бір жартыға неше адам ортақтасса дұрыс болады?» деп сұрағандарға айтарым: «Бір адамға – оқ, екі адамға көп, үш адамға - дөп» - дейтін. Өзімен құрдасындай ойнайтын ақын Мақсұт Байсейітовпен айтысын ауызша айтпасақ, қағазға түсіру қиын-ақ. Өмірінің соңына дейін өзінің екінші үйі, «қара шаңырағым» деп атайтын газет редакциясынан қол үзген жоқ. Өкінішті болса да айтайын, кейінгі кезде ұрпақтар жалғасы сұйылып бара жатқан сияқты.

«Өткенді ұмытқанның болашағы жоқ» деген даналық сөз көңілден кетпесе екен...

Зейнет демалысына шыққан соң Қалекең біраз облыстық радиода қызмет атқарды. Бірде арқасында дауыс жазатын аппараты бар, асығыс кетіп бара жатқан Қалекеңді тоқтатып амандасып: «мынауыңыз қандай дүние?» дедім. «Бұл ма, бұл ақшаның қапшығы ғой» деп күле жауап берді. Мен сол кезде редакцияның жауапты хатшысы едім. «Бізге де жазып тұрыңыз, каламақыдан ренжітпейміз» дедім. «Рахмет, айналайын, сый-құрметтеріне, ілтипаттарыңа бек ризамын. Аман болыңдар. Мен сияқты шалдарды ұмытпай еске алып жүріңдер. Қайыр, қош!» деді. Көзі жасаурап қалған екен. Жүрегім дір ете түсті. Өзі сездірмей жүріпті. Әлгі атың өшкір жаман аурудың тұзағына ілініп қалған екен сол кезде. Бұл - қазақы тілдің мергені, жайдары мінезді, көңілі көктемдей көрікті Қалекеңді соңғы көргенім болар.

*2007 жыл.*

## **БАС АУДАРМАШЫ МІКЕҢ**

Өткенді еске алмасаң, бүгінгіге баға бере алмайсың. Алдағыны болжау үшін де өткен күндерді көз алдыңызда елестетіп отыру – артық айтып, шалыс басудан сақтандырады. Мен өзімнің қаламгерлік қызметімнің басау көзі болған «Советтік Қарағанды» газетінің (қазіргі «Орталық Қазақстан») редакциясын, онда бірге еңбектенген әріптестерімді жиі еске алып жүремін. Бүгінгі естелігімнің кейіпкері – өзіндік еркешелігі мол, айтулы азамат – Мінәж Жармұхамедов. Биыл Мікеңнің туғанына жүз жыл толады екен. 1957 жылы редакцияның төрт белді мүшесі – редактордың орынбасары Ғалымбек Нәдіров, жауапты хатшы – Өмірзақ Өкішев, өнеркәсіптік бөлімінің меңгерушісі Қали Садықов және аудармашы – Мінәж Жармұхамедовтің елу жылдықтарын дабыраламай атап өткен. «Социалистік Қазақстан» газетінде төртеуіне арнап шағын ғана мақала жариялаған Жайық Бектұров

болатын. Міне, содан бері жарты ғасыр уақыт өткен екен. Шапқан аттай, атқан октай жүйрік уақыт абзал азаматтардан естелік қана қалдырды.

Сол аруақты ағаларымыздың елу жылдығын атап өткен жылы мен ҚазМУ-дың журналистика бөлімшесін бітіріп, Қарағандыға жолдамамен келген едім. Бұған дейін екі рет редакцияда өндірістік шыңдалудан өткенмін. Газеттің сол кездегі редекторы Бейсенғали Тәйкіманов қалың көзілдірігінің үстінен бетіме сүзіле қарады да, «Қазір бізде бос орын жоқ, тоса тұрасын» деп қатарында тұрған тұрған қара телефонға қол сөзіп, әлдебіреумен сөйлесіп кетті. Кейін білдім, бұл кісінің жұмыс стилінің бір белгісі – осы кеуделілігі екен. Құлақ салып тыңдап отырмын, әңгіме маған байланысты емес. Жылжып шығып кеттім. Қысылғанда көмек қолын берер адам іздейсің. Бүгінде қанша жамандасақ та, арқа тұтарымыз да, бетке ұстарымыз да партия еді ғой. Әсіресе, партия мүшесі үшін. Тура облыстық комитетіне тарттым. Әркімнен сұрастырып едім, үгіт және насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Құрманжан Қасымжановқа жолық деген кеңес берді. Құрекенді сырттай білетінмін. Мұғалімдер институтында оқып жүргенде жана тарих пәнінен сабақ берген аса бір биязы, кішіпейіл, мәдениетті, майдангер ұстазым болған Құрманбай Ермағанбетовтың туған ағасы дегенді естігенмін.

Құрекене жағдайымды айтып отырмын. Келіншегім Алматы медицина институтының IV курсың бітірген еді, осындағы медицина институтына ауыстырып алуды мақсат етіп келгенімді де сөз арасында қыстырып жібердім. Айтқанымды ықыласпен тыңдап отырған Құрекен маған қарай оң қолын созды. Бұны түсіне алмай бетіне қарап едім, «дипломыңды» деді. Мұғалімдер институтын және ҚазМУ-ды бітірген дипломдарымды ұсындым. Екеуін де байыптап қарап шығып, телефон тұтқасын көтерді.

– Бейсеке, менде бір жігіт отыр. Сіз оның дипломдарын көрдіңіз бе? Мынадай үздік бағамен бітірген жас маманды жұмысқа алмағанда кімді аласыздар? Әлде анау техникум, училище бітіргендерді, журналист мамандығы жоқ

жазғыштарыңызды кимай отырсыз ба? – деді. Дауысында партиялық өктемдік бар.

Бейсекең ойланып қалған сияқты. «Бір ғана орын бар – аудармашылық. Егер келіссе, алайық жұмысқа»,- деді бір кезде. Күрекең маған «барасың ба?» дегендей ишара жасады. «Барайын» дедім. Басқа амал жоқ. Бізді аудармашылыққа даярлай қоймаған. Оның үстіне өз шығармашылығыңды жауып қойып, өзгенің жазғандарын тәржімелеп отыру кімге ұнасын.

Университетте аударма курсынан Егіндібұлақтың тумасы, қара таяқ журналист Ахмет Елшібеков дәріс оқыған. Көбінесе күлкілі әңгіме айтып, «еңбек майданы қазандай кайнады» деген сияқты сөйлемдерді аудартатын. Курс аяқталған соң «зачет дегеніміз – дәріс тыңдады деген сөз ғой, кейін кітапшаларына белгі соқтырып аларсыңдар» деп, өзінің негізгі жұмысына асығыс кетіп қалған.

Сонымен Тәйкімановтың алдына тағы келдім. Ол бас аудармашы атанған Мінәж Жармұхамедовты шақырып алды да: «Мына жігіт бүгіннен бастап саған көмекші болады. Жазу қолынан келетінін білеміз, газетке аса қажетті мамандыққа жақсылап үйрет»,-деп тапсырды. Бір айдай Мікенмен бірге аударманы «қажаладым». Ол мәшенкеге барып, ТАСС-тың құлап-құлаш материалдарын қолына ұстап отырып, ауызша аударады. Соны «диктовка» дейді екен. Біздің кабинетімізге, сол кезде жұмыста жоқ болуы керек, Жайық Бектұров келіп отырады. Ол орталық газеттерден өзі ұнатқан немесе редактор ұсынған материалдарды аударады.

Бір айдың ішінде аудармаға біраз тоселіп қалғандай болдым. Мікен өз тәжірибесін шын ниетімен үйретті. «Әуелі материалды тұтас зейін қойып оқып шық. Одан соң сөйлемдерді сол қалпында аударасың ба, әлде бөліп аударасың ба, соған көңіл бөл. Өзің түсінбеген сөздеріңді сөздіктен қарап анықтап ал. Орыс тіліндегі идиома, фразеологиялық сөздер, тіркестерді аударасың ба, болмаса қазақ тіліндегі баламасын пайдаланасың ба, соны ойластыр. Жалпы ТАСС-тан Қаз ТАГ аударған материалдарды салыстырып оқып отыр. Қойын кітапшаңа жана аударма сөздерді ұқыпты түрде жазып жүр. «Ерінбеген етікші

болады» дегенді білесің ғой. Бұл аударма етікшіліктен қиын», - деп ақыл-кеңесін бергенін әлі ұмытпай келемін.

Бастықтардың екі түрі болады. Бірі --үйретеді, талап етеді. Екіншісі – бұйрық береді, айтқанын мүлтіксіз орындап, бас иіп, бағынышты болып тұруынды ұнатады. Мікең ұстаз-бастық болды. Редакцияда алуан түрлі – қабілетті, талантты, мінезі бір-біріне ұқсамайтын адамдар кездеседі. Хал-жағдайыңды, денсаулығыңды сұрайтындар қатарында осы Мікең мен қатаң талап қоятын. қызметің ұнаса, балаша қуанып, бауырына тартатын Ғалекен (Ғалымбек Нәдіров) еді. Мен осындай адал да әділетті азаматтарды айтып та, жазып та келемін. Тіршілік болса, сол таза көңілімнен айнымаспын да.

Бір айдан кейін сәті түсіп әдеби қызметкерлікке ауыстым. Сол кезде ақын Мақсұт Байсейітов өз өтінішімен редакциядан кетті. Жинағын шығаруға байланысты болса керек. Мақан өзі «поэзия бөлімі» деп атап, мәртебесін өсіріп алған, санда жоқ, сапада бар «ерекше бөлім», ешкімге «бағынбайтын», өлең, очерк, фельетон сияқты, әдебиетке бір табан жақын материалдарды қорытып, әзірлеп, тікелей редактордың қолына тапсыратын. Мен де сол сұрлеумен жүрдім. Тіпті, қыза-қыза шикілерін пісіріп, босандарын ширатам деп жүріп ақындарды көбейтіп алып, редактордан ескерту алғаным да бар.

Осыдан бірер жыл өткенде маған алғашқы аудармашылықпен қайта қауышуға тура келді. Мікеннің «гайморит» деген ауруы болатын. Жақ сүйегі ме, сол маңайдағы тамыр, жүйкесі ме, қатты ауырып, қинала беретін. Өзі соғыста болған адам, сонда суық тиген деп отыратын. Мікең ауруханаға түскен соң редакцияға оралған жоқ-ау деймін. Енді оның орнына лайықты адам іздеді басшылар. Бұрын аудармамен шұғылданбаған адамға оңай көне қоймайтын «қиқар» мамандық екен. Басы редакцияда өзіндік орны бар, тәжірибелі қаламгер Қали Садықовтан басталды. Ол кісі «Министр иностранных дел» дегендерді «шетел министрі» деп аударып, аз күнде аттан түсіп қалды. Бұдан соң Әмен Әзиев сияқты, әдебиетшімін деп жүргендер «құлама-сұлама» деп, әдемілеймін деді ме, негізгі мағынадан сырт кетіп қалып, кінәлі болды. Кейбіреулер өзінше

кулық жасап, әдейі теріс аударған сияқты. Тәнертеңгі тоғыздан қас қарайғанша тапжылмай қадалып отыру кімге ұнасын.

Ендігі таңдау маған түсті. Сондағы еске алынғаны – менің Мікенде бір айдай аудармашы болғаным. Мен ат-тонымды ала қаштым. Ақыры Бейсекең мен Ғалекең ортаға алып, майдалап көндірді. Бір айдай жазып аударып жүріп, ештеп «диктовкаға» көштім. Менің сол кездегі жастығым болар – таңертеңгі 9-дан кешкі 9-ға дейін жұмыстамын. Бұрын бас аудармашыға көмекші болып жүрген Жәнібек Түсіпбековті корректорлыққа жіберді. Бар салмақ менің мойныма түсті. Ол кзде КазТАГ, ТАСС-тың материалдарын бір күн кешіктіріп аударып, телетайп арқылы беретін. Ал, біздің бастықтар кейбір материалдарды күнбе-күн аударып беруді қалайтын. Сонымен орышадан қазақшаға аудару да, Каз ТАГ-тың аударғандарын қарап беру де, жергілікті хабарландыру, жарнамалар да маған жүктелді. Үш айдан кейін мен де ауырдым. Қан қысымым көтеріліп 200/90-ға жетті. Сол кезде, әлі ұмытпаймын, Ахметжанова деген дәрігер әйел (ұлты орыс, күйеуі қазақ болса керек) менің қызмет жағдайымды сұрап біліп, мейірімі түсіп, бір айдай жұмысқа жібермей емдеді, дем алдырды. Осыдан соң мен бұрынғы әдеби қызметкерлікке жіберуді сұрадым. Бірақ бұйрықпен жұмыс істеуге дағдыланған Бейсекең қоқан-лоқы жасап та көрді. Мен көнбедім. Жұмыстан шығуға өтініш бердім. Ақыры Ғалымбек Нәдіровтің қамқорлығымен бұрынғы әдеби қызметкерлігіме қайта оралдым. Сол кезде журналистер арасында «бас аудармашы», «мас аудармашы», «жас аудармашы» деген әзіл тарап кеткен. Бас аудармашы – Мінәж Жармұхамедов, мас аудармашы – мен ауырған кезде аударма тізгінін қолға алған, түстен кейін орнынан табылмай кететін, әйтсе де обалы қанша, аудармаға аса жүйрік Түсіпбек Махамбетов, ал соңғы жас аудармашы – мен едім.

Мен осы естелігімді «Бас аудармашы» деп атап отырмын. Мәніж Жармұхамедов шын мәнісінде артық-кемі жоқ, бас та, басшы да болуға олқы соқпайтын, адамгершілігі биік Азамат еді. Ол ақынжанды еді. Жап-жақсы өлеңдер да жазған. Олары осы «Орталықта» жарияланған еді. Қазақтың қара домбырасын шешен сөйлеткен күйші де еді. Әңгімесі де еді. Отбасының



ұйытқысы, педагог-тәрбиеші де еді. Балалары музыкант болды. Ұмытпасам, Хамит деген баласы музыка мектебін бітірген. Сондағы бір сөзі есімде қалыпты: «Мен музыка аспаптарының бірсыпырасында ойнай аламын. Бірақ солардың бәрінен де қазақтың кара домбырасының үні менің жаи дүниеме ерекше әсер етіп, балқытып жібереді. Ол – әкемнің өз ұлтына, оның музыкалық асыл қазынасына деген мөлдір махаббатының көрінісі еді». Осы бір перзенттік ыстық сезімге біз де тәнті бола отырып, аяулы ақсақалға «Иманыңыз әмәнда жолдас болсын! Алдыңыз жарық, мәңгілік мекеніңіз нұрға толсын!» деген тілек білдірейік.

*2007 жыл.*

## **СӘКЕННІҢ ШАРАПАТЫ ТИГЕН ОСКЕН**

– Өткен ғасырдың отызыншы жылдарының бас кезі. Атақты акын, қоғам, мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин Семей елін аралап жүр деген хабар ұзынқұлақ арқылы тарап жатты. Көп ұзамай пілдің сүйегінен ғажайып шебер мүсіндегендей сұлу бейне Сәкеннің қолын ұстауды тағдыр жазған екен. Мен ол кезде ауылдық кеңес төрағасының хатшысы едім. Ұыздай жас кезім. Өленді, әнді, қызықты сүйем. Жастарды ұйымдастырып, сахнаға шығып ойын қоямыз. Сәкен аға осындай бір қызығымызға тап келді. Сәкен, Бейімбет өлеңдерін оқығанымызда ризалықпен тыңдады. Концерт соңынан мені шақырып алып, қасына отырғызды да:

– Бала, жап-жақсы сауатың бар екен. Оқуға баруға қалай қарайсың? – деді. Үні жылы, сөзі майда.

– Аға, оқығым келеді. Әкем қайтыс болған. Жалғыз анамды қалай тастап кетем, - дедім қамығып. Бетіме қарап күлімсіреді де:

– Жігіт адам жігерлі болуы керек. Босбелбеу болсаң, бос кетерсін. Жүр, анаңмен сөйлесейік! – деді бұрыннан етене таныс адамдай. «Жақсыда жаттық болмайды» деген-ау. Бір көргеннен-ақ мені баурап, үйіріп әкетті. Мені елеп, үйіме келе жатқанының

өзі зор қуаныш емес пе? Анам бейшара шай қойып, дастарқан жайды. Сәкен-аға әңгімені бірден оқу жайына бұрды.

– Ойбуй, қарағым, жалғызымның оқығанына неге қарсы болайын. Әттең, қол қысқа. Бұл онда, мен мұнда...- деп сөз аяғын айта алмай анам көзін сүртті.

– Бәйбіше, Алматы деген қала алыс емес. Бұрынғыдай емес, теміржол алысты жақындатты ғой. Өзі келіп тұрады. Мұндағы ауыл басшыларына тапсырам. Сізді жалғызсыратпайды. Тіпті, сізге серік етіп бір шүйкебасты үйге кіргізіп кетсе де болады. Одан соң, жалғыз дейсіз... жалғызды оқытса – көбейеді, – деді сөзін түйіндеп. Осы бір сөз ғұмыр бойы ойымнан шықпайтындай болып, зердеме ұялап қалды. Шіркін, жақсының басқан қадамынан шарапат шашу болып шашылады екен ғой! – деп Сәкеннің камқорлығымен журналистік оқуға (КИЖ) түскен Оскең әңгімесін бір қайырып қойды.

Біз сөз етейік деп отырған Оспанбай Орынтаевтың өз шарапаты да талайға тиген. Соған өз басымнан кешкен бір оқиғаны мысал ете кетейін. Соғыс кезі. Мен жетінші сынып оқушысымын. Ол кезде аудан Ақтоғай емес, Қоңырат аталатын. Шопандардың аудандық слетіне жиналғандарды пионерлер атынан құттықтау оқу озаты деп маған тапсырылды. Бұрын мұндай жиында сөйлеп көрмеген маған оңай болатын түрі жоқ. «Нартәуекел!» деп құттықтауды өлеңмен жаздым. Бұрын ептеп шатып-бұтып жазатыным бар еді. Ешкіге көрсетпейтінмін. Не керек, «Ардақты шопан жолдастар» деп бастап, 6-7 шумақ өлең жазып шықтым да газет шығаратын ағаларыма тарттым. Жүрегім лүпілдеп есікті ақырын қақтым да кірп бардым. Төрде отырған дембелше келген, үнемі беліне жалпақ белдік буынып жүретін дөңгелек жүзді шырайлы кісіні бұрын өз үйімнен көргенмін.

– Кел, балақай! – деді жылы жүзді аға. – Жай келдің бе?

– Өлең әкеліп едім, – дедім күмілжіп.

– Ә, өлең жазасың ба?

– Ептеп...

– Әкел.

Өлеңімді асықпай оқып шықты да:

– Әй, сен Жабекеннің баласы емесісің? Папаң мына өленді оқыды ма?

– Жоқ, оқытқам жоқ. Әзір өлендерімді ешкімге көрсетпей жүрмін, – дедім.

– Жарайды! Осылай жаза бер. Түбінде бір жерден шығарсын. Көп оқу керек! – деп жігерлендіріп жіберді.

Міне, менің «Жасасын ұлы Сталин!» деп аяқталатын тұңғыш «шығармамды» тұңғыш оқыған белгілі журналист Оспанбай Орынтаевтың шарапаты маған осылай тиген. Өлен «Қызыл ту» газетінде басылды. Қазір қағаздарымның арасында жатыр. Енді оның осындай бір әңгіме үшін болмаса қажеті де шамалы ғой.

Әкемнің өлендері осы газетте жиі жарияланатын. Әсіресе, сықақтары мен фельетондары өз оқушыларын тауып жатты. Ойын-сауықтарда такпақ етіп айтатын. Оскең ол кісінің шығармашылығына арнап облыстық газетке мақалалар жазды...

Газет редакторы – әдеби қауымды ұйымдастырушы болмаса газет құрғақ, тартымсыз шығатыны белгілі. Оскен аудандағы қалам қайраты барларды газет айналасына топтастыра білді. Қарт ақын Кенішбай Жұбандықов бастаған ақындар Жабас Кенесбаев, Құрмаш Таласбаев, Хасен Бодықов өлендерін осы газеттен окитынбыз. Тәп-тәуір суреттеме, мақалалар жазатын мұғалімдер Тұрсын Нарымбеков, Қауымбек Аманжолов газеттің белсенді тілшілері болды. Кейінірек Тұрсекең газетке ауысып кетті.

Сол кезде ақындар айтысы бүкіл республикада жаңа қарқын алған. Облыстық аудандық аудан ішінде шаруашылықаралық айтыстар өткізілді. Шет-Қоңырат аудандары ақындарының айтысы үлкен бір мәдени оқиға болды. Осы тақырыпқа бұрынырақ көлемді мақаламды арнағандықтан оған тоқталмаймын. Жалпы ақындар айтыстарын ұйымдастыруда аудандық «Қызыл ту» газетінің редакторы Оскеннің еңбегі айрықша болғанын атап өту – көз-көрген біздің міндетіміз.

Баспасөзде, телевизияда 40 жылға жуық қызмет істегенімде журналистің тілектестерімен қатар оған іштей де, сырттай да алақөздейтіндер болатынына көзім жетті деп айта аламын. Әрине, «жатқанды ешкім ұрмайды, жатуға тағы

болмайды». «Үндемеген үйдей бәледен құтылады» деп, жауырды жаба тоқып, бас сауғалап жүретіндердің бауы берік, әйеншектің көзі сау. Алайда азаматтық жауапкершілікті берік ұстайтын Оскең сияқты каламгерлер мұндай мүсәпірлікке бармайды. мәселенің астарына үңіледі, сын көзімен қарайды. Оскеңнің бір ғана «Көк төбелі көп үйлер» атты сын мақаласы осы пікірімізге мысал бола алады. Ұжымшар басшысы шаруашылықтың жай-күйінің тәуірлігіне мақтанып жеке меншігіне сәулетті үйлер салдырып, бәйбішесін бір үйге, тоқалын екінші үйге қоныстандырып, өзі жалғанды жалпағынан басып, мейманасы тасып жүріп жатады. Оскеңнің қырағы көзі көп адам байқай қоймайтын «жабулы қазанның» қақпағын ашып тастайды. Қазір сәулетті сарай салса да ешкімнің шаруасы жоқ қой. Мәселе онда емес. Мәселе материал газет бетіне шыққан соң туды. Әлгі ұжымшар бастығы редакцияның бір мүйізді қызметкерінің тым жақын туысы екен. «Қанына тартпағанның қары сынсын» деген бар. Ебепке себеп іздеген біреулер автордың соңынан ол зейнетке шыққаннан кейін де қалмағанын білеміз.

Оскең Ақтоғайға бір барған сапарында аусыл болып ауырған сиырлардың құйыршығына қызыл шүберек байлап, ұшықтап емдегендерді әжуалап, жұртқа күлкі еткен. Бақсы-құшынаштық жасап, адам «емдегендерді» де мақтамен бауыздағаны бар. Мұндай материалдарын тізе берсек сөзіміз ұзарып кететіндіктен осымен ол әңгімені «дөңгелетейін».

Көп журналистер әдебиеттен шеттеп жүреді ғой. Ал, Оскең болса әдебиетті құмарта оқитыны өз алдына, көп ақындардың өлеңдерін жатқа айтатын. Мәселен, Іліяс Жансүгіровтің мына бір өлең жолдарын кейін жинақтарынан кездестіре алмадым. Оскеңнен естіген бетте қойын дәптерге түскен өлең мынадай:

*Тезис жаз дүмбілездеу сырлаңқырап,  
Кітап жаз одан-бұдан ұрлаңқырап.  
Сирақтай шала үйтілген өлең жазып,  
Оныңды өңештей бер бұлданқырап.  
Жазаның келмесе де бұл заманға,  
Айдай бер көкемылжың созалаңға.*

*Баспаса редакторға азу басып.*

*Сыртынан өсек айтып қызараңда.*

Ілияс Жансүгіровтің сөз саптасы, стилі қысқа өлеңнен айқын аңғарылады. Оскең көненің көзіндей дүниені кейінгі буынға жеткізіп кеткендей.

Өзі Шығыс аймақтан болғандықтан ба, Оскең сол жақтың Сара, Әріп сынды ақындарының өмірін, өлеңдерін, олардын басынан кешкен тағдырларын өте терең білетін. Сондай-ақ, ел ішіндегі өзімен үзеңгілес, тұстас ақын, ақынжанды, сөздің қадір-қасиетін білетін адамдармен дос, жолдас болатын. Соғыс кезінде Ақтоғай ауданында поштада қызмет еткен Хасен Бодықов есімді аса ділмар, сұңғыла ақынның «Көзбала» (қыздың есімі) атты ғашықтық дастанын өмірінің соңғы кезіне дейін жаңылыспай мәнерлеп айтып жүрді. Дастанның тілі, сюжеті, арқауы шымыр, тыңдаушыны қызықтырып, еліктіріп алып кететін дүние еді.

*«Боз таңда боз үйректі ілді біреу,*

*Жарасып жармен ойнап күлді біреу.*

*Атылас ақ кіреуке шымылдыққа,*

*Атылып оқ жыландай кірді біреу.*

*Үлбіреп пісіп тұрған ақ алмасын,*

*Сызылтып ақ алмаспен тілді біреу.*

*Шіркін жан шығып кетпей тұрды сонда,*

*Сорғанда солқылдатып тілді біреу.*

*Қысқа таң жеті сағат душар болды-ау,*

*Тұрмады-ау ұстаңқырап күнді біреу»,* - деп Оскең

мәнерлеп қайырғанда қызу қанды жастар сөз сиқырына мас болып ду ете түсетін. «Білмеген у ішеді» деген бар ғой. Осыдан үш жылдай бұрын «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде осы өлеңді сазгер Шәмші Қалдаяқовтың қанжығасына байлап жіберінті...

Оскең шығармашылығын сөз еткенде оның зерттеу еңбектері бір төбе. Ақын, әнші, сазгер Әсет, Францияда қазақ әнінің туын тіккен Әміре, замана ноктасына басы сыймаған бунтарь қайраткер Мәди туралы очерктерін кезінде сүйсініп оқығанбыз. Өзінің замандастары Шашубай, Кенішбай, Жабас, Құрмаш жөнінде жылы пікірлер білдіргені есімізде.

Мен өзім журналистік қызметімді бастаған «Советтік Қарағанды» газетінің редакциясында аға буын журналистер, Оскеңнің тұтастары Бейсенғали Тәйкіманов, Ғалымбек Нәдіров, Қали Садыков, Қағазбек Сәденов, Мінәж Жармұхамбетов, белгілі ақын Максұт Байсейітов сынды өңшен ділмарлар еңбек етті. Олардың арасында әзіл, қалжың көп болатын. Сондай көңілді күндерде Оскең жиірек ішіңкіреп, сақал-мұрты өсіңкіреп, иығы түсіңкіреп жүрген бір құрдасына былай деп өлендетіпті:

*Сақал анау, мұрт мынау,  
Мұрын анау, ұрт мынау,  
Күнде күлген жұрт мынау,  
Қайран ғана сабазды  
Қу арақ-ай, құрттың-ау!*

*Сонда құрдасы:  
О, жасаған, жасаған!  
Не демейді мас адам.  
Қанша ішпейін десем де,  
Осы ғана қу арақ*

*Кездесе кетеді тасадан,* - деп сөзден ұстатпай кетіпті. (Атын әдейі атамай отырмын, Оскеңнің құрдасы да белгілі қаламгер еді).

Өзінің өсиеті бойынша Оскеңнің сүйегі талай жыл аудандық газеттің редакторы болған Қарқаралы топырағына, анасының жанына тапсырылды. Адамның бір аты (нашар аты) пенде ғой. Кейбір сондай пендешіліктен Оскең қайтқанда көлік те бола қоймай, қазақтар «жаксы Жақан» атап кеткен, сол кезде облыстық Кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары Яков Афанасьевич Пазенконың көмегімен екі машина алып, Қарқаралыға күн кешкіре жеттік. 1981 жылғы қаңтар айының ортасы. Күн суық. Зират басына көп адам жиналған екен. Кішігірім қаралы жиын өткіздік. Кейін бәйбішесі Мақиға да осы жерден топырақ бұйырды.

Оскеңнің жарты ғасыр отасқан аяулы жары Махи женгеміз де ойы терең, тілге шебер кісі еді. Оскеңнің ескерткіш белгісі тез арада біте қоймай уақыт созылып бара жатқанда сол кезде облыстық коммуналдық шаруашылық мекемесін басқарып жүрген Сейту Халыковқа өкпе-наз етіп былай дегені бар:

– Шырағым, кеш жарығынды кенде қылмаймын, төбеге шығып төреге де барамын. Оскеңе бір белгі тұрғызылғанша мен тыныштық алмаймын...

Осы сөздер қойын дәптеріме түсіпті.

Жуырда Оспанбай Орынтаев ағамыздың соңғы тұрағы Саттар Ерубаев (бұрынғы Киров) көшесі 33-А үйде болдым. Іздеп жүргенім Оскеңнің жалғыз перзенті – Гуля (кішкене күнінде солай атайтын. Қазақша аты Гүлнәр, Гүлжан болар). Мединститутты бітірген, балалар дәрігері екен. Нарықтың қиыншылығынан бизнеске ауысып кетіпті. Көршілері Оскеңді ұмытпапты. «Аса бір мәдениетті, парасатты адам еді» деп отырды. Оскеңнің мұрағаты осы қызында болса керек. Әзірне оның тұрағы белгісіз болып тұр. Мен Оскең туралы бұдан бұрын да газет бегінде мақала жариялап, телефонымды хабарлағам. Енді Гулядан жабар күтемін.

«Жақсының аты, хакімнің хаты өлмейді» деген. Қазақ журналистерінің аға буынының бір белді сарбазы Оспанбай Орынтаев туралы әлі де айтар әңгіме аз болмас деген үміттемін.

*2004 жыл.*

### III. АЛАШТЫҢ АСЫЛДАРЫ

---

#### ОСЫ БІЗ ӨЗ АБАЙЫМЫЗДЫ ТОЛЫҚ ТАНЫДЫҚ ПА? (Тұрсын Жұртбайдың «Сүйесің жүрек, күйесің» кітабына пікір)

Осы өзімізді бүкіл әлем ұлыларына тенестіретін күн дидарлы данамыз – Абайымызды толық, толық емес-ау жарым-жартылап болса да зерттеп, түсініп болдық па? Осы сұраққа кеуде керіп тұрып «Иә» дей аламыз ба? Әй, сенімсізбіз-ау!

«Абай жолы» эпопеясын аяқтаған шамада бір белгілі жазушы Мұхтар Әуезовтен сұраса керек.

– Мұха, Абайыңызды сарықтыңыз ба?

– Пәлі, Абайды кім сарка алады?! Абай дария емес пе? – депті данышпанның рухани ұлы. Сөз-ақ-ау! Абайды қаншама қайталап оқысаңыз соншама жаңалық таппайсыз ба?! Абайды қаншама білімдар, дегдарлар зерттеп, «Абай жұмбағын» (Абай өзі «мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деп кеткен ғой) шешуге талпынған. Әйтсе де кішпейілдікпен болса да, «шешуге жақындадық қой» деген адамды әлі кездестіре алмай жүрміз. Аты-жөні тіліме оралмай отыр, бір аяулы азамат айтқан екен: Мен қазақты үш топқа бөлемін.

Бірінші топ – Абайды оқығандар. Екінші топ – Абайды оқиян деп жүргендер. Үшінші топ – Абайды оқу ойына кіріп те шықпайтындар. Соңғы топты айтпағанда алғашқы топ пен екінші топтың арасы жер мен көктей емес пе?

«Бізде идеология жоқ» деуге әдеттеніп барамыз? Неге жоқ? Абай ше? Идеология дегеніміз алға қойған мақсат емес пе? Абайдың мақсаты, яғни идеологиясы толық адамға қол жеткізу емес пе? Бүгінгі қайталап жүрген баю да, байлық та емес, Толық адам!

Абай қазақты сынаушы ғана емес. Абай – қазақты сүйеуші, сол үшін жанын отқа салып күйеуші де! Абай «Сүйесің, жүрек,



күйесін» деп жайдан-жай айтқан жоқ. Қазақтың бойындағы кінәраттарды жіпке тізгендей етіп сынау үшін Абайдың жүрегіндей жүрек иесі болу керек. Әуелі туу керек, одан соң сол жүректің бұйрығымен жүру керек, өмір сүру керек!

Өткен ғасырдың ортасынан асқан кезде бір можантопай прокурордың «Абайды ақын дегенді не знаю» дегенін сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетінен оқыған едім. Абай ақын болмады, сонда кім ақын? – деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Ақын – кімнің тарысы піссе, соның тауығы болып кететін одашыл, ойсыз, сөз қуар емес, ұлттың ары, ақылы, жаны, жүрегі. Абай осы анықтамаға бір ақын лайық болса, соның жалғыз өзі. Алаштың арыстары Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев Абайды «Қазақтың бас ақыны», «Ақын – хакім» деп атап, «Абай бізден алыстаған сайын жақындай түседі, Абай қазақтың мәңгілігінің мәңгілігі» деп қадап айтқан ғой. Өз басымыздан шығарып айтарымыз болмаса, ұлылардың көңілге ұялар осындай дуалы сөздерін ұмытпасак екен.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында ма екен, дәл мерзімі есімде жоқ, Қазақ ССР Мәдениет министрінің орынтағына бір үміткер ұсынғанымыз бар. Сонда Кеншілер сарайына жиналған оқығаны бар, тоқығаны бар бір қауым жұрт әлгі адамның қазақ тілін білмейтіндігін еске салып, ол біздің үмітімізді ақтай ала ма, тым болмаса Абайдың бір шумақ өлеңін жатқа айтсыншы деген кезде, «өлмегенге – қара жер», әлгі үкілеп әкелген, мәдениетімізді өрге сүйрейді деген, әлдекімнің жетектеп қосқан тазысындай жігіт аузын ашпады ғой. Содан қандай министр шыққаны бүгінде аман-сау ортамызда жүрген ардагерлердің есінде болар... Тәуелсіз мемлекет атандық. Сол кеңестік заманнан кіндігіміз үзілмегеннің бір белгісі – Елбасы, үкімет, парламентте Абайды білмек былай тұрсын, білуге ықылас танытпайтындар аз деп айта аламыз ба? Мұндай естіген құлақ ұялар кінәраттар бойымызға сіңіп, айықпас дертке айналып бара жатқанын айтпасак «ауру» асқынып, бір күні ажалдың табалдырығынан қалай аттағанымызды білмей де қалармыз. Оқырман қауым Сіздерге ұсынып отырған мына мақаланың жазылуына себепкер болған кітап – «Сүйесін, жүрек,

күйесін» деп аталады. Кітап иесі – Тұрсын Жұртбай – филология ғылымдарының докторы, жоғары оқу орнының профессоры.

## I.

Бұған дейін ғалым әрі жазушы ретінде танылған, қазақ десе, жүрегі кеудесіне сыймайтын ұлт сүйер азамат. Кітаптың таралымы – 1000 дана ғана. Қазір де жұмыс істеп отырған кітапханаларымызға таратқанда бір-бірден де жетпейді. Кітаптың екінші атауы – «Абай – жан бостандығы» немесе рухани тәуелсіздік» делінеді. Қаламгердің 27 кітабының ішінде «Дулыға» (1-2 кітап, 1994 жыл), «Мұхтар Омарханович Әуезов (түрік, орыс тілдерінде), Анкара, 1997 жыл, «Күйесің, жүрек, сүйесің» (2001 жыл), «Бесігінді аяла» (2002 жыл), «Құнанбай» (2004 жыл), «Ұраным Алаш» (2008жыл) және басқа да тартымды дүниелер бар. Тақырыбы – қазақ халқының арғы тегі - скиф, сақ дәуірінен көз алып, бергі орыс бодандығының, коммунисттік отаршылдық зардаптары...

Тәуелділіктің үш түрін айтып жүрміз. Экономикалық, саяси, рухани – осы үшеуінің адам құқығына, ел, ұлт, халық тағдырына қайсысы өте-мөте қауіпті. Ең қауіптісі – рухани тәуелділік. Абай мұны қатты қапалана, күйзеле, жаны күйе түсінді. Капиталистік қатынастың сауда-саттығына қанағаттанып, өзіміз шығармасақ та, саудагерлер, алып сатарлар әкелген товарларды місе тұтып, ілдебайлап күн көре бердік. Жерімізді басып алып, саудаға салғанына көндік. Жоңғарға, монғолға, қара қытайға, сарттарға жалаң қылыш, жалаулы найзамен қарсы тұрып, анырата қуған қазақ орыстың от қаруына шыдамады. Ата-бабаның аманат еткен жері кең, бір шетінен бір шетіне жылжып жүріп, бас сауғаладық. Саяси тәуелділікке де етіміз үйренді. Хандық институтын жойып, қазаққа болыстық дәрежеден жоғары лауазымды бұйыртпаған заманда мойнымызға қарғыбау етіп медаль таққанына мәз болдық. Жат жұрттықтарға ел емес, жер керек еді. Ал, жерге мәңгілік иелік ету үшін ұлттың рухани тәуелсіздігін біржола жойып, мәңгірттерге айналдыру керек болды. Жасынан орыс оқуын оқыған талантты қандастарымыз Шоқан да, Ыбырай да

Русиядан үлкен үміт күтті. Алайда өзім деген достарының зымыян саясатты ішке бүгіп, «түлкі» болып жүргеніне көзі жеткенде бармағын тістеді. Ыбырай ағартушының атын жамылып, миссионерлік, жансыздық мақсатпен жүрген «достарынан» қатты түңіліп, өмірінің ақырғы сәттерінде бұлардың бір де бірін үстіне кіргізбеуді, қайта жаназасына 99 молла түсіруді өсиет етті. Ал, Шоқан – патша армиясының офицері бұрынғы берген антынан қайтып, әскерден кетіп қалды. Жетісуда Тезек төренің ауылына жетіп, қазақ шапанын киіп, ішкі арманының күйігіне төзе алмай тұншығып, құсадан өлді.

Абай шығармаларындағы басты трагизм бай мен кедей арасындағы әлеуметтік тартыс емес. Қалың елі қазағының басына түсіп келе жатқан «қайыс нөқта» еді. «Абайдың орыс білімі туралы жылы пікірлерінен мысал алып, оны орыс ұлтына емес, жаһангер – отаршыл империяға деген шексіз махаббат белгісі етіп көрсету Абайға қиянат» деп жазады автор. Абай бірден орыс мәдениетіне бас ұр демейді. Әуелі «түркі танырлық дәрежеде сауатыңды аш. Демек, өз жұртыңның мәдениетіп, тарихын, дәстүрін біл. «Құлшылық қылатындай» яғни дініңді, тіліңді, танымыңды танитындай тағылым алатын бол. Рухың тәуелсіз болсын. Тіліңді, дініңді бойыңа сіңір. Содан соң білім жолын қу. «Жанбай жатып сөну үшін» талпын да, рухыңды бекіт деген емеурін емес пе бұл. Содан соң барып араб пен парсы керек.

Абай орыстың тілін білсең, зерттесең, көкірек көзің ашылады. Олардың пиғылын түсінесің деген ғой. Әрбір елдің тілін, өнерін білген кісі – онымен бірдейлік дағуасына кіресің. (Дағуа – араб тілінде қоғамдық қозғалыс, күрес, пікірталас, майдан деген мағына береді). Дағуасына кірсең – рухани тәуелділіктен аз да болса құтыласың. Міне, Абайдың орыс оқуы, мәдениеті жайындағы түпкі ойы осы. Орыс оқуын игеріп келгендер өз еліне қызмет етсін. (Абайдың бұл ойы да қазқалпында орнына келе қоймады). Оқығандардың көпшілігі өз пайдасына қызмет етіп кеткенін көрген Абай «Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы» деген өлеңін жазып, ішкі күйзелісін жасырмаған.

Қазақ даласын уысында мықтап ұстап отыру үшін патша өкіметі екі рет заң шығарған. Қазақтар оларды Бірінші низам, Екіншісі низам деп атаған. Оларды тәптіштеп түсіндіріп жату бұл жерде артық болар. Дрепер мен Спенсерді оқыған Абай бұл заңдардың зиянын бірден түсінген. Сондықтан да болар, ұлы ақын оз халқына төніп келе жатқан қауіпке қарсы тұрарлық ұлтына сана беруге, рухани беріктікке даярлау үшін ислам діні тақырыбындағы өлеңдерін жазды, өлең тақырыптарын қара сөзге айналдырып түсіндірді. Қырықтан асқан кезде өлім туралы айта бастады. Абай «тәуелді заңнан тәуелсіз ождан қымбат. Ең ұлы, ең қасиетті заң – Ар-ұят» деп білген. Дана Абай «адамды сүй, адамның хикметін сез» дейді. Өлімді ойламаған, ажалдан сескенбеген пенде-пенде емес, егер шайтанның бар екені және оның Аллаға бойсұнбайтыны рас болса, ол адам соның (шайтанның) өзі дегенге меңзейді.

Тұрсын Жұртбай Абай даналығына және әлемнің бұрын-соңды өткен ғұламаларының айтқан пікірлеріне, ой-толғаныстарына сүйене отырып, мынадай қорытынды жасайды: «Жә, өлімнің бар екеніне бойсұндық. Сонымен қатар, айтылатын тағы бір жалғыздың аты бар емес пе? Бүкіл адамзатты бұл дүниенің қызығынан кетуге иландырған, о дүниеден әлдебір медеу тапқан амалы – сол жалғыз. Оның аты жер бетіндегі пенделердің тілінде әрқалай аталғанымен, танымдық күдіреті біреу. Ол – Алла. Шығардағы жаныңды соған аманат етіп тапсырасың. Жаныңның терезе таппай тұрғандағы барар тұрағы – сол. Алланың шапағатына, кеңдігіне, қайырымына иланып, иманыңды үйіресің. Алдағы маһшар күнінің жақсылығынан дәметесің. Көңіліңді бекітесің. Өлімнің өзіне жұбаныш табасың. Бірақ оның түр-түсін, сипатын, мекен-тұрағын, сөйлейтін тілін ешкім де айтып бере алмайды. Ол – тек санадағы сәулелі бейне. Таныммен танылған күдірет. Әлемдегі танымға құрылған сенімнің (діннің) ешқайсысы оны суреттеп баяндауға, оған түсінік беруге дәрменсіз. Абай ұстанған қасиетті жолдың «Құран-кәрімінде» ол туралы: «Алла – жалғыз. Алла – мәңгілік. Ол ешкімнен тумаған және ешкім одан туған жоқ» деп хатқа түскен. Алланың тұрған жері белгісіз. Демек, адамның жаны ұялайтын жері де белгісіз. Бәрі ғайып дүние. Мұны:

*Белгісіз сөз «өлді, өлді!»*

*«Белгісіз оның мекені»* – деп тиянақтайды Абай. Адамзат адамзат болғалы танымның жеткен жері осы. Біз оны сенім деп танысақ та дін ретінде ұсынамыз. Ақылын сауған адамзат ғұламаларының ешқайсысы пендені ажалдан арашалап қалатын және жантәсілім сәтінде сыйынатын Алладан басқа құдіретті жұбаныш ойлап тапқан жоқ. Сондықтан да сенім – адамның ең нәзік, ең қасиетті, ең намысты, ең осал түйсігі. Дінді ешбір идеология алмастыра алмайды.

Абайдың «Енді мұндай иман (сенім) сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек» деуі сондықтан.

Аллаға шүкір деп айтайық, бүгінде дінге зорлық жоқ. Десек те баспасөзден оқып жүргеніміз бар, өзіміз көріп жүргеніміз бар шет елдердегі діни ұйымдар қазақты өз дінінен алыстатып, басқа дінге кіргізу үшін қаржы-қаражат аямайтынына куәміз. Өзге діннің шіркеулері солардың орталығына айналып, түрлі парақшалар таратып жүргеніне танданбайтын болдық. Осы бір көңілшектігіміз мемлекетімізді көп ұлтты деп мақтанатынымызға көп діндіміз деп шаттанатынымызды қоспаса екен.

## II.

Абай өлеңдерінің тұңғыш жинағы 1909 жылы Санкт-Петербургте шыққаны мәлім. Ақынның көзі тірі кезінде бірер өлеңі баспа жүзін көргенін айтпасақ, (оның өзінде Көкбайдың атынан) жұрт бірінен-бірі көшіріп ауызша жаттап, таратып әкетсе керек. Содан да болар ақын дүние салғаннан кейін Абайдың Әйгерімнен туған ұлы Тұрағұл мен ақынның інісі Ыскақтың ұлы Кәкітай ел арасына тарап кеткен өлеңдерін жинастыра бастап, бір жинақ шығаруды мақсат еткен. Өлең текстологиясындағы кателіктердің бір себебі осында болса керек. Ал, басқа да белгісіз жайларды түбірлеп зерттеушілердің бірі, тіпті бірегейі осы біз сөз етіп отырған кітап иесі – Тұрсын Жұртбай деп нық айтсақ кателеспейміз. Ол жағын кейінірек сөз етпекпіз. Абайдың оқырманға түсініксіз болып келе жатқан өзінің ұстаздары делінетін Шортанбай, Дулат, Бұқар жырау

сынды ақындарға менсінбегендей пікір білдірген бір өлеңінің жай-жапсары да ашылды.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары Қарағандыда бір көшеге (бұрын Сталин көшесі, одан соң Коммунистік көшесі аталған) Бұқар жырау бабамыздың есімін беру жөнінде ұсыныс жасалған кезде ойламаған жерден шу шықты. Аляпин есімді бұрын мәлімсіздеу бір журналистің дауысы басым естіліп жүрді. Оған біздің ішіміздегі «шынның бетін өтірікпен боямалап», бедел алғысы келіп тұратын кереуіз жазушы-сымақ Абайдың «Шортанбай. Дулат пенен Бұқар жырау, өлеңі бірі – жамау, бірі– құрау» , деген өлең жолдарын ұстата қойыпты. «Міне, Абайдың өзі осылай деген, Бұқар ақын да емес, жыршыға (жырау деген содан шыққан, өзгенің өлеңін жаттап алып, сылдыратып айтатын) көшеміздің атын беріп күлкіге қаларымыз жоқ» деп «жанды жерімізден» ұстамақ болып жанталасқанда мұндайда «не бел кетер, не белбеу кетер» деп белсеніп кірісетін марқұм Жайық Кәгенұлы Бектұров марқұмды алдыға салып, «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымы араша түскен едік. Біз ол кезде аталған ақындар қазақтың ауыз әдебиетінің бетке ұстар жұлдыздары, ал баспасөзі әлі бола қоймаған елде өлеңді біреу олай, біреу былай айтып, түрліше тарап, түпкі мазмұны өзгеріске ұшырап кететін, Абай соны сынап отыр деп уәж айтып тоқтатқан едік. Тұрсын Жұртбай зерттеуші ғалым ретінде бұлтартпастай етіп, «бұлай айту Абайдың кінәсі емес, солардың өлеңдерін жинап баспадан шығарғандардың кемшілігі» деп қорытынды жасайды. Тұрсынның өзіне сөз берейік «Менің ойымша, мұның жауабы мүлдем басқаша және Абайдың бұл өлеңінің Бұқардың, Шортанбайдың, Дулаттың өлеңдеріне еш қатысы жоқ. Әңгіме олардың 1880 және 1888 жылдары басылып шыққан «Өсиетнама»мен «Балазар» атты жинақтары туралы болып отыр. Абай «бұрынғы жақсылардан өрнек қалған, биде тақпақ мақал бар, байқап кара» дейді. Демек, өткен күннің ақындарының бетіне күл шашып отырған жоқ. Қайта «көп топта сөз танырлық кісі аз-ақ, ондай жерде сөз айтып болма мазақ. Біреуді олай, біреуді былай қарап, түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ» деп, сөзді бөліп жарма, біреудің сөзін асты-үстіне төңкерме, шатастырма. Олай,былай сапырыстырма, –деп

сақтандырады. Сауатты Абай бұл акындардың баспадан шыққан кітаптарын, өзінде болуы мүмкін қолжазбаларын салыстырып оқығанда бір өлеңнің басы, бір өлеңнің аяғы араласып, бірі-құрау, бірі-жамау болып шыққанын көріп, ренжіп жазған. Осы «аталы сөзге» біз тоқтадық, арсыз тоқтамаса, өзі білсін! Абайдың «көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің, өзіңді өзін күзет, кел шырағым! деген сөзімен нүкте қояйық.

Енді Тұрсын Жұртбай Абайдың «Қиуадан шауып, қисынын тауып, Тағыны жетіп қайырған» деген өлең жолдарындағы «Қиуадан» деген сөзді «Бүркітші» («Қансонарда бүркітші шығады аңға») деген өлеңіндегі «қиын қия, қиян» деген сөзінен деп тұспалдайды. Аталған өлеңде мұндай сөздер атымен жоқ. Күміс комей әншілеріміз Жүсіпбек Елебековті, Мағауия Көшкінбаевты да, бертінде Жәнібек Кәрменовті, Қайрат Байбосыновты да мұқият тыңдап едік, олар «қиян» емес, «Хиуа» деп айтатын еді. Менің түсінігімше, «алыстан сермеп, жүректен тербеп» деген сөз тіркестерін «Хиуадан шауып, қисынын тауып» үстемелеп, толықтыра түсетіндей. «Абай бос сөйлемейді деген сөзді біз емес, замандастары айтқан. Тұрсын да осы кітабында бірнеше рет қайталапты. Бұр жердегі «Хиуадан»– (Хиуа-сол кездегі өлшеммен алыс екені рас қой) сонау алыстан, қиырдан тереңнен деген ойды білдіреді. Және бір айтарымыз, «Сегіз аяқты» акын өмірінің соңғы кезінде – өз өміріне жасаған қорытындысындай етіп жазғаны байқалады. («моласындай бақсының, жалғыз қалдым, тап шыным»).

Осы «Сегіз аяқтағы» «күпілдек мақтан, табытын қаққан» дегеннің мағынасына Мұхтар Әуезов қинала отырып түсінік берген екен. Өлім азайып, жаназа шығару тоқтап, мешіт қайыр-садақасыз қалғанда, мәйіт жөнелтушілер табытты (христианның гробы емес, зембіл болу керек) таяғымен қағып, қаза тілейтінін айтқанда ғана шындықтың беті ашылған.

«Бойы бұлғаң» өлеңіндегі «байы баспақ, биі саспақ, әулекі аспақ сыпыра ку» деген жолдарды түсіну де оңай болмаған. Бұл жөнінде «Жас Алаш» газетінде 2006 жылы 8 маусымда Абайдың жерлесі, замандасы Бекен болыстың ертеректе акын өлеңдеріне жазған анықтама-түсінігі жарияланған. Тұрсын Жұртбай да сол мағынада айтылған ел аузында жүрген

түсініктерді келтірген. Біздің газетімізде де мағынасы ұмытылып бара жатқан сөздер ретінде түсінік берілген. «Баспак – қар қалың түскен жылы қой жайылымға шыға алмай аштан өлетін болған. Қой аштыққа шыдамсыз, байды соған теңеген. Саспак – екі жасар текешік, күйекке дейін бақылдап, жүгірінді болып, күзде дінкесі құрып, тұралап қалатын. Соны саспак атаған».

«Ақшом», «ақшомшылар» деген бүгінгі ұрпаққа беймәлім сөздерге де орнықты түсінік береді. Абайдың «Қыс» атты өлеңіндегі «кәрі құда» жайдан жай айтыла салған сөз емес, өмірден алынған теңеу екеніне көз жеткізеді. Сондай-ақ, «қатының сені сүйсе, сен де оны сүй, қоржаң суық келеді кей сасық ми» деген өлең жолдарына тоқталып неге ми қоржаң болады?» Қоржаңдаған ми суық, сасық бола ма? Жалпы ми қоржаңдай ма? – деп сұрақ қояды. Көп сұраққа жауапты араб жазуындағы әріптердің жазылуынан табатынымызды алғаш рет ұсынып отырған осы Тұрсын болса керек. Абайдың 1909 жылы Санкт-Петербургте басылған тұңғыш жинағында көп қате кеткенін Тұрағұл мен Кәкітайдың айтқаны бар. «Зады қадыми (ескі) әріптің жазылу заңдылығын және «Ж» мен «д» әрпінің бір нүктемен ажыратылатынын «а» әрпінің ерекшеленін жазылмайтынын, жазылса да оны «а» деп оқу міндет емес екенін, «ң» әрпінің мүлдем жоқ екенін ескеріп, «көрден суық болады кей сасық ми» деп оқысак кайтеді? Сонда жаман әйелдің құшағы мен төсегі көрден суық болады. Сондықтан, сүйгеніңнің көңілін суытпа. Сен де оны сүй» деп отыр емес пе? Сөз бен мағына енді үйлескен сияқты» деп ой түйіндейді автор.

«Қараша, желтоқсанмен, сол бір екі ай» дейтін өлеңдегі «желтоқсан мен қарашаның мағынасы бүгінгіден өзгеше. «Абай жолы» романында желтоқсан» маусымның (тоқсанның) аты, қараша – октябрь күздің айы. Ал, декабрь – қыстың нағыз өзі, оны ұмытпасам, бірдің айы атаған деп ескертеді оқырманға жазушы – ғалым.

«1890 жылы Семейге Барон Таубе деген генерал-губернатор келіп, бірсыпыра болыстарға шекпен, қылыш сыйлаған, өзіне де (Абайға) қос ауыз мылтық бұйырған кезде,



әлгі есі кете мәз болған болыстарға ыза болып, Абай калада жатып өлең шығарған». Сол өлеңде:

*«Бір бес надан оңбассың,  
Нансаң оны қосқанға  
Жасық, жаман болмассың,  
Жамандықтан қашқанға»* - деген шумақ бар.

Оқушы «неге бес надан, неге он надан емес» деп, түсіне алмай тоқтап қалуы мүмкін ғой. Тұрсын Жұртбай бұл сөз бес те емес, он да емес, парсының «пес» деген сөзі екенін, қазірде ұйғырдың ауыз екі сөзінде «бұралқы» деген мағына беретінін, Абайдың «песті» бұдан соң да «ит» мағынасында бірнеше рет қолданғанын алға тартады. «Таласып таркайды, ақпадан төрт беске» деген шумақтағы «ақшадан» емес, «ақшамда» екеніне көз жеткізеді. Реті келгенде айта кетелік, Абай софылық поэзияның әуейі ғашықтығына қарсы пікірде болған. Өлген сүйіктісінің соңынан өзіне қол салған ғашық жарға:

*«Қол жетпеген некені,  
Сүйіп кеткен жан екен.  
Көзің неге жетеді,*

*Қосылмақ онда бар ма екен?»* – деп сұрақ қоюына қарағанда «о дүниелік өмірге» күдіктенген сияқты. Үлкен ұлы Әбдірахман (Әбіш) өлгенде ғашығынын соңынан кетіп, о дүниеде қосылмақ болған келіні Мағышты райынан қайтарып, Бәстемиге ұзатады. Бұл да Абайдың діні «Ақылдың діні» деген түйінді сөзге дәлел. Мұхаңның романында Мағыш бұл өмірді тәрк етіп, ауыр наукастан қайтыс болады ғой. Абай шығармаларындағы текстологиялық қателіктер туралы сөзді осымен тәмамдайық. Теренірек білгісі келген оқырман өзі ізденіп кітаптан оқыр деген үмітпен.

Біздің мақсатымыз – оқырманды іздену жолына, білуге құмарлық жолына бағыттап жіберу.

### III.

Енді бірер сөз Абай өлеңдерін орыс тіліне аудару жайында болмақ. Аудармаға талай-талай белгілі ақындар қатысты. Әсіресе, мерейтойлар қарсаңында асығыс, белгіленген шараларды орындау мақсатында. Болмаса орыс ақындарының

осы іске түбірлеп, байыптап кіріскендері аз-ау деймін. Содан да болар, аудармалар көңілден шыға қоймады. Неге? – дейсіз ғой. Мұның себебін «Қазақстанда қалған жалғыз Мәмбет (осы сөздің жақсы мағынасында) – Герольд Бельгер (Герекең) «Абай қаны да, жаны да тұнып тұрған ұлттық акын, ұлтымен бірге қайнап шыққан акын. Абайды түсіну үшін қазақты білу керек» деген ойлы пікір айтқан. Өзі де көптеген еңбектер жазып, талай ақтаңдақтарды ашуға мұрындық болған. Төрт жасынан қазақ арасында өскен, қазақ мектебін бітірген. Қазақ тілі мен әдебиетін білімді бір қазақтай білетін Герольд Білгір (қазақтар осылай атаса, ол соған әбден лайық) Абайды аудару бір күннің ісі емес, ұжымдық мемлекеттік аса жауапты, абыройлы іс екенін айтудай-ақ айтып келеді. Тәуелсіздігімізге жеткеннен бері қыруар істер атқарылды. Әлі де негізгі мақсаттан алыстамыз. Ал, қазақ табиғатын сырттай ғана бақылаған орыс ақындарының не тындырғанын Тұрсын Жұртбай шекілдеуікше шағып, алдыңызға тартады. Тыңдаңыз: Абайдың суретке толы бір олеңі...

*«Желсіз түнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп.  
Ауылдың жаны терең сай,  
Тасыған өзен гүрілдеп.  
Қалың ағаш жапырағы,  
Сыбырласып өзді-өзі.  
Көрінбей жердің топырағы,  
Құлтыраған жасыл жер жүзі».*

Аударма:

*На воде, как челнок луна,  
Тишина ясна, глубока,  
Лишь в овраге челночь черна,  
Да шумит в тишине река.*

Енді осы «аударманы» қазақшаға қотарып (қырғыздар осылай дейді) көрейік.

*«Су бетінде Ай қайыққа ұқсайды,  
Терең тыныс тыныштық.  
Тек жырада түннің қара бояуы  
Тыныштықты бұзды тек озеннің шуылы».*

Не түсіндініз? Түк те! «Әжептәуір ән еді, пұшық шіркін қор қылды» деп дәл осындай жағдайда айтқан шығар. Басқа аудармаларды оқырманға ұсынып оқырманның басын қатырмай-ақ қояйық. Тұрсын Жұртбайдың аударма жөніндегі осы мақаласынан кейін атқарылған істер аз емес, әйтсе де Абайды әлем халықтары түгіл, құдай қосқан көршіміз орыс халқына да таныта алмай отырмыз. Орыстар ақынымызды композитор, композиторымызды ақын деп жатса да үндемейміз. (Құрманғазының мерейтойында бас көрсеткен Ресей үкіметінің басшысы Черномырдин композиторды «ақын» деп кетті ғой).

Осы арада шығармаларынан бір сөзінің орнын ауыстыру мүмкін болмайтын стилист кірпияз жазушы Ғабит Мүсіреповтің дүние салар алдында бүкіл қазақ қауымына, әдебиет жанашырларына аманат етіп, өзі жазуға шамасы келмей жатып, «ұлттымды сатқаннан гөрі мен өлгенімді артық көремін» дейтін біртуар азамат ақын Мұхтар Шахановқа айтып жаздырып, артына қалдырған қоштасу сөзінен мына бір үзіндіні еске сала кетейік: «Бүгінде күллі әлем назары ауған іргелі елге айналдық. Бірақ әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы болып есептелмейтінін ұмытпайықшы ...»

Осындай күлдібадам күйімізді мойындай отырып, әлемнің ой алыптарынан асып түспесе, кем түспейтін Абайымызды таныта алмаған қазақты басқалардың танитынына күмәнмен қарамасқа әддіміз жоқ.

#### IV.

Бір ғибрат аларлық қасиет мына бізбен көршілес орыс және Еуропа халықтары өздерінің белгілі адамдарының үрім-бұртағын жеріне жеткізе зерттеп (қыздан туды демей), көз алдында ұстап отырады. Енді бір үлгі аларлық қасиеті – сырттан келген кірмелерді де жатсынбай, иемденіп алады. Орыстың ұлттық мақтанштары – Пушкин мен Лермонтовтардың ата-бабалары шеттен келген деп айтсаң, осы күні адам сенбейді. Тұрсын Жұртбай осы кітапта «Алтын Орданың тұсында басталған шокындылардың ұрпағынан орыстардың ардақтыларына айналған Державин, Карамзин (Қарамырзаның

тұқымы), Тургенов (Түргеннің тұқымы), Бекетов (Бекеттің тұқымы), Менделеев (Меңділінің тұқымы), Куприн (Құлыншақтың тұқымы), Анна Ахматова (Ахмет ханның тұқымы) іспетті тұлғаларды атаған. Әрине, суы мол арнасы терең үлкен өзендер кішігірім өзеншелерді бұлақтарды өзіне тартып, сіңіріп әкететіні рас. Ал, біз болсақ аз ғана қазақты ру-руға, жүзге бөліп, маңдайымызға біткен ұлыларымыз Мұхтар мен Ғабиттің бірін – қожа, бірін – түркімен деп, түбірлеп айтудан жалықпаймыз. Тіпті Мұханды Хазіреті Әлидің отыз бірдеңесінші ұрпағы деп мөлдіретеміз. (Туу туралы куәлігін ұстап отырғандай). Онан да бір жарым – екі ғасыр шамасындағы Құнанбай, Абай ұрпақтарын түгендеп алайық та. Тұрсын Жұртбай мына кітабында осы жағына назар аударып, шежіре түзепті. Біз оның жазбаларына күмәданбаймыз. Өйткені, ол сол ортада туып, өскен. Ақсақал, қарасақалдарын көрген, тілдескен жазушы.

Ақынның сүйікті ұлы Әбдірахманнан кейін «аузымды сөзден, алдымды даудан босатқан» дейтін, жасынан денсаулығы кінәратты екінші ұлы Мағауиядан соң 40 күн өткенде адамзаттың ақылманы Абай Шыңғыс сыртындағы Балашакпак деген жерде дүние салады.

Абай қазасынан соң 40 күн өткенде, Абайдың 18 жасында туған тұңғышы, жасынан Құнанбайдың кенжесі атанып, Абайды аға есебінде таныған Ақылбай (ақын әрі сазгер) тосыннан қайтыс болады. Міне, Абай ұрпағының басына түскен қаралы күндер осылай басталады. Екі некеден тараған жеті ұл, үш қыздан ХХІ ғасырға жалғыз ғана тұяқ жетіпті.

– Абай үш неке қидырған, – деп жалғайды Тұрсын Жұртбай. – Ең үлкен бәйбішесі Ділдә – атақты би Қаракесек Қаздауысты Қазыбектің тұқымы, Алшынбай бидің Жүсіп деген баласының қызы. Абайдан екі жас үлкен екен. 1924 жылы қайтыс болған. Ділдәдан Ақылбай (1861-1904), Әкімбай (1866-1874), Әбдірахман (1869-1895), Мағауия (1870-1904), Гүлбадан (1863-1932), Райхан (1871-1896), ал екінші әйелі Әйгерімнен (1856-1918), Тұрағұл (1875-1934), Мекайыл (1884-1931), Ізқайыл (1895-1929), Кенже (қыз, 1901-1922) есімді төрт бала дүниеге келген. Екінші дүниежүзілік соғыста жеті шөбересі, ал 1924-34

жылдар арасында 8 немересі қуғын- сүргінде опат болған. Әмеңгерлік дәстүрмен үйленген Еркежаннан ұрпақ жоқ. (Еркежан – Абайдың інісі Оспанның жесірі, оның Оспаннан көрген сәбилері ерте шегінеп кеткен). Абай осы Еркежанның қолында дүние салады. Абайдың қолжазбалары мен балаларының шығармаларын, суреттерін, үй іші заттарын тәркілеуге ұшыраған тұста Жағыпар Мағауияұлы Ділде мен Әйгерімнің зираттарының қасына көміп кетеді. Ишағы Жағыпарқызы елуінші жылы арнайы іздеп барып қаздырғанда, көмбені біреу ұрлап кеткенін анықтайды.

– Абайдың Әбдірахманы Томскіде, одан соң Санкт-Петербургтегі артиллерия училищесінде оқып, әскери қызмет істеп жүрген кезде Алматы қаласында сырқаттан қайтады.

Абайдың Әйгерімнен туған үш ұл, бір қызы кеңес өіметінің қудалауына түсіп, азапты өмірді бастан кешті. Тұрағұл Абайұлы қазақтың тұңғыш саяси партиясы «Алаштың» басқарма мүшесі, халық биі болды. 1919-1920 ж.ж. Кеңес үкіметі алаштықтарға кешірім жариялаған соң, Әлихан Бөкейханов, Міржакып Дулатов Тұрағұл ауылын паналады. Тұрағұл да қудалауға түсіп, 1924 ж. жер аударылды. Кезінде көптеген аудармалар жасаған. Шымкент жақта жасырынып жүріп, Мәкен деген қызының қолында қайтыс болады. Сүйегі Шымкенттегі қорғасын зауытының астында қалады. Мәкен біздің Қарағандыда болған, музей үйінде жұртшылықпен кездескен. Тұрсын Жұртбай Мәкен қайтыс болғанда «Қазақ әдебиеті» газетіне көлемді қазанама-мақала жазған. Ізқайыл мен Мекайыл Абайұлдарының тағдыры да қайғылы аяқталады. Құнанбайдың Күнкеден туған ұлы Құдайбердінің баласы ақын, философ Шәкәрімнің өмір жолы да осы кітапта баяндалған. Әубәкір Ақылбайұлы асқан шешен, суырып салма ақын болған. Інісі Исрайылмен қосылып, Огинскийдің «Полонезін» Моцарттың «Түрік шеруін», татардың «Бала мискенін», «Цыган қызы Аза», тағы басқа романстар мен қазақ күйлерін скрипка, мандолин, домбыра, гитара, сырнайға қосып, оркестрмен орындайтын болған. Әубәкір босқында жүріп көз жұмды. Зүбәйір де осындай қасіретті күн кешкен. Ол да Ташкентте оқып жүргенде өлді. Әнші, әдебиетші, күйші болатын. Кәмила

Мағауияқызы Мұхтар Әуезовтің жары болған. Таптық тұрғыдан күйінді болып, арандатушылардың кесірінен ажырасқан.

Мәкен Тұрағұлқызы Абай әндерін бізге жеткізді. Мұхтар Әуезовтің көмегімен нотаға түсіртті.

XXI ғасырға тірі жеткен Айдар Бағыфұрұлы Ақылбаев 1949 жылы туған. Оның жалғыз ұлы Данияр Санкт-Петербургтегі гидрометеорология институтының мұхиттану факультетін тәмамдады, – деп жазады Тұрсын Жұртбай. Абай ұрпақтары туралы тереңірек білгісі келген оқырман аталған кітаптан өзі табар деген оймен басқа да мәліметтерді осы мақалаға енгізуді лайық көрмедік.

Мұсылмандық дүниетаным – ең таза, сенімді жол. Басқа діндегілерге көлеңке түссін деп айтпаймыз. Өз дініміздің имандылығын жария ете берейік деген мақсатпен айтамыз. Олай болса Бас мүфти, діни ғалым басшымыз Әбсаттар Дербісәлі қажының «Жас Алаш» газетінің 18 наурыз 2011 жылғы санында жарияланған мына бір терең мазмұнды, әр мұсылманның жүрегіне жазылатын сөзін назарларыңызға ұсынып, мақаламызды аяқтайын. «Сүйікті пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің хадисінде: мүмин (мұсылман) жәннатқа кірмейінше жақсы сөзді тыңдаудан жалықпайды» деген. Мұның мәнісі мүмин тек сөзге құлақ асып (тыңдап, оқып), өсек-аяннан аулақ болады дегенді білдіреді.

Кәсіпте – адал. Туралықта – әділ, басқаруда – белсенді, құмарлықта – есті, яғни құмарлыққа елікпейді. Әрекет еткенге камқоршы. Мүмин – өзін күндегенге зәбір көрсетпейтін және аманатқа қиянат етпейді, күндемейді, маскаралап, даттамайды және тіл тигізіп күнәһар болмайды. Өзіне қарсы болса да расты мойындайды. Жалған ат таңып, мазақ етпейді. Намазда – момын. Зекетте – асығыс. Күйзелісте – байсалды да байыпты. Молшылықта – шүкір етуші. Барға – қанағатшыл. Мүмин бөтеннің нәрсесінен дәметпейді және дөрекіліктен аулақ болады». Мүмин осындай дәрежеге жетсе, Абай – дана сөзімен айтқанда «Толық Адам!» аталады. Ұлы ақынның ұлы арманы осындай адам. Мына кітап осындай адамды армандап жазылған.

*2011 жыл.*

## АЛАШ ҮШІН ЖҮРЕГІН АЛАУ ЕТКЕН

Әлекең байшыл емес, жанның бәрін бірдей көреді.  
Ешкімнен ештеңе алайын демейді. Қазақтың камын жеген  
сорлы, тілеуі қабыл болмай, Есенкелді, Саржан, Кенесары,  
Наурызбайдай арманда кетті, қайтейін. Дүние жалғанда  
шаһит, қиямет таңда Алла, ел үшін өліпсің. Туған адам  
өлмек, жау қолында шаһит болыпсың! Дүниеден кеттің  
арманда, армансыз кім бар жалғанда, топырағың торқа қып,  
рақым айла қалғанда..  
*(Әлихан Бөкейханның інісі Смахан төре)*

Қазақта жігіт сұлтанын көкке көтеріп мақтағанда толғауы  
тоқсан қызыл тілдің бар жеткен жері – сегіз қырлы, бір сырлы  
теңеуі. Алаштың ардагері атанған Әлихан Бөкейханов сынды  
дарабозға осы теңеудің өзі олқы соғады.

Ол – сан ғасырлар ішкі, сыртқы жауларымен арыстандай  
алысып, жолбарыстай жұлқысқан қазақ халқының азаттық,  
тәуелсіздігі жолында ғазіз басын, ғаріп басын бәйгіге тіккен  
жаужүрек күрескер көсем. Тар жол, тайғақ кешулерде қасқайып  
сөз бастаған серке саясаткер, замана тынысын шипагердей тап  
басып айыра білген жас баладай аңғал халқының назарын көпті  
толғандырған көкейкесті мәселелерге аудара білген, сол жолда  
алмастай өткір қаламын найзадай берік ұстаған публицист  
қаламгер-журналист (Әлекең анкетінде мамандығын журналист  
деп көрсеткен), елінің болашағы, тағдыры қандай кәсіпке  
байланысты өркендейтінін білгірлікпен болжаған ғалым-  
экономист, қазақ халқының тарихын саясат емес, нағыз ғалым  
ретінде саралаған тарихшы, ұлттың жаны – тілін, ділін, дінін,  
салт-дәстүрін пәруана болып қорғаған этнограф, ауыз  
әдебиетінің асыл қазынасына тереңдеп бойлаған фольклорист,  
сол заманда қазақ санасының шырқау биігі болған ұлы Абайды  
өз халқына ғана емес, өзге жұртқа да тұңғыш таныстырған ең  
бірінші абайтанушы, ислам дінін қазақтың ата-баба дәстүрімен  
орайластыра түсіндіре білген дін танушы, әдебиет әлеміне  
сыншы ретінде араласушы, орыс, Еуропа жазушыларының,  
ғалымдарының шығармаларын тәржімалап, ұлтымыздың

кажетіне жаратушы аудармашы, байлыққа, байлық арқылы жиналған бедел, мансапқа бас имеген, қызықпаған, адамды бай, кедей деп емес, ақылына, өнеріне, біліміне, адамгершілік қасиеттеріне қарап бағалап, ұлт мүддесін тап мүддесінен жоғары қоя білген, барша адамзатты ізгілікке шақырған дарқан жүректі біртуар, дара тұлға, еңсесі биік, санасы сергек, ақылы асқар дана адам, елін, жерін, Отанын елжіреп те, жалындап та сүйген еңіреген ер болған еді.

Біздің Әлекене берген осы бағамыздың артығы жоқтығын өз замандастарының лебізімен дәлелдеп көрейік. «Қараңғы казак көгіне өрмелеп шығып, күн болуды» армандаған, жастай дүниеден өткен көрнекті ақынымыз Сұлтан-Махмұт Торайғыровтың мына бір өлең жолдары Алаштың Әлекене арналған мөлдір махаббатындай:

*Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,  
Демейді қандай қазақ оны оң көзі,  
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,  
Талассыз жеке дара тұр ғой өзі...  
Заманда басқан аяқ кері кеткен,  
Жасымай Алашына қызмет еткен.  
Болса да қалың тұман, қараңғы түн,  
Туатын бақ жұлдызына көзі жеткен.  
... Басында ол қарағым тұр ғой дайын,  
Тек ұзақ өмір берсін бір құдайым.  
Дулатов, Байтұрсынов, Бокейханов,  
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.  
Кешегі қара түнде болмап па еді?  
Қазақ үшін шам қылған жүрек майын...*

Енді Әлекенің өмір қосқан, тағдыр табыстырған үзеңгілес серігі, мақсаттары бір нүктеде тоғысқан алғадай ерлердің бірі – Ахмет Байтұрсыновтың Әлекене арнаған «Досыма» деген өлеңінің бір шумағын тындап көрейік:

*Қырағы, қия жазбас, сұңқарым-ай!  
Қажымас қашық жолға тұлтарым-ай!  
Үйілген өлексені өрге сүйреп  
Шығармақ қыр басына, іңкәрім-ай!*



Әлекеңнің талантты ізбасарларының бірі, Алашорда үкіметінің белді мүшесі, кейін Қырғыз (казак) автономиялық республикасын құру және оның шекарасы мен өзіндік ерекшеліктерін белгілеуде зор еңбек сіңірген Әлімхан Ермеков те бір әңгіме үстінде мынандай жылы лебіз білдірген екен: «Ол кісі Санкт-Петербург орман техникалық институтының экономика факультетін тәмамдаған. Заң факультетіне Ленинмен бірге экстернат болып емтихан тапсырған. Шет елдердің тоғыз тілінде еркін сөйлеп, жаза білетін, - дей келіп, - Тоқырауын өзені Балқашқа бірде құйып, бірде құймайды ғой (қардың түсуіне қарай), сол сияқты Алаш үкіметінің бар мүшесінің ақыл-ойы сол Тоқырауын өзеніндей, ал Әлекең Балқаш көліндей дария еді ғой» деп баға берген екен. (Қ.Мәкенбаев, Қ.Сәдуақасов «Әлімхан Ермеков», Жезқазған қаласы, 1992 жыл).

Әлекеңнің інісі Смаханның «Әлекеңнің өмірі» атты естелігінде де («Жұлдыз» журналы» №3, 1996 жыл) және «Жұлдыздың» 2003 жылғы үшінші санындағы «Әлекеңнің әулеті» атты шежіре деректерінде де ағасына жүрегі елжірей отырып берген бағасы көңіл аударарлық. Смекең аяулы ағасын еске алғанда «Әлекең байшыл адам емес, жанның бәрін бірдей көреді. Ешкімнен ешнәрсе алайын демейді, пара алмайды. Қазақтың қамын жеген сорлы, тілеуі қабыл болмай Есенгелді, Саржан, Кенесары, Наурызбайдай арманда кетті, қайтейін! Дүние жалғанда шаһит, қиямет таңда Алла, ел үшін өліпсің, туған адам өлмек, жау қолында шәһит болыпсың! Дүниеден кеттің арманда, армансыз кім бар жалғанда, топырағың торқа ғып, рақым айла қалғанда...» деп тебіренеді.

Әлихан Бөкейханов 1866 жылы Семей губерниясы Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысы 7-ауылда (Қазіргі Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының жерінде) дүниеге келген. (Бұрын туған жылы 1866, 1867, 1869, 1871 болып әр түрлі жазылып жүрген. Кейін Омбы мұражайынан сенімді құжаттар табылып, туған жылы күмәнсіз анықталған).

Әлекеңнің шыққан тегі сонау Шыңғысханнан басталады. Шәкәрім Құдайбердіұлының шежіресінде: «Бөкей ханның тоғыз баласы болған. Олар: Шыңғыс, Есім, Уәлі, Тәуке, Батыр, Сұлтанғазы, Абылғазы, Көксал, Әбілмәмбет. Осында айтылған

Батырдың бір баласы – Нұрмұхамбет, оның бір баласы – Әлихан Бөкейханов. («Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі», Орынбор, 1911 жыл. 83 бет). Орта жүздің екі ханының бірі – Уәлі хан (Шоқанның атасы), екіншісі – Бөкей хан. (Патша өкіметі қазақ хандығын әлсірету үшін осылайша бөлшектеген. Кейін хандықты біржолата жойып, аға сұлтандықты негіздеген). Бөкей хан – Барак сұлтанның ұлы. Әбілқайырды өлтіріп, Көкжал Барак атанған.

Әлекеңнің әкесі Нұрмұхамбетті ел ішінде Мықан төре дейді. Анасы Бегжан - Бегім ханым - Тобықты Мамай батырдың Жолбарыс атты ұлынан туған Дулат батырдың қызы.

Смаханның естелігінде Әлиханның балалық, жастық шағынан біраз мәлімет берілген. «Алты жасқа дейін тілі шықпаған. Балуан, аусар, теріс бұтақ қисық, көнбейтін. Баксы, балгер, құмалақшы көрсе өтірік айтады деп қуады. Баксы «Әлихан келсе, жың кашады» дейді екен. Аң аулағанда бүркіт ұша алмайтын қызыл шұнақ аязда тоңбайды екен.

Жеті жасында Қарқаралыда Зариев деген татар молдадан тіл сындырады. Үш кластық орысша мектепке өз бетімен ауысып алады. Одан әрі үш жылдық училищені тәмамдайды. Білімқұмар жас 1888 жылы Омбы техникалық училищесін, 1894 жылы Санкт-Петербург орман техникалық институтының экономика факультетін бітіреді. Оқуын аяқтап Омбыға оралғанда Ә.Бөкейханов Ресей империясының отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйренген біршама тәжірибесі бар саяси күрескер еді. Студент кезінде-ақ сенімсіздердің қара тізіміне ілінген Әлихан алдымен Семей түрмесіне түседі, одан Самар қаласына жер аударылады. 1906 жылы жер аудару мерзімі бітіп, Орынборға келісімен қаланың қоғамдық, саяси өміріне белсене араласып, журналистік қызметін қазақ елінің азаматтық жолындағы күреске біржола бағыттайды. «Қазақ» газетін шығарушылардың және белсенді авторларының бірі болып Ахмет Байтұрсынов, Міржәкып Дулатовтармен рухани табысып, өз өмірін қараңғылықта қамалып, отаршылардың қанауында езіліп, жаншылған қазақ халқын оятуға бар білімін,

күш-жігерін, ақыл-ойын арнайды. Атақты «Қарқаралы петициясын» жазушылардың бірі болып. патшаның отаршылдық саясатын ашық әшкерелейді.

Жоғарыда айтқанымыздай, Әлекеңнің бойындағы асыл қасиеттерінің бір саласы ғалымдығы еді. Ол саяси күресті басты бағыт етіп ұстай жүріп, өз халқының сауатын ашуды, санасын оятуды, рухын шыңдауды бір сәт те естен шығармады. Өзінің өткенін білмеген халық болашағына селқос қарайтынын ол өзгелерден гөрі жақсы түсінді. Ғылыми еңбектерін осы бағытта өрістетті. 1903 жылы жазған «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және мәдени өркені» атты еңбегінде қазақ жерінің мың жылдық тарихы қозғалады. Автор сонау Геродоттан қозғап, қытай, ұйғыр деректеріне, көптеген оқымыстылардың еңбектеріне сүйене отырып, көне гүн, үйсін, арғын, найман, керей, алшын руларының тарихын, тағдырын сөз етеді. Монғол, қалмақ шапқыншылығы, «қазақ» этнонимін қалайша «қырғыз» болып бұрмаланғанын ашып көрсетеді. Қазақтың орыс, қытай, қалмақпен қарым-қатынасының тарихын баяндайды. Отарлау саясатының ішмерез құйтырқылығының сырын ашады. Патшаның қанды саясатынан қаймықпай тарихи шындықты жария етеді.

Әлекең 1910 жылы орыс тілінде жарық көрген «Қазақтар» (орысшасында сол кездегі атау бойынша «Киргизы» деп берілген) деген зерттеу еңбегінде қазақтардың Ресей бодандығына ұшырауы, орыс кара шекпенділерінің құнарлы жерлерге орналасып алып, қазақтарды шөл, шөлейт жерлерге ығыстыруы, қазақтардың атамекенінде біртіндеп азшылыққа ұшырауы, езіліп, жаншылып, қорлық, зорлық көрген қазақтар арасында «орыстан досың болса, қойныңда айбалтаң болсын», «орыс келді - қасқыр келді» деген мақалдардың тууына не себеп болғанын жасырып, жалтақтамай турашылдықпен айтады. Отаршылардың мұсылмандарды шоқындырмақ болған арсыз саясатын, қазақтардың сайлау құқынан айрылуын, арабша хат танитындардың сауатсыздар саналағанын бұлтартпас мысалдармен дәлелдейді. Қазақ жерін ешбір ғылыми агрономиялық шараларсыз оңды-солды жырту эрозияға ұшыратып, құнарсыздандыратынын Әлекең сол кезде-ақ айтқан

ғой. Ол заман тұрсын кеңес өкіметі тұсында да оған мән беретін адам болмай Қазақстанның көп жері пайдалануға жарамсыз болып қалғанын көріп отырмыз. 1908 жылы жазылған «Дала өлкесінің түкпіріндегі орыс қоныстары» деген еңбегінде де Әлекең жерді қалай пайдалану жөнінде ғылыми түсінік берген еді.

Қазақ халқының өзінің дәстүрлі кәсібінен – мал шаруашылығынан айырудың зардабы қандай қайғылы жағдайларға ұшырататынын терең ойлы ғалым сол кезде дабыл қағып айтқан болатын. 1904 жылы Том қаласында баспадан шыққан «Дала өлкесіндегі қой шаруашылығы» атты еңбегі – тұтас энциклопедиялық зерттеу. Әлекең қой шаруашылығының қыр-сырын жан-жақты талдап баяндап, біздің Қарағанды облысының аумағындағы «Қарқаралы, Қарақуыс, Едірей, Қу, Баянауыл тауын Бесқазылық дейді. Бұл - мал кіндігі. Қойға бұлардан артық жайлы жер дүниеде жоқ десе де болады. Мұнда 150 жыл отырып, мал тәрбиелеп бақпай, былғары заводына кірісу - түйені мұзға жетелеу» деп түйіндейді. Мал тұқымын асылдандыру, қол өнерімен нұғылданду жайы да ұмыт қалмайды. Патша саясаты бойынша «мал шаруашылығын тіршілік үшін ұстап жүрген жұрт 15-тен (десятина) жер алса, үлкен аяққа тар етік киген болады. Біз, қазақ-ау, 15-тен жер алмай тұрып, жан-жағыңа қара дейтінбіз, қазақ 15-тен жер алып, осы алақандай жерге мал бақпақ, бұған мал бағылмайды» деп жан дауысы шыққан Әлекеңнің осы еңбектерін асфальтта өскендер оқыса, жер сатуда адасқан пікірлерінен қайтып, халықтан кешірім сұрар ма еді деп ойлайсың.

Жер мәселесі – Әлекеңнің ең бір жанды жеріне тиетін, жүрегіндегі шері, уайым-қайғысы, асыл арманы деген жөн. Шынында жерсіз елдің келешегі жоқ, өзінен өзі құрып, тозып, жоғалатынын туған жерімен кіндігі бір Әлекең әбден түсінген.

Патша өкіметінің қазақтың бұрынғы ел билеу тәртібін сонау хандықтан бастап жойып, сайлау, партия арқылы іштей араздастырып, күндес етіп, мансапқорлық ауруын егіп, жалпы қазақ психологиясын өзгертіп, бұрынғы айтқан сөзде тұратын, «уағда — құдай аты» дейтін ер мінезді қазақтың күні үшін елін, жерін, ата-бабасының салт-дәстүрлерін, тілін, дінін, тарихын тәрк ететін қуыс кеуде бишара міскінге айналдыруды мақсат

ететінің әрбір мақала, зерттеуінде түсінікті тілмен, кейде жеңіл юмор, кейде ащы сарказммен ашына, күйіне айтқыш журналистік шеберлігіне тәнті боласыз. Кейбір «ел үшін жаным пида» деп жүріп, үй айнала, бел аса бере сатып кететін «көкектердің» ұрығы сол кезде төгілгеніне, содан өсіп-өніп, енді олармен күрестің жауға шапқандай қиындап кеткеніне қинала-қинала көзіңіз жеткендей болады. Бүгінгі арқалы да арынды ақынымыз Иран-Ғайыптың Абай атасына «Сен мыңмен жалғыз алыссаң, мен миллионмен алысып жүрмін» деуінің өзінде шымырлаған шындық жатқанында көңіліңіз шүбәсіз сенеді!

Кенесары хан өмірінің соңғы күндеріне арнаған «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» (Ташкент, 1923г.) атты еңбегінің құндылығы - сол кезде жасы 95- ке келген қырғыз Қалығұл Әлібековтің өз аузынан жазып алғандығында, көз көрген адамның сөзінің шындығында.

Жалпы Әлекең орыс заңына бас июді де, ескі шарифат заңына табынуды да қостамайды. «Орысшасы иттің жорғасындай» (Әлихан сөзі) жас болыстарды да ұнатпайды. Ел ішінен шыққан әр рудың сөзін ұстайтын билердің әділ болуын қалайды.

Ә.Бөкейханов орыс және дүние жүзі халықтарының әдебиеті, мәдениеті, ғылымынан барынша хабардар, кіммен болса да терезесі тең түсетін эрудициясы жоғары ғалым болғандықтан кай мәселеде қалам тербетсе де түбірлеп, дәлелдеп жазады. Өз пікірін жеткізуді қазақтың шешендік өнеріне сүйеніп, мақалдап, мәтелдеп, ұшқыр, қанатты сөздерді түйдектеп пайдаланып, оқушы, тыңдаушыны өзіне тартып, баурап әкетеді.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін тудырған қазақтан кара жұмысқа адам алу мәселесінде Ә.Бөкейханов бастаған ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдері қазақ жігіттерін майданға жіберуді кешеуілдетудің жолын іздестіруді, тіпті болмағанда қарусыз, қамсыз отырған бейбіт елді сақтау үшін жігіттердің кара жұмысқа баруын жақтады. Мұның өзін ауылдан ұзап шықпаған қазақ жігіттерінің көзін ашып, алыс, жақынды танытады, шынықтырады әрі Ресейдің қол астындағы басқа шағын ұлттар алдында беделін көтереді деп түсіндірді олар. Өмір сабағы осы пікірдің дұрыстығын көрсетті. Әлекең бастаған

казак оқығандары майдан шебіне дейін барып, казак жігіттеріне пайдалы ақыл-кеңес беріп, сабырлылыққа, қайда жүрсе де ел намысына кір келтірмеуге шақырады. Олардың Құнбатыс майданнан жазған хаттары, баяндамалары «Қазак» газетінде үзіліссіз жарияланып тұрды. «Сендер жақсы көрші мысалында өрт сөндіруге шақырылып отырсындар. Олай болса, колдан келгенше, көршілік, жақындық құрын өтендер. Жау жағадан алғанда казак баласы аттанға шаппады деген болмасын» деп жар салды. Бұл сөздер Әлекеңнің, Міржақыптың стилін аңғартады.

Әлихан Бөкейханов ұлт көсемі екенін айқындай түсетін оқиғаларға қайтып оралайық.

Патша өкіметі тұсында казак халқына да Мемлекеттік Думаға депутат сайлауға құқық берілген еді. 1906 жылы 27 сәуірде ашылған I-Думаға сайланған алты депутаттың бірі Әлекең болды. Осы Думаның депутаттары патшаның сөз бостандығын бердім дегеніне емексіп, үкімет басшыларын, заңдарын сынап, тым «солшыл» бағыт көрсете бастаған. Осыдан шошынған патша бұл Думаны 8 шілдеде қуып таратады. Дума небары 70 күндей істеп, 39 мәжіліс өткізеді. Ә.Бөкейханов сайлау кезінде түрмеде отырғандықтан Дума таратылған күні ғана Петербургке жетеді. Думаның қуылғанына наразы депутаттармен бірге Выборгке барып, патшаға қарсы үндеуге кол қояды. Осы үшін тағы да сотталып, 3 ай түрмеде отырады. Бұдан кейін казак халқы және оның басшылары патша Думасының ішкі сырын түсінгендей болады. Қазак оқығандары патша өкіметі құлаған соң Уақытша үкіметтен, оның Құрылтай жиналысынан көп үміт күтті. Буржуазиялық демократияның шарапатымен ұсақ ұлттардың өз үкіметін иеленуіне қамқорлық жасайды деп үміттенеді.

Алайда Уақытша үкімет, оның ішінде Әлиханның өзі мүше болып жүрген кадет партиясының басшылары казакқа автономия беруге қарсы шықты. Жердің сатылуын жақтады. Діннің саясат құралы болуын қалады. Міне, осыдан соң Әлихан Бөкейханов кадет партиясынан шықты. Қазақтан сайланған 9 өкілді бастап барып, Том қаласында өтіп жатқан Сібір автономияшыларының құрылтайына қатысады. Мұндағы мақсат - Г.Н.Потанин бастаған Сібір автономиясы құрыла қалса,

Қазақстанның соның құрамына өтіп, одан әрі Ресей сынды айдаһардың азуынан есебін тауып шығып кету еді. Бұл үміт те ақталмады. «Қайда барсаң - Қорқыттың көрі» дегендей, қазаққа басқалардың жаны ашымайтынына көзі жеткен Әлекең ендігі жерде бар күш-жігерін қазақ халқы тарихындағы тұңғыш саяси ұйым -Алаш партиясын негіздеуге бағыттады. Аласапыран заманда Әлекеңнің бар арманы тарихтың сан қилы қыл көпірлерінен біржола жойылып кетпей, рухын жоғалтпай өтіп келе жатқан қазақ халқын қалайда аман алып шығу еді. Өзінің мемлекеті, қару-жарағы, әскері жоқ казактардың тағдыры ұстара жүзінде тұрған аумалы-төкпелі заман келді. Патшаны тақтан тайдырған большевиктер Уақытша үкіметті де түрмеге тықты. Осы кезде Әлекең «Қазақ» газетінде «Николай тақтан түскеннен бері жұрттың сүйенген, таянғаны құдайдан соң құрылтай еді. Құрылтай басына бұтын көтеріп, большевик сарыды» деп жазды.

1917 жылы желтоқсанның 5-13 күндері Орынбор қаласында өткен Екінші қазақ-қырғыз съезінің қаулысы «Сарыарқа» газетінің (бұл газет Семейде шығып тұрған) 1918 жылғы қаңтардың 25 күнгі 29-санында жарияланды.

«Россия мемлекетінде халыққа сенімді және беделді үкіметтің жоқтығынан, ... бүліншілік біздің қазақ-қырғыздың басына да келуі мүмкін деп ойлап бүкіл қазақ-қырғызды билейтін үкімет керектігін ескеріп, қазақ-қырғыз автономиясы құрылып, ол «Алаш» деп аталсын. Алаш автономиясының жер үстіндегі түгі, суы, астындағы кеші Алаш мүлкі болсын. Қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтардың құқықтары теңгеріледі... жерсіз халықтар болса, оларға ұлт және мәдени автономия беріледі. Ұлт Кеңесі құрылып, ол «Алаш Орда» аталсын» делінді қаулыда. Алаш Орда үкіметінің басшысы болып Ә.Бөкейханов сайланды.

Кеңес өкіметі тұсында Алаш бағдарламасын орыс тіліне аударғанда қасақана бұрмалап, оқырманға Алаш партиясын, Алаш-Орда үкіметін сепаратистік, «Қазақстан казактар үшін» деген тар ұлтшылдық, ескі феодалдық тәртіптерді бұзылмаған күйінде қалдыруды көздеген саяси ұйым және үкімет етіп көрсетуді көздеген Н.Мартыненко сияқты кеңестік жалған тарихшылар шовинизм отына май құйып, өршіте түсті.

Алаш үкіметінің ғұмыры қысқа болғанын жоғарыда айттық. Кеңес Үкіметі оны да таратты. 1925 жылы Қазақстанда саяси билік Голощекин сынды Сталиннің қанды қол баскесері, орыстың өз патшасын бүкіл отбасымен қоса айуандықпен атып тастаған мизантроп келген соң туған елінің, халқының мүддесі үшін кеңес үкіметінің қызметіне белсене араласып, еңбек етіп жүрген алашордашылар түгелдей қудаланып, түрмелерге жабылды, жер аударылды, атылды. Олардың отбасылары, туған-туысқандары лагерьлерге камалып, азаппен өлтірілді.

Осы жерде жаңа отаршылардың жүз құбылған зымияндықтарын дәлелдейтін бірер мысал келтіре кетейік. 1917 жылы 2 қарашасында Ленин мен Сталин қол қойған декларацияда «Россия халықтары (оның ішінде, әрине қазақтар да бар) тең құқықты, суверенді болады... Тіпті дербес мемлекет болып кетуге де құқықты» делінген. Бұл алдап, бұғалықтап ұстаудың бір айла-шарғысы еді. Көп ұзамай Ленин осы уағданы «Халықтардың биліктерін өз қолдарына алу құқы мен соның қаншалықты қажет екенін (!) шатастырмау керек» деп қарғаша салып, жоққа шығарды. Ал, шығыс майданның қолбасшысы Фрунзе «ешқандай Алаш - Орда үкіметі дегенді біз білмейміз де, мойындамаймыз да, олармен... сөйлеспейміз» деп, қару көтеріп, қорқытып қойды. Кейінгі сталиндік Конституция да отаршылдық саясатты бекіте түсудің кезекті бір амалы болды. «Большевиктердің мұнысы, Аллалап отырып, қонған үйдің қатынына қол салатын жалған қожаның ісі болып шықты» дейді Әлекеннің өткір ажуасы тура осындай сұрқия көлгірлікке бағыттап айтылғандай.

Әлихан Бөкейханов – тұңғыш абайтанушы. Абайдың өмірбаянын, ақындығын алғаш жазған Әлекең. Қазақ мемлекеттік университетінде «Абайтану курсынан» лекция оқып тұрып, «Абай жолы» эпопеясы арқылы ұлы ақынды, сол арқылы мұқым қазақ халқын дүние жүзіне мағлұм еткен ғұлама жазушы Мұхтар Әуезов «Абайдың өмірбаянын алғаш жазған Кәкітай Ысқақұлы» деп айтып қалады. Сонда студент Мұхтар Мағауин «Аға, Абайдың өмірбаянын алғаш жазған Әлихан Бөкейханов емес пе еді? - деп тосын сұрақ қояды. Мұхтан мүдіріп қалып: «Оны саған кім айтты? Олай айтпа. Олай айтуға



болмайды» деп амалсыздығын сездіреді. Бұл бір жағы өзінің өмір бойы тоталитарлық жүйеден, оның еркін ойлы адамдардың соңына түсіп, ізін аңдатын иісшіл «Саяпаң құлақ» үндеместерінен сескенгендіктен, екінші жағынан, талантты шәкіртін алдағы қауіп-қатерден қорғап, жаңашырлықпен айтылған сөз деп білеміз. Орыстың әйгілі саяхатшы ғалымы П.П.Семенов-Тянь-Шаньский мен академик В.И.Ламанскийдің редакциясымен шығып тұрған «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» дейтін көп томдық альманахтың XVIII томы (1903 жылы) қазақ өлкесіне арналып, «Киргизский край» деп аталған Осы томды дайындаушылардың қатарында болған Ә.Бөкейханов «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи» деген үлкен бір тарауын жазған екен. «Население» деп аталатын 2-тараудың «Распределение населения киргизского края по территории, его этнографический состав, быт и культура» атты V бөлімінің жазылуына Әлекең тікелей атсалысқан. Осы еңбекте ол қазақтың ақын-жазушыларынан жалғыз Абай Құнанбаевты ғана атайды және оны қазақ әдебиетінің «жаңа бағытының өкілі» деп жоғары бағалайды. Кітапта Абай есімі Қонанбай деп кәте басылған. «Евгений Онегиннің (Пушкиннен) және Лермонтов өлеңдерінің ең жақсы аудармалары қазақтарға өте-мөте түсінікті шыққан, сол себептен де семейлік өлеңшілер арасында «Татьянаның хатын» жиі тыңдауға болады» деп жазған. «Жылдың төрт мезгіліне арналған ғажайып өлеңдері Еуропаның атакты ақындарының да құрметіне әбден лайық» деп әділ бағалайды.

Әлекең Абайдың ұлы Тұрағұлмен, Құдайбердіұлы Шәкәріммен, Ысқақұлы Кәкітаймен достас болған. Тұрағұл мен Кәкітай Әлекең Думаға депутат болып ұсынылғанда оны жақтап орыс тілінде үлкен жиындарда сөз сөйлеген. Әлекең Кәкітай қайтыс болғанда «Қазақ» газетіне қазанама жариялаған. Абайдың 1909 жылы Санкт-Петербургте Илья Бораганский баспасынан шыққан тұңғыш өлеңдер жинағының жарық көруіне Әлекеңнің сіңірген еңбегі орасан зор. Павлодарда Әлекең түрмеге түскенде портфеліндегі Абай өлеңдерінің қолжазбасын 5000 сомға бағалаған. Бұл сол заманда қыруар ақша! Осы жерде

Әлекеңнің рухани бауыры әрі серігі Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнәрдің «Аманат» атты естелігінде («Жұлдыз» журналы, №3-4 1994 жыл) сөз болатын мына бір әңгімені еске сала кетудің реті келгендей. М.Дулатов Сосновец лагерінде жүргенде жұбайы Ғайнижамал (Гая) артынан барғанда Міржақып Әлекең туралы мына бір жайды айтқан екен. «Бір жолы 1906 жылы Павлодар түрмесінде отырғанын Әлекең маған былай деп әңгімелеген еді, - дейді Жақан. - Қамауға аларда бас-аяғымды түк қалдырмай тінгіл шығып, соңынан қолымдағы портфелімді алғандарына қатты абыржып қалдым, оның ішінде Абайдың баспаханаға өткізейін деген қолжазбасы бар еді. Түрмеде мені қанша ұстап жазаласа да маған бәрі бір, тек Абайым сақталса екен дегеннен басқа ойыма ешнәрсе кірген жоқ, тек арыз арқылы соны естеріне салдым. Ал кісі түрмеде қарап отыра алушы ма еді, қолыма алған еңбекті аударып тастайын деп жұмысқа кірісіп кеттім. Мезгілдің қалай өткенін байқамай қалыппын. Бір күні түрме бастықтары келіп: «Сіз, Бөкейханов мырза, абақтыдан босадыңыз, жолыңыз ашық, шығыңыз» дегенде, мен «түрмеден әзір шықпаймын, жұмысымды бітіргенім жоқ, біраз күн отыра тұрайыншы» дегенімде, әлгілер сенер-сенбесін білмей: «Это Ваше дело, пусть будет так», деп шығып кеткен еді. Әлекеңде осындай жағдай болғанын естіп, біз көпке дейін күліп жүрдік», депті Жақан.

Әлекең Абаймен кездесті ме, жоқ па қазір кесіп айту асығыстық болар. Әйткенмен оның Абайды жан-жақты зерттеп, терен түсінгені айдан анық. Әлекең Шоқанды да, Ыбырайды да жақсы білген. Тегінде ұлыны ұлы ғана таниды деген сөз рас-ау.

Әлихан Бөкейханов орыс әдебиетінің тереңіне бойлап, тұнығын жүзіп ішкен адам. Ол Пушкин, Лермонтов, Герцен, Достоевский, Тургенев, Чернышевскийдің еңбектерін мұқият оқып, есімдерін илтипатпен атап отырған. Лев Толстойды «Күн жоғалмаса, жоғалмайтын жазушы» деп сүйіспеншілікпен бағалаған. «Воскресеньені» «нағыз өмір шындығы» дейді. Патша өкіметінің орыстың атақты, адал ұл-қыздарын Сібірге айдап, азаптағанын жиренішпен айта отырып: «Бауырым Ахмет, Мирякуб! Сенің скеуіңнің абақтың - Радишев пен Новиков абақтысы» деп жазады «Ұят-ай!» деген мақаласында.

Айдауда жүрген Ахмет, Міржақыптар Мәскеудегі Әлекен арқылы басқа пікірлестерімен, жақындарымен хабарласып, елдің жағдайын біліп тұрған. Бұл жөнінде Аханның Міржақыпқа жазған хатында айтылған.

Әлекеннің ата-анасына, туған-туысқандарына, туған жерге, өскен елге сүйіспеншілігі шексіз болғанына иісі Смаханның естеліктерінен қанықпыз.

Әлекеннің Семейде атқосшысы болған Рамазан ақсақалдың әңгімесі «Орталық Қазақстан» газетінде 1993 жылы желтоқсанның 7, 9 күндеріндегі сандарында басылды. Авторы Рақанның ұлы, елге құрметті азамат - Қабылбек Рамазанов. Рамазан ақсақал жүзден асып дүние салды.

- Әлиханды елдің көпшілігі «Ақа», «Әли-аға» деп атайтын. Мен жай ғана «Аға» дейтінмін. Бірде елге бара жатқанымда Әлекен «Рай, жусан иісін катты сағынып жүрмін. Балалар біле бермейді, өзің ала кел, - деп тапсырған. Сол тапсырмасын орындап келгенмін. Бір топ жусанды насыбай иіскегендей елтіп иіскеп, ұзақ тұрды да: - Жарықтық Желтаудың (Әлекеннің атамекені) ту өскен жусаны мен камшы сабындай сарымсағы мен тау жуасына не жетсін. Оны жеген қойдың етінен де жусан иісі аңқып тұрады. Майы шыны, ауызға алдырмайды. - Осы сөзді Ақа аса бір нәзік сағынышпен айтты...

1922 жылы шілде айында Мәскеуге алдырғанда Әлекен Желтаудағы туған-туысқандарына, ел-жұртына, аяулы анасына қоштасуға келеді. Сол жолы елге көп ақыл-кеңес береді. Білім алуға, отырықшылыққа үндейді. Қазақи қалпымызды ұмытып, ұлттық санамызды улап алып жүрмейік. Соны ұғындар, еске сақтандар, халқым. Тағы бір айтарым, қолда бар малға бауыр басып отыра берсе, күні ертең итің өзінді қапқан күйге түсесің. Басы артық малды осы бастан туған-туысқа, кедей-көпшікке үлестіріп беріңдер. Жаттың қолында кеткенше, ел-жұртыңда қалсын, - деп ақыл айтады. Анасы Бегімханым сол кезде 70-тер шамасында екен. Қоштасарда: «Апа, ғұмырым аз ба. көп пе, оны бір құдай білер. Барар жер алыс, менен топырақ бұйырмаса, аналық ақ сүтінді кеш» деп енесін емген ботадай иіліп кеп, кимешегін көтерді де, ашық төсіне маңдайын тигізіп, мейірлене иіскеп, тұрып қалды. О, ғажап! Ел айтса нанғысыз оқиғаны

сонда көрдім. Әлекең басын көтергенде анасының омырауынан атқылаған ақ сүті бетін жуып кетті. Осы бір жүрек толқыттар, жан тебірентер көрініске куә болғандардың ішінен көзіне жас алмаған адам жоқ... - деп әңгімелеген екен.

Әлекеңнің өзі тұрмыс қиындығын, өмір тауқыметін көріп жүріп Мәскеуге ауырып келген Көкпай ақынға, Сосновец лагеріне кетіп бара жатқан Міржакыптың жұбайы Ғайнижамалға жасаған көмегі, Міржакыпқа деп ақша ұсынуы – осының бәрі Ұлы Адамның айтып жеткізгісіз зор адамгершілігінің айғақтары.

Осы мақаланың соңында Әлекеңнің дінге, жалпы исламға көзқарасы жөнінде айтпасак бір мәселенің орны ашық тұрғандай болатын сияқты. Өйткені сол дәуірде бірталай молла, ишандар Әлекеңді кемітудің басқа жолын, ретін таба алмай оның әйелінің орыс екендігін алға тарта бастады. 1914 жылы 15-25 маусымда Петербургте болып өткен мұсылмандар съезінен кейін Доман молла Аманшы баласы (Орал облысынан) «Айқап» журналының бетінде Әлихан Бөкейханов «кәпірлердің кәсірі, дінсіздердің дінсізі, жоламаңдар, мұсылмандар, айтқанын алмаңдар, артынан ермеңдер!» деп ауыр айыптар тағып, халықты қарсы үгіттейді. Әлекеңнің діни сауаты әлгі моллалардан әлдеқайда терең де биік еді. Ол Қарқаралыда медреседе оқығаннан кейін 1889 жылы жазған «Қ. оязының молласының баяны» деген мақаласында (Қ.-Қарқаралы) дүмше моллалардың «өтірік, құранды ұстап жан беретінін, елді қараңғылықта ұстағанды тәуір көретінін сынайды. Бұдан соң да дін тақырыбына біраз мақалалар жазады. Мұнан түсінетініміз: Әлекең дінді емес, сауатсыз, дүниеқоңыз, жалған моллаларды әшкерелейді. Щербина экспедициясында болып, Ақмола, Семей облыстарының 12 оязын аралағанда ол ислам дінінің жайына енді ғылыми көзқараспен келіп, тереңдей зерттейді. Қазақтардың шарифат заңдары мен ата-бабаларының сенімнанымын қатар ұстануы исламнан бұрын шаман дінінде болуынан екенін түсініп, ғылыми қорытынды жасады. Осы мәселе бүгінде араб елдерінде болып, ислам дінінің заңдарын түбірлеп үйреніп келдік дейтін уахабшылар мен ата-баба аруағын кәдірлеп, табынатын діншілдер арасындағы келіспеушіліктің сырын да ашады. Әлекең казактар ислам дінін

басқа мұсылман халықтарына қарағанда өзіне тән әдет-ғұрып, өнер, білімін өзгертпей, негізін сақтап, оны көшпенді тұрмыс-тіршілігіне икемдеп қабылдаған» деп тұжырымдаған. Бұдан шығатын қорытынды: дін – ұлтты емес, ұлт дінді өз табиғатына қарай икемдеп пайдаланады. Бұдан ұлтқа келер зиян жоқ. Исламды қабылдаған соң қазақ қазақтығын жоғалтып, арабқа айналып кетпесе, ол - ұлттың өміршеңдігінің белгісі.

\*\*\*

Отаршыл озбырлар 1922 жылдан бастап ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановты Мәскеуде ұстады. Үнемі аңдуда болды. 1927-37 жылдары ұйқамақта болды. 1937 жылы Бутырка түрмесіне қамалды. 1937 жылы 27 қыркүйекте КСРО Жоғарғы соты жалған айыппен ату жазасына кесті. Үкім сол күні орындалды. 1989 жылы 14 мамырда КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан ақталды.

\*\*\*

Әлихан Бөкейханов өз өмірін қазақ деген халықтың бақытына саналы түрде арнаған. Оған дәлел жеткілікті. Бір ғана мысал. Павлодарда абақтыдан босап шыққаннан кейін ол Семейге келеді. Осы қалада Қарқаралы оязының бастығы Кинц дегенмен кездесіп қалғанда әлгі шенеунік Әлекенді кекетіп: Патшаны құлатамын деп шаршаған шығарсыз. Демалып жүрсіз бе? - деген екен. Сонда Әлекен: «қазақ халқының бір мақалы бар: «Ер - туған жеріне, ит - тойған жеріне». Менің сізге берер жауабым осы!» дейді. Кинцтің тәрбиелі әйелі айтылған сөздің астарын түсіне қойып, күйеуін одан әрі сөйлетпей: «Саған кереті осы еді! Сен Әлихан Нұрмұхаметовичтің туған жері, елі үшін азап тартып жүргенін түсінбейсің! - деп күйеуін сүйреп әкетіпті. Осы оқиғаны Әлекен Тұрағұлға айтыпты. Фон Кинцтің ұлты поляк екен. Сол кезде Польша да Ресейдің отары болып отырғанын, ал Кинцтің өз елін құлданушылардың сүйек-саяк тастап, абалатып қойған иті екенін меңзеп айтқан сөз осылайша нысанаға дәл тиген ғой.

Ә.Бөкейханов өзінің шығармаларында, сөйлеген сөздерінде, мақалаларында, партия бағдарламаларында бодандықтан құтылып, тәуелсіздікке жету үшін бірлік, тағы да бірлік керектігін үнемі қайталап айтып отырған. 1917 жылы 12 қазанда Семейге келгенінде өзін «ел бастаған еріміз» деп қуанышпен қарсы алған жұртшылыққа рахмет айта келіп: «Бостандыққа қуансаңдар, мені «басшымыз» деп айтқандарың шын болса, міне, мен өле-өлгенше сендерге қызмет кылуға уәде берем, сендер уәде бересіңдер ме, бостандықтың жолымен болуға? Бостандықтың жолымен болсаңдар: бишараны жемеуге, партияны қойып бірігуге, бас пайдасы мен жұрт пайдасын бірдей көруге, барлық күштеріңді ғылым жолына, бостандық арқасымен көгеру жолына жұмсау керек... Осыларды қылмасаңдар, бостандық өзінен өзі сендерге түк әкеп бермейді», - деп турасын айтты. Осы ойлы сөздер дәл бүгін айтылғандай.

Алаш арыстарының арманы толық орындалатын күн келді. Қазір экономикалық реформаларды тереңдете отырып, саяси реформаларға батыл түрде жол ашу – ол үшін отарлық жүйенің ел өмірінің барлық саласындағы қалдықтарын біржола күйрету, қазақ халқының ұлттық мүдделеріне кең жол ашу, қазақ тілінің іс жүзінде мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуын қамтамасыз ету, атамекеніміздің бар байлығына бірден-бір мұрагер болуға қол жеткізу керек. Міне, сонда ғана Алаш арыстарының аруағы бүгінгі ел басшыларына, отандастарына риза болады.

Ұлтымыздың ұлы да, ұстазы да бола білген, алдағы жеңістеріміздің дем беруші рух көсемдерінің бірегейі - Әлихан Нұрмұхаметұлы Бөкейхановтың туған елін бақытқа жеткізу жолындағы қасиет күресі, қайрат-жігері жас ұрпаққа үлге-өнеге бола берсін, деген тілекпен сөзімізді аяқтайық!

*2006 жыл.*

## АЛАШТЫҢ АРЫСТАРЫН ТЕБІРЕНТКЕН

### Қазы Нұрмұхамбетұлы кім?

Ауызыңды басып отырып «Сөйле» дейтін тоталитарлық заманда естігеніміз тұрсын, көргенімізді айта алмай ішқұса болдық қой. Алпысыншы жылдары Алаштың ардагері Әлихан Бөкейхановтың кенже інісі Смахан ақсақалмен Сарытерек аулында кездесіп, оңашада «Алашорда» үкіметі туралы сұрағанымда: «Қарағым, таң атпайын десе де, күн қоймайды. Өмір болса, уақыты жеткенде бәрі де жария болар, әзір айтуға ерте», - деп ішкі сырын ашпаған еді.

Құдайға шүкір, тәуелсіздігімізге қол жеткен жылдардың бедерінде тарихымыздың ақтаңдақтары ашылып, айтылып та, жазылып та жатыр. Соның бір парасы «Алашорда» ардагерлерімен сабақтас.

#### Азаттық жолында

Ақпан төңкерісі (1917 жыл) буржойдың, Қазан төңкерісі кедейдің мүддесін көздегені баршаға мәлім. Бір халықты бай, кедейге бөліп, Азамат соғысының өртін өршітіп, өзара атыстырды, шабыстырды, қанға бөктірді. Осылайша өліспей бітіспес қанды қырғын басталды. Қазақтың көзі ашық оқыған-тоқығандарының өзі жік-жікке жарылды. Мұстафа Шоқай бастаған бір тобы қазаққа бостандық, азаттық, теңдік тек түрік халықтары күш біріктіргенде ғана келеді деп Түркістан автономиясын құруға күш салды. Екінші бір топты Әлихан Бөкейханов бастап, Алаш партиясын негіздеді. Кейінірек Алаш үкіметін -«Алашорданы» құрды. «Дүние жүзінің құл-құтаны бірігіндер!» деп ұран салған лениншіл большевиктер осы екеуін де жөргегінде тұншықтырып, елім деген ерлерді «халық жауы» атандырды. Қара халық олардың атын атауға қорықты. Сондай атаусыз арманда кеткен ерлердің бірі - осы мақалада сөз болатын Қазы Нұрмұхамбетұлының тағдыры Алаш партиясы, «Алашорда» үкіметімен тамырлас әрі сабақтас. Бірінсіз бірінің бейнесі ашылмайды.

Арғы дайындық жұмыстарын айтпағанда, Бірінші Жалпы қазақ съезі Орынбор қаласында 1917 жылы шілденің 21-26 күндері өтті. Онда қаралған төрт мәселенің ішіндегі ең бастысы – қазақтың саяси партиясын құру еді. Алаш партиясы дүниеге келді. Партияның бағдарламасын жасау және Қазақ автономиясын құруға дайындық жұмысының жоспары белгіленді.

Алаш партиясының басшылары патша тақтан құлаған соң Уақытша үкіметтен, оның Құрылтай жиналысынан көп үміт күткен еді. Ұсақ ұлттарға жақсылық жасайды, буржуазиялық демократияның шарапатымен олардың өз мемлекеттігін береді, оған әр ұлттың өз үкіметі басшылық етеді деп сенді. Әлекең автономияны жақтамайтын, бар мақсаты - аз ұлттарды құлдану болған кадет партиясынан шықты. Ол сонымен бірге большевиктердің екіжүзді алдампаз саясатынан да түңілген еді. Ал, кейінде Сталин алашордашыларға Ленин берген кешірімді белден басып, оларды көгендеп айдап, қырып салды.

Алаш қозғалысының сардары Әлихан Бөкейханов 1917 жылдың қазан айының 21 күні Омбыдан келді. «Сол күні Семей қазақтары бұрынғы губернатор мекемесі, қазіргі «Бостандық» үйіне ағыла бастады... Сегіздегі бала, сексендегі шал да қалмай дегендей, қуанышпен отарбаның келуін тосқан еді. Семейде Әлекеңді құдайдан сұрап алған жалғызындай құттықтады». Бұл дәйек сөз Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабының 1927 жылғы басылымынан алынған.

С.Сейфуллиннің Алаш қозғалысын жақтырмағаны мәлім. Әлгі оқиғаны Сәкен Әлиханды мадақтайын деп жазған жоқ. Сөз саптасында да кекесін бар. Сәкен де өз халқын құлай сүйген патриот. Көрмеген қияметі де жоқ. Ақыры Кеңес үкіметінің «қамқорлығымен» туған елін бакытқа жеткізем деген Қызыл сұңқар революционер өз партиясының - коммунистердің қанды қолынан қаза тапты. Міне, қазақ оқығандары сиырдың бүйрегіндей бытырап, дара-дара болуынан сталиндік зұлматқа жем болды. «Бөліп ал да, билей бер» деген сұрқия саясаттың адастыруынан туған қайғылы, қасіретті хал осындай.

Әлихан Бөкейхановты Семей халқының құдайдай қарсы алғаны рас. Әлекеңді жастар атынан құттықтаған Сұлтанмахмұт



Торайғыровтың мына лебізі жиналған дүйім жұрттың жүрегін жарып шыққан сөз еді:

*«Көш бастаған еріміз,  
Қуанышта еліңіз.  
Төбеміз көкке жеткендей,  
Көкіректен бүгін кеткендей,  
Сізді көріп шеріміз...  
Алаш туын қолға алған,  
Қараңғыда жол салған  
Арыстаным, келіңіз!».*

Оқушылар атынан сөйлеген Аймауытов та ағыл-тегіл төгіледі: «Қаранғыдан қан жылап қаңғырған күнде басыңды Алаш жолына құрбан қылған ағамыз, асқар тауымыз, Сізді көргендегі жүректің қуанышын тіл айтып жеткізерлік емес. Өмірің, жүрген жолың біз –інілеріңе жағып қойған шамшырақ! Жасасын сүйреген Алашың! Жаса, сабазым!».

Әлекең жиналғандардың көзіне Бостандық болып, ғасырлар бойы Ресей отаршыларының құлдығында жаншылып, тапталған қазақтар үшін «Жүрек майын шам қылған», адамзатқа от жеткізген Прометей болып көрінді. Әлекең бостандық жолында бірігуге, бас пайдасы мен жұрт пайдасын бірдей көруге, барлық күшті ғылым жолына жұмсауға шақырды. «Міне, осыларды қылмасаңдар, бостандық өзінен-өзі сендерге түк те әкеліп бермейді» деп ескертті. Осы әулиелік сөз бүгін де, ертен де өлмес күшінде. Семейде қарсы алудан соң Әлекең жүрегінде елім деген оты бар баршаны өз маңына топтастыра бастады.

Екінші «Жалпы қазақ-қырғыз съезі 1917 жылы желтоқсанның 5-13 күндері Орынборда өтті. «Сарыарқа» газетінің (Семейде шығып тұрған) 1918 жылы қаңтардың 25-күнгі 29-санында «Съез қазақ-қырғыз автономиясын «Алаш» деп атап қаулы етті. Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша ұлт кеңесі құрылсын: мұның аты «Алашорда» болсын. «Алашорданың» уақытша тұратын орны - Семей қаласы болсын. «Алашорда» бүгіннен бастап қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады» деп атап көрсетті. Алаш милициясы (аты осылай аталғанымен бұл мемлекет ішінде бассыздық, талан-таражы, қырылыс-талас болып

жатқанын ескеріп, халықты осындай бүліншіліктен және сыртқы дұшпаннан қорғау үшін құрылған әскер деп түсінген жөн. М.Х.) құру мәселесі шешілді.

### Алаштың алғаш құрбаны

1918 жылы қыс ортасында Семей (Жаңа Семей - Алаш) қаласында қазақ жігіттерінен милиция ұйымдастырылады. Милицияны басқарушы офицер ретінде Семей мұғалімдер семинариясының оқушысы, семинарист Қазы Нұрмұхамбетұлы тағайындалады. Бұл кезде Қазы, Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев - бәрі бір класта, үшінші курста оқитын.

Милицияны ұйымдастырудағы қиындықтарды жігерлілікпен, іскерлікпен жеңген Қазының беделі өсіп, көптің сүйіктісіне айналады. Міне, осындай қарбалас шақта атты милицияларды жаттықтырып, ойнатып жүргенде большевик солдаттары Қазыны қапыда атып өлтіреді. Қазының өлімі «Тар жол, тайғақ кешуде» екі ауыз сөзбен ғана «Қазы деген жігіт өлді» деп ат үсті айтылады. «Сарыарқа» газетінде (1918 жылы наурыздың 18-күнгі санында) «Тұңғыш құрбан» деп аталатын көлемді мақала жарияланды.

Осы мақаланы «Жас Алаш» газеті 1994 жылы, арада 76 жыл өткенде сол кезде Семейде тұрған ғұлама ғалым, елін сүйгені, шырылдап шындықты айтқаны үшін Кеңес түрмесінде ауыр азап тартқан ер азамат Қайым Мұхаметханұлының түсінігін бере отырып жариялады. Оқиға 1918 жылы 6-наурызда таңертеңгі сағат 9 шамасында Алаш қаласында болады. Мылтықсыз ойнап жатқан атты қорғаушылардың (милициялардың) жанына 10-15 солдат келіп, «ойындарыңды тоқтат, мылтықты бер» деп қоқан-лоқы мінез көрсетеді. Оған милиционерлер өз жүректерінде ұлт сақтаудан басқа ешкімге қастық қылатын ниеті болмаған соң, қарсы да келмейді, ойынын да тоқтатпады, - деп жазады.

– Солдаттар мылтық атады. Мылтық даусы шыққан соң бірлі-жарым жігіт кашуға айналған кезде милиция бастығы Қазы Нұрмұхамбетұлы жігіттерге айкайлап: «Қайда барасыңдар? Жазықсыз өлсек - өлейік. Бәрімізді қырмас» деп тоқтау айтып,

өзі орнында тұрады. Сол арада мылтық үсті-үстіне атылып, Қазының өзіне де, атына да оқ тиеді. Оқ жүректен тиген. Есіл жас сол арада жан тапсырады. Ертеңіне халық көп жиналып, жаназасын шығарады. Алаш жолында құрбан болған жас бағланды ұмытпасқа белгі болсын деп екі рет суретке түсіреді.

Бұдан әрі оқиғаны сол «Сарыарқа» газетінде баяндалған күйінде беруді жөн көрдім.

«Қабірге қойып, құран оқылып болған соң Шәкәрім ақсақал халыққа қарап сөз сөйледі.

– Әлеумет, мына жатқан кім, білесіңдер ме? Бұл ұлт үшін шыбын жанын құрбан қылған Алаш азаматының тұңғышы. Мұны өлді демендер, бұл өлген жоқ. Бұл бүгінгі және мұнан соңғы ұлтым деген азаматтар, мына мен сияқты болып, «ұлтым» дендер деп өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, ісіен көрсетті. Марқұмның аты да Қазы еді, Қазы - би деген сөз. Қазы билігін айтып кетті.

Қарағым, Қазы! Өліміңе өкінбе! Арманың жоқ. Құдай алдында да, жұрт алдында да сенің орның бөлек. Оқығандар! Жастар! Мынау жолдастарыңды ұмыта көрмендер. Мұның үй ішінің міндеті сендердің мойындарыңда. Бір кішкентай көзінің қарашығы (бір жасар ұл баласы) қалыпты, соны тәрбиелеп адам қылу, бәрінің, барлық Алаштың мойнына парыз. Және өздерің де бұл оқиғаға қажымаңдар. Құдай тағала Алашқа шын ұл бергеніне бүгін ғана көзім жетті. Алпыс жасқа келгенде, мұндай ұлт үшін жанын қиып, құрбан болған азаматты көремін деген үмітім жоқ еді. Көрдім. Енді, бүгін өлсем де арманым жоқ. Қарағым, Қазыжан! Қадіріңді біліп, құрметтей алмасақ, кешу қыл, кош! Қабірің нұрлы болсын! – деді. Жиылған әлеумет жылап-еніреп жіберді...». Сонан кейін Міржақып Дулатұлы мынаны айтты деп Міржақыптың соңғы жинағына енген жоқтау жырды толық келтіреді. Үзіндісі мынадай:

Міржақып: «Мынау кім жатқан, әлеумет, жас қабірді жамылып?» деп сұрақ қойып алады да, оған өзі жауап береді.

*« ... Бусанып жатқан жас қабір*

*Иесін мұның айтайын:*

*Мақсұты ұлттың жолына,*

*Туын ұстап қолына*

*Жас өмірін пида еткен,  
Жар-жолдасын күйзелткен  
Алаштың адал баласы,  
Армансыз өлген данасы!  
Жүректен жалғыз оқ тиген,  
Жаза баспай, дөп тиген.  
Алаштың бұл құрбаны,  
Аяуды жолдас Қазы жас,  
Қош бауырым, жолдасым!..»*

Жиналған жұрт қамығып, көңілі босап, көзіне жас алады. Бұлардан кейін Райымжан (Марсекұлы), Жанғали қажы, Мұстақым Малдыбаев сөз сөйледі.

Ақырында бірге оқып жүрген Жүсіпбек (Аймауытұлы) еңіреп тұрып:

«Жан бауырым, жолдасым! Қош бол, Жасаған алдыңды өзіңе, артыңды бізге қайырлы қылсын! Талаптандың, талпындың, оқып қатарға кірдің. Бұл күнде мынандай мезгілсіз қазаға душар болдың, өкінбе. Ұлтың үшін туып едің, ұлтың үшін өлдің. Кеудеңде бір-ақ арманың кетті. Ешкімге оқ атып, қылыш суыра алмай, жазықсыз оққа ұштың: тым болмаса, бақытыңның шетін көре алмай кеттің. Қош бауырым, жолдасым, қош! - деп көзінің жасын тыя алмай, сөзін әрең тоқтатты».

Аталған мақалада Қазының 22-де, Семей уезі, Еңірекей болысында Сыбан деген рудан екенін де айтады. Семейден 2 класты мектепті бітірген соң бірер жыл бала оқытып, қаражат жинап алады да, 1915 жылы семинарияға оқуға түседі. Оны келесі жылы бітірем деп жүргенде, ұлт тілегін зор көріп милицияға жазылып, одан кейін оған бастық болады. Ақ көңіл талапкер, жігерлі, ұлтшыл жас болғанын атап жазады.

Басшы азаматтар, облыстық казак комитеттері кеңесін, маркұмның басына ескерткіш тас қоюға, жақсылап бейіт салуға қаулы алады. Қазының оқуға жасы жеткен бір інісін оқытуға стипендия ашады. Кәрі ата-анасына және әйелі мен баласына мың сом жинап беруге келіседі. Жетісіне жұртты шақырып, құран оқытып, дұға қылдырады.

Алаш аман болса, бұл тұңғыш құрбан ұмытылмас, тарихта аты калар. Бірақ, біздің бұдан үлгі алып, жүрегімізді соның

жүрегіндей қылуымыз керек. Рухың шат болсын, шейіт болған Алаштың бір баласы. Біз де сенің ізінде. Қош жолдасым! - деп аяқталады мақала.

Қазының өлімі Омбыда оқып жүрген казак жастарын да қатты қайғыртады. Омбыдағы «Бірлік» атты жастар ұйымының басшылары: Смағұл Сәдуақасұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Ғаббас Тоғжанұлы және Асхан Сайдалыұлының көңіл білдірген жедел хаттары «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы сәуірдің 15-күнгі санында жарияланады.

«От жанды, ұлт қанды есіл қыршын жас Қазының арманы жоқ, ұлт жолында тұңғыш құрбан болды. Жастарға жолбасшы жұлдыз, түпкі идеал болды. Біздер Қазыны және оның үлгілі жолын ұмытпасқа, Құдай алдында, ар алдында уәде бердік. Сол уәдеге бірінші негіз салу үшін 20-сәуірде казакша ойын жасап, түскен саф пайданың жартысын артта қалған бір жасар ұл баласының тәрбиесіне бермекші болдық. Және басқа уақыттарда жәрдем көрсетіп тұруға қаулы істедік» делінген «Бірлік» жастары қол қойған жеделхатта.

Міне, Алаштың Шәкәрім, Міржақып, Жүсіпбек, Бейімбет сынды арыстарын терең тебіrentкен, Семейде, Омбыда оқып жүрген талантты жастарын толғандырған Қазы Нұрмұхамбетұлының қайғылы тағдыры осындай.

### Қызыл қырғынның кесанаты

Осы қайғылы оқиғаны өзі көрмесе де, кәрі құлақ адамдардан естіп білген Қазының інісі Кенжеқазының жұбайы Хұсни-жиһан Әбілмәжінқызы (Мақайқызы) Қарағандыда 83 жасында дүние салғалы 16 жылдан асты. Осы кісінің айтқан әңгімесінің мазмұны мынадай:

...Қазының келіншегі орыс қызының есімі – Нина екен. Олардың ұлының аты -Меқайыл. Сол Нина Қазы өлген соң ішкі жаққа баласын алып кетеді де, 9 жылдан соң баланың өлгенін хабарлап, Қазының қанды көйлегін марқұмның інісі Тәуелқазыға жібереді. Қазы діні бөлек Нинаға үйленгеніне Алладан кешірім сұрап, «Менің жүрегіме ақ махаббатты орнатқан өзің ғой» деген мағынада өлең де шығарған екен ғой.

Қазының ата тегі – Найман тайпасы, оның ішінде Сыбан руынан. Ұлы атасы Атақара молладан Быламық пен Нұрмұхамбет туады. Нұрмұхамбеттің кіндігінен 5 ұл болған екен. Олар: Құдайберді, Ісләм, Қазы, Тәуелқазы (Тәукен), Кенжеқазы. Алашордашыларды және олардың туыс-туғандарын аңша аулау науқанында Құдайберді мен Ісләм сондарына түскен жаналғыштардан бас сауғалап қашып кетеді де, ізін суытып Аягөз жакка оралып, ақыры аты жөндерін өзгертіп, зым-зия жоғалады. (Қытай асып кетуі де мүмкін). Тәуелғазы (Тәукен) Нұрмұхамбеттің атынан шығып, Быламықов боп жазылып қызмет етеді. Семейде ет-консерві комбинатында директор да болады. НКВД жендеттері ақыры ұстайды. Бұдан кейінгі тағдыры белгісіз. Одан қалған жалғыз қыз Хамила 1976 жылы Аягөзде дүние салады.

Қазының кенже інісі Кенжеқазы ағасы опат болғанда жас екен. Кейін оқып, мұғалім болады. Мұны да қудалай бастағанда Тарбағатай жакка өтіп кетеді. Ол жерде де жаны қалмайтынын түсініп, өзі тіленіп майданға аттанады. Карелия жерінде ерлікпен қаза табады. Сүйегі сонда бауырластар қорымында. Артынан кара қағаз келеді. Одан қалған екі қыз -Нұрфатима мен Гүлфатима. Біріншісі – Қарағандыда, екіншісі – Алматы облысының (бұрынғы Талдықорған облысы) Ақсу ауданы, Жансүгіров аулында тұрды. Балалы-шағалы. Нұрмұхамбеттен өрбіген ұрпақтың қайғылы тағдыры қысқаша айтқанда осындай.

1997 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің қыркүйектің 26-күнгі (№23) санында Марат Әпсемет «Міржақыптың ақындық шеберлігі» деп аталатын мақаласында «Қази Торсанов зиратының басында тұрып шығарған қоштасу жырында былай дейді» деп жоғарыда берілген «Тұңғыш құрбан» деген өлеңін түгелдей алға тартады. Еріксіз ойға қаласыз. Бұл қалай? Бұл өлеңнің Қазы Нұрмұхамбетұлына арналып шығарылғанын «Сарыарқа» газеті оқиғаның ізі суымай-ақ жариялаған жоқ па еді? Нұрмұхамбетұлының азан шақырып қойған аты Қази емес, Қазы, текесімі Торсанов емес, Нұрмұхамбетұлы екенін Шәкәрім Құдайбердіұлы, Бейімбет Майлыұлы анық айтпап па еді? Тіпті, руына, жасына дейін тәптіштеп жазбап па еді? Сонда Торсанов деген қайдан шықты? «Тар жол, тайғақ кешуде» Торсанов деген

біреудің есімі аталады. Бірақ, ол Қазы Нұрмұхамбетұлымен ұш қайнаса сорпасы қосылмайтын бөтен адам. Мен осы айғақтарды келтіре отырып, шындықты бұрмаламай түзету беруді сұрап, «Қазақ әдебиетіне» хат жазған едім. Одан хабар-ошар болмады. Нәті беделді газет қателігін мойындағысы келмеді-ау деймін.

Кейін Семей жақтан сұрастырғанымда: Қазы Нұрмұхамбетұлының мәйіті жерленген зират жойылған, ол қазір әуежайдың ұшу алаңының астында қалған екен. Міне, «Алаштың алғаш құрбаны, есімін ел есінен шығармайды» деген Қазы Нұрмұхамбетұлы әлде біреудің қателігінен Қази Торсанов болып бүгінгі ұрпаққа теріс түсіндіріліп барады. (Ә. Бөкейхановтың сүйегі бертінде Мәскеу түбіндегі Дон зиратында екені анықталды. М.Х.).

Бүгінде Тәуелсіздік алып, өлгеніміз тірілгендей, өшкеніміз жанғандай болып жатырмыз. Аллаға мың мәрте шүкіршілік айтамыз! Алаш арыстары армандап, қанын төккен, жанын қиған ақжарылқап күн туды. Бостандық, теңдік ұраны іске асты. Енді елін, жерін, ұлтын сүйген ұлтшыл (бұл сөзден қорқудың орны жоқ, шыны солай) ерлер есімі тарихымызға оралып, алтын әріптермен жазылуы керек. Сонда ғана аяулы арыстарымыздың аруағы бүгінгі ұрпағына риза болады.

*2003 жыл.*

## ӘЛЕКЕҢНІҢ БАУЫРЛАРЫ<sup>1</sup>

Әлихан Нұрмұхамбетұлын оның кіндік қамы тамған Ақтоғай аймағында Әліхан, кейде Әлхан деп те атайтын. Ал қазіргі Әлихан атауы орысша Алиханның қазақша қалыптасуы екені беп-белгілі. Түбінде қазақша Әліхан болып аталуы, негізделуі тиіс.

Әңгіме Әлекеңнің бауырлары туралы болмақ. Туған інісі Смахан төре (қазақ хандығы жойылғанша Шыңғысханнан

---

<sup>1</sup> *Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы Қайырбек Байсеркемен бірлесіп жазылған.*

өрбіген ұрпақтың еркек кіндіктісі сұлтан, жойылған соң төре атанған) өзінің естелік жазбаларында («Жұлдыз» журналы, №3, 1996 жыл және №3, 2003 жыл) Әлекеңді Ақам (елжұрты Ақаң атаған), Әлхан, кейде Ғалихан деп атағанын бекіте түседі.

Әңгімені Әлекеңнің тетелес қарындасы Нұрбек бәйбішеден бастайық. Ол Бабахан әулетінен шыққан Жар төренің бәйбішесі. Нұрекеңнің көзін көрдік, сөзін тыңдадық қолынан дәм таттық. Анау-мынауды көзге іле қоймайтын тәкаппар, кінәз кісі еді. Сексеннен асып дүние салды. Нұрмұхамбеттің тұңғышы – Әліхан, екіншісі Әзхан, үшіншісі – Нұрбек, төртіншісі – Тәттіхан (Тәттіхан - Әлекеңнің үлкен үміт күткен інісі екен, жастай өмірден өткен), бесіншісі – Смахан. Смекең естеліктерінде Нұрбек әпкесін «мұсылманша оқу біледі. Кестеші, оюшы, сызушы, неше түрлі киімдер, бас киімдер, бой киімдер тігеді. Шешесіндей (Бегім ханымды айтады) нашарға қайырымды емес, төрелердей кеудесі көтеріңкі» деп жазады. Нұрекең сол кеуделігіне қарай өз бағасын білген, өз ойына сай ақыл-парасаты, өмірге деген көзқарасы, айналасын топшылап, таразылауы, әр жағдайда, әр оқиғаға әділ баға бере білуі, өз ортасына, бала-шағасына, ағайын-туысқа қадірі өз дәрежесінде болған адам. Өмірден сол сыйлылығымен өтті. Оның болмысын айқындай түсетін мына бір оқиғаны жұртшылыққа ұсына кетейік.

60-жылдардың бас кезінде Смахан Балқаштан Ақтоғайға келеді. Жанында атқосшысы Балапан бар. Кештетіп жетіп қайыны Шернияздікіне түседі. Шернияз – Сқақ баласы, Смекеңнің бәйбішесі Мәрия осы Сқақпен бір туысады. Шекеңнің үйі кең, жылы, таза. Шашты жеңгеміздің асы дәмді. Жазда сары қымызы, қыста қазы, қартасы үзілмейді. Смекең - бұл үйде қадірлі қонақ.

Смекең ертеңіне шайын ішіп жайғасқан соң әпкесі Нұрекеңе сәлем беруге барады. Нұрекең бауырының қашан келгенін, қай үйге қонғанын біліп отырған ғой. Сәлем беріп кіріп келіп, ізетпен ұсынған інісінің қолын таяғымен қағып жіберіп: Боксарының (Смекеңнің бәйбішесі осы рудан) боғын жеген неме, әбден тойғаннан кейін мен есіңе түстім бе? - депті. Смекең



кейінде «Нүрекем мені осылай сылкытып қарсы алды ғой» деп сылқ-сылқ күліп айтып отыратын.

Нүрекең осындай адуын адам еді. Енді бір оқиғаны айтайық. 1943-45 жылдары Ақтоғай аудандық парткомының кадр жөніндегі хатшысы (ол кезде осылай аталатын) Ж. деген азамат болды. Алақандай аудан орталығында қатты шыққан дауыс жұртқа естіліп, лезде тарап кететін. Әлгі «хатшының шешесі үй қыдырып, көршілерінен тамақ сұрап ішеді екен, шешесін күтпейді екен» деген қаңқу сөз Нүрекеңге де жетеді. Нүрекең хатшыны «сілкіп» алуға келеді. Хатшы ойында ештеңе жоқ, жылы қарсы алады. Осы кезде таяғын салмақтап қойып, хатшыға тесіле қараған Нүрекең: «Осы шешесін сыйламайтын хатшы сенбісің?» дейді. Тосын сұрақтан сасып қалды ма, әлде аузына түскені сол болды ма, хатшы: «Шеше, шешенің өзі жаман болса қайтеді?» дейді абдырап. Сонда Нүрекең даусын қатайтып: «Тәйт! Райком тапқан шеше жаман бола ма?! Мен райком тапсам көзің көрмей ме?»- деп зекіп тастапты. Үні шықпай қалған хатшы біраздан соң есін жинағандай болады. «Шеше, не шаруамен келіп едіңіз, бірдене керек пе?» дейді ғой. «Жоқ, ештеңе де керек емес. Жаңа орамалыңа сіңбіріп, мұрныңның қаспағын да қалтаңа салып алдың, сенен не сұрауға болады» деп жайымен орнынан тұрып, бұрылып шығып кетеді. Осы оқиға хатшының көмекшісі арқылы елге тарап кетеді. Ел анасы болған Нүрекеңнің тәкаппар мінезінен бұл бір ғана мысал.

Ағасы Әлекең істі болғаннан кейін қуғын-сүргінді көп көрген Смекең Алматы маңындағы Есік кентін паналап жүрсе керек. Смекеңнің бәйбішесі Мәрия біздің елге туыс болады. Смекең Мәрияға 1910 жылы 28 жасында үйленіпті. Ол кезде Мәрия 15-те-1895 жылы туған. Смахан 1882 жылы туған. 1967 жылы қаңтар айында 85 жасында өмірден озды. Жіңішке – Желтаудағы ата-бабаларының қорымына (зиратына) жерленді.

Енді бірер сөз Жіңішке өзенінің қабағындағы Талдыбейітке және сол бейітке қойылған ескерткіш белгі – көктастарға (күлпытастар) байланысты. Смекең анасына қойылған көктасты Қарқаралыдағы тас шабатын татар хариға 1919 жылы тапсырып, 1920 жылы алып келіп орнаттым дейтін. Тас дайын болған хабарын алған соң Тоқырауыннан Бегетай

диірменінен ақысына 12 пұт ұн, бір атан өгіз алып арбасымен барып, екі көктас әкеледі. Бірі –анасынікі, екіншісі досы, төлеңгіт Нұркеге арналған. Анасының көктасындағы сөздерді Әлекем жазып берген дейтін. Ол сөздер мынадай: «Тобықты Мамай батырдан, Нұрмұқан ханымы Бегежан,1918 жылы 27 сентябрьде 77 жасында дүниеден өтті. Жетім менен жесірдің жел жағында панасы, ық жағында қаласы, тоңғанға болған тон, шөлдегенге болған сусын, жылағанның анасы, жығылғанның сүйеніші, сүйіскеннің сәулесі - Бежекем тәні осы жерде. Тау – Желтау, өзен — Жіңішке. Тасты жаздырған баласы Сымахан».

Әлекең бейіт басына Бразилия қарағашының екі шыбығын әкеліп отырғызған соң, Смекең жаз бойы бір отбасын сол жерге қондырып, екі сиыр, бір бие сауын беріп, ағашқа су құйғызып, күтіп, баптап отырған. Ол бейіттегі көктастардың жазуына қарағанда алғашқы мәйіт 1901 жылы жреленген. Ол кезде Әлекең Петерборда оқуда, жазда елге келіп- кетіп жүрген. Әлгі қарағаштар егілгелі бір ғасырдан асты деуге болады. Дөңгеленіп, шатырланып өскен ағаш жапырағы әлі көк- жасыл.

Смекең орысша да білетін. Бір тіс дәрігерімен орысша тілдескенде олар таңданысыпты. Өмірінің соңғы кезі ауыр өтті. Балаларынан жонді көмек бола қоймады. Жәңгірі ауру. Балабаршыны Шелек ауданының бір қызына үйленіп, алыстап кетті. Балқашта құдасы Әміреңтің көршісі бір төре қызының (жесір кемпір) үйінде тұрып, сол үйден сүйегі шықты. Зейнетақы ала алмады. Басқа табысы жоқ. Әйтсе де ел өз қадірлісін ұмытпады. Мәселен, академик Әлкей Марғұлан Балқаш арқылы өткен жолсапарында Смекеңе соқпай кетпейтін. Әр келген сайын жүз-жүздеп, кейде мындап ақша беріп кететін. Смекең қайтыс болғанда ғұлама ғалым 2000 сом ақша телеграф арқылы жіберіпті. Алаштың ардагері Әліханның бауыры Смекең де тегін адам емес еді. Өзі қанша қиыншылықта жүрсе де біреудің сыйлаған дүние, ақша, малын қолы қысқа адамдарға беріп кете баратын. Мәселен, Сартерек ауылында жаназаға байланған тайлақты Смекеңе бергенде ол «енді несі мен ғой, кімге берсем де еріктімін, сондықтан мен мына кісіге бердім» деп бір кембағал адамға табыстап кетеді. Сол жерден әрі қарай Қараталға баратын жол бойында бір шопанды кездестіріп, жөн

сұрасып табысқан соң: «айналайын-ай, үстің тозып кетіпті ғой!» деп үстіндегі шапанын шешіп беріп, бешпентшен кетеді. Осындай әңгімелер Ақтоғай атырабында аз емес.

Енді Смаханнның кенже ұлы Балабаршын өмірінен аз ғана мағлұмат берейін. Балабаршын Жетісу өңірінде әкесінің 55 жасында дүниеге келгенін айтады. «Қартайған шағымда, ел-жұртымнан жырақта жүргенде туды, кәрі бүркіттің баласындай болып өссін» деп атымды Балабаршын қойыпты. Менде қайбір балалық шақ болды дейсіз. Ағам Жәңгір немістермен соғыстан аман шығып еді, жапондардан контузия алды. Аурулы болып, содан дүние салды. Менің фамилиям Мұқанов болатын. Әкем де Бөкейханов болып жүре алмады. Ақыры Мұқанов болды. Нұрмұхамбетті елде Мұқан деп атаған екен. Мені ешкім Әлекеңнің ұрпағы деп ойламайтын. Өз атым ұмытылып, мектепте «Боря» атандым. Қызметке іліккен соң Борис Муканович болдым. Егеменді ел болған соң Балабаршын Смаханұлы есіміне ие болдым. Аллаға мың да бір шүкір! Мамандығым бойынша құрылыс, сәулет саласында қызмет істедім. Алматы облысында салынған құрылыс, сәулет саласында менің де еңбегім бар. 1996 жылы зейнетке шықтым. Үлкен ұлым Темірлан – жоғары білімді экономист. Алматыда тұрады. Одан кейінгі ұлым Нұрлан – Жамбыл облысында заң қызметкері. Оның бір ұлы Әлекең атында - Әліханов болып жазылады. Таразда тұрады. Үшінші ұлым Марғұлан Шелек ауданында. Оның ұлы Күнтуған Балабаршынов... 2001 жылдан бері Балқашта тұрып жатырмын. Қазақ халқының тәуелсіз, бақытты ел болуын армандаған атамыз Әлекеңнің есімін мәңгілік қалдыруда атқарылған істер жоққа тән. Не мектеп, не ескерткіш мүсіндер көрінбейді. Әліхан Бөкейханов өмірі, еңбегі, ғибратты сөздері жас ұрпақты елшіл, намысты, биік рухты етін тәрбиелеуде оқу құралы емес пе? Әліхан Бөкейханов ұлтымыздың көсемі, ақылгөй ұстазы болғандықтан сырттан келгендерге мақтаныш етін айтатын, асыл бейнесін асқақ етіп көрсететін біртуар тұлға емес пе, дейді Балабаршын.

2006 жыл.

## КЕУДЕСІН КЕК КЕРНЕГЕН КЕСЕК ТАЛАНТ

Өліктердің ішінде тіріден де тірісі болады.

Тірілердің ішінде өліден гөрі өлісі болады.

*Ғабит МҮСІРЕПОВ.*

### Мәдидің жалғыз суреті

Біздің тарихымыздың "оқулығы жұп-жұқа" деп Қадыр ақын дәл тауып айтқандай, қазақ халқының бастан кешкені телегей теңіз болғанымен тасқа басылып жеткені там-тұм -ғана. Көп оқиғалар аңызға айналған. Әрісін қозғамай-ақ қояйық, өткен ғасырдың өзінде талай-талай құнды мәдени, әдеби, музыкалық мұраларымыз италиялықтардың өзін тәнті етіп, тамсандырған Мәди Бәпиұлы Алшынбаевтың өмірбаянын әркім әртүрлі етіп баяндайтыны мәлім.

Мен қазіргі "Орталық Қазақстан" газетінің редакциясына ҚазМУ-дың журналистік факультетін бітірген 1957 жылы келіп, қызметке кірістім. Әуелде аудармашы, әдеби қызметкер, бөлім менгерушісі, жауапты хатшы болып істедім де, облыстық партия комитетінің ұйғарымымен 1965 жылы Қарағанды телестудиясына бас редактор болып ауыстым. Міне, осы кезде қазір есімі жұртшылыққа музыка зерттеушісі ретінде танымал, әне бір жылдары Мәскеуден атақты әнші Әміре Қашаубаевтың валикке жазылған дауысын тауып, бүкіл қазақ елінен жүрек жара қуанышпен сүйінші сұраған Жарқын Шәкәрімов деген әлі жиырмаға да жетпеген көкөрім жас келіп жолықты. Өзі өте кішіпейіл, бойжеткендей сызылған, ұяң жігіт бізге ұнап қалды. бұған дейін ол Семей облысының тумасы, ертеректе КИЖ - ді (журналистердің коммунистік институты) тәмәмдаған, бұрын Әріп, Сара, Көкбай сынды ақындар туралы деректер жинап, баспасөзде жариялаған Оспанбай Орынбаевпен етене таныс екен. Сол жолы Жарқын Мәди суретін сақтап келген Тоқаш Кәдікеев ақсақалмен жолығуға шақырды. Ол кезде Мәдидің аты көп атала бермейтін. Оған басты себеп – оның шыққан табы – әрісі шынжыр балақ шұбар төс, Қазақ Ордасының заңнамасы "Жеті жарғыны" түзушілердің бірі деп аталатын Қаздауысты

Қазыбек би де, берісі Құнанбаймен үзеңгілес, тіпті Құнанбайды "қарадан хан шығарып", аға сұлтандық "тағына" отырғызған (төрелерді жығып беріп) Алшынбай бидің немересі екені. Тіпті кейбіреулер сол кезде Мәдиге қонақрат - барымташы, ұры деп қара таңба басып та қойған болатын. (Мәдидің болыс ағасының патша ағзамның әскеріне сыйға тартуға жинап отырған сәйгүліктерін айдап кетіп, кедей-кепшіктерге таратып жібергені рас болса керек. Сол үшін де сотты болған деседі білетіндер).

Жарқын сол кезде музыкалық училищенің (әлде мектеп пе екен?) шәкірті. Мәди суретінің көшірмесі оның қолында болып шықты. Түпнұсқасы – Абай қаласының тұрғыны Тоқаш Кәдікеев деген ақсақалдың қолында сақталыпты. Салдыратып Абай қаласына бардық. Үкіметтің көп қабатты үйі емес, төбесі шатырланған қазақы үйдің төрінде отырған шағын денелі, қоңырқай өңді, жылы пішінді Тоқаш ақсақалға сәлем беріп, қатарлап қойылған орындықтарға жайғастық. Жарқын мені таныстырды. Ақсақал көп жылдар Семей жақта тұрыпты. Оған себеп – Тоқаң Мәди атылған соң бас сауғалап, Қарқаралы жақтан Семейге қашып кеткен екен. Ақсақал әңгімеші әрі еске сақтау қабілеті мұқалмаған, әлі тың болып шықты. Мен қойын дәптерімді алып, биік үстелге жақындап, аузынан шыққан сөзін кәдімгі кәнігі стенографистер сияқты шашау шығармай жаза бастадым.

– Е, қарағым, біз не көрмедік. Байларды тәркілеп, туған жерінен айдап әкеткенін де көрдік. Ақ қашып, қызыл қуғанды да көрдік. Сәбет өкіметі орнап, байдың тұқымы, шет елдің шпионы деп шытырлатып ұстап, түрмеге жапқанын да, тарсылдатып атқанын да көрдік. Қазір жасым жетпіс бесте. "Көп жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра" деген бар, қарағым. Егер жазатын кісі болса, менің өмірім де бір кітапқа жүк болар еді. Мына Жарқын бала газетке хабарлаймын деген. Содан келіп отырсың ғой. Сұрайтының Мәдидің әңгімесі болар. Айтайын қарағым. Мен Мәдимен жолдас, дос болған адам емеспін. Ондай дәреже менде қайдан болсын? Мәдидің атын ұстап, оған қызмет көрсеткеннің өзі бізге қол жетпес бақыт болып көрінетін. Өстіп жүріп Мәкеңе (қазір ғой Мәди деп атын атап отырғаным, ол кезде аға дейтінмін) жақтым ғой деймін, оның туған қарындасы

Мәпіруза – Мәпішпен жүрегіміз табысып, күйеу бала болдым. Бәпидің екі әйелі болған. Бәйбішесі Күләнда Бітібайқызынан Мәди мен оның қарындастары Үрия мен Мәпіруза туған. Жұртшылық оны Мәпіш деп атап кеткен. Мәди 1880 жылы туған. Өзі жыл қайырып, ұлу жылы туғанмын дейтін. Біз оны ақылшы аға, жанашыр, камқоршы санайтынбыз.

Ал, енді мына қолдарындағы суреттің сырын айтайын, – деді де Тоқаң төс қалтасынан кіпкене суретті алып көрсетті. Түпнұсқа осы екен. Ептеп сарғайғаны болмаса бүктеліп сыны кетпеген. – Мәдидің бұл суреті Атбасарда Қаракесек Жайсаң қажының баласы Камалдың үйінде сақталған. Кейінде 1953 жылы Камалдың әйелінің қолынан мен алдым. Мәдиді патша жендеттері 1914 жылы тұтқындап, басында Қараөткелге (Ақмолага), одан Атбасарға айдады, – Тоқаң сәл тыныстап, бұдан кейінгі сөздеріне екпін түсіре, шегелеп айтты.

– Мәди бір сөзінде осы суретке 1985 жылы Атбасар абақтысынан қашып шығып, жасырынып жүргенде туысым Камал бір суретшіні (фотограф) үйге әкеліп түсірткен еді. (Бұл кезде Мәди 35 жаста). Басындағы тымақты Алшын - Жаппас елінің (Батыс Қазақстан) азаматы, абақтыда бірге болған жолдасым беріп еді, – дегені күні кешегідей есімде.

Тоқаш ақсақалдың айтуынша, Мәдидің түрі ақ сұр емес, қараторы. Қашып-пысып жүргенде жүдеуліктен ақ сұр болып көрінуі мүмкін. Мына суретте көзі қысыңқы. Ал негізінде Тоқаңның сөзін дәл сол айтылған күйінде берсек «көзі отты, қасқырдың көзіндей қып-қызыл еді». (Суретке қарап отырып, Тоқаш ақсақалдың «ойбай-ау, көзін неғып жіберген» деп өкініш білдіргені бар).

Қалай десек те, суреттің Мәдидікі екенінде дау жоқ. Жан жүрегінмен сүйіп, ардақтаған адамының жалғыз суретін көзінің қарашығындай қастерлеп, сақтап бізге жеткізген Тоқаш ақсақалға бүкіл ұрпағымыз болып рахмет айтсақ та артық емес!

Қазір аты аңызға айналған аталарымыздың суреттерін қолдан салдырып, үйіміздің төріне, көшелер бойына іліп жүрміз ғой. Бірақ, өз бейнесіндей қайдан болсын!

Кейбіреулер суретте Мәдидің өңі жүдеулеу, 35 жастан гөрі мосқалдау көрінгеннен кейін «бұл Мәдидің суреті емес

сияқты» деп күмәнданатынын да естіні қаламыз. Сахарада еркін, бұла өскен адамға түрме демалыс орны емес екені белгілі. «Кешегі қазы-карта жемес басым, орыстың кара наны балдай болған» деген акын, әнші, композитордың өз сөзі соған дәлел.

Мәдидің түр-түсі, келбеті туралы әркім әр түрлі пікір айтады. Мәселен, академик Ахмет Жұбанов «Замана бұлбұлдары» атты кітабында «Асқан сұлу жігіт, ақ сұр беті аздап тотыққан, бойы сұнғақ, дене құрылысы аса көркем» деп жазады. Бектасов пен Адамбековтың «Қазақстан» баспасынан 1969 жылы шыққан «Мәди» атты өмірбаяндық очеркінде былай деп суреттеледі.

«Оның ақылы мен мінезіне сұнғақты, кең иықты келбеті, ат жақты, қыр мұрынды, жазық маңдайлы бет пішіні, шамшырақтай шаралы жалынды көздері жарасып, жарқырап тұрады. Ол ер тұлғалы сұлу денесіне лайықты киімді де қымбаттан таңдап, жаңа үлгімен киінетін. Орысша киімдеріне қарағанда ол оқыған ғалымға, ширақ кимылына, ісіне қарағанда әскери адамға ұқсайтын». Омбыда оны соттаған бір қарт офицердің Мәдидің сұлу да сымбатты сүйегіне қызығып, тілмаш арқылы сөзін тыңдап, қасында отырған Хасенге «Шіркін-ай, мына тұлғасына, ақылына, жүректілігіне лайық еуропаша білім, әскери тәрбие берсе, өзінен қандай келбетті генерал шығар еді» дегені бар. (Дәл осыған ұқсас суреттеме бағаны орыстар мен еуропалықтар Кенесары ханға да бергенін еске түсіріп көріңіз). Егіндібұлақтың Сәйкен Шыңдаубайқызы (Қоңқай Әбдірахманұлының зайыбы) деген кісі Мәди ізін аңдыған жендеттің қолынан қапияда мерт болғанда, жұбайы Қазидың шығарған жоқтауын айтып отырады екен. Содан бір шумақ:

*"Уа, дарига, бір көрсем,*

*Нұр дидарға бір төнсем.*

*Үш күн жатып құшақтап,*

*Үш күннен соң бірге өлсем",* деуінде үлкен мән

жатыр. Осы шумақты телерадио қызметінде ұзақ жылдар еңбектенген Бәтжан Жөкенқызының бізге жеткізгенін айта кеткеніміз жөн болар.

Өмірлік жары Қази да Мәдидің нұр дидарын айта білсе керек. Ең өкініштісі, кезінде қағазға түспеген соң көп дүниелері ұмыт болып қалды ғой.

– Әндері көп еді. Көбіне өз әндерін айтатын. Соған сай қуатты дауысы да бар еді, - деді Тоқан.

– Бас па, баритон ба? - деп сұрап қалдым.

– Бас-масыңды мен білем бе? Әйтеуір құлаққа жағымды, жүректі тербететін, көмейден күмбірлеп шығатын қоңыр дауыс еді. «Қаракесек», «Қарқаралы» сияқты әндер шырылдаған дауысқа көне ме? - деп Тоқаң жымыып күліп қойды.

– Қалай киінуші еді? Сал, серілерше ме?

– Жоқ, әлем-жәлемді ұнатпайтын. Ауылдың өзінде ыңғайлы деп, орысша киінетін. Оны кейбіреулер Мәди шоқынған деп ұнатпайтын. Басына жазда елтірі тымақ не пұшпақ бөрік киетін. Қыста кызыл алтайы түлкі тымақ, киетін. Үстіне жазда плащ не жеңіл пальто кигенді ұнататын. Кейде шаш қоятын. Шылым да тартатын. Өте ісмер еді. Киімді өзі пішіп, өзі тігетін. Талай аяғөз сұлулар Мәдиге өздері колқалап келіп, етік тіктіріп алатын. Қыста ақ байпақты саптама етік киетін. Бір орында көп отырмайтын. Көбіне екі қолды қалтаға салып, түрегеп жүретін.

Ат сейістің пірі еді. Құйғытып шауып келе жатып, аттан секіріп түсіп, секіріп мініп жүре беретін. Талай рет күш сынасқанын да көрдім. Әсіресе, бірде бас палуанға түскені ұмытылмастай болып есте қалыпты.

Қоянды жәрмеңкесі кезінде Жаңғызтөбе деген жерде Кереку елінің түйе балуанымен белдесті. Кереку жак балуанын шынжырлап әкеліп, ортаға отырғызды. "Мыналардың адамды шынжырлағаны несі?" десіп таң қалып едік, сөйтсек шынжыр әлгінің әрі сәні, әрі қарсыласының мысын басу үшін, "батыр болсаң, бопсаға төз" дегендей, әдейі сыртқа көрсеткен доңайбат, сесі екен ғой. Өзі де бір нән неме көрінеді. Түйенің жарты еті емес, тұтас етіндей десе де сыйымды. Жаршы жігіт ортаға шығып, дәмелі балуандарды шақырып еді, жүрегі дауалап ешкім шыға қоймады. Бір кезде карасам, Мәди үндеместен шешініп жатыр екен. Шапанын шешіп, бізге қарай лақтырып тастады да, пешпентшен шықты. Аяғында өкшесі бір қарыс кара былғары



етігі бар. Оны өзі тіккен. Апырай, тобығы шығып кетіп, жазым болар ма екен деп, Аллалап біз тұрмыз. Екі балуан жанаса келіп, андыса бергенде қарасам, Мәди ана түйе балуаннан әлде қайда биік, әлде қайда жіңішке екен. Мәдидің жауырыны жалпақ болатын. Содан да белі жіңішке көрінетін. Бұл жерде оны топқа түсірген атақ, мақтан емес, намыс екенін ішіміз сезеді. «Қаптаған Қаракесектен Керекудің балуанымен белдесер бір ұл тумай, бәйгені күреспей берді» деген мысқыл сөз мұқым елдің атына өлім емес пе?! Сол буырқанған намыс қысқан ер жігіт арыстанша атылып, жолбарысша жұлқынып, түйе балуанды илеп тастардай айбаттанғанда өзіміздің де бойымыз шымырлап, жүрегіміз тоқтап қалғандай ғаламат бір күй кештік. «Иә, аруақ!» деп ішімнен қайталай бердім. Өлгі түйе балуан Мәдиді шиырып, олай да, былай да лақтырады. Мәди мысықтай дік ете түседі. Анау барын салып жүр. Қара тер сүмектеп, пұшпағына құйылған кезде діңкелеген балуанның әуселесі басылғандай болды-ау. Осыны тосқандай Мәди ішке кіріп кетті де қара дәуді «әуп!» деп арқалай жөнелді. Керекудің ақсақал, қарасақалы, бай-бағланы үйіліп отырған жерге көтеріп апарып, бір арба боқташақты иығынан сілкіп түсіргендей салмақтап тұрып, жерге бір-ақ ұрды. Шаң бұрқ ете түсті. Балуан кимылсыз, дыбыссыз қалды. Қайтіп басын көтере алмады. Қабырғасы ма, омыртқасы ма – сынды-ау деймін. Енді онда шаруамыз болған жоқ. Жан-жақтан «аруақтап» жүгіріп келген жігіттер Мәдиді алды да кетті. «Қорыққан да, қуанған да бір» деген ғой, көзімнен жас парлап, өзімнің не болғанымды ұмытып кетіппін. Түйе бастатқан бір тоғыз бәйгіден сыңар суыртпақ алған Мәди жоқ. Қылдай бөліп, таратып берді елге. Міне, арысымның, арыстанымның күшін көріп, сезінгенім осы. Әшейінде қойдан қоныр жүретін еді. Жеме-жемге, ер сыналар жерге келгенде намыс қысып, аруақ жебеп кетеді-ау деймін. Аруақты ер еді. Аруағыңнан айналайын! Бұрын да, кейін де намазымнан тастамаймын. Жүз жылда дүниеге бір келетін жігіттің сырттаны, сейдіні, жұлдызы Мәдидей-ақ болар. Бір немереме Мәдидің аруағынан дәмепіп, есімін қойдым, – деп Токаш ақсақал сәл тыныстап, алдындағы кесеге қол созды.

Мәди аумалы-тоқпелі, аласапыран заманда өмірге келіп, жұмбағы көп, опасыз дүниеден өтті. Көре алмаған көп дұшпанның алдында алтын басын имеді. Тізесін бүкпеді. "Еңбектеп жүріп өмір сүргеннен, тік тұрып өлген артық" деуші еді.

"Батыр - аңқау, ер көдек (бөбек)" деген ғой. Ақ қағаздай кіршіксіз көңіл, сенгіш, иланғыш, риясыз ер, асыл азамат патша заманында жазықсыз жалаға ұшырап, түрмеге қамалды. Тас түрменің іргесін етіктің нәлімен қазып шығып, қашып та кетті. Қуғын да көрді. Кеңес заманында да тыныштық таба алмады. Арандатқыш арамзалар мұнда да соңынан қалмады. Ешқайсысына да иілмеді. Еменнің қарсы бұтағындай шарт сынып кетті. Қарқаралы түрмесінің сыртында артынан атылған оқтан мерт болғанда, оның жасы 41-де ғана еді.

Кедей-кепшіктің, соларды қорғаушылардың заманы туды деп, өзі де Кеңес өкіметі жағына бет бұрып еді.

*Жастық шақ 20-30 бұғауда өтті,*

*Қырықта бостаншылық шықтым тауға.*

*Николай, Колчактардың заманы өтті,*

*Сөветтің қимылдайын денім сауда.*

*Болғанда тілім – қылыш, қалам – найза,*

*Сілтейін кетпесін кек залым жауға!* - деп жазғаны

өмірінің соңғы кезеңі екен.

*Дұшпандарының жасасырын қаскөйлігін сезгендей:*

*Көкорай көлге біткен шалғынымын,*

*Ішінде көк қаршыға алғырымын.*

*Тайында ат бәйгеден дәмесі бар,*

*Бәпидің атым Мәди жалғызымын.*

*Аққаптал ағайыннан арқам жауыр,*

*Өкпем жоқ, кеудемдегі бәрі бауыр.*

*Дұшпанның сүңгі, найза сұққанынан,*

*Туыстың саусағымен түрткені ауыр,* - деп өзінің ағайынға адал, адамзатқа бауыр екенін ескертіп кеткендей.

Мәди сынды асыл азаматтың ақтығын, пәктігін түсінбегендер аз болған жоқ. Заман желі қалай ұйытқыса, солай қарай жығыла беретіндер қашанда болған, бола да береді. Абай - дана мұндайды - өз ақылымен жол табуға шамасы келмейтін,

көппен дүрмек, көп шуылдақты «көп айтса көнді, жұрт айтса болды, әдеті надан адамның» деп әділдікпен бағалаған. Осы сөзіме бір кішкене мысал келтіре кетейін. 1975 жылы Мәдидің туғанына 95 жыл толатын мерейтойы еді. Бірақ жоғарыдан нұсқау болмаған соң (ол кезде нұсқаусыз бірде бір шара орындалмайтын еді ғой), қозғалыс та байқалмады. Біз Қарағанды телевизия студиясының (қазіргі телекомпания) ұжымы «Мәди» атты телеқойылым әзірледік. Сценарийін бас редактор мен жаздым. Өкінішті болса да бір шындықты айтпай болмайды. Ол кезде біздің қара қоздеріміз өз ұлыларымызды көрсетуден қашқақтай беретін. Сценарий көркемдік кенесте талқыланғанда, Мәдидің арғы аталарының «жуандығы», өзінің «конокрад» болғандығы кейбіреулердің ернінің еміреуінен сезіліп қалды. Бірақ, тап басып айтатын дәлелі болмаған соң әрі қарай теке-тіреске бара алмады. Спектакль дайын болып қалғанда сол кезде облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі болып істейтін Путиевтен қоңырау шалынды. Степан Тимофеевич майда тілді, сабырлы, салмақты адам еді. Мәди туралы спектакль дайындалып жатқанынан хабардар екенін білдіріп, композитор жөнінде материалдар болса ала келуді сұрады. Келісілген уақытта академик композитор Ахмет Жұбановтың төрт кітабын («Замана бұлбұлдары» мен «Ғасырлар пернесі» кітаптарының қазақша, орысшасын) қолтықтап кабинетіне кірдім. Әуелі ауызша мән-жайды түсіндіріп, кітаптарды ұсындым. Ол қазақша кітаптардың беттерін ашып көрді де, орысшаларын шұқшиып оқи бастады. Көп тоқталғаны Мәди туралы очерктер болды. Біраздан соң басын шайқап - шайқап «извините за беспокойство» деп кітаптарды қайтарып берді. Тәрізі үндемей жүріп «көкенді танытатындардың» біреуінен қоңырау соғылған болу керек. Осымен әңгіме тәмам.

Телеспектакль өте жақсы өтті. Көрермендерге ұнаған болу керек, қоңырау көп шалынды, ауызша да, жазбаша да ризалықтарын білдіріп жатты. Телеспектакльдің режиссері әрі Мәди рөлін сомдаған бұрынғы қазақ драма театрының белді де арқалы актері, айтулы әнші жігіт Айтуған Салықов (марқұм) күмбірлеген қуатты дауысымен «Қарқаралы», «Қаракесек»

әндерін шырқағанда Мәдидің өзі тіріліп кеткендей әсер алдық. Мәдидің сүйікті жары Қазі рөлінде театрдың сол кездегі жас актрисасы Каукен (Галя) Жетімтаева, Қакабай болыс рөлінде белгілі артист, әлі де домбырасын серік етіп, әсем әндер шырқай алатын, театр өмірінен майын тамызып әңгімелер айта алатын Құсайын Нығыманов ағамыз ойнады. Амал қанша, ол кезде үнтаспа тапшы. бір жазылғанын өшіріп тастап, басқа мақсатқа пайдалана беретін. Сол сценарий 2002 жылы менің "Парыз" атты кітабыма енді. "Орталық Қазақстан" газеті "Кеудесін кек кернеген кесек талант" деген эссемен жариялады. Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы қазақша, орысша плакаттар шығарды. Міне, қазақ халқының біртуар аймаңдай ұлы, дәулескер сазгер - композиторы, ақын әрі әншісі Мәди Бәпиұлы Алшынбаевтың туғанына 125 жыл толуы мерекесі қарсаңында осындай бір жұртқа беймәлім жайларды айтып берудің сәті түскеніне қуаныштымын.

### Мәди әндерінің мәтіні туралы

Бұл мәселе «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы, қаламы қарымды, ойы шалымды журналист Мағауия Сланбекұлы Сембайдың Мәди әндерінің мәтіні жөніндегі ой-толғаныстарында орынды қозғалған екен. Жалпы, қазақ әндерінің мәтіні ән жинақтарын құрастырушылардың кінәсінен бе, әлде ел арасынан тірнектеп жинап, жазып алушылардың шалағайлығынан ба (Қазақстан сияқты бір өзіне Еуропаның әлденеше мемлекеті сыйып кететін алып аймақта әркімнің әртүрлі айта беруі мүмкін ғой) түрлі-түрлі болып айтылуына құлағымыз үйренген.

Қай ән жинағын алсаңыз да Біржан салдың «Жанботасы» «Адасқағымен» араласып кеткен. «Жанботада» «Өзіндей Азынабайдың Поштабайы, бір қойып домбырамды алды тартып» деп келсе, «Адасқақта» әлгі Поштабай «қолымнан домбырамды алды тартып» болып кете барады. Енді бірде әлгі тартып алған домбыраны «тартса да домбырамды бергенім жоқ» деп жұмсартады. Тартып алған домбыраны бермегеніне қалай таң қалмайсыз?!

Ақан серінің «Әудем жерін» тіпті ондырмаймыз. Бірде «Бір тиын біреу берген пайда көріп, жүремін жас адамдай дүние жиып» десек, енді бірде «Бір тиын біреу берген-ей олжа көріп, жүремін жас кісідей жанын қиып» деп қикалақтатамыз.

Жаяу Мұсаның «Сұрша қызында» ар»ық-кемі жоқ үш таудың аты аталады. Бірінші шумақта «Қаратау кейде қарлы, кейде қарсыз», енді осының қайырмасында «Сөйтіп жүріп Сұрша қыз, Көкшетауда қалдырды-ай» деп бұлдыратады. Одан әннің екінші шумағында «Сұршақыз көрісерміз Баянтауда» деп шалықтатады. Ол ол ма, «Ғашық болып қосылып, құмарымды қандырды-ай» деп желпінсе, енді бірде «сусынымды қандырды-ай» деп лағып кетеді. Мұндай жауапсыздық 1968 жылы шыққан «Қазақ әндері» жинағының I-II томдарында бықып жүр. Осыны көріп отырып, апыр-ай, миллиондаған ән сүйер қауымға арнап шығарушылар нандарын неге адалдап жемейді екен! - деп ыза боласыз. Жарайды, байқамай қате жіберген екен деп қояйық, екінші жолы түзетер деп сабыр сақтасаңыз, келесі жинақтарда одан сорақысы шығып жатады. «Аза тұтқан алты қатын, әрқайсысы өз байын жоқтайды» дегендей, әркім осылайша өз бетімен сай өрлей берсе, бізде қандай бедел қалады?

Бұл сөзді Мағауияның пікіріне жеткенше амалсыз айтып отырғаныма иланыңыздар. Мәтін жауапсыздығы жиі кездесетініне назарларыңызды аударып жатқаным ғой.

Мағауия ініміз «Сайғақ та, саяқ та емес, сая болу керек» дейді. Миға кіретін, көңілге ұялайтын сөз. Қарқаралы тауларына сайғақтың шыға қоймайтыны рас. Және сайғақ, түп-төркіні түркі сөзі болғанымен, қазақ оны жиі қолдана бермейді. Біз үшін ақбөкен, киік, құралай сөздері құнды. «Саздауға біткен құба тал, кімдерге сайғақ болмаған?» деген Махамбет толғауында кездесетін «сайғақ» құрық, сойыл мәнзелді ұзын ағаш. Қабір басына шаншып, белгі етіп қоятыны да рас. Ал Мәди әніндегі «сайғақтың» орнын таппай тұрғанына да иланамыз. Қазақ «өтіріктің өзіне сенбе, қисынына сен» деп дұрыс айтады. Бұл жерде қисын жоқ. Сондықтан Сапарғали Бегалиннің жазуындағы «Сайыңнан саялайтын пана таппай, мен бір жан қуғын көрген Арқадағы» дегеніне тоқтаған жөн деген Мағауия ұсынысымен біз де пәтуалассақ болар.

Ендігі сөз «Қарқаралы» әнінің мәтіні неше шумақтан тұрады?» деген сұрақ төңірегінде. Мағауия 4 шумақты көрсетеді. 1968 жылы және 1978 жылы «Ауыл кеші көңілді» жинақтарында да 4 шумақ берілген. Бірақ шумақтарының берілу реті түрлі-түрлі. «Қазақ әндері» жинағында «Немене көрген қызық көрмегендей» деп басталады. Екінші шумақ «Атыңнан айналайын Қарқаралы», үшінші шумақ «Басында Үшқараның балғын едім», төртінші шумақ «Қонғаны ауылымның Талды-ау деймін» деп келеді. Ал «Ауыл кеші көңілді» жинағында жаңағы рет өзгеріп, екінші шумақ бірінші орынға, соңғы шумақ екінші орынға, бірінші шумақ ең соңғы төртінші орынға ығыстырылады. Мұнда да жауапсыздықтың ісі аңқып тұр.

Біз логиканың заңына жүгініп, мына бір пікірімізді ортаға салмақпыз. Мағауия көрсеткен төртінші шумақтағы :

*Немене көрген қызық көрмегендей,*

*Жас дәурен жауар бұлттай өрлегендей.*

*Жастық шақ көк семсердің жүзі емес пе,*

*Қайрап ап қалың жауға сермегендей,* - дегендегі

«Жас дәурен» мен «Жастық шақ» деген тіркестері бір мағына беретінін, Мәди сынды ана тіліміздің тұңғышына, сөз сиқырына еркін бойлай білетін, сезімі сергек, сұңғыла жүйрік ақын адам түсінбеді дегенге шүбәленатынымызды ашық айтсақ, деймін. Және «жас дәурен жауар бұлттай өрлегендей» деген де өз орнын тауып тұрған жоқ. Бұрынғы жинақтарда «бұлттай» деп сын есім түрінде емес, «жауар бұлт» деп зат есім түрінде қолданған. Осының дұрысы «жас дәурен жауар бұлт өрлегендей, жігіттік көк семсердің жүзі емес пе, қайрап ап қалың жауға сермегендей» болуы күмән тудырмайтын сияқты. Қазақ атам заманнан «жігіт» сөзіне салмақ беріп, ерлік, қаһармандыққа балаған. «Ой, жігіт-ақ екен» деген баға, мақтау, айрықша марапат, алқау, құрмет белгісіндей. Ал Мәди сынды ер азамат жігіттікті «қайрап ап қалың жауға сермейтін» көк семсерге теңесе, таңдануға ешбір орын жоқ. Ел ішінде ертеден «жігіттік көк семсердің жүзі емес пе» деп айтылуына да құлағымыз қанық.

Тағы да көңілге мынандай бір ой келеді. Тегінде «Қарқаралы» мен «Үшқара» әу баста өз алдына жеке дара әндер болуы ықтимал. «Басында Үшқараның балғын едім, көк орай

сазға біткен шалғын едім» деген өлең жолдары сол «Үшқара басың биік аса алмадым, жайқалтып жапырағың баса алмадым» деген сөздерді де айтқан Мәди ағамыз ғой. Ойды ой оятады. «Кір жуып, кіндік кесіп туған жерлер, артына бір қарамай қалды-ау деймін" -- бұл да бұлдыр. Айдалып бара жатқан адам «артыма бір қарамай...» деуі керек қой.

1989 жылы шілде айында қазіргі Доскей (бұрынғы «Победа» кеншарында) ауылында соғыс және еңбек ардагері, әнші, күйші Қабыкен Тоқабеков ақсақалдан Мәди туралы біраз мағлұмат алған едім. Ол кісінің әкесі Қарқаралы түрмесінде Мәдимен бір камерада отырыпты. «Мәдиге ән салдыратын едік. Содан бірталай ән үйрендім» деп әкем айтып отырушы еді. Содан кейбір шумақтар есімде қалыпты. Көбін ұмыттым, - деп Қабекең мына бір шумақтарды жаздырды. Біз киноға түсіріп едік, одан ештеңе қалмапты. Сонау жылдары радио және телевизия комитетінде ұстайтын, сақтайтын орын жоқ деп жағып жіберіпті..

*Әркімде жеткізбейтін бар ғой арман,  
Сүмпиін өте шықты мына жалған.  
Түн ұйқымды төрт бөліп дөңбекшимін,  
Нәресте иіскемедім екі жардан.  
Тудым мен жалғыз болып әуел бастан,  
Қайтпаған қасқа маңдай қара тастан.  
Мөр басса басқа болыс неғылайын,  
Мөр басып туған ағам болды-ау қастан.  
Жаратқан жылқы малын айдасын деп,  
Жайқалтқан көк орай шалғын жайласын деп.  
Үйімде шайымды ішіп отырғанда,  
Бес солдат кіріп келді "қайдасың" деп...*

Түйіндеп айтарымыз Мәди әндерінің мәтінін ғылыми түрде реттеп, стильдік, текстологиялық ретке келтіру -- тәуелсіздігіміздің жемісі болар еді. Елін, ұлтын қадірлейтін барша ақ ниетті адамдар бұл пікірімізге үн қосар деген сенімдеміз.

2005 жыл.

## IV. ҰМЫТЫЛМАС БЕЙНЕЛЕР

---

### ӨМІРІ – ӨНЕГЕ

#### 1. Таудай

Біздің қазақ ат қойғыш қой. Жерге де, ерге де қойған аттары алтыннан ескерткіш орнатқандай жараса қалады. Соған қарағанда қажекең жаратылысында ақындық талантпен кіндіктес-ау деп ойлаймын. Жеңгелеріміздің қайындары мен қайын сіңілілеріне қойған аттары қандай әдемі! Осы сөзіме бір мысал келтіре кетейін.

Мен Қарағанды облыстық телерадио комитетінде қызмет істеп жүргенде Жәнібек Мұзапаров есімді жасы сол кезде алпысты алқымдаған азамат болды. Өз басым бұл кісінің аққоңіл, жас баладай елпілдеп тұратын мінезіне орай Жайдары Жәкең деп айтатынмын. Ал, Жайық Кәгенұлы Бектұровты қашанда сыпайы сырбаздығына, нәзік жандарға үзіліп тұратындығына карап Сері Жәкең деп даралайтынмын.

Бірде сол Жайдары Жәкең сенбі күні түскі сағат бірге үйіне қонаққа шақырды. Мен қашанда шақырған жерге дәл уақытында баратын әдетіммен айтылған мерзімде «Ассалаумағалейкум» деп есік аштым. Жайдары Жәкең өз қол астымда музыкалық хабарлар редакциясында аға редактор болып қызмет істейтін. Бұл кісінің өзге мінездерін айтпағанда екі түрлі ерекше әдеті болатын. Бірі - кітап дүкенінде жиі кездесетінбіз. Қашан көрсеңіз де қолтығында кітап жүретін. Және бір кітапты бірнеше рет сатып ала беретін. Бұрын алғанын ұмытып қалады-ау деймін. Соғыста контузия алған адам ғой. Екіншісі - аудандарда көркемөнерпаздар арасында жиі болып, олардың түрлі концерт, спектакльдерін телевизия арқылы керсетіп тұратын. Сонда қонған үйінің бала-шағасының, келін-кепшігінің аттарын түгелдей қойын дәптеріне түсіріп әкелетін. «Келін, сенің есімің кім! Ана баланың аты кім? Мына



баланың...» дегенін естін, кейін «Жәке, солардың атының сіздің ұйымдастыратын концерттеріңізге қанша қатысы бар? - дейтінбіз калжыңдап. Сонда ақкөңіл, елпілдеген Жәкең:

– Ойбай, Масғұт-ау, ертең осы ауылға тағы келемін, сонда олардың атын жана көргендей қайыра сұрап жүрем бе? – дейтін марқұм. Сол елгезек Жәкең мен орнығып отырғанша кейінгі кезде сатып алған кітаптарын алдыма жайып тастады. Бір кітаптың бірнеше данасы шықты... Сырттай әңгімемізді тыңдап тұрған жасында кара торының әдемісі-ақ болған дерлік жеңгеміз биязы қозғалып, «қайным, ағаңның ондай да қылықтары бар» деп жадырай жақындады. Сол кезде телефон шырылдады. Жеңгей телефон тұтқасын құлағына тосты да: «Аманбыз. Жақсы, айналайын! Күтеміз» деді. Жәкеңе қарап: «Таудай қайным ғой. Аздап кешіксем, айыпқа бұйырманыз! - деп ғафу өтініп жатыр. Шіркін, «жақсының аттан жығылғаны да жақсы» деген ғой. Осы бір кішіпейілділігімен-ақ өзінің таудай екенін көрсетіп тұр емес пе?! – деп ризалығын білдіріп жатыр.

Мен Жәкеңе қарадым. - Таудай деген кім?- деп. – Евней қайнысы ғой. Мына жеңешен қайындарының атын тура атамайды. Өзі әдемілеп ат қойып алады, ақындығы да бар,– деп сыпайы мақтап қойды. Кейін білдім, бұл отбасы Евней Арыстанұлымен жерлес, бұрыннан аралас-құралас екен. Он минуттай уақыт өтті ме, өтпеді ме, есік қоңырауы шырылдап, артынша Евкеңнің таудай тұлғасы көрінді.

«Жақсыда жаттық жоқ» деген ғой. Евкең бірден калжың әңгіменің тиегін ағыта кірді.

– Осында бір тапқыр да тілмар ағамыз бар. Бұрынғы белгілі геолог, қазір зейнет демалысында. Жеңгеміз ҚарМУ-де доцент. Бірде жеңгеміздің мерейтойына шақырды. Ертелетіп барсам ағамыз сыртта құмның бетіне әлдебір сызықтар жүргізіп отыр екен.

– Бақуатсыз ба? Жеңгеміздің тойы құтты болсын! – деп қолын алдым. – Көңіл-күйіңіз, хал-жағдайыңыз қалай?

– Жақсы тілегіңе көп рахмет! Әйтсе де, ақылы асқан інімау, өзің ойлашы, әйелі елуге келген еркектің халі қанша болушы еді... – деп шалқалап күлді-ай келіп. Осылайша Евкең мына

үйге күн шуағын түсіргендей бір жылылық енгізіп, жадыратып жіберді.

Сонан соң женгесіне еркелегендей күлімдеп:

– Ал, жеңеше, түскі астың мерзімі өтіп барады, «Піскен астың күйігі жаман» деген бар. Дәміңізді әкеле беріңіз, – деді.

– Дәмге шақырған тағы да бір кісі бар еді, – деп күмілжіген жеңгей отағасына қарады. Жәкең:

– Евней, әлгі комитетіміздің төрағасы Қали Аманбаевты да шақырған едім. Кешігінкіреп жатқаны. Келіп қалар. Тоса тұрсақ кайтеді? – деді майдалап.

– Онда тоссақ тосайық. Бірақ, осы біздің қазақтардың қаншама адамды иіріп қойып, кешігіп жүретін әдетін ұната қоймаймын. Қарнының кампиғанын авторитет санайтын кейбіреулер шақырған жерге кердендеп, тосқызып келудің өзін үлкен төрелік деп түсінетін болса керек. Уақытымызды бос жібермей әңгімемізді жалғастыра берейік.

– Сол әлгі қалжыңқой ағамыз бір жиында орыстан әйел алғандарға қарап: Баяғыда біздің жас кезімізде қолы жеткендер қатынды орыстан алды. Ондайлар қызметте тез өсіп кететін. Ауылдың кара домалақ баласы менің қанша тыраштансамда орыс қызына қолым жетпеді. Сонан орыстың жиені деп жүрген татардың қызына жармастым. Құдайға шүкір, менің перизатым да бір орыстан кем болған жоқ. Орысша сөйлегенде орысыңның өзінің шляпасын шырқ айналдырып жіберетін болды, – деп отырған қауымды ду күлдірді.

Осылайша көңілді әңгімемен тағы біраз уақыт өткенін байқамай да қалдық. Бір кезде Қали Әлібекұлының да сұлбасы көрінді-ау. Кешіккеніне кешірім сұрағандай-ақ болып еді, Евекен ішкі қыжылын ірке алмағандай, біздің ұлтымыздың кең далада сағат, минутты есептемей еркін өскендігінен бе, әйтеуір уақытты қадірлемейтінімізді шым-шымдап, суыртпақтап жеткізе келіп, бір минутта неше тонна көмір өндіруге, неше тонна металл құюға бо-латындығын талдап, жіліктеп әңгімелеп кетті. Сілбілеп жауып, жер-дүниені көл-көсір етіп жіберетін ақжауын сияқты Евекен әңгімені жеріне жеткізіп барып тыныстады. Өзі шүйкедей адам Қалекен мақтамен бауыздаған мынадай астарлы сөзден кейін бір түрлі төменшіктеп қалғандай,

«ұялған тек тұрмас» дегендей, үндемей қызарақтап күле берді. Әшейінде дәлдікті қатты талап ететін, әр істе шот қаққандай тықылдатып отыратын Қалекеннің бір мүлт кеткен жері осы болды.

## 2. Мәрттік

Орыста «жентельмендік» деген сөз, ұғым бар. Мағынасы мәрттік дегенге келетін сияқты. Әйтеуір карабайырлардың емес, текті, зиялы адамдардың бойынан табылатын асыл қасиет.

Шамасы жетпісінші жылдардың бас кезі болар. Қарағанды облыстық телерадиокомитетіне қазақ тілінде жазылған бір хат келді. Хат жолдаушы -қарт адам сияқты. Жүрегі қан жылап, өкініш, өкіспен жазғандай. Байғұстың жалғыз ұлы арақтың құлы болып, азғындап кетіпті. Соны айта келіп, араққа, маскүнемдікке қарсы күрес бізде неге әлсіз, бұрын ата-бабамызда болмаған мұндай ауруға бүкіл ел болып күрес ашсақ, сол күреске аузы дуалы ел азаматтарын қатыстырсаңыздар деп тілек еткен екен. Қолма-қол жоспар жасап, бірінші хабарға ел сыйлайтын беделді ғалым, жазушы Евней Арыстанұлын шақыруды талантты журналист (кейін бірнеше кітаптары жарық керген) Кәмила Құдабаеваға тапсырдық.

Кәмила Евекене барып бұйымтайын айтқан екен, ол кісі бастаманы мақұлдап, «менің сөзімді магнитофон таспасына жазып алыңдар, ал хабарға тікелей қатыса алмаспын» деп жүрегінін сыр беріп, науқастанып жүргенін айтыпты. Таспаға жазылған сөзді тыңдадық, өте мазмұнды. Бірақ қалай берудің ретін таппай қиналдық. Өзі арамызда жүрген адамның сөзін бұлайша беру - ыңғайсыз-ақ. Осы ойымды айтып, Евекене телефон соқтым. «Евеке, сөзіңіз өте тамаша, әйтсе де өз дидарыңызды жұртшылықтың көріп, әңгімеңізді өз аузыңыздан естігені бұдан да тамаша болар еді» деп майдалап, өзінің хабарға қатысуын өтіндім. «Апырай, мына жүрек деген құдірет мені қинап жүр ғой. Жағдайым мүмкіндік берсе, барып қалармын. Келе алмасам, реніш етпеулеріңізді сұраймын» деп Евекен бізден де асырып мипаздап, ғафу өтінді. Бұл өзі телекамералардың таспасы аса қат кез еді. Қазіргідей астатөк

жағдай болса, кинооператор өзі барып, жазып әкелің, көрсете бермейміз бе? Сонымен хабардың басталуына 15 минут қалғанда бүкіл қазақ тіліндегі хабарлар редакциясының ұжымы болып, сыртқа шығып тосып тұрмыз. Он минут қалды, Евекен көрінбеді. Бес минут қалғанда келіп, машинасынан түсті. Өңі сынық, жүрегі мазалап тұрғаны қуқыл тартқан жүзінен анық байқалады. Мұндай жағдайда не айтуға болады? Тек мына қысылпаң жағдайдан құтқарса, жаны нәзік, ғазиз жан Кәмила ғана құтқарар, өзінің ақы-лымен, өзгенің сезімімен жүретін аса сезімтал адам әйел затының сөзін жерге тастамас деген оймен Кәмилаға «сен сұрашы» дегендей, иек қақтым. Кәмила да бір перизат жан ғой, «Аға, біз аса қысылып тұрмыз, бізде алдын ала жарияланған хабардың болмай қалуы «ЧП» деп аталады» деуі мұң екен, Евекен «онда мені шет жаққа отырғызыңыздар және анау шамдарыңды тура қоймаңдар, нар тәуекел!» деп қолқ ете түскені. Міне, тектілік қайда?!

Хабар басталды. Кіріспе сөзді Кәмила қысқа қайырып, сөзді Евекеңе берді. Жарықтық аса шебер, шешен сөйлеуші еді ғой. Бірден арақ, шараптың шығу тарихына тоқталды. Әуелде мұның дәрі ретінде пайдаланылғанын - суық тигенде терлететінін, психикалық жайсыздыққа ұшырағанда көңілді аз да болса орнықтырып, тыныштандыратынын кәнігі дәрігердей талдап түсіндірді. Бірақ әуелгі көлемін жүз, мың есе асырып қабылданғандардың алкогольдің тұзағына ілініп, құнығып алғаннан кейін маскүнемдік ауруына ұшырайтынын ескертті. Мұндай пәледен енді құтылу азап болатынын, бұдан құтылу адамның ерік күші мен мәдениетіне байланысты екенін қадап айтты. – Бір сөзбен айтқанда,– деді Евекең, – жастарға ескертерім, жанбай жатып, сөнемін десең – арақ іш, жасын жетпей өлемін десең – арақ іш, досқа күлкі, дұшпанға таба боламын десең –арақ іш. Шылым тартсаң –түнімен жөтеліп шығасың – үйіне ұры түспейді, арақ, темекі ертерек қартайтады, қолыңа таяқ ұстайсың, таяқты адамды ит қаппайды,– деп күліп алды. – Осы арақ-шарапты ертеде байлығы асқан корольдер ішкен, одан соң шабыты тасқан ақындар ішкен, ал бергі кезде алды-артында қарайлайтын ешкімі жоқ, өзінің қу нәпсісіне шамасы келмейтін қайыршы, қаңғыбастар ішіп жүр, – деді.

Осылайша шабыттана сөйлеген Евекеңнің жүзіне қан жүгіріп, өзінің жайдары, жайсаң қалпына түсті. – Бұл пәледен талай-талай таланттар қор болған. Жігерін жасытқан, еркін күйреткен. Сондай бір жігерсіз жігітке көңілшек жеңгей жаны ашып, ақыл айтып отырса, ақын-сүрей қайнысы:

*Жүректің күшейіп тұр, ой, дүрсілі,*

*Бұл итті мен қояйын бүрсікүні,*

*Жеңеше, осы өлеңім жақсы шықса,*

*Тағы да әкелдірші бір шыныны,-* деген екен.

Евекең осылайша әңгімесін көңілді аяқтап, шет жақтағы орнынан ептеп көтеріліп, жылжып шығып кетті. Содан бері отыз жылдай уақыт өтті-ау деймін. Осы оқиға әлі көз алдымнан да, көңілімнен де кетпейді, Студиядан шыққан соң Евней Арыстанұлы машинасын қайырып жіберіп, өзі аяңдап жаяу қайтты. Комитеттің біраз адамдары ортаға алып, Евекеңді қызмет орнына шығарып салып, мазмұнды әрі қызықты әңгімесіне рахмет айттық.

Жақсы адамның әр ісі ғибрат қой. Кішіпейілділік осындай-ақ болар. Жазушы Жайық Бектұров – Евекеңмен көп араласқан адам. Жәкең бір әңгіменің ретінде «Евней қатты ғой» деп қалғаны есімде. Қайдам, өз басым қаттылығын көргем жоқ. Қашанда әзіл айтуға бейім тұратын. Аузында әзілі бар адам қатты болмайды. Мүмкін қаттылығы өз пікірін қорғаудағы беріктігінде, алға қойған мақсатына жету жолындағы табандылығында, сөзіне аса жауапты қарайтындығында болар деп ойлаймын.

Бір данышпан «Жауларыңды көбейтем десең, өзіңнің басқалардан артықтығыңды көрсет» деген екен. Евекеңнің жай пенделерден көш ілгерілігі бойынан ғана емес, терең ойынан да дараланып, көзге ұрып тұратын. Сөйлеген сөзінің логикасы темірдей берік еді. Содан да болар, кейбір мысықтілеулілер ұнатпады. Жалған мақтауға, сұрқия іш мерездікке туысып алғандар Евекеңнен де сондай жарамсақтықты күткені даусыз. Адалдықты арындай ардақтаған, шыншылдық қасиет қанына сіңген Евекең ондай түлкі бұлаңға, сыйпақбайлыққа бармады. Жазған кітаптарында кейбір «әулиелердің» атын атамады.

Өмірінің соңғы жылдары ауруханаға жиі түсіп жүрді. «Ленинская смена» газетінде жалдамалы «жазғыштың» (қазіргі жалдамалы кісі өлтірушінің бір түрі) тырнақ астынан кір іздеген зымиян, арсыз мақаласы жарияланғаннан кейін жүрегіне ауыр салмақ түсті ғой. Бірде партактив ауруханасында жатқанын естіп, көңілін сұрай бардым. Палата ішінде бос жер жоқ – жағалай жайылған қағаздар, кітаптар. Евекең қызу жұмыс үстінде екен. Алға қойған мақсатына жетуге асыққан адамның ерік күші осындайда көрінеді. Әйтсе де денсаулығының сыр беріп жүргені есіме түсіп, қатты аяп кеттім. Амандықтан соң: – Евеке, іске сәт! Дегенмен, өзіңіз шаршамаймын десеңіз де әр соғуында 70 грамдай қанды айдап шығатын, бір күнде 10.000 литрге жуық қанды айдайтын жүрегіңізге каншама салмақ түсіретіпінізді адам ағзасының ұлы патшасы ұната қояр ма екен? Құдайға шүкір, халқымыздың алдында абыройыңыз да, атағыңыз да биік. Еңбегіңіз жемісті. Енді тым болмаса біраз уақыт өз өміріңізді ойламайсыз ба? – дедім. Бетіме барлай қарап, жымыып күлді де: «Осындай жанашырлық тілекті дос-жолдастардың бәрі де айта бастады. Менің бастаған істі аяқтағанша тыншымайтын бір әдетім бар. Менің демалысым осы!» – деді өзінің қуанышын да, бақытын да еңбектен тапқан Евекең.

Шығармашылық еңбектің иесіне кен тасын қорытқан металлургтің ыстық қайраты, ойшыл ғұламаның нұрлы ақылы, алтын қолды зергердің шеберлігі кажет десек, осындай асыл қасиеттердің Евекеңнің тал бойынан табылып, көрікті келбетін бұрынғыдан да нұрландырып, аруақтандырып тұратынына іштей сүйсінетін едік қой! Өзінің адами болмысына көптеген асыл қасиеттерді – кішіпейілдікті де, мәрттікті де, батылдықты да, керек десеңіз, батырлықты да жинақтап, сыйғыза білген Ұлы Азаматтың сол бейнесі көз алдымда ұмытылмастай болып тұрып қалды.

### 3. Тәржімашы

Евней Арыстанұлының шығармашылық жолы біздерге – замандастарына жақсы таныс. Әуелде біз оны сыншы ретінде қабылдадық. Сыншы болу үшін адамға көл-көсір білім, түрлі

елдердің әдебиетін жете білу парыз. Мұндай ауыр жүкті оның білім дәрежесі киналмай көтере аларлықтай еді. Солай бола тұрса да ол көп ұзамай әдебиеттің басқа жанрына, өзге саласына ауысып кетті. Менің топшылауымша, сынның өзін, басқаларды айтпағанда, біздің қазақ қауымының қабылдауы қиын, даудамайы көп. Сондықтан да болар, сөл кезде сынмен белсене айналысқандардың өздері көп ұзамай аттын басын тарта бастайтын. Жасыратыны жоқ, біздің халқымыздың қытығы басылмаған. Жанашырлық сынның өзін қабылдай бермейді, мақтау сүйеді. Осыдан барып Евекең де алакөздеуі жоқ, қайта бүгінгі ұрпаққа өткеннің үлгі тұтар асыл мұраларын өз ана тілімізде жеткізіп беру сияқты аса абыройлы іске бет бұрып кеткен сияқты. Қашанда әзіл-қалжыңы серіктес жүретін ол кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында бір татар аудармашысының «Да здравствует большевистская печать!» дегенді «Исанбісің, саумисің, большевиклер печаты!» деп тәржімалағанын айтып күлдіре отырып, аударма әдебиеттің ел мен елді жақындастыра түсетінін, ал тәржімашы түп-нұсқасы авторы мен шығармашылық жарысқа түсетінін түрлі мысалдармен дәлелдеп жеткізген еді. Енді бірде В. Маяковскийдің «Қандала» аталатын пьесасынан «Ну и милка, ну чудо - одни груди, по два пуда» деген езу тартқызар шумағын «Қатын емес, бұл бір құт, екі емшегі екі пұт» деп сәтті аударғанын ақынға тән ойнақы мақтанышпен әңгімелеп берген еді.

Орыстың өз заманындағы үлкен ақындары В. Маяковский мен С. Есениннің біраз шығармаларын ана тілімізде шебер сөйлетті. Бұл екеуі бір-біріне ұқсамайтын, Маяковский – төңкерісшіл публицист, ал, Есенин – жаны нәзік лирик ақындар. Солай бола тұрса да Евекең екеуін ле тосырқаған жоқ. «Балуанға оң, солы бір» дегендей, қос ақынға да жол тапты. Ол ғұлама ғалымдығымен қатар тумысында әдебиетші еді. Мектепті, жоғары оқу орнын орысша бітіргенімен ана тілін ата-бабаларымыздың бізге мирас еткен ең асыл мұрасы, қымбат сыйы деп бағалайтын. Өткен замандардағы жыраулар мен ақындардың, Абай мен Махамбет сынды ұлыларымыздың өлеңдерін жатқа оқып жіберетін. Пушкин мен Лермонтовты

жоғары бағалайтын. Көңілденіп отырып, «мен таңертең бой жазуға шыққанда Маяковскийдің бір өлеңін оқып алып, қайтып үйге келгенше ой елегінен өткізіп, қазақшаға аударып, содан соң қағазға түсіремін» дегені есімде. Кезекем «ерден иман құтылмайды» деген даналық сөзді тегін айтпағанына осындайда көзіміз айқын жетеді.

Евекең – екі тілдің де шебері еді. Бір тіл білген бір кісі, екі адамға татиды – екі тілдің білгіші» - осы сөз Евекең сияқты санлақтарға бағытталып айтылғандай.

Маяковскийдің «Керемет» атты поэмасын (бұрын аударғандар «Хорошоны» сөзбе-сөз «Жақсы» деген) аударуы партактивтің ауруханасында жатып жалғастырып, соңғы нүктесін сонда қойды. Аударманың тұңғыш тыңдаушысы сол кезде карт журналист Қали Садықов екеуміз болдық-ау деймін. Қыстың күні терезенің кішкене көзін ашып қойып, өлең оқыған сергек те шабытты сәтіне тілектестікпен ортақтасқан едік.

Қарағанды облыстық телерадио комитетінде «Омбының оңтүстігіне қарай» атты деректі кинофильм түсірілгенде Евней Арыстанұлы фильмнің кенесшісі әрі жүргізушісі болды. Сонда орыс тілін жетік білемін деп жүргендердің өзі Евекеңнің орысша ойлау, сөйлеу шеберлігіне, ойының, білімінің тереңдігіне сүйсініп, аузын ашып, көзін жұмып таңғалатын. Басқа ұлт өкілдерінің алдында біздің мерейіміз өсіп, бойымызды мақтаныш сезімі кернеп, желпіндіріп жіберетін.

Бұған дейін талай-талай ғылыми жаңалықтар ашқан, қазір әлде біреулер сөз етіп жүрген көмірден мұнай ағызуды лабораториялық әдіспен дәлелдеп, облыстық партия комитетінің бюросында ғылыми баяндама жасаған, атағы сол кездегі Одақ, әрі әлемге мәшһүр болған, қазақтың Ломоносовы деп орынды атанған бір туар тұлға, көрнекті ғалым өзінің сүйікті ұстазы, аға деп ардақ тұтқан нар қазақ – Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмірі, еңбегі жайында көлемді деректі әдеби шығарма жазып жүргенін көп адамдар біле бермейтін. Екі ауыз өлең жазып, жамиятқа жар салатын кейбіреулер сияқты емес, Евекең Бауыржан Момышұлы айтқандай «ұлылықты үнсіз, жемісті еңбек деп білетін», «сегіз қырлы, бір сырлы» кесек талант еді. Жасында жүзден жүйрік, ержеткенде – мыңнан тұлпар шыққан,



ылдидан салса төске озған Евней Арыстанұлы Бөкетов туралы осындай қысқа естелік арқылы жан-жақты айтып жеткізу мүмкін болмаса да академик ағамыздың ұлылығын паш етуге қосқан бір тамшы үлесіміз болсын деген ақ ниетпен жұртшылыққа ұсындық.

2006 жыл.

## ЖҮРЕК АЛАУЫ

Жер-ананы иіткен геолог-ғалым

Т.Ақышев туралы толғаныс

Ұлтына, жұртына, қызмет ету білімнен емес, мінезден.

*Әлихан БӨКЕЙХАН.*

Туған жер туралы ойласам, әмәнда менің көз алдымнан Орталық Қазақстанның көктөбесі – Қызыларай тауының ұшар биігі – Ақсораң, одан Ақтоғай ауданының орталығы – Ақтоғай аулының дәл желкесінен қалғымас сакшыдай төніп тұрған Шатырша тауының апай төсін қызғалдақ, сарғалдақ гүлдерімен жайнатып, құлпыртып жіберетін ару көктем суреттері кинодағыдай жылжып өтіп жатады.

Жер елімен көрікті, ел ерімен ерікті. Ақтоғай – «Елім-айлап» ел көшкен жорықты жылдары ұлысының ұйытқысы болған Жидебайдай, Жалаңтөстей батырлардың, Жанғұттыдай, Қарамендедей, Шабанбайдай таңдайынан шаң шыққан, ақылына ел айналған көреген көсем билердің, алты Алаштың азаттығы үшін жүрек майын шам еткен аруақты арыстар – Әлихан Бөкейхановтың, Әлімхан Ермековтің, Жақып Ақбаевтың кіндік қаны тамған Атамекені. Бұл қасиетті аймақ Сарыарқаны әсем әнге, күмбірлеген күйге бөлеген өнердің қас дүлдүлдері Күләш пен Манарбектің балауса, балғын үнін бар қазақтан бұрын тыңдаған. Дана Абай «Дадан Тобықтыда жанарынан жанайын деп тұрған от ұшқындаған бір шегір көзді сарбала бар, соған камкор болындар» деп өсиеттеп тапсырған Нарманбет Орманбетұлының гаухар да кәусәр жырларымен сусындаған, ұлттық даналық тамыр тартып, шешек атқан киелі жер. Күні

кеше касақы жауға қан құстырған Қазбек Нұржановтай ерлердің жүрегіне отты жырларымен күш-жігер құйған, қайратын шындаған Шашубай, Кенішбай, Жабас, Құрмаш сынды өлең-жырдың өрен жүйріктері жыр додасына түскен, қазақтың қасиетті тілінің қаймағын қалқыған, атаның ақылын, ананың ақ сүтін пір тұтқан өнегелі, өркенді елдің алтын ұясы.

Ардақ тұтар ұлын болса, мақтансаң да кешірімді. Бүгінгі әңгімеміздің арқауы болған кейіпкеріміз де «Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды» дейтін Ақтоғай жерінің аяулы перзенті, түлеп ұшқан түлегі, Жер-ананың жүрегін тамыршы дәрігердей тындап, зерттеген, жүздеген кен орындарын ашып, асыл қазынасын ел игілігіне ұсынған үлкен жүректі Азамат, көрнекті ғалым – Төкіш (Төлепберлі) Шойынбайұлы Ақышев. Ол туралы сөз еткенде ғалымның әріптестеріне сөз бергеніміз жөн болар.

Академик Г.Щерба «Төкіш Шойынбайұлы Ақышев – Адам, Инженер, Ғалым, Педагог» деп осы төрт сөзбен оның азаматтық кесек тұлғасын әділ де әдемі нақты жеткізе айта келіп, оның биік ғалымдық ерекшелігін былайша қысқа да нұсқа сипаттайды: «Геологическое строение Казахстана – это та область, которой посвятил свою деятельность Т.Ш.Акишев. Его личные качества – трудолюбие, настойчивость, требовательность, организационные способности позволили ему организовать коллективы геофизиков для исследования глубинного строения неоглядных просторов Казахстана современными методами геофизики. Он сам участвовал в полевых работах. Его отличали обширные знания геологии и геотектоники, в отличие от большинства «чистых» геофизиков, высокий профессионализм, любовь к Родине, нетерпимость к недостаткам. Именно благодаря его работам вместе с коллегами удалось заглянуть внутрь земли на многие десятки и даже сотни километров: понять всю сложность строения Земли, на которой мы живем...».

Енді бір топ әріптестері – ҚР ҒА-ның академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Ж.Әубәкіров, геология-минералогия ғылымдарының докторы С.Ақылбеков, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор М.Өмірсеріков Төкіш Ақышевтің: «Республикамыздағы

геология ғылымдарының көшін бастаған атақты ғалым, нағыз біртуар азамат» болғанын құрметпен еске ала отырып, «республика түгілі Кеңес Одағына аты мәлім, геология ғылымының нағыз тарланбозы, дарынды педагог, белгілі қоғам қайраткері, КСРО Мемлекеттік сыйлықтарының иегері атанса да, өзінің туа біткен қарапайым, кішіпейілділігінен бір сәт те айнымаған, тек өзінің тынымсыз еңбегіне ғана сүйенген адал Азамат еді», - деп оның ұлылық тұлғасына сүйсініп, жоғары баға береді.

Төкіш Ақышевтің өмір жолымен, жемісті еңбегімен жете таныстқан адам оны Жер-ананың қойнына терең бойлап, асыл қазынасын адамзат игілігіне ұсынған қиял-ғажайып ертегінің ерен Батырына ұқсататына сөзсіз. Алайда ол күні кеше өз ортамызда күліп-ойнап жүрген, басқалардан артықшылығын байқатпайтын, жомарт табиғат тұла бойына, зердесіне мол дарынын құя салған, өз қуанышын, бақытын сақылдаған сары аязда, ми қайнатқан шілінгір аптап ыстықта сайын даланың төсінде бар қиындықты қажырлы еңбегімен жеңе білген, ақылына күші сай қайсар тұлға. Төкіштің ғалымдық, азаматтық бейнесін ашуда біраз мағлұмат берілген сияқты. Болашақта айтылар да, жазылар сөз аз болмас. Бірақ ол туралы қалам тартушылар оның жастық шағы, студенттік күндері туралы біле қоймас. Мен жастайымыздан бірге өскен сырлас, армандас құрбы, дос болғандықтан көпке мәлімсіз қалтарыс жайларға да тоқтала кетейін.

Төкіштің азан шақырып қойған аты Төлепберлі екен. 1932 жылы Ақтоғай кентінде туған. Төкіш – ата-анасының, ет-жақындарының еркелетіп атаған есімі. Төлқұжатында туған әкесі Шойынбайдың әкесі Ақыштың есімі жазылып кеткен. Қазақы ортада кеңес заманында тек есімі мен өз есімі ғана аталатыны белгілі. Шойкең ақсақал колхоздастыруу кезінде басшылық жасаған ширақ, өткір тілді, өтімді адам болған. Төкіш көп балалы отбасында өсіп, тәрбие алған. Қазақтың салт-санасын, мұсылмандық-адами қасиеттерін қанына сіңіріп, тіліне, музыка өнеріне ғашық болып өскен жан. Сондықтан ол космополитизм дертіне шалдыққандарға жиіркенішпен қарайтын. Онысы кейде ұлтшылдыққа ұқсап тұратынын енді

жасырудың қажеті шамалы. Қандай жағдайда болсын ол таза адамгершілікке бас иетін. Зорлық-зомбылық, біреуге үстемдік жасап кемсітушіліктің, өсек-аянның, екіжүзділіктің қас жауы болатын.

Үлкен ағасы Ыбырайкен соғыстың ауыр кезеңінде Ленинградты қорғаған. Бейбіт жылдарда жұбайы Күлғайша екеуі сегіз перзент өсіріп, бауырларына қамқоршы болды. Інілері Әбдіғали мен Халық елге сыйлы, құрметті азаматтар болды. Әбдіғали қазір Алматыда тұрады. Физика-математика ғылымдарының докторы, өресі биік, оркенді ойы, өзіндік бағыт-бағдары бар көпке танымал ғалым. Халық – мыңдаған жасты тәрбиелеп өсірген тәлімді ұстаз. Қазір зейнет демалысында. Әбдіғали айтады: «Төкең біздің бірінші ұстазымыз. Мектепке дейін де, одан кейін де оның ғибраты бізді өрге сүйреді. «Жалқау болсаңдар – алға қойған мақсаттарың орындалмайды. Ерінбей еңбек етсеңдер – бүгіннің өзінде ертенгі биіктеріне шығасыңдар», дейтін қайран асыл Аға!».

Соғыс аяқталған кезде біз жоғары сыныпта оқитынбыз. Сол бір жастық шағымыздың өзі тарих қойнауына енді ғой. Майданнан оралған ағаларымыздың алдынан шығып, омырауларындағы орден-медалдарын санайтынбыз. Жаңа бір кітап қолға тисе, таласып оқитынбыз. 1944 жылы баспадан шыққан «Абай» романының бірінші кітабын оқуға кезекке де тұратынбыз. Соғыс аяқталған жылы біздің ауданға бір математик мұғалім келді. Жұбайы – Жамал, ол да мұғалім. Өздері Қарағанды жақтың тумасы. Математигіміздің аты-жөні – Арын Өтешев. Сырын білмеген адамға қатал көрінетінін кейін түсіндік. Нағыз педагог, шәкірттерін өзіне магниттей тартып, үйіріп әкететін «сиқыры» бар адам екен. Бір күні мұғаліміміз жоғары сынып оқушыларын бір бөлмеге жинап: - Балалар, сендерге обал болған екен. Обалдарын – қу соғысқа. Математиканың негізін білмейді екенсіңдер. Енді сендерді басынан бастап қайта оқытайын деп жүрмін. Осыған келісесіңдер ме? - деді.

– Келісеміз! – деп шу ете түстік. Не керек, айтқанын орындады. Қосымша сабақ ұйымдастырды. Төкіш сияқты күшті математик сол Өтешев мұғалімнің шарапатымен дүниеге келді.

Бәлкім сондай тамаша мұғалімге кез келмесе, Төкіштен атакты геолог, ірі ғалым да шықпас та еді?!

Бала күнімізде біз қалжыңдап, бойындағы ерік, жігер күшіне сүйсініп «Токкүш» дейтінміз. Шынында оның бойында бір қуатты энергия күші бар сияқты еді. Үндемей жүріп үйдей шаруаны тындыратын. Мұндай жаратылысы бөлек жандар аздық ем ерекшелігіне, артықшылығына көбіне мастанып, қадір-қасиетін төгіп-шашып алатын. Төкіш ондай «аурудан» сау еді. Көптен бөлектенбейтін, көптен ерекшеленбейтін және көпке жағам, ұнаймын деп әуреленбейтін де. Аз ақылын, тақ-тұқ білімін көпсініп, күпініп жүретіндерді ұнатпайтын. Іші де, сырты да сыпайы, мәдениетті еді. Қарағандының мемлекеттік мұғалімдер институтында ұстаздық еткен математика ғылымдарының кандидаты, марқұм Емберген Омаровтың бірде Төкішті еске алып, «мен сол кездің өзінде оның келешегінен үлкен үміт күткен едім. Институтты үздік бітіріп, туған еліне мұғалімдік қызметке аттанып бара жатқанда: «Сен, бала, мектеп партасына байланып қалма. Оқы, ғылым жолына түс» деп ақылымды айтып, батамды бергенім есімде» - деген сөзі осындайда ойға оралады.

Бір мектепте оқып, өмірден өз орнын табуға талпынған жастар кейін де өзара қатынастарын үзген жоқ. Төкіш дос, жолдастарының жақсы істеріне риза болғанда «Ой, Азамат!» деп қуанып қалатын. Содан да болар, өз басым Төкішті ұзақ уақыт көрмей жүріп, сағынып кездескенде «Ой, Азамат!» деп құшақтайтын едім. Биыл тірі болғанда 75 жасымен құттықтап, құшақтар едік қой. Амал бар ма, дана Абай айтқандай, «Бір Алладан басқаның бәрі өзгермек». Артында мәңгі өлмес еңбегі қалды. Көңілге жұбаныш сол ғана. Енді сол мұрасына тоқталайық.

Төкіштің еңбек жолын кезең-кезеңге бөліп айтқанда, біз өз қолымен жіктеп жазған мағлұмат-деректеріне, еңбектес әріптестерінің естеліктеріне, ғылыми сараптамаларына сүйенеміз.

**Бірінші кезең** – 1957 жылы Қазақ мемлекеттік тау-кен институтының геологиялық барлау факультетін бітірген соң Ағадыр геофизикалық экспедициясына жолдамамен жұмысқа

келді. Дәл сол кезде кадр бөлімінің бастығы болып қызмет атқарған майдангер жігіт ақтоғайлық Қабзада Ахметұлы қазір Қарағандыда тұрады. Қабекең ақсақал былай деп әңгімелейді: «Төкіш жас жұбайы Күләмиямен Ағадыр теміржол бекетіне пойызбен келгенде өзім қарсы алдым. Бар жүгі екі қолжәшікте. Сұнғақ бойлы, жүдеу өңді, ақсұр жігіт. Білек сыбанып іске кірісіп кетті. Ерінбейтін, іске тындырымдылығын бірінші күннен-ақ көрсетті. Алғашқыда оператор, одан соң инженер мамандығын тез игерді. 1964 жылы экспедицияның бастығы қызметіне жоғарылатылды».

Осы экспедиция Төкіш Ақышев басқарған 6 жыл (1964-1970) ішінде Ұзынжал (қорғасын, мырыш), Көктіңкөлі (молибден, вольфрам), Құмадыр (қорғасын, күміс, алтын), Қосағалы мен Тұяқ (темір), Қызылтас (мыс), Жүнді (қорғасын, күміс) және басқа кен орындарын ашады. Бұлардың көбісінің кен байлығы еліміздің қажетіне жұмсалар күн әлі алда. Жалпы кен орындарын ашудағы жетістіктері үшін Төкіш Ақышев КСРО геология министрлігінің «Алғашқы кен орнын ашушы» дипломымен және белгісімен үш мәрте, ал 1966 жылы Көктіңкөлі мен Ұзынжал кен орындарын ашқаны үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Бұдан әрі оның еңбек жолының **екінші кезеңі** басталады. 1969 жылдың желтоқсан айында Қазақстан геология министрлігі Төкіш Ақышекті Оңтүстік және Батыс Қазақстанда мұнай, газ кен орындарын іздеу және барлау, жер қабаттарын зерттеу жұмыстарын жеделдету мақсатында Іле геофизикалық экспедициясына бастық етіп жібереді. Алға қойған міндетті орындауда шапшаң әрі тынымсыз еңбектенетін Т.Ақышев 13 геологиялық дала партиясын және 5 тақырыптық топтар ұйымдастырып, белгіленген аймақтың геологиясын мұқият зерттеді. Шу-Сарысу өңірінен қоры 100 млрд. текше метр газ кен орнын тапты. Осындай үздік жетістіктері үшін республиканың «Алтын құрмет» кітабына жазылды.

**Үшінші кезеңде** – 1981 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Н.Назарбаев пен КСРО геология министрі Е.Козловскийдің ортақ шешімімен Т.Ақышевқа мұнай мен газ көздерін іздейтін геофизикалық жұмысты күшейту және

шапшандату мақсатында Алматыда Қазақтың геофизикалық өндіріс бірлестігін құру міндеті жүктеледі. Ол жаңа құрал-жабдықпен және транспортпен жабдықталды. Осы өндіріс бірлестігі 1988 жылға дейін 1500-ге жуық мұнай мен газ көздері құрылымдарының мүмкіндіктерін анықтады. Қарашығанақ, Забурное, Ұрықтау, Қаражамбас, Құмкөл кен орындарын ашты.

Енді еңбек жолының төртінші кезеңіне ойысайық. 1987 жылы КОКП ОК және КСРО геология министрінің шешімімен аумағы 600 мың шаршы шақырымдық Атырау ойпатының (400 мың шаршы шақырымы Қазақстанға қарайтын) кен байлығын біртұтас әдіспен зерттеп және терең бұрғылау жұмыстарының бұрын ескерілмей келген кемшіліктерін жою мақсатымен «Прикаспийгеология» Бас басқармасы құрылды.

Бүгінде елімізде инвестиция тартудың айрықша көзі болып отырған қазыналы аймақтың байлығын анықтауда, оны игерудің жаңа әдістерін белгілеуде Төкіш Ақышевтың орны аса айрықша екенін оның ғылымдағы әріптестерінен артық айту мүмкін емес. «Ұлыны тек ұлы ғана түсінеді» деген даналық сөз бар. Сол айтқандай өмірдің ең қымбатты жылдарын арнап, бұрын адамзатқа мәлім болмаған жаңалықтар ашқан ғалымды әріптестері ғана бағалай алады. Олай болса, тыңдаңыз. «Бір ғажабы осынау өлкенің қыр-қыратында Т.Ақышевтың іздері сайрап жатыр десек, артық айтқандық болмас. Бірақ таза байлықтың тым тереңде жатқандығы белгілі емес пе, мұнай мен газ өлкесін бірден игеріп кету – екінің бірінің маңдайына жазылмаған. Бұған үлкен еңбек сіңіру керек, орасан зор тер төгу керек. Әне, сонда ғана Жер-ана саған алақанын ашады, сырын ұқтырады» - деп жазды «Ана тілі» газетінің 1999 жылғы қарашаның 11-індегі санында Төкіш Ақышевтың әріптестері, осы саланың айтулы мамандары – ғалымдар.

«Прикаспийгеология» Бас басқармасына 9 геологиялық өндіріс бірлестігі, әртүрлі мақсаттағы 50 экспедиция және 2 ғылыми-зерттеу институты енді. Оларда 66 мың адам еңбек етті. Жылына 1 млрд. сом қаржы игерілді. Осындай орасан зор бетбұрыстың нәтижесінде Атырау ойпатында терендігі 5,5-6,5 шақырымға дейінгі бұрғылау жұмыстары жүргізіліп, 2000-нан аса мұнай-газ құрылымы ашылып, өндіріске әзірленді. Мұның

бірсыпырасы Ресейдің Ульянов, Саратов, Волгоград облыстарының және Қалмақ автономиялы облысының жерінде. Қазіргі ауыздан түспей жүрген Қарашығанак (мұнай, газ), шығыс Ақжар (мұнай), Имашев (мұнай), Синельников (мұнай), Лақтыбай (мұнай), Елемес (мұнай), Қаламқас (мұнай) кен орындары біздің жерлесіміз Төкіш Ақышевтың тікелей басшылығымен ашылғанын көп адам біле бермейді. Ғылымның жоғары жетістіктерімен қаруланған дарынды геологтың осындай еңбектері кезінде өзінің жоғары бағасын алды да.

Еңбек жолының **бесінші кезеңі** деп КСРО тарағаннан кейін 1991 жылы барлау, кен орындарынан босап, ұлттық кадрлар даярлау мақсатында Алматыға Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ техникалық университетіне профессорлық қызметке оралуын айтамыз. Ол осында ұстаздық ете жүріп, 3 монография (біреуі қазақ тілінде), 2 қазақ тіліндегі оқу құралын жазды. Ғылыми журналдардың редколлегия мүшесі болды. Отыз жылдай аудандық, қалалық кеңестердің депутаттығына сайланды.

Оның барлық еңбектерін талдап айтуға бір мақаланың көлемі тарлық етеді. Ол үшін көлемді монография, ғылыми диссертация, әдеби көркем шығармалар жазу – келешек ұрпақтың міндеті дейміз.

1985 жылы оған 1968-1983 жылдардағы Қазақстанның металлогениясы мен басты тау-кен аймақтарын комплексті зерттеуге арналған ғылыми еңбектері үшін КСРО-ның ғылым жөніндегі Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Сол кездегі республика министрлер кеңесі төрағасы Н.Назарбаев лауреаттың дипломы мен белгісін тапсырды.

Ал 1989 жылы орталық органдардың қаулысы бойынша Т.Ақышевқа Қарашығанак мұнай-газ конденсаты шығатын тереңдегі кен орнын табу және барлау жұмыстарына тікелей қосқан үлесі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығы беріліп, осымен үшінші рет «Алғашқы кен орнын ашушы» екендігі танылды. Бір айта кетерлік жай, осы аталған екі сыйлықты шатыстырып алмай, жеке-дара көрсеткен жөн екенін ескертеміз.

Т.Ақышев академик Щербаның атап айтқанындай, «таза» геолог емес, табиғатпен бірге біте қайнасқан төл перзенті,



өндіріс командирі болған ғалым. Өндіріс пен ғылымды тығыз ұштастыра жүріп, ол геология ғылымдарының кандидаты, көп ұзамай ғылым докторы дәрежелерін табысты қорғады. Мұндай ғылыми ерлік екінің бірі емес, мыңның бірінің ғана қолынан келеді десек, артық айтқандық болмас.

Төкіш өзінің Қазақ ҒА-ның тұңғыш президенті, ұлы геолог-ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың шәкіртімін деп мақтан ететін, құрмет тұтатын. Оның еңбектерін ең жоғары жерге, барлық кітаптардың үстіне қоятын. Осы жерде Төкішпен арамызда болған бір әңгіменің шетін шығара кетудің реті келіп тұрған сияқты.

Жетпісінші жылдардың орта кезі болса керек, Ғылым академиясының сәулетті ғимаратының алдына қойылған Шоқан Уәлиханов ескерткішінің түбіндегі орындықта әңгімелесіп отырмыз.

- Сен байқайсың ба, - деді ол, - осы арадан Алатаудан соққан бір салқын самал лебі өтіп тұрған жоқ па? Жарықтық Қанекең осы ғимаратты салдырғанда соны да аңғарған болуы керек. Мен көбінесе кешкілікте осында келіп тыныстаймын, - деді. Ұзақ әңгімеде бір де бір рет өз қызметі туралы бір ауыз сөз айтқан жоқ. Көбінесе әңгіме бетін ғылымның, елдің жағдайына қарай бұра береді. Тек ғылымда ғана емес, жаңа саяси, экономикалық басқару жұмыстарында не білімі, не қабілеті жоқ адамдардың туыс-туғандықпен, жерлестікпен, руластықпен мәртебелі орынтаққа отырып алып, сол орындарды меншіктеуінен елге пайда емес, зиян келін жүргенін аса бір алаңдаушылықпен сөз етті.

«Балық басынан шіриді». Бұл ауру сонау Мәскеуден тарапты. Анау тақырбас та (Хрущев), мынау қалыңқас та (Брежнев) ертең мынау қонжиған орынтағынан түсетінін, одан соң ештеңеге жарамайтынын білді, біліп те отыр. Содан да бір күн болса да дүниенің қызығын көріп қалғысы келеді. Одан соң жер бетін топан су басса да мұрты қисаймайды.

Енді сәті түсіп тұрғанда жастық шаққа қарай аз ғана шегініс жасайын.

Төкіштің Қарағандының мұғалімдер институтын үздік бітіргенін жоғарыда айттық қой. Содан бұрынғы өзі оқыған

М.Горький атындағы (қазіргі Әлихан Бөкейханов атындағы) мектепте бір жыл ұстаздық етті де, келесі жылы қайра оқуға жол тартты. Шілде айында біз Балқаштың әуежайында кездестік.

– Қайда барасың? – деймін.

– Алматыға. Оқуға. Өзін қайда барасың?

– Алматыға. Оқуға.

Екеуіміз де қуаныштымыз. Мен осының алдында Алматыда үш ай партия мектебінде насихатшылар курсында болып келгем. Сонда жүргенде құжаттарымды ҚазМУ-дың журналистика бөліміне (ол кезде филология факультетінің құрамында болатын) тапсырып кеткем. Артымнан шақыру қағазы келіп, эзер дегенде аудандық партия комитетіндегі қызметімнен босап шыққанмын. Сол жол біз – Төкіш тау-кен институтының геология-барлау факультетіне, мен ҚазМУ-дың журналистика бөліміне оқуға түстік. Төкіштің геолог болуына мынандай жағдай себеп болғанын айта кетейін. Оның қалағаны – механика факультеті еді. Геологиялық барлау факультетіне жыл сайын қабылданушылар саны толмай, басқа факультеттерге математикадан беске тапсырғандарды жинайды екен. Төкіш солардың қатарында математикадан қайра емтихан тапсырды. Төкіш бір күні қуанып келді.

«Осылай да осылай... Берілген бес есепті он бес минутта шығардым. Менің бұған дейін бір институт бітірген «ку мүйіз» екенімді қайдан білсін. Есепті өте тез шығаратынымды көргендер бастарын шайқап таңданды» деді.

Жастықтың қызығы мен мен қуанышын бөліскен мына бір оқиғаны айтпасам басқалар біле бермес. Төкіш 1955 жылы күзде үйленді. Тойды менің қостанайлық жолдасым Кәкімбек Наржанов екеуіміз жалдап тұрып жатқан үйде өткіздік. Үйлену тойына жиналғандар – тау-кен, медицина институттарының, ҚазМУ-дың біраз студент қыз-жігіттері. Қалыңдық – актоғайлық. Медицина институтының студенті – Күләмия Шаяхметова деген қыз. Келесі жылы бұлардың тұңғышы – Феруза дүниеге келді. Кәкімбек «жас семья» деген айдармен суреттеме жазды. Институттан кейін туған Марат, Дулат деген балалары бүгінде бизнеспен шұғылданады. Фирмалардың президенттері. Күләмия медицина саласында абыройлы еңбек

етіп жүргенде катерлі ісік дертіне ұшырап, мезгілсіз дүние салды. Төкіштің үйі толған кен тастары еді. Соны көргенде «бала күнінде тас қалап ойнаушы едің, сол әдетің қалмаған ба?» - деп әзілдейтінмін. Енді бүгін «апыр-ай, сол тастардан екеуі бірдей радиацияға ұшырады ма екен, әлде «кұдайдың өзі тереңге көміп тастапты» дейтін уран кенінің жер бетіне шыққан соң салқыны тиді ме екен» деген суық ой келеді. Төкіштің өмір бойы шылым ұстамағанын, ішімдіктен аулақ болғанын біз жақсы білеміз ғой.

Биыл есімі үлкен әріптермен жазылуға лайық біртуар ғалымның туғанына 75 жыл толады. Туған жерінде өзі алғаш есігін ашқан мектепке оның есімі берілді. Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде Т.Ақыш аудиториясының, өзі еңбек еткен үйде ескерткіш тақта қойылуы – оның еңбегіне көрсетілген құрмет деп білеміз. Алайда туған жері Ақтоғай кентінде ғұлама ғалымның ескерткіші тұрса, жас ұрпаққа көрнекті үгіт, үлгі-өнеге болар еді. Ғалымның еңбектерін жинақтап, баспадан шығару да – кезек күттірмейтін маңызды шаруа.

Төкіш Ақышев өзі мыңдаған жұмысшы, инженер-техник мамандарды басқарып жүріп, жүздеген мұнай, газ кен көздерін ашқан, бүгінде бүкіл әлемнің назарын өзіне аударып, еліміздің күш-қуатын, беделі мен даңқын аспандатқан аймақтарда лапылдап жанған түнгі алауларды өмірден жалындап өткен геолог-ғалым жүрегінің сәулесі болар деп қиялдаймыз.

*2007 жыл.*

## ӨЗГЕНІҢ БАҚЫТЫН АЯЛАҒАН АЗАМАТ

Егер сен адамгершілікке қарай ұмтылсаң,  
адамгершіліктің өзі саған келеді.  
Жаксы адаммен кездесудің өзі – бақыт.  
*(Әлемге Конфуций атымен аян болған  
қытай философы Кун-цзының этикасынан).*

Орталық Қазақстанда тіршілік тірегі күннің алқызыл шапағы ең алдымен аймалайтын Ақсораң аталатын шынар шыңның (теңіз деңгейінен 1550 метр биіктікте) дәл түбінде ел абызы Шабанбай би ауылы бар. Бұл жер ертеде Шылым аталушы еді. Сонау орыс патшасы заманында басыбайлықтан босаған кара шекпендер талауға түскен қазақ жеріне қарай шұбырғанда кейін Қара Иван. Сары Иван атанған мұжықтар бастаған жалбыр шаштар осы жерге жетіп, көштерін доғарып, костарын тігіпті. Ақбалтыр қайың, сұлу терегі, қас батырдай қайыспас қарағайы аралас өскен Кеңдара алқабын жарып аққан ерке бұлақ көздері сусындатқан аймақ жер жаннатына ұқсайтын. Бұрын өңі түгіл түсіне енбеген, сырық ексең, арба өсетін осындай жұмаққа «Слава богу» деп ие бола кеткен «жаңа кожайындар» аз жылда байып, жалмауыз патшаның казак жеріндегі тіректерінің біріне айналыпты. Бәйгі ат ұстап, жиын-тойларға катысыпты. Мұжықтар темекі жапырақтарын егіп, шылым тартқандықтан жергілікті ел бұл жерді Шылым атандырыпты. Бұл мекенге тәптіштеп тоқталуымыздың өзіндік себебі де бар. Бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері, өзінің санаулы өмірінің 49 жылын адам өмірінің сақшылары– шипагер дәрігерлер даярлауға арнаған, КСРО және Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі, Қарағанды медициналық академиясының доценті Әуезхан Омарханұлы дәл осы жерде дүниеге келген. Көпке қадірлі азамат, ардагер ұстаздардың бойындағы биік адамгершілік қасиеттер – жайдары мінез, кішіпейілдік, қарапайымдық, жанынын жайсаң дарқандығы туған елімен бірге туған жерінен де жұққан десек, артық айтқандық болмас. Табиғи ортаның адамның мінез-

құлқына етер әсерінің мол болатынын ғалымдар да жоққа шығармайды.

Өткен ғасырдың елуінші жылдарының басында мен де осы жерде мұғалімдер институтын тәмамдап келіп, ұстаздық еткенмін. Сонда алдымнан өткен балалардың арасында бүгінгі шипагерлер ұстазы Әуезхан, оның сыныптастары, кейінде ақ желеңді абзал жандар арасында басшы болып еңбектенген ардагер дәрігер Сәтжан Байсеркин, өндіріс маманы белгілі инженер Қабдығали Кенежанов та бар еді. Сол кезде бала көңілдері Ақсораңның биіктігін армандаған жастар бүгінде өздерінің өміріндегі биік белеске жетіп отырса, солардың жақсы адам, білімді маман болып өсуіне аз да болса үлес қосқан ұстаз ретінде шынайы көңіл білдіруге менің де қақым бар деп ойлаймын.

*Жетпіс – биік, басында қар жатады,*

*Тек мұзбалақ шаңқылдап тіл қатады.*

*Жиырма бестен екі жұп жиыртасы алда,*

*Жетпіс тұлпар арындап зулатады,* – деп жазып

едім бір кезде. Бір кездегі бала шәкіртім Әуезханның жетпіс тұлпары әлі де бабында. Ұстаз ретінде мен соған қуанамын. Ол өмірінің осы бір үлкен белесіне ендікпей еркін шығып отыр. Олай дейтіміз, оның ойына да, бойынан да өмірге құштарлық, жаңалыққа талпыныс, жақсылыққа сүйініш әсте төменгеген жоқ. Озі қалаған мамандығы бойынша еңбек жолын жалғастыруда.

Әуезханның әкесі – Омархан ақсақалды ауылдастары аса құрметтеп, Омана деп атайтын. Шебер ұста, қолы ісмер адам еді. Сол кезде мектепке баратын екі ұлы - Әуезханы (Әтай) мен Мырзаханы (Кілкен) оқу үздіктері болды. Балалары жақсы оқитын ата-аналар мұғалімдер арасында да сыйлы болатыны белгілі. Оның үстіне Омана мектептің парта, тақтасын, есік, терезесін бүтіндеп, өз үйінің мүлкіндей қамқорлық жасап жүретіні оның қадір, қасиетін онан сайын арттыра түсетін.

Әуезханмен әңгімелескенімде ол ең алдымен ұстаздарын еске алды. Алғашқы ұстаздары Сейітжан Қожамбаев, орталау мектептің директоры, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі Жабас Кеңесбаев, орта мектепте дәріс оқыған ұстаздары

Жанәділ Сапарғалиев, Сағадиды Мыңшалов, Әрін Өтешев, Асқар Сейдахметов, Шешенбай Таханов және басқаларын құрметпен еске алды.

Ол орта мектепті бітірген жылдары қазақ балаларына аттестаттарын бермей, «ата таяғын» ұстатып, «ата-баба мамандығы»— қой бағуға жіберетін жымысқы саясаттың бой көтергені әлі есімізде. Қой бағудан гөрі тракторға отырып, тың көтерудің пайдалырақ екенін аңдаған бала жігіт механизатор мамандығын қалады. Ауыр жұмыстарды атқара жүріп, қабырға газеттерін, жауынгерлік парақшалар шығаруға белсене кірісті. Үгіт, насихат жұмыстарын жүргізуге қатысты. Өнерпаз жастарды ұйымдастырып, ойын-сауық қойып жүрді.

Міндетті әскери борышын Балтық теңізі флотында өтеді. Онда да қоғам жұмыстарынан қол үзбеді. Әскерден соң Балқаш қаласына келіп, мыс балқыту зауытына жұмысқа тұрды. Міне, осылайша еңбекте, әскер қатарында шынығып, шыңдалған жасты енді өмірлік мамандық алу мәселесі ойландыра бастады. Сайып келгенде дәрігер мамандығын қалады. Өткен ғасырдың елуінші жылдарына дейін жоғары білімді маман дәрігер болмаған, облыс орталығынан шалғай жатқан ауданға дәрігер кадрлары сол кезде ауадай қажет еді. Содан 1959 жылы жаңадан ірге көтерген медицина институтының емдеу факультетіне оқуға түсті. Әскерде, Балқаш сияқты орыстары көп қалада біраз жыл болғандықтан орыс тілі көп қиындық көрсете қоймады. Институттағы алты жылғы ізденісі білім қорын жинау үстінде өтті. Сол күндерді еске алғанда Әуезхан былай дейді:

– Институт ректоры П.Поспелов қапа емес, өзге де профессорлар Я.Лазарис, И.Каганович, А.Зорина, Х.Мақажанов, Т.Рахымжанов, Т.Мұстафин, Л.Кочкина, Д.Попов сияқты білімді де білікті ғалымдар бізді жаңа биіктерге көтеріп, шын мәнісінде қанаттандырды. Өмірімде ұмытылмастай болып есте қалған бір оқиғаны айтайын. Оқу аяқталды. Арман болған диплом қолға тиді. Енді қызметке қайда баратынымызды белгілейтін комиссияның шешімін күтіп жүрміз. Кезек маған жеткенде ең әуелі «Қайда барғың келеді?» деген сұрақ берілді.. Мен көптен ойымда қорытылған шешімді – Балқаш қаласында хирург дәрігер болуды армандайтынымды айттым. Комиссия

алдына келгеннен бері маған қадала қарап отырған институт ректоры Петр Моисеевич Поспелов : «Жо-жок, бұл жігітті мен өзімнің қарамағымда қалдырамын. Біздің институтта ұлт кадрлары саусақпен санарлықтай ғана. Сол олқылығымызды осындай талапты, талантты жастармен толықтыру – менің максатым ғана емес, арманым!» демесі бар ма! Мұндай қамқорлықты күтпеген мен қатты толқып «Рахмет!» дей беріппін. Міне, менің Петр Моисеевичті естен шығармай айта жүретінім сондықтан. Әкемнен кейінгі үлкен жақсылық жасаған осы кісі. Мен оны «тек менің ғана әкем» десем өзімшілдік болар. Ол бүкіл қазақ жастарының , басқа аз ұлттар балаларының әкесі. Осы сөздің тура мағынасындағы жанашыры десем, артық болмас. Егер Петр Моисеевич болмаса, менің дәрігер болатыным даусыз. Ал ұстаз болмайтыным– анық. Қазір осы уақытқа менің алдымнан дәрігерлік мамандықты таңдаған 30 мыңдай жас дәріс, тәлім-тәрбие алған екен. Осыншама адамды бүгінгі академияның барша корпустарына сыйғыза аламыз ба?!

Бұл – шын жүректен шыққан, терең тебіреністен туған адал сөз. Әркім-ақ осындай көрсеткішке жете берсе, бір адамның маңдайына олқы болмас еді!

Бір кезде Әуезханнан дәріс алған жастар қазір Қарағанды медициналық академиясының білікті профессорлары ғана емес, бұеіл республикамыздың мақтанышына айналған оқытушы – ғалымдар. Олар – Қ.Әлиханова, Р.Досмағамбетова, марқұм А.Әбішева, И.Скосарев, Қ. Қапенова, А. Беляев және басқалары.

Медицина ғылымының кандидаты дәрежесін профессор Белла Михайловна Эрездің жетекшілігімен берілген үш жыл мерзіме ойдағыдай қорғап шықты. Диссертацияны сараптаушы есімі көпке мәлім, Қазақстан Ұлттық академиясының академигі, профессор Алшынбай Рақышев өте жоғары баға беріп, бір ай ішінде Жоғары Атгестаниялық Комиссияда (ол кезде Мәскеуде болатын) бекіді. Жоғарыда айтқанымыздай, Әуезхан Омарханұлы медицина институтында, кейін осы институттын негізінде құрылған медицина академиясында 49 жыл табан аудармай қызмет еткен екен. Осының 34 жылында қалыпты анатомия кафедрасының доценті болып еңбектеніпті. Студенттерді оқыту, мамандыққа баулу өз алдына қаншама

уақытын қоғамдық жұмыстарға жұмсағанын айтпасқа болмайды. Бірнеше мәрте институт партия комитетінің мүшесі, бес жылдай емдеу факультеті партия бюросының хатшысы болып сайланды. Жазғы еңбек семестрінде штаб бастығы, 16 жылдай абитуриенттерді оқуға қабылдау комиссиясының хатшысы болады. 1984 жылдан бастап алғашқы емдеу факультеті деканының орынбасары, одан кейінірек факультет деканы, 1992 жылдан 2001 жылға дейін жаңадан ашылған Жалпы медицина факультетінің деканы қызметін атқарып, студент жастардың ең жақын ұстазы болған екен. Атқарылған жемісті қызметі лайықты бағаланып, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісін иеленді, екі мәрте Қазақстан Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталады.

Студенттік өмірді бастан кешкен әр адамның «декан» деген сөзді естігенде елеңдемейтіні бола қоймас. Әділін айтсақ, декан – студенттің әкесі де, анасы да, қамқор ағасы да, қия басып теріс жолға түссе, қақпайлап тура жолға салатын қатаң бақылаушысы да, жетпей жатқан жерде материалдық көмек көрсетуге де жарайтын, қазіргі тілмен айтсақ, спонсоры да, қысқасы көкөрім жастың сыртқы сан қилы әсерлерден қисаймай, тіп-тік сұлу теректей болып өсуіне ең алдымен үлес қосатын мойнына үлкен жауапкершілік жүктелген жоғары оқу орнындағы белгілі тұлға. Жатақхана тимей жетім бұрышта паналап жүрген, ауырып-сырқап қалып, емтиханда үштен аса алмай стипендиядан мақұрым қалған студенттің қабағына қарайтын қамқоршы да сол. Осындай жағдайлар Әуезхан Омарханұлының басынан сан рет кездескен. Оның бәрін тізіп жаза берсек, әңгіmemіз ұзап кететін түрі бар.

Жақсы қасиет ұстаздан жұғады. Қабылдау комиссиясынан әділ бағасын ала алмай сыртта қыстығып жылап тұрған абитуриентті қолынан жетектеп кабинетіне алып барып, жеке әңгімелесіп, емтиханды қайта тапсыртып, студенттер қатарына қосып жіберген Петр Моисеевичтің қайырымдылығы Әуезхан сияқты шәкірттеріне де жұққанына шүбә келтірмейміз.

– Тағдыр мені жақсы адамдарға кездестірген екен, – дейді Әуезхан. – Сол жақсылардан тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге ала жүріп, солардың шарапатына бөленгендей сезінемін. Сондықтан мен де



өз шәкірттеріме: «Адамға жасаған жақсылық, камкорлық – мәңгілік өмірдің кілті»,– деп қайталап айта бергім келеді.

Қазір медициналық академияда мемлекеттік тілдің – қазақ тілінің мәртебесін көтеруде көпке үлгі боларлықтай жұмыстар атқарылуда. Кейбір факультеттерде сабақ қазақ тілінде өтеді. Бұл істе Әуезхан сияқты «Қазақ тілі» қоғамының жанашырлары белсене араласуда. Ертең оқуларын бітірген жастардың ауылдық жерлерге баруы – ана тілін жақсы білумен тығыз байланысты екенін алдын ала ойластыру деп осындай әрекеттерді айтамыз.

*2006 жыл.*

## ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ

Данышпан Абайдың «Дүние – шалқар көл, заман – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер» деген ғақлия сөзін осы арада еске алудың өзіндік бір сыры бар. Бұдан отыз үш жылдай бұрын Қарағандының мұғалімдер институтын бітірген бір топ көкөрім жас ұстаз оқытушылардың август конференциясына тұңғыш рет қатысып отырмыз. Арамызда осыдан бірер жыл бұрын ғана өзімізге дәріс оқыған ұстазымыз да бар. Негізгі баяндама аяқталған соң, мінбеге шешендер көтеріле бастады. Бәрінің де айтатыны жас ұрпақ тәрбиесі жайлы. «Жастар – біздің үмітіміз, болашағымыз, оларға саналы тәртіп, сапалы білім беру керек», – деп қояды сөздерін қорытындылап, шегелей келіп.

Бір кезде белгілі журналист, өмірден көргені де, түйгені де мол, ескілікті әңгімелерді көкейіне көп тоқыған Оспанбай Орынтаев сөз алды. Осең ол кезде Қоңырат аудандық «Қызыл ту» газетінің редакторы еді. Ол көбінесе ауыл мәдениетіне түбірлей тоқталды. Мектеп балаларын класқа иіріп қойып, өздері үй аралап қымыз ішіп, немесе жеке меншік шаруасын күйттеп кететін кейбір жүрдек мұғалімдерді көзге шұқып, сынап берді. Зал сілтідей тына қалған. Орынды сөз әркімнің-ақ көкейінен шыққандай. Осы бір тыныштықты бұзып бір шеттен қозы қорып естілді де, біртіндеп тақтай тіліп жатқан араның

гүжіліндей дыбыс жетті. Президиумда отырғандар да, залдағылар да аң-таң. Әр тұстан қысыла шыққан күлкі естіледі.

Сол шақта бойы ортадан биігірек, дембелше келген, сарғыш өңді, көкшіл козді, үстінде белін жалпақ қайыс белбеумен тартып буынған сұр гимнастеркасы бар бір адам президиум столынан ақырын көтерілді де баяу үнмен:

– Оске, тілеуіңізді берсін, ақырын сөйлеңізші! Әйнек ақсақал оянып кетер, – деді (Оскең жиналыста қатты дауыстап сөйлейтін еді). Ал, Әйнек – Калинин ауылдық Советінің председателі еді, жасы сол кезде алпысты алқымдап қалған саркідір адам болатын. Зал қыран-топан күлкіге батты. Әйнек ақсақалдан да береке кетті, жүздеген көз оған ауғанда, ол ұйқылы-ою күйінде жүзі төменшіктеп жерге қарай берді.

Өзінің шымшыма әзіл сөзімен жұртты осылайша бір желпінтіп алған, аудандық партия комитетінің сол кездегі бірінші секретары Махами Абдуллаұлы Яхин болатын. Бұрын сырттай аты-жөнін естігенімізбен, біз сияқты жастар ол кісінің сырын біле бермейді ғой. Кейіннен талай куә болғанымыздай, Махаң ұрсып-сөгіп айтатын сөздің өзін қалжыңға айналдырып, тінті ашы әзілмен сықаққа шаптырып та жібереді екен.

Қонырат ауданында он жылдан аса бірінші секретарь болып қызмет атқарғанда Махаң айтты деген сөзді бүгінгі ұрпақ әлі күнге қайталап жүреді. Реті келгенде соның бірін айта кетейік. Б. деген жігіт араққа құнығып, азып-тозып кетеді. Ісінен береке кетсе-ақ келекеге айналатыны белгілі ғой. Махаң да оның мінезіне әбден қанық көрінеді. Бір күні Б-ны кабинетіне шақыртады.

– Отыр, былай жоғары шық, – дейді ол.

– Рахмет, Маха, маған осы жер де болады ғой, – деп қашқақтайды.

– Әй, сені не қара басты? Жұрт сені өтірік айтпайды деуші еді ғой. Енді, жасың жер ортасы көк төбеден асқанда судыр атанайын деген екенсің, оның қалай, ә? – Б. бір пәлеге душар болып қалған екенмін деп шошып кетеді.

– Маха, өтірік айтсам төбемнен ұрсын!

– Онда сенің сөйле сендім. Енді менің қалаулы сұрағым, кәдімгідей бұйымтайым бар.

– Алыңыз, Маха, алыңыз! Бірақ менде сіз қызығарлықтай жөні түзу не бар дейсіз? Мына бір темекі сауытымнан басқа...

– Мен сенен дүние сұрамаймын. Анттай қасиетті уәделі сөзіңді сұраймын. Маған енді арақты ішпеймін деген бір ауыз уәделі сөзіңді бер, – дейді Махами Яхин түсін суытып, көзін қадап тұрып. Сонда әлгі жігіт басын төмен салбыратып, мұрты жыбыр-жыбыр етіп, көзі суланып отырып қалады. Сәлден кейін кемсеңдеп жылап жібереді: «Рахмет, Маха, рахмет сізге аға! Мұндай сөзді жанашыр аға сізден басқа маған кім айтады. Ұрсаңыз да, соқсаңыз да сіздің қолыңыздамын. Өліп кетсем де, сөзімді бердім. Қойдым арақты, ағатай!».

– Жарадың, кәдімгідей инабатты адамның сөзін айттың. Менің алдымда серт бердің. Ал, сертіңнен тайсаң – өтірікші, суайт болғаның. Енді өлсем де өтірік айтпаймын дедің ғой. Сол сөзіңді ұмытпа, мен де ұмытпаймын! Бұл уәде екеуімізге серт болсын...

Ұзын сөздің қысқасы, сол жігіт Махаң осы Қоңырат ауданынан кеткенше: «Өліп кетсем де арақ ішпеймін деп Маханьның алдында берген анттым бар», – деп «ашы суды» корсе алты қырды айнала қашатын болыпты. Ел арасында әңгіме өшіп те қалады, өсіріліп те айтылады. Дегенмен, осы әңгіменің шыққан көзі бар екені даусыз. Махами Яхиннің екі ауыз сөзбен «ердің құны, нардың пұлы» дерлік мәселені шешіп жіберетін, дуалы ауыз азамат екенін ел айтады. «Халық айтса, қалт айтпайды» деген сөз рас.

Бүгінде жетпістің бел ортасынан асып кеткен, 1926 жылы лениндік шақырумен ВКП (б) қатарына өткен Махами Абдуллаұлы Яхин өзінің барлық саналы өмірін партия ісіне, халық мүддесіне арнаған ардагер азамат, ақылгөй аға. Абзал азаматты мақтаудың керегі жоқ, онымен мактану керек сияқты. Міне, Махами Яхин де осындай ел мактаньшы болған адам. Ол Акмола (қазіргі Целиноград), Қостанай, Қарағанды облыстарында, оның ішінде Қарқаралы, Нұра, Ақтоғай (бұрынғы Қоңырат) аудандарында ұзақ жылдар бойы партия комитеттерінің бірінші және екінші секретары болып қызмет істеген. Сондай-ақ, Қарағанды облыстық партия комитетінде

ауыл шаруашылығы бөлімінің менгерушісі міндетін де абыройлы атқарған.

Ұлы Отан соғысы бұрқ ете түскен кезде ол Ленинградта жүріп лениндік курстарда тыңдаушы болатын. Жалынды жас өзі тіленіп майданға аттанды. Москвада Ленин атындағы әскери-саяси училищеде оқыды. Әскери комиссар Яхин соғыстың басынан аяғына дейін майдан даласында жауынгерлердің жүрегіне партияның жалынды сөзін ұялатты. Қызыл өрттің ішінде жүрді. Ленинградты қорғауға, Польша мен Чехословакияны, Венгрияны неміс-фашист басқыншыларынан азат етуге қатысты.

Яхиндер төрт ағайынды еді. Соның екеуі Отан үшін жанын пайда етті де, екеуі ауыр жараланып туған еліне оралды. Махаң омырауына жауынгерлік ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденінің және бірнеше медальдар тағып қайтты.

Сонымен, 1949 жылы Қонырат аудандық партия комитетіне қызметке барғанын әңгімелей отырып, Махаң сол кездегі Ұлы Отан соғысынан күйзелген елдің қонторғай жүдеу күйін күйзеле есіне алады:

—...Не айтары бар, ол бір соғыс салған жан жарасы да, тән жарасы да ушығып, сыздап тұрған шақ еді ғой. Халықтың көпшілігі жалғзынан, жампозынан, бекзатынан айырылған кемпір-шал, ардағынан түл қалған келіншектер, қызыл қарын, қара сирақ жас балалар, майданнан мүгедек, жарымжан болып қайтқан жауынгерлер еді. Әйтсе де «Женіс» деген бір ауыз қуатты да құдыретті сөз бар ауыртпалықты серпіп, сілкіп тастағандай.

Ауданда мал шаруашылығы басым еді, көбіне қой, жылқы өсіреді. Аздаған түйе, ешкі бар. Сиыр малы жоқтың қасы. Осы жайларды еске алып, малды шаруашылықтарды аралап шығып, өз көзіммен көрген соң Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне, оның сол кездегі бірінші секретары Ж.Шаяхметов жолдасқа хат жаздым. Бір айдан соң арнайы комиссия келді. Жағдаймен түбірлі танысты. Көп кешіктірмей мені Орталық Комитеттің Бюросына шақырды. Ақыры не керек, едәуір көмек көрсетілді. Ел азып-тозып кеткен еді ғой. Етік, бәтеңке, костюм, шалбар, кездеме, ыдыс-аяқ, сабын дегендей, біраз дүние

жеткізілді. Осындай жағдай тек Қоңырат ауданында ғана болды деп отырғаным жоқ. Бүкіл ел басына түскен қиыншылық еді.

Бұдан соң ауданда екі МЖС (машинно-животноводческая станция) ұйымдастырылды. Біріншісі Киров, Сәуле колхоздарында, екіншісі Ақтұмсық деген жерде болды, Тоқырауын өзенін Сарытерек тұсынан бөгеуге талаптанып едік, бірақ су арнада бөгелгенімен жер асты арқылы төмен ағып кетеді екен. Қазір Балқаш тұрғындарының пайдаланып отырғаны сол жер астымен ағып барған Тоқырауын мөлдірі. 1954 жылы зор аттаныс – тың котеру басталды. Машина-трактор станциялары ұйымдастырылды, техника көбейді. Комбайн, трактор жүргізетін кадр болмай, Украинадан бес механизатор көмекке келді.

Шаруашылық өрге басты. Сонымен, қой саны 250 мың шамасына жеткізілді. Социалистік жарыс жеңімпазы атанып, ауыспалы Қызыл туларға ие болдық.

... Осыдан төрт жыл бұрын Ақтоғай ауданында болдым. Оған себеп, ауданның 50 жылдық тойына арнайы шақырған болатын. Сый-құрмет көрдім. «Елу жылда – ел жаңа» дегендей, адам танымастай болып өңір өзгерген. Қырда мыңғырған мал, ойда жайқалған егіс, сап түзеген сансыз техника. Ақ шаңқан шатырлы әрі көп қабатты үйлер. Жетістік пен мәдени өрісті жеткізу қиын.

Төрт жыл майдандағы қиын күндер денсаулықты біраз төмендетіп кеткен еді. 1960 жылы Махами Яхин құрметті демалысқа шықты. Қазір республикалық дәрежедегі дербес пенсионер. Ол демалысқа шықтым деп қол қусырып отырған жоқ. Бірнеше жыл бойы облыстық тұтынушылар одағы басқармасы председателінің орынбасары болып жемісті жұмыс атқарды. Жастарға интернационалдық, патриоттық тәрбие беруге белсене араласты.

Партия мен үкімет Махами Яхиннің еңбегін жоғары бағалады. Ол 1938 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті тексеру комиссиясының мүшесі, 1937 жылы облыстық Советтің депутаты, 1950 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, ал 1930 жылдан 1961 жылға дейін үзіліссіз Қарағанды облыстық партия комитетінің мүшесі болып сайланды. Махами

Яхин Қазақстан Компартиясының бірнеше съездеріне делегат болып қатысты.

Ұзақ жылдар бойы партия және шаруашылық қызметінде көрсеткен шебер ұйымдастырушылық, тәрбиешілік қызметі үшін Отанның жоғары наградаларына ие болды. Оның омырауына жарқыраған Еңбек Қызыл Ту, «Қызыл жұлдыз» ордендері көптеген жауынгерлік және еңбек медальдары, Қазақ ССР Жоғары Советінің Құрмет грамоталары, облыстық партия комитеті мен Совет атқару комитетінің сый-сияпаттары, Құрмет грамоталары осы пікірімізді растай, дәлелдей түседі.

Қазақта «Есік алды дөң болса, ерттеп қойған атпен тең, ауылыңда карт болса, жазып қойған хатпен тең» деген аталы сөз бар. Махаңмен әңгімелесе қалсаңыз осы сөздің шындығына көзіңіз кәміл жетеді.

– Мен 1928 жылы әскер қатарына алынып, Ташкентте эскадрон комсомол ұйымының секетары және аудандық комсомол комитетінің мүшесі болып сайландым, – дейді Махами әңгімесін одан әрі жалғастырып, – Бір жылдан соң Петропавлға қайта оралып, Бейнетқор аудандық партия комитетінде үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарып жүрген кезім еді. Осы уақытта коллективтендіру басталды. Кәдірқұлсану деген жерде қазақтың Чеховы атанған белгілі жазушы Бейімбет Майлинмен үш ай бірге жүріп, колхоз ұйымдастырдық. Одан осы ұйымдастырған колхозымыздың бір түнде тарап кеткені таусылмас әңгіме. Басында колхозға отыз шақты адам кірген еді, ақыры алты-жеті адам ғана қалды. Бұл бай-кулактардың теріс үгітінің салқыны еді. Содан, Бейімбеттің сасқаны ма, мандағаны ма кім білсін, алақанын жайып: «Япырмай, енді қайттық, бұл қалай болды, батыр-ау!» деп қайталай бергені есімнен кетпейді. Ақыры белсене кірісіп істі түзеттік-ау, әйтсеуір...

Менің бір байқағаным, Бейімбет қайда жүрсін қолынан қағаз-қарындашын тастамайды екен. Отыра қалып та, түрегеп тұрып та қаламын жорғалатып жаза беретін. Қою қара пашын сұқ саусағымен орап, ширатып отыратын. Кейін білдім, болашақ әңгіме, повесттердің негізі сол кезде блокнотқа түсіп жатады екен ғой.

Махами Яхин есте қалғандарын одан әрі жалғастырды...

– Тағы бір жайды айтайын, 1934 жылы Қазақстанда астық қалың шықты. Ленинград тұрғындары Қазақстанды аялы камкорлыққа алды. Сол кезде ВКП (б) Орталық комитетінің және Ленинград облыстық партия комитетінің секретары Сергей Миронович Киров Қазақстанды аралап жүріп Ақмолаға келді. Қасында Садыков, Аммосов деген кісілер бар. Бозайғыр МТС-інде Дивеев екеуі құшақтасып амандасты (Дивеев станция директоры, кавказдық болатын). Егістікті аралап шығып, көп-көп кеңес берді. Сабаздың шешені-ай, аз сөзбен көп пікірді санаңа құйып беретін. Байқап отырсам, оның шешендігі өмірді жақсы білгендікте, жоғары білімділікте екен ғой. Сонан кейін Буденный атындағы колхозға жүріп кетті. Колхоз председателі Әбдісәмет Қазақбаев болатын. Біз барған кезде ол білегін сыбанып, шапанының етегін түріп алып, маңдайынан тер бұршақтап, жұмыс істеп жатыр екен. Молотилкаға жем тастап тұрды.

– Бұл кісі кім болады? – деді амандықтан соң Сергей Миронович.

– Колхоз председателі Қазақбаев деген кісі осы, – дестік. Киров оның жанына барып, күлімдеп тұрып, арқасынан қаты да: «Міне, азамат, осындай адамдар ғана коллективті басқара алады», – деді Сергей Миронович. Аудандық жиналыста ол Қазақбаевты аузынан тастамады. Қайта-қайта айтып мол ризалық білдірді. Кейін білдік, Сергей Миронович кісіні сөзінен ғана емес, ісінен таниды екен. Сол кісінің шарапаты болса керек, Әбдісәмет Қазақбаев көп кешікпей Ақмола аудандық Советі атқару комитетінің председателі, одан Қарағанды облыстық Советі атқару комитетінің председателі болып қызмет атқарды. Көп кешікпей ол Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі болып сайланды. Міне, біздің елімізде еңбек адамына деген құрмет қандай!..

Жуырда Махами Яхин Қарағандыдағы №2 қазақ орта мектеп-интернатында болып, ұстаздар мен оқушыларға мәнді етіп есте қалғандарын айтып берді. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Елжас Тайлаков, комсомол ұйымының

секретары Зәмзәгүл Қосыбаева коллектив атынан ардагер ағаға шексіз алғыс айтты.

Махан Әлия Молдағұлова атындағы дружина советінің қаулысы бойынша пионер ұйымының құрметті мүшесі болып қабылданды. Аяулы ағаның мойнына алқызыл галстук тағылып, құшағы гүлге толды. Мектеп өнерпаздары достығы, туысқандығы мен бауырластығы жарасқан совет халықтарының әсем ән-күйлерінен концерт көрсетті. Дәл сол шақта казак мектебі Совет Одағының барлық ұлттарының ұл-қыздары бақыт жырын шалқыта, тамылжыта шырқап тұрғандай сезілді. Ардагер ағаның көзіне бір тамшы меруерт мөлдіреп келіп қалып еді...

Міне, 57 жыл Ленин ұйымдастырған Коммунистік партияның солдаты болып өз міндеті мен правосын адал, абыроймен ақтап келе жатқан аяулы аға жүрегіне жастай ұялаған асыл арманының бүгінде іс жүзіне асып отрғанына қуанды. Әлгі бір тамшы меруерт сол шексіз қуаныш белгісі ғой.

*1983 жыл.*



## V. СЫРСАНДЫҚ

---

### ҰСТАЗ – ҰЛЫ ТҰЛҒА

Адамға ата-анадан кейін ең жақын тұратын мұғалім-ұстаз болса керек. Кейде тәрбие туралы әңгіме қозғаған жерде соңғысын алдымен атаймыз. Мұғалім - ұстаз деп қосарлап атауымның да себебі бар. Мұғалімнен гөрі ұстаз сөзінің мағынасы терең. Екінің бірі - мұғалім болғанымен, мыңның бірі ғана - ұстаз. Мұғалім - білім беруші, ұстаз - сонымен бірге, адамгершілікке тәрбиелеуші, өмірдің қызығына мастанбауға, киыншылығынан қажып, мойымауға, бастаған істі аяғына дейін жеткізіп, жеңіске жетуге үйретуші. Ұстаз - ұлы тұлға, ұстаздық – ұлы іс дейтініміз содан. Ұстаз - өз өмірін басқа бір адамның (біреу емес, мыңдаған) бақытын сомдап, шыңдауға бағыштаушы, соның болашағының жарқын, нұрлы болуы үшін өзінің күшқуатын, ақыл-ойын аямайтын ыстық жүректі мейірбан адам.

Педагог-психологтардың зерттеулері бойынша, ұстаз бойында елуден астам жақсы қабілет-қасиеттер кездеседі екен. Әрине, соның бәрінің бір адамның бойына жинақталуы сирек, тіпті мүмкін емес те болар. Әйтсе де, солардың ең бастылары жақсы ұстаздың бойынан табылады десек, артық айтқандық болмас. Олар: білуге құмарлық, білімділік, жігерлілік, әдептілік, төзімділік, сабырлылық, адалдық, рақымдылық, шыншылдық, сыншылдық, адамға, өзінің шәкірттеріне сүйіспеншілік, жауапкершілік, әділдік, сезімталдық және басқалары.

Жақсы ұстаз талапты, таланты шәкіртін өмір бойы ұмытпайды, жаман шәкіртінен де түңілмейді. Менің әкем өмірін жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған ақын әрі ұстаз Жабас Халиоллаұлы Кеңесбаев (қазір Сартерек ауылындағы орта мектеп сол кісінің атында): «Жаман шәкірт болмайды, жаман ұстаз болуы мүмкін», - деп отыратын. Данышпан Абайдың «Адам мінезін түзетіп болмайды деген адамның тілін кесер

едім», деуі де оның адам баласынан түңіліп, одан теріс айналуы қаламайтынын дәлелдемей ме?

Мен өзім көрген, осындай жақсы қасиеттер бойында бар деген біраз ұстаздардың есімдерін атасам басқаларды кішірейткенім емес, көптеген жақсы ұстаздарды тізіп

атауға мүмкіндігімнің жоқтығынан деп түсінулеріңізді сұраймын. Мәселен, өзім дәріс тыңдаған, тәлім алған Ұлы ұстаз - Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің мына бір ерекше

қасиетін ұсына кетейін. Мен университетке түскен 1952 жылы Мұхаң бізге қазақ ауыз әдебиетінен (фольклордан) дәріс оқыды. Бұл жерде университет профессоры мен мектеп ұстазының айырмашылығы жер мен көктей екенін есте ұстайық. Олай болғанымен, екеуі де адам тәрбиешісі. Мұхаң аса бір әдептілікпен басын сәл иіп амандасатын да әңгімесіне көшетін. Өз өмірінен кейбір мысалдар келтіріп (әрине басты кейіпкер өзі болады), қызыл сөзбен уақыт алатындар сияқты емес, өз тақырыбынан ауытқымай қызықты да терең мазмұнды әңгімелеп шығатын да, егер сұрақ бола қалса, қысқаша ғана жауап беріп, ол жөнінде қандай кітаптар оқу керектігін айтатын. Ал, емтиханда жаттандылық емес, шәкірттің ойының, білімінің шамасына, тілінің тазалығына, көркемдігіне қарайтын. Біздің курста отыздан аса студент болса, соның жиырма шактысы жоғары баға алды. Данышпан, ойшыл, суреткер жазушы Әуезовтен алған бағаның салмағының қаншалықты болатынын өздеріңіз мөлшерлей беріңіздер! Егер шәкірттің есімі арабша, парсыша болса, оның мағынасын білетін, яки білмейтінін сұрап, өзі қысқа ғана түсіндіретін. Сөзді сырлап, өзінше білгішсінін, қалайда көрініп қалайын дейтіндерді ұнатпайды екен. Сол жолы бір ғана студентке «3» деген баға қойды. Артынан оңашада әлгі жігіт ұйғыр ұлтынан екенін, қазақ мектебін бітіргенін айтқанда, Мұхаң сөзге келмей «4» деген баға қойып берді. Ұлы ұстаздың алдын көргендердің бәрінің айтары: Мұхаң шәкіртін тым жақындатпайды да, тым алыстатпайды екен. Ұстаз ұстаз биігінде, шәкірт шәкірт орнында қалады.

Мен өзім Ақтоғайдың шағын ғана орта мектебінде тәлім-тәрбие алған ардақты да аяулы ұстаздарым Байғожа Жарқынбасевты, Жанеділ Сапарғалиевті, Сағади Мыңшаловты,

Арын Өтешевті күні бүгінге дейін құрметпен еске аламын, соларға өзімді борышты санаймын. Ұлықпан Хакімнің «Ұстазыңды әкендей құрметте» деген даналық сөзі осындайда айтылған шығар. Есімдері елге мәлім қарқаралылық Мекебай Жазыбаевты, өзіммен замандас, құрбылас аттары қадірлі, атақтары кешегі Одақ, берісі елімізге танымал ұстаздар – Асқар Сейдахметов, Ләззат Бәйішева, Мәпіш Шәрінова, Мәулен Ғазалиев, Нұрахмет Қайырбаев есімдерін ардақтап, мақтауға лайық талантты, дарынды ұстаздар деу әбден орынды.

Халқымыздың сан ғасырлық арманы - тәуелсіздікке қол жетті. Алайда, отарлық бұғауын біржола үзіп, жаңадан жол салу оңай болған жоқ. Нарықтық экономиканың қиыншылықтарына төзе алмай талай-талай тамаша ұстаздардың алтын ұясы болған мектебін тастап, базар жағалап кеткені айтарға ауыр болғанмен, жасырар сыр емес.

Халқымыздың тарихы мен салт- дәстүрінен, тілінен, ділінен жеріген ұрпақтан қандай патриот шығатынын ойлау өте қорқынышты. Америкалық, еуропалық жылтырақ, мәнсіз, нәрсіз, дәмсіз тәрбиенің салқыны тиіп, тумай жатып, туа шеккен бота тірсек бозбалалардан, ашық-шашық жүретін бойжеткендерден қазақ елінің болашағына қорған болатын, ел намысын, ұлт мүддесін ту етіп көтеретін рухы берік, нағыз елім деген ерлер шығатынына өз басым күмәнмен қараймын. Сақтансақ осыдан сақтанайық! Ең басты сақтандырушы ұстаздар болмақ.

Ұстаздардың жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, сөз саптасы, мінез-құлқы әрқашан шәкіртке үлгі-өнеге, соған еліктейді, соған қарап бой түзейді. жақсы қасиеттерін бойына сіңіріп өседі.

Өмірден мысал алсақ, мол өнімді жақсы тұқым береді ғой. Сондай-ақ, жақсы адамдар жақсы ұстаздардың алдынан өсіп шығады. Бұл жерде мен адам бойына ата-анадан, туыстық жағынан қан арқылы берілетін тектілік қасиеттерді жоққа шығармақ емеспін. «Жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да тартпай қоймас негізге» деген халық даналығы жайдан жай айтыла салмаған ғой. Адам бойына жақсы қасиеттер жақсы көрген адамынан жұғатыны даусыз, ал ұнатпаған адамның жаман қасиеттерінен жиренетін болады. Олай болса, ұстаз

сүйіспеншілікке, өз шәкіртінің құрметіне құрмет арқылы ие болуға тиіс.

«Ұстаздың білімі де шексіз емес. Бір дананың айтқаны бар: «Менің білетінім - өзімнің ештеңе білмейтіндігім»,» - деп. Сондықтан да ұстаз өзінің білім қорын үнемі толықтыра отырып, бар білімнің қайнар бұлағы – кітапқа құмарлықты шәкірт бойына сіңіре білуі керек. Мектеп оқулығынан әрі аспайтын, тар көлемдегі жаттандылыққа үйренген шәкірттің қашанда өрісі тар. Менің ойымша, қазіргі емтиханды тестілеу әдісімен қабылдау – нағыз жаттандылыққа ұрындыратын әдіссымақ. Мұндай жағдайда оқушы «соқыртеке» ойнағандай күй кешеді де, оқиғаға өзінің жеке бағасын бере алмайды, бір сөзбен айтқанда шәкірттің таланты ашылмайды. Осыдан барып оқып, білімді студентті таңдап алуда қателікке ұрынамыз. Бұл менің, тағыда қайталаймын, жеке пікірім. Шындықты өмір көрсетер...

Атам заманнан бері ұрпақтар арасында, анықтап айтсақ, әке мен бала арасында шешуі табылмай келе жатқан бір мәселе бар. Әр ұрпақ өз заманын мадақтауға бейім. Сол заманмен бірге әркім өз ұстазының бағасын артық қояды. Менің ұстаздарымның білімі бүгінгі университет бітіргендерден төмен болар, өйтсе де, шәкіртіне деген сүйіспеншілігі, қамқорлығы артық көрінеді. Сонау бір кездерде шәкіртін өзі іздеп тауып, атының артына мінгестіріп мектепке алып келіп, интернатқа орналастырған ұстаз бен бүгінгі оқушысына айтса сөзі жетпейтін, бұйырса бұйрығы өтпейтін ұстазды теңестіре аламыз ба? Мектеп алдына шыға бере темекісін будақтатып, оқулықтан өзге кітапқа қарамайтын, эротикалық, боевик фильмдермен кеш батырып, таң атыратын оқушыны, сонау бір кездерде халықтың ертегі, аңыздарын, қиссаларын қолына түссе бас алмай оқып, жаттап, зердесіне тоқып алатын, сөйлеген сөзінен ұлттық тәрбиенің иесі аңқып тұратын шәкіртпен салыстыруға бола ма? Менің байқауымша, нағыз ұстаздар тек сабақ оқытып, білім беретін мұғалім ғана емес, жас ұрпақты өмір сүруге, онда да атаның баласы емес, адамның баласы болып, жан- жағына өз сәулесін түсіре алатын адам боп өмір сүруге үйретеді.

Өмір сайрап жатқан даңғыл жол емес, тар жол, тайғақ кешулерде ұстаз қиыншылықтарды табандылықпен жеңіп

шығатын ұрпақ тәрбиелеуге қайрат-жігерін жұмсайды. Міне, осындай ұстаздар арасынан зиялылар шыққан. Зиялылар дегеніміз – бүгінде жаңылыс айтып жүрген институт, университет тауысқан, қос-қос дипломы бар интеллигенттер емес, пікірімізді жинақтап айтсақ, адамсүйгіштер, біреудің қайғысына да, қуанышына да ортақтаса білетін, өз халқын елжірей сүйген, кемшілігін аямай сынаған, өмірінің соңына қарай құранға бас иген, мұсылмандықты жақтаған Л.Н.Толстойша айтқанда, өзінің ақылымен, өзгенің сөзімімен өмір сүретін, нағыз ақпейіл, жаны таза, адал адамдар.

Менің есіме қадірлі ұстаз, есімі Қарқаралы аймағы ғана емес, республикамызға танымал Мағауия Мақышевтің бір әңгімесі түсіп отыр.

– Қарқаралы педагогтік училищесінде оқып жүрген кезім. Біраз шәкірт, ержеткендігімізді көрсетіп, шаш қойып, темекі тартуды үйрендік. Бір күні көк түтіндетіп әңгімені соғып тұрғанымызда Жағыпар Мақашев деген ұстазымыз үстімізден түссін. «Ұрлық» үстінде ұсталдық. Мінезі салмақты, парасатты адам еді. Дауыс көтерген жоқ. Мипаздап ақыл айтты. Темекінің жас организмге тигізер зиянына көзімізді жеткізді. Ертеңіне үйінен бір кітап әкеліні берді. Темекінің зияны туралы дәрігерлік кеңес екен. Әлгіні оқығаннан кейін, көңі жамандық көрмесін, темекіні ұстамақ тұрсын, темекі тартқан адамның ісінен жиіркенетін болдық. Міне, содан бері қолыма шылым ұстаған емеспін. Аяулы ұстазыма өмір бойы алғыс айтып келемін.

Ал, қазіргі ұстаз осындай жанашырлық, қамқорлық көрсете ала ма? «Пәлесінен аулақ, күл болмаса бұл болсын!», - деп теріс айналып кетпей ме? Өйткені бүгінгі оқушының ұстаздың ақыл-кеңесін тыңдай қоюының өзі арман болып баратқанын өмірден көріп те жүрміз. Кім кінәлі? Кім жауапты? Нарық келгелі елімізде әлеуметтік теңсіздік туды. Бүгінде тұқым-тұяғымен түгін қоймай жамандап жүрген кеңес заманында оқушы мұғалім - ұстаз тұрсын, жасы үлкен адамды көрсе-ақ бас киімін алып, сол орнында тік тұратын. Ата-аналардың, басшылардың өзі мектепке бас киімін шешіп кіретін. Мектеп қазіргі мешіттен кем қадірленбейтін. Кеңес кезінде шырт киініп, дараланып жүретін «бай баласы» ілуде біреу еді.

Енді оқушыны мектепке шетелдік машинамен әкелетін байлар шықты. Оларға карағанда аз ана тиын-тебенге караған мұғалім «бейшара» болып қалды. Шындық осы. Мұны жасырғанмен бойымыз өспейді. Жоғары сынып оқушысының, жоғары оқу орнының көптеген студенттерінің жеке меншік мәшинесі бар. Кедей баласы оларға да, ақша төлеп отырған оқу орнына да тәуелді. Бұл жөнінде ел арасында қазақы калжың да, орысша анекдот та жетіп артылады. Не істеу керек? Бүгінгі ұстазға түсер салмақ ауыр. Қалай жеңілдетеміз? Былай жасау керек деп айта қою қиын. Бар ұсынарым – мұғалім-ұстаздарды әлеуметтік теңсіздіктен, кедейшіліктен тез арада құтқару керек. Осы мәселені түбегейлі шешпей, оқу сапасы жақсарады, ауыл баласы мен қала баласының білім дәрежесі теңеседі дегенге көзім жетпейді.

«Ауыл жылы» деп атойлағалы екі жыл жылжып өте шықты. Қане өзгеріс? Қаладағы бірлі-жарым қазақ мектептерінің өзі көзге қараш. Мүмкін орыс мектептеріне қамқорлық жасайтын бай ағайындар бар шығар. Ал, қазақ байшыкештері қалтасын кампайтқан соң мансап қуып, енді жаппай Парламентке депутат болуға жанталасып жүр. Олардың тоқсан пайызы өзінің ана тілін менсінбейді. Ана тіліне қарсы дауыс береді. Оған ұялмайды... Бар арманы - депутат болу. Осыны көріп өсіп келе жатқан жастарымыз не ойлайды? Әрине, қалай да баюды, тезірек маясап биігіне котерілуді ойлайтынына шүбәланбаңыз.

Ендігі бір мәселе мұғалім кадрлар туралы. Қазір мектептерде мұғалім кадрлар жетіспейді. Өзінің белгілі мамандығы жоқтар кез келген пәннен сабақ беріп, «күн көріп» жүр. Бұл жөнінде баспасөзде, радио, теледидарда аз айтылмайды. Үкімет пәленбай мың мұғалім кадрлар даярлаймыз деп жар салуда. Осы бір аласапыранда қабілетсіздер - басқа оқуға түсе алмай қалғандар мұғалімдік оқуға топырлап түсіп кетпей ме? - деген қаупім де жоқ емес. Қайтсек те адам тәрбиесімен шұғылданатын маман кадрларды дұрыс тандамасақ, сөз жоқ, ұтыламыз.

Қазір «ен кемі үш тіл білу керек» деген талап қойылып отыр. Көп тіл білгенге не жетсін. Бірақ шамасы келсін келмесін

«әр шөптің басын бір шалып» жүргенде «аш» қалып жүрмей ме? Тіпті басқа тілдерді білу жұрттың бәріне бірдей міндет пе? Әркім өзіне қажетті тілді білсе, әр тілдің соңынан салпақтағаннан жақсы, тіпті пайдалы емес пе? Қазақстанға келіп еңбек етіп жүрген шетелдіктер қазақ тілін білмей-ақ шегі майланып,- жалы күдірейіп жүрген жоқ па? Міне, осындай «саясаттын» ақыры біздің

мемлекеттік тілдің - қазақ тілінің беделінің түсуімен, қазақтардың өзінің ана тілінен мақұрым қалуымен аяқталатынына дауласатын кісі табылмас.

Мұны неге айтып отырмыз? Қанша тіл білсек те оның бастауында ана тілі – қазақ тілі тұратынын бүгінгі ұстаз ұмытпағаны жөн. Бұл талап барша ұстазға қойылса екен. Мұны жаңа реформаторлар естен шығармасын. Ана тілінен қол үзген ұрпақтың бойындағы елге, жерге, оның болашағына деген сүйіспеншілік, махаббат кемшін соғып жатады. Өйткені, ол ана тілі арқылы ұрпақ бойына шым-шымдап сіңетін ұлттық рухани байлықтан құр қалады. Ал, ұлттық рух, ең алдымен, халықтың бай ауыз әдебиетінен, ән-күйінен, салт-санасынан, тарихынан тамыр тартады. Қазақтың рухани көсемдері Ұлы Абайдан бастап, өткен ғасыр басында Алаш туын көтерген Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Мағжан Жұмабай, Міржақып Дулат және басқа көптеген арыстарымыздың мектептерге арналған оқу құралдарын, педагогика, психология, математика салаларындағы тамаша еңбектерін жазуы, бастауыш мектептерде таза ана тілінде – қазақ тілінде оқып жетілуі керектігін қадап айтып, өзге тілдерді сонан кейін барып үйренуі қажеттігін өсиет етуі - ұлттың болашағын жан-жүрегі елжіреп толғана ойлаудан туған даналық.

Бүгінгі ел басшыларының қазақ халқының келешегін ойласа жер сатудан үзілді-кесілді бас тартуын, мемлекеттік тіл - қазақ тілінің мәртебесін өсіріп, беделін көтеруін, ұлттық менталитетімізді сақтай отырып, өзге халықтардың жақсы қасиеттерін талғап, тандап қабылдауын, жалпы ойсыз құрғақ еліктеуден жұртшылықты сақтандыруын тілек етер едік. Ұлттық мүддеден айырылып қалған елдің экономикасы қанша өскенімен, болашағы көмескі екенін ұмытпаған жөн.

Елімізге өз Отанына жан-тәнімен берілген білімді де мәдениетті маман кадрлар керек. Қазақ ежелден балажан халық. Жалғыз сиырын сатса да баласын оқытуды армандайды. Ал, оқу бағасы жылдан жылға қымбаттай беретінін естігенде жағамызды ұстаймыз. Кеңес өкіметі кезінде геноцид, этноцид саясатымен аштықтан, қуғындаудан сіңірі шыққан қазақ халқы тәуелсіздіктің шапағатын қашан көреді? Жауырды жаба тоқығанмен жағдай оңалмайтынына көз жетті емес пе?

Бүгінгі білім және ғылым министрлері оқу бағасының қымбаттауы ең алдымен кедей қазақтарға шокпар боп тиетінін түсінбейтініне таңғаламыз. Тым болмаса отбасы жағдайына карап жеңілдіктер беру жайын да ойламағаны қалай? Екіншіден, оқу бағасын қымбаттата берудің өзі «ақшаң болса, бай болсаң - диплом қалтаңда, оқымасаң да жолың ашық» дегенмен бірдей емес пе? Оқу базардағы товар емес, оны саудаға салудың пайдасынан зияны басым екенін әрбір саналы адам түсінеді. Осындай шетін мәселелер ұстаздар туралы толғаныстармен сабақтас, тамырлас. Бірін шешпей, екіншісіне кілт таба алмайсыз. Біздің Парламентіміз, Үкіметіміз, Елбасымыз осы мәселелерді таразыға тартып, әділ шешіп, нарықтан тарыққан халқына барынша қамқорлық жасайды деп сенеміз. Сайлау алдында қаптаған партиялардың басшылары ел аралағанда талай кемшіліктерді (әрине, халықтың дауысын алу үшін шындықты айтуға мәжбүр болды ғой) ашып айтты. Енді сайлау аяқталған соң кешегі уәделерін ұмытып, бұрынғы мақтаншақтық әніне қайта баспаса екен дейміз.

Құлағымға «Аққудың көз жасындай көлге тамған, жанымды тербетесің шерге толған, ой, арман!» деген мұңлы әннің әуені келін тұр.

Ол - ұлы Арман, тәуелсіз Қазақстанның бақытты күндеріне тезірек жетсек екен! - деген тәтті арман.

Армандарыңыз алдарыңыздан нұрлы таң болып атсын, ардақты ұстаздар!

*2004 жыл.*



## ТІЛІ ЖОҒАЛҒАН ХАЛЫҚТЫҢ ӨЗІ ДЕ ЖОҒАЛАДЫ

Осы жұрт біздің қандай тілдің намысын жыртып жүргенімізді біле ме екен? Әй, білмейді-ау деймін. Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі Әбдуәли Қайдариді жинақтаған картотекада 500.000 түсінік – қазақ фразеологизмі бар екен. Бұл қазақ тілі орыс, ағылшын сияқты тілдерден тұп-тура он есе бай деген сөз.

*(Герольд Бельгер).*

### I.

Өмірде бір нәзік әрі шетін мәселе болса, ол – тіл мәселесі. Және бұл өзі сылдырлап ағып жатқан арнасын бұрып әкетсең маңайындағы байтақ елді Кербаланың шөліне ұшыратып, арам қатыратын сиқырлы да киелі мәселе. Адамзат жаралғалы бір елді екінші елдің жаулап, отарлап алуы әуелде қару күшімен жүргізілсе, одан әрі жымысқы, астыртын түрде тілден, діннен, салт-дәстүрден біртіндеп, мысықтабандап қол үздіретін мылтықсыз майдан арқылы жүзеге асырылып келеді. Әуелде қолға, аяққа салынған кісен енді тілге түседі. Тіл кісенделсе, сана лайланып, ұлттық рух сөніп, мәнгүртизм заманы басталады. Енді біраздан соң әлгі бодандық лағнат қамытын киген міскіндер ассимиляцияға түсіп, өзіндік кескін-келбетін өзгертіп, ақыры ұлттық менталитетін біржола жойып, будан халық дүниеге келеді. Одан әрі санасы солып, еті өліп, «үйренген тозағын қимайды» дегендей, құлдық психология үстемдік етеді.

«Текені жезде, ешкіні апа» атағандай, күштінің бәрі – аға, күле қарағанның бәрі – бауыр болып жылмиып кете барады. Осы сөзімізге дәлел керек пе? Онда дүние жүзінің бұрын отар болған, қазір отар болып отырған елдерін бір сүзіп шығып, өзімізге етене таныс Ресей империясының қанды қаруымен ойран салған орыс отаршыларына, одан бері жылжып қызыл қырғындардың бас жандармы – Компартияның зымиян саясатына сүңгіп көріңіз. Қаншама ұлттар отарлық оқпанына жұтылып, көз алдымызда тарих сахынасынан із-түссіз кетті.



*Масг'ут Жабасұлы Халиолла. 1985 ж.*



*«Советтік Қарағанды» газетінің ұжымы (алдыңғы қатарда солдан оңға қарай): Масғұт Халиолла, Құдыш Сүлейменов, Ғалымбек Нәдіров, Бейсек Исабеков, Ораз Сағынаев.*



*«Жас журналист» М.Халиолла қабырға газетінде. Суретті түсірген Базарбай Мұстафин. 1959 ж.*



*Атақты сазгер Шәмші  
Қалдаяқов Қарағандыда.  
Суретті түсірген Ю.Хейфиц.  
18.08.1974 ж.*



*Жайық Бектұров пен  
М.Халишолла «Кругозор» кітап  
дүкенінде. Суретті түсірген  
Ю.Хейфиц. 1979 ж.*



*Арнұр – әке қуанышы.  
Суретті түсірген Нарманбет Садықов, шілде 1982 ж.*



*Арнұр Папа,  
Мамасымен  
серуенде. Қараганды.  
Михайловка,  
тамыз 1977 ж.*



*«Орталық Қазақстан» газетінің ұжымы Шерубайнұра теміржол бекетіндегі ардагер журналист Мінәж Жармұхамбетовтің үйінде қонақта.  
Суретті түсірген Ерғали Жармұхамбетов. 5.10.1974 ж.*



*Ақтоғайдың «Тоқырауын толқындары» ансамблі Қарағанды телестудиясында. Алдыңғы қатарда Елжас Мұхамедияров,  
Майра Ахметова (диктор), М.Халиолла. 1971 ж.*



*Мемлекеттік  
сыйлықтың лауреаты  
Т. Ақышев.*



*Ұстаз,  
ғалым-дәрігер  
Ә. Омарханұлы.*



*Әріптес қаламгерлер:  
Ғалымбек Нәдіров,  
Мінәж Жармұхамедов,  
Қали Садықов.*



*Арнұр мен Ардақ Папа жұмбағын шешу үстінде.  
23.10.1987 ж.*



*Арнұр әскерде. Алматы, Қаскелең. Президент гвардиясы  
«Ұланда» (солдан оңға қарай. Мақан, Арнұр, Сәуле, Темірлан.  
26.12.1998 ж.*





*Мақанның үміт күткен қаламгер немерелері  
Данаел, Дәмина.*

Осының бәрін жіпке тізіп, мысал, факт, цифрлармен дәлелдеп беру бүгінгі әңгіменің аясына симайды. Қысқа кайырып, тоқ етерін айтар болсақ, «Күннен туған, Гуннан туған ер түріктің» бір ұрпағы – қазақ халқы да отаршылдық саясаттың құрбаны болудың аз-ақ алдында, Жаратқанның мейірі, шапағаты түсіп, аман қалғанын еш уақытта ұмытуға болмайды. Тәуелсіздігіңді сақтаймын десең, өткен тарихыңның қанды беттерін санаңда парақтап, зерделеп оқып отыр.

Патша отаршылдығы тұсында қазақ бишікештерінің ең алғашқы үйренгені «здрости» болса, қазақтың мемлекеттегі, хандығы жойылып, болыстық биліктің арам сирағы алдына тартылған соң «здрости тақсыр!» келді қол қусырып, бас иіп. Одан әрі «Жасасын!» шықты арсалаңдап. Жас баладай аңғал, арамдығы жоқ, имандылықты серік еткен жомарт та дарқан қазақ текпілесе кетпейтін темір қақпанға қалай тап болғанын аңдамай да қалды...

XX ғасыр біздің еліміздің тарихында ең зұлматты қанды кезең болғанына бүгінгі аға ұрпақ куә. Қолдан ұйымдастырылған аштықтан, айдаудан, атудан қырылған халықтың ұлттық ұйытқысы болар асылдарынан, сөз бастар шешендерінен, қол бастар ерлерінен, ел бастар көсемдерінен айырылып, есенгіреп қалды ғой.

Осындай «ес кетті, жан шықты» күйде біз ғасырлар бойы арман еткен тәуелсіздігімізге жеттік. Бостандық жолында төгілген аталар, ағалар қанының үстіне қызыл гүл өсетін акжарылқап күн туды. Енді не уайым бар? Жылдан жылға экономикамыз нығайып, дүние жүзіне танылып келе жатқан жоқпыз ба? Елбасы Жолдауында тұрғын үй, денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелерін айрықша атап көрсетті емес пе? Енді өткенде көрген қорлық, зорлығымызды айта берудің қажеті қанша?– дейтіндер болар. Жоқ, айтуымыз керек. Өткенін ұмытқан, алдағысын болжамаған, тәуелсіздігін кәдірлемеген, оны көзінің қарашығындай қорғай білмеген елдің тағдыры қауіпті. «Жау жоқ деме, жар астында» деп аталарымыз даналықпен айтқан. Күле қарағанның, құшақ жайып қарсы алғанның бәрі бірдей адал дос емес. Есебін тауып, кеткен есесін қайтаруды, «КСРО-

ның құлауын – ұлттық қасірет» санайтындар (Ресей президентінің сөзі) іргемізде отырғанын ұмытуға бола ма? Тілімізді, дінімізді іштен ірітуді армандайтындарды айыра білмесек демократиямыз демогогияға айналып кетпей ме? Осылайша қауіп ойласақ та көбіне ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігімізді бағалауға, аялауға, ардақтауға санамыздың жетпей жататынын жасырып қайтеміз. Кешегі кеңестік идеологияның жұқпалы дертінен тездегіп арылу түгіл, соңғы уақытта ғаламдану сияқты айдаһар саясаттың лебіне тартылып кету қауіп күшейе түсуде десек шындықтан алыс кетпеспіз. Қалаларымызды қоныраулатқан шіркеулердің алтын күмбездері күнмен шағылысып жылдан жылға кобейіп, сонымен бірге әсемдік сәнімен, доллармен, рублімен жастарымыздың басын айналдырып, озіне тартып бара жатқанын, орыс тіліндегі газет, журналдардың миллиондаған тиражбен тарауы, радио, телевизия арналарының тәулік бойы жымысқы саясатын жүргізуі бізді қалайша ойландырмайды? Жуықта ғана парламентте ұлты қазақ депутаттарын мемлекеттік тілді білуге міндеттейтін ұлтымыздың, тіліміздің болашағын ойлаудан туған ұсынысқа халық қалаулылары атанған зиялы деп жүрген азаматтарымыздың қарсы шығуы оларға деген ел сенімін әлсірете түскені жалған емес. Ұлт мүддесін қорғайтындар өз қара басының, туған тілінен қол үзіп қалған ұрпақтарының қамын ойлаудан аса алмаса өзге ұлт өкілдеріне не жорық! «Біз мұндай қадам жасауға жеткеміз жоқ» дейтіндер енді қай уақытта жетеді? Және қандай жолмен, қалай жетеді? Ол жағы өздеріне де, өзгелерге де беймағлұм.

Бізде орыстанудың тамыры сексеуілдің түбіріндей тарбиып жайылып кеткен. Ата мен әженің орысшаны араластыра қойыртпақтап сөйлеуі, бала мен немеренің орысша ойлап, дүмбілездеп сөйлейтіні, енді бір буынның тілден мақұрым қалғаны бүгінде ешкімді де таңдандырмайды. «Орыс болғын келсе, әуелі қазақ бол» дейтін өзағандардың қалжыңын күнде естісек те бетіміз қызармайды.

Қазіргі атқамінерлеріміздің көпшілігі отарлық саясаттың топырағынан нәр алып, өсіп шыққанын ескергіміз келмейді. Өмірдің қилы кезеңдерінен жаутаңқөз болып өткен жетімек

қазақ тілін ертең-ақ төрге шығарамыз. Асықпаңдар. Әуелі экономиканы мықтап нығайтып алайық, сонан соң тілді қалпақпен ұрып аламыз, – деп жүргенде кешегімізге зар болып қалатын түріміз бар. Бұл сары уайым емес, өмірдің өзі соған әкеле жатқанын көзіміз болған соң көріп отырмыз.

Шет елдер, алыстағы АҚШ, Англия, Франция, Германияны айтпай-ақ қояйық, кешегі кеңестік одақтың қоржынынан шыққан Балтық бойындағы елдер, Грузия, Армения, тіпті іргелес отырған Қырғызстан, Өзбекстан сияқты мемлекеттер жергілікті ұлттық тілін білмегендерді есігін ашып, ішке кіргізбейді, жұмысқа қабылдамайды. Сол елде 5-10 жыл тұрмаса азаматтығын бермейді. Ал, біз болсақ қақпамызды да, құшағымызды да ашып қойдық. Осындай ашық-шашықтығымыз түбінде маңдайымызға тимей ме? Мемлекеттік тілдің беделін көтеру үшін аталған елдердегідей қатаң талаптар қойсақ бізге кім бөгет болып отыр? Ешкім де! Осыған қарағанда қазақ тілінің аяғына тұсау салып отырғандарды сырттан іздеудің, басқаларға өкпе артудың қажеті жоқ сияқты. Осындай иісалмастық күн ашық, ай жарықта, есігі бүтін елдің алдындағы амалсыздық па, әлде біреулерді алдаусырату ма деген сұрақты төтесінен қойсақ қайтеді?

Тіл мәселесі – салмақты саясат мәселесі. Саясатта жалған сезім жолдас бола бермейді. Ал, ұзақ ойлану – уақыттан ұтылу. Бір ұтылсаң, орны толмайтын да осы тіл мәселесі. Тәуелсіздігіміз қолға тигені 13 жыл болған екен. Осы уақыт ішінде тіл мәселесіне байланысты атқарған істерімізді санамалап көрейікші.

Әріден бастасaq, 1989 жылы 22 қыркүйекте «Тіл туралы Заң» қабылданды. Бұл күнді сол шақтағы қайта құрудың шарттары деп бүйрегіміздің түбіне түйіп қойдық.

1990 жылы маусымда Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің Президиумы «Тіл туралы Заңды» іс жүзіне асыруға бағытталған «Қазақ тілі мен өзге ұлт тілдерін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын» бекітті. Заңның пәрмені 2000 жылға дейін деп көрсетілді. Бұл жылдарда «Қос тіл – қос қанатын» деген ұранмен тіл тақырыбын интернационализм, ұлттар достығымен кіндіктестірдік. 1993 жылы тәуелсіз еліміздің алғашқы

Конституциясы қабылданды. «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деп бекітілді. Соған қоса «орыс тілі – ресми тіл» деп, қазақ тіліне қарғаша салынды да мемлекеттік тіл ресми тілдің қанжығысында кетті. Үкімет алдында тіл жөнінде нақты міндеттер қойылып, өзге де маңызды құқықтық құжаттарға республикамызда тілдік қарым-қатынастарды реттейтін баптар енгізілді.

1993 жылы ҚР Министрлер кабинетінің жанынан тіл саясатын өрге сүйрейтін Тіл комитеті құрылды. Бірақ оның өмірі екі жылдан аспады.

1995 жылы мемлекеттік тіл саясаты Ұлттық саясат жөніндегі мемлекеттік комитеттің құзырына берілді. Осылайша бірден бірге қақпақылдап жүргенде «2000 жылы толықтай мемлекеттік тілге көшеміз» деген үкіметтің уағдасы экономикалық, әлеуметтік реформалардың астында тұншығып қалды. Ал, халықтың өз бастамасымен дүниеге келген, ұлтымыздың тілін, тарихын, салт-дәстүрін, солар арқылы туындаған даналығын насихаттап, бодандық теперішінен жасып қалған рухын көтеруіне әл-қадарынша мұрындық болған Халықаралық деп дабырайтып атаған «Қазақ тілі» қоғамы бір тапқыр ақынның тап басып айтқанындай, «баласы тастап кеткен жетім шалдың күнін кешті». Өтпелі кезеңде сіңірі шыққан халықтан да, жаңа байшыкештерден де, баяғы пролетарлық интернационализм идеясымен қаруланған үкіметтен де не моральдық, не материалдық көмек ала алмай, затын жоғалтып, аты ғана қалды. Анда-санда жоғары жақтан қоғамның президенті Ә.Қайдаров пен оның орынбасары Ө.Айтбаевтың шырылдаған үні келіп тұрды құлаққа. Осы жерде өзім қоғамның облыстық ұйымының төрағасы болып жүргенімде облыс әкімінің орынбасарына «Ана тілі» газетінің екі-үш жүз данасына (Жезқазған облысында осы газетті зейнеткерлерге тегін жаздырып берген екен) жазылуға көмек көмек сұрай барғаным еске түседі. Сонда әжептеуір сауаты бар деп жүрген азаматтың маған айтқаны: «Сіздер бір өнетін іспен неге шұғылданбайсыздар. Сол газетті өзіңізден басқа кім оқиды» болды. Осыны естіп қазақтың «сенген қойым сен болсан, күйсегеніңе болайын» деген мақалын айтып шығып кеттім.

1996 жылы тіл саясатының тұжырымдамасы бекітіліп, тіл туралы тағы бір заң қабылданды. 1997 жылы тіл саясатымен айналысатын мемлекеттік орган тағы да таратылып, ендігі жерде тіл тағдыры ҚР Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің бір департаментіне сырғытылды. Орыстың «футболить» дегені осыдан шықса керек.

Содан 1998 жылы бұл сала ҚР Мәдениет, ақпарат, қоғамдақ келісім министрлігінің құзырына көшті.

Жалығып кеткен жоқпыз ба? Жалықсаңыз да аз ғана шыдаңызшы. Сол жылы қысқа екі жылдық мерзімге арналған «Тілдерді қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» жасалды. Мұның да қауқары шамалы болды.

2001 жылы Елбасы Қазақстандағы Мемлекеттік тіл саясатының стратегиясы мен тәжірибелік қадамдарын айқындайтын ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламаға қол қойды. Бұл құжат 2001-2010 жылдарға арналды. 2003 жылы күзде тілдерді дамыту департаменті Мәдениет министрілігінің қарауына өтіп, өсудің орнына өшуге қарай бет бұрған сияқты. «Жас Алаш» газетінің хабарлауына сүйенсек, бүгінде мемлекеттік тіл саясатымен небәрі «үш бөлімдегі он адам ғана айналысады» екен. Департаменттің аймақтарда құрылымдық бөлімшелері атымен жоқ болып шықты. Осыған қарап отырып қазақтың «Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады» деген мақалы тура біздің елдегі тіл саясатына бағытталып айтылған екен-ау деген ой келеді.

«Мемлекеттік тіл» деген дардай аты бар қазақ тілін қазіргі тұралап қалған орнынан көтеріп тұрғызып, бойына қан, ойына нәр беру үшін не істеу керек?

Менің ойымша, тіл мәселесіне біздің үкіметіміз аспанға қарап жүріп, аяғының астындағыға көңіл аудармай келеді. «Мекемелерде жұмысты мемлекеттік тілде жүргіземіз» дейді. Қызметкерлер тіл білмесе, кім жүргізеді? Ең алдымен тіл білетін кадрлар даярлап алу керек емес пе? Сондықтан тіл үйретуді балалар мекемелерінен, мектептерден, орта және жоғары оқу орындарынан бастап, осы қадамымызды заңмен бекітіп, мықтап қолға алмасақ, өзге тірлігіміз құмға сіңген су сияқты зая кететініне көз жетті. Қазіргі қойып отырған талабымыз – тіл

білсең де, білмесең де өз еркінде. Бізде тілге (қазақ тіліне) деген қажеттілік жоқ, мәжбүрлік жоқ. Осындайда қазақы бір қалжың еске түседі. Жеңілтек бір әйел айтқан екен: «Жеңгемнің көңілін жықпаймын деп жүріп, бар балам байыма тартпады». Өкішінішті болса да шындықты айтпағасқа амал жоқ. Бізде де әркімнің көңіліне қарап, достығымызға сына түседі деп жүріп, өз қолымыздағы асылымызды, тіпті тарихта қазақ болып қалу-қалмауымызды анықтайтын – тілімізден айырылып қалатын түріміз бар. Ендігі жерде бұл істе батылдық жасамасак ұтылдық дей беріңіз...

Қазір мекемелерде қазақ тілінде іс жүргізіп жүрміз дегеніміз – өзімізді өзіміз алдаусырату.

Көбіне көп жауапты жұмыстарға қазақ тілін білетіндер қабылданбайды. Қазақ тілінен гөрі орыс тілінің, орыс тілінен шет тілінің беделі басым.

Турасын айтайық, егер қазақ тіліне шын жанымыз ашыса, оның шын мәнінде мемлекеттік тіл болуын ақ жүрегімізбен қаласақ, онда балалар мекемелеріндегі, мектептердегі, жоғары оқу орнындағы қазақ тілінің беделін, дәрежесін, мәртебесін көтеруіміз керек. Бүгінгі қарқынымызбен біз тіл мәселесін он жыл түгілі, бір ғасырда шеше алмайтынымызға бәс тігуге болады. Кеңес заманындағы құрғақ ұрандау, өтірік мәлімет беріп, көз алдау ендігі жерде біздің жұмыс стилімізден біржола аласталуы керек. Қазақ тілін оқығысы, үйренгісі келмейтіндерге зәредей зорлық жоқ. Мұны ашық айту керек. Құдай бетінен жарылқасын! Жоғары оқуға, қызметке, жұмысқа қабылданарда қазақ тілін білетін, білмейтіні, ал оқу бітіргендердің құжаттарындағы бағасы еске алынатын болсын. Осы талап Заңмен бекітілсе, ол үшін ешкімді де кінәлауға болмайды. Бұл зорлық емес, тәуелсіз мемлекеттің болашақта тәуелсіздігін сақтаудың бір кепілі әрі өмір талабы!

Осы сөзіміздің астарынан баяғыша «ұлтшылдық» іздегендер болса, мына бір жайларды көз алдына елестете кетейін. Бізде, әсіресе, орыс тілдегі мектептерде қазақ тілі мен қазақ әдебиетін екінші сортты пән деп есептейді. Ендігі жерде пәннің мұғалімдеріне құрметпен қарауды үйрену керек.

Мүмкіндігіне қарай оларды материалдық жағынан ынталандыру да артық болмас еді.

Қалалардағы жарнамаларға қарасаңыз, шет тілдердің әбден басынып алғанын көріп, жүрегiнiз ауырады. Ендi радио, телевизорға үңiлiнiз. Түнгi сағат 24-тен таңғы 8-ге дейiн қазақ хабарларын беру дағдыға айналды. Ел ұйықтап жатқанда ол хабарларды кiм тыңдайды? Мұны – ұлтты, тiлдi кемсiту, тiптi қорлау демеске лажыңыз жоқ. Осындай бейбастыққа тоқтау салуға бiздiң үкiметiмiздiң шамасы келмей ме? Бұл – қысас, қолынан бiр келсе, екi қыл деп сес көрсету емес пе? Осыны қай демократияға сыйғызамыз. Жоқ, бұны демагогия, бетiмен кету деп түсiнген жөн болар.

Бiз ендiгi жерде осындай бишаралықтан арылмасак, тiлiмiздiң мәртебесiн асырамыз деуiмiз – бос сөз.

## II.

Алланы ауызға алып айтайын, сан ұрпаққа арман болған тәуелсiздiгiмiзге қол жетiп, өткен тарихымызды бағымдап, болашағымызды жоспарлап, жетер жерiмiздi, шығар биiгiмiздi нық, айқын белгiлей бастағанымызға он үш жылдың жүзi болыпты. Шаңырағы ортасына түскен одақтан бөлiнiн, өз отауымызды тiгу сонау Керей мен Жәнiбек сұлтандар бастап, Әбiлқайыр хандығынан ат құйрығын кесiп шығып, қазақ хандығының шаңырағын көтеруден оңай болмағанына көзiмiз жеттi. Ертеде дұшпаның көрiнiп келiп, жерiндi жаулайтынын бiлген ер халқымыз «қанға-қан, жанға-жан» деп қайыспай қарсы тұратын. Ендiгi жау мысықтабандап, жымысқылап, жылмаңдап, тiлiне, дiнiне, дiлiне, құрық салады екен. Осыны бiлiп отырып баяғы марғаулыққа, жайбасарлыққа, беймаралдыққа салынуға болмайтынын, қайта содан арылу керектiгiн мына жаһандасу ғаламатын алып келе жатқан қатыгез, безбүйрек заман есiк қағып тұрғанын ертерек сезiп бiлмесек, өмiрiмiз өкiнiшпен, оның соны орны толмас өксiкпен өтетiнiн бiрiмiз емес, бәрiмiз түсiнуiмiз керек. Тiрi адам от оттап, су iшер-ау, ең жаманы – рухани жұтаңдықтың қақпанына түсiп, әлде бiр жалмауызға жем болып, жұтылып кету. Бұл – өте қорқынышты болса да өмiрдiң өз заңдылығы. Өмiр - күрес. Күресте бас сауғалаған, бiр күндiк



дүниебокка алданған, айла-амалға шырмалған жеңіліске ұшырайды. Ал, жеңілмеудің бірден-бір айқын жолы – ұлт мүддесін Алла атындай ардақтап жоғары ұстау!

Бізге ұлт ұстаздары болған ардақтыларымыз айтудай-ак айтып, сақтандырып кеткен ғой. Тіліңе, дініңе, діліңе берік бол, сонда ғана шайтан-нәпсінің азғыруына түспейсің деп зар қылған. Солардың жанашырлық ақыл-кеңесін, өсиетін жүре тыңдап, тіпті кейде тыңдамай кеткенімізге біз үшін кім ұялады?! Ұлтының ары мен намысын ту етіп көтерген батыр ағамыз Бауыржан Момышұлы ардақ тұтып, «Қазақтың Достоевскийі» деп атаған лирик жазушы Жүсіпбек Аймауытов «Ана тілі – жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына» деп, армандай аялап кетпеп де еді!

Ұлтын сүйгенді «ұлтшыл» (теріс мағынасында) атандырған орыс отаршылдығы заманында (қазір осылай деп өз атымен атаудан үркіп жүргендер аз емес) сөз зергері Ғабит Мүсірепов «Ана тілден айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құр қалады» дегенде патша көңілінде қандай қауіп тұрғанын біз дер кезінде аңғара алдық па?

Ұлы Мұхаң (Мұхтар Әуезов) өз қандастарына айтқан сөзі бірде жетіп, бірде жетпей жатқанда Қазақ Мемлекеттік университетінде өткен жиында «Орыс студенттеріне айтарым мынау: егер сендер орыс тілі мен орыс мәдениетінен басқа ештеңе білмейтін болсаңдар, әрине, жақсы емес. Егер сендер ... біздің Қазақстанда жасалған мәдени байлықтарға қызықпайтын болсаңдар, ол - кешірілмейтін кінә» дегенде ұлыорыстық шовинистік дерттен сақтандырып тұрғанын тыңдаушының бәрі бірдей түсіне қойды дей аламыз ба?

Тіл – қазір ұлттың дамуында қуаныштан гөрі ертеңі не болады дегендей уайымға ұласып, жұртшылық назарын өзіне еріксіз аударып бара жатқан толғауы тоқсан, шырмауы шиеленісті және ұлт ішін жеңі құрттай үңгіп отырған обыр – ұлтсыздық ауруына қарсы өліспей бітіспес күрес мәселесіне айналғаны анық. Қазақ ұлтын ата-бабамыздың тері мен қаны сіңген, аруақты рухы мәңгілік тыныс тапқан Ата мекені - Қазақстаннан бөліп алып, басқа келімсек ұлттардың

шашырандыларын қосып, ботқалап араластырып «Қазақстан ұлты» (американ ұлты деген сияқты) деген «жаңа терминді» сылап-сипап, майдалап, мәймөңкелеп орнықтырғысы келіп жүргендер кімдер екенін білесіздер ме? Қазақтың акын қызы Аққұштап Бақтыкереева өте дұрыс айтады: «Қазақстандық ұлт» деген идея қай кәлладан шыкса да түбі шикі. Қазақсың ба, казак болып қалуың керек...

«Қазақстандық ұлт» дейтін болсақ, бізге «Азаттық, тәуелсіздік» дейтін қасиетті ұғымдар неге керек?». Рас -ау, ата-бабамыз сан ғасырлар бойы қан төгіп, қасиетті ата мекенін қорғағанда «ұрпағым тәуелсіздігін қолына ұстап тұрып жерінен, ұлтының ұйытқысы -тілінен, дұшпаны ұранын естігенде жапырақтай қалтыраған - «Қазақ-Алаш» деген атынан бір-ақ сәтте сыпырылып шығам деген жоқ шығар...

Мемлекеттік тіл – Қазақстанда қазақ тілі. Ата заңымызда солай жазылған, солай болып қалады да. Ал, мемлекеттік тілімізді өз мәртебесін берік сақтап, қолдана алмай отырсақ, ол - өз алдына жеке талдайтын мәселе. Қысқаша айтайын. Басты себеп – Конституциямызда жазылған «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ресми тіл, қазақ тілімен тең қолданылады» деген анықтама. Іс жүзінде мемлекеттік тіл ресми тілдің қатарына келе алмай отыр. Кеңестік өктемдіктің күштеуімен қалыптасқан тілдік ортада орыс тілі басым болып тұрған жерде қазақ тілі өрге басып, өркен жая алмайды. Ал, ана тілінің уызы түгіл көк сүтін ембеген, шыққан тегіне жаны да, қаны да суық тартып, бұрынғы космополиттік, ұлыорыстық, соңғы уақытта «ұлы» ұлтсыздық идеологияның тұзағына іліккен қандастарымыздың өзі ұлттық мүддеден, ұлттық рухтан алыстап, мәңгүрттік тұманында адасқан бетінен қайтатын күш-жігерді өз бойларынан таба алмай әрі-сәріде жүр. Сол отарлық зұлмат заманның кесір-кесапаты бүгінгі ұрпаққа жетіп, жалғаса түсуде. Назар аударыңызшы: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде... Толыққанды тілсіз-толыққанды ұлт болуы мүмкін емес... Ұлттық сана ұлттық тілмен қалыптасады. Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі – тіл... Шүкір, ел есін жиды: тілден артық қасиет жоқ екенін кештеу болса да түсіндік... Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы ... Ана тілін қадірлеу –

әр азаматтың перзенттік парызы... Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін, бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін, бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны құрметтемеушіліктің орны толмас олқылықтарға соқтыратыны сөзсіз. Қазақ шет тілінде сөйлесе - тіпті жақсы. Бірақ шетел тіліне орап, ана тілін тұншықтырып, көміп тастаса – ол кешірілмес күнә...

Елбасының ағынан жарылып, қазақ тілі туралы айтқан осы ұлағатты сөздерін тыңдай отырып, ана тіліміздің ұлтымызбен бірге мәңгі жасайтынына қалай сенбейміз!

Отарлық саясаттың салдарынан ана тіліміздің қасиеті қашып, беделі төмендегені өтірік емес. Ол жөнінде Лениннің «орыстанып кеткен басқа ұлт өкілдерінің шовинистігі орыс ұлтынан да асып түседі» деген сөзінде шындық бар екенін жиі көріп жүрміз. Елбасының Жарлығымен бұдан көп бұрын өзінің ежелгі атауын қайтып алған Алматының әлде бір пысықайлардың қайырадан Алма-Ата (бұрмаланған) деп атауды ұсынып жүргеніне таңданып, кеңестік кезеңде жеткен атак, дәреженің буына әлі күнге мас болып, «мен легендарный адаммын» деп күпінуіне күлкіміз келіп, жаныңыз ашиды. Олар қала атының ғылыми дәлелденгеніне тереңірек мән бере алмайды. «Соқыр көргенінен жазбайды» дегендей, миына бір орнап қалған атаудан айырылғысы келмейді. «Көп айтса — көнді, жұр айтса - болды, әдеті надан адамның (Абай). Кімнің тарысы піссе - соның тауығы болатын, кімде күш, билік болса – соның шашбауын көтеретін «күнбағыстардың» азаймай отырғаны қатты алаңдататыны осындайда. Өз ұлтына жатбауырлық, екіжүзділік - көп болып күреспесе бой бермей асқынып кететін дауасыз дерт. Бізде соған қарсы қоятын идея, идеология жоқ деп күмілжиміз. Қате! Екеуі де бар. Ол - туған елге, өскен жерге, туған тілге, халқының өнеріне, мәдениетіне, салт-санасына, барша жақсы қасиеттеріне – бауырмалдығына, қонақжайлы -дарқан, жомарттығына, қара тасты ерітетін шешендігіне, ақыл-ойының кеңдігіне, қанының тазалығын сақтаудағы сабырлылығына сүйіспеншілік. Басқа арыстарымызды айтпай-ақ, бір ғана ұлт ұстазы – Абай -дананың ұсынатын өсиеті міне, біздің идеямыз, идеологиямыз. Алыстан

іздеп әуре болмай-ақ осы қасиеттерді бойымызға сіңіре алсақ – артық болмасақ, ешкімнен кем болмаймыз.

Тіл – ұлттың ұстазы, тәрбиешісі. Тілін жоғалтқан халықтың өзі де жоғалады. Менің осы мақалада ең басты айтайын дегенім – ана тіліміздің байлығы, оның өміршеңдігі еді. Жуырда бір бауырым «тіл туралы айта-айта тіліміз жауыр болды» деп жазды. Мен оған қазақ тіліндей тілді марапаттап, оны ішкі, сыртқы жаулардан қорғап, жауыр болған тілдің екі дүниеде арманы жоқ, дер едім. Ең әуелі айтарым, осы жұрт бізді қандай тілдің намысын жыртып жүргенімізді біле ме екен? Әй, білмейді-ау деймін.

Кішкене шегініс жасайық. Қазақ тілінің көл-көсір байлығын түбі немістен шыққан орыс ғалымы атанған В. Радлов тамсана айтқан. Жастайынан орыс арасында өсіп, орысша білім, тәлім-тәрбие алған өзіміздің Шоканымыз «қазақ тілі -түрік тілдерінің ішіндегі ең бай тіл» деп әділ баға берген.

«Жас Алаш» газетінде полковник Төлеухан Бекен деген азаматтың «Қазақ қандай халық?» деген көлемді әрі қазақ халқының жақсы қасиеттері ғылыми дәлелденген мақаласы жарияланып, онда филология ғылымының кандидаты В.Владимировтың «Колокол тревог Герольда Бельгера» деген еңбегінен («Мысль» журналы, 2003жылғы 3-саны) мынадай үзінді келтіреді: (орысшасын сол күйінде беріп отырмын) «Считается, что в английском языке примерно 240 тысяч корневых слов. Словарь Даля, над которым он трудился 53 года, вместил 200 тысяч слов, великое множество поговорок, толкований. В 34-х российских выпусках «Словаря говоров» более 300 тысяч слов ...Картотека казахских слов (ее начало с 1937 года) в 1972 году состояла из 2-х миллионов 550 тысяч слов». Қазақстан Ғылым академиясының академигі Әбдуәли Қайдари жинақтаған картотекада 500.000 түсінік – казак фразеологизмі бар екен.

Бұл қазақ тілі орыс, ағылшын сияқты тілдерден тұп-тура он есе бай деген сөз. Басқаша айтқанда, өзге ұлт өкілдері қазақ тілін толық үйрену үшін орыс, ағылшын тілдеріндей он тілді үйрену керек. Ал керек болса! Қазақ тілі кедей, келешегі жоқ тіл деп жүргендердің аузын теріс қарататын бұдан артық қандай

дерек керек! Осыған қоса қазақ тілін жастайынан бойына сіңірген адамның ойлау жүйесі де мүлдем басқаша болатыны дау тудырмайтынын айта кету артық емес.

Еуропаның әулие жазушылары Шекспир мен Гетенің шығармаларында қолданған сөздерінің жиынтық саны 14 мың болса, Мұқтар Әуезовтің бір ғана «Абай жолы» эпопеясында 16 000 түбір сөз қолданғаны тандануға да, сүйсінуге де тұрарлық құбылыс. Қазақ тіліне мұрын шүйіріп жүргендер осындай ғаламатқа көңіл аударып көрсе ғой!

Жарайды, ондай білместігі үшін оларды кінәламай-ақ қояйық. Жалпы қазақ тілін білмедің деп біреуді кінәлауды мәдениетті адам жөн санағандықтан керек. Бәріне де «менің атым жүре тұрсын, сенің атың тұра тұрсын» деген өркөкіректігіне тоталитарлық заман кінәлі деп білеміз.

Өз қандастарымыздың көңілін мынаған аударып көрейікші. Өзімізге етене жақын қымыздың өзінің қаншама атауы бар екенін ойлап көрдіңіз бе? Санай беріңіз. Саумал қымыз, құнан қымыз, дөнен қымыз, бесті қымыз, уыз қымыз, жазғы, күзгі, қысқы қымыз, қысырдың қымызы, қант, өрік, мейіз қосқан бал қымыз, сірге жияр қымыз, қу қымыз, у қымыз, су қымыз... Қазақтар осы қымыздардың қайсысын кімге беретінін де анықтап қойған. Саумал қымыз жақтырмаған адамға, құнан қымыз сырласар, сыйласар қонағына, дөнен қымыз ғашықтар мен акындарға (көңілге құрт түсіріп, желік береді деп), қу қымызды батырларға, шабыт шақырар елшілерге, у қымызды кезбе, баксы бәдіктерге, ал сусынның ең төресі – бесті қымызды қазақ құдайдай құрметтеген құдаларына ұсынады екен. Енді қазекеннің мына бір тапқырлығына тәнті болмай тұра алар ма екенсіз. Қымызды ғашықтарға алтын жалатқан көземен, акын, сері, салдарға күміс көземен, батыр мен балуанға қыпша бел құмырамен ұсынған. Жазушы Дүкенбай Досжан «Қымыз» атты әңгімесінде бұдан да тереңдеп барады.

Өзіміз күнде аймаласып, бетімізді шарпып жүрген желдің неше түрлі, оның неше атауы бар екеніне көңіл аударып көрдік пе? Әй, бірлі-жарымымыз болмаса оны да біле бермейміз-ау. «Тәтті жел – бұл рақат самал жел, жаңа ашыған қымыздай жұта бергің келеді. Кеудені жұпарға толтырып алатын жел осы...

Қатты жел. Оның да түр-түрі, үрім-бұтағы көп. Ең үлкен ақсақалы – шокпар жел. Қалғандары – итерме, елірме, діңкілдек жел болып кете барады. Ине жел – бұл денене үшкір тұмсығын қадап алып... Тұншықпа жел – ол өзінді жақсы көретін күшіктей жүгіріп келіп, бетінді бір жалап алады да, айналып шауып тағы оралады. Желдердің түстері болады. Қызыл жел, көгілдір жел, сұрғылт жел. Ақ жел. Мөлдір жел. Әсіресе, көгілдір жел жақсы-ау. Мынау келе жатқан сұрғылт жел. Бұдан еш жақсылық күтпей-ақ қой. Жаңбыр жауса, әуелі қаракөктеніп, артынан тіпті қарайып кетуі де мүмкін. Ол жанбырдың түріне де байланысты». Желдің осыншама түрін, түсін тақ- тұқ кедей тіл осылайша тізіп, көгендеп бере алар ма? Сол тілдің осыншама күш-қуатын алдымызға жайып салған жастай өмірден озған талантты қаламгер актөбелік Тобық Жармағамбетов еді. Бұл Тобықтың бір ғана шығармасынан алынған атаулар ғана.

Бірде орыстың «сквозняк» деген сөзіне қазақша балама таба алмай басымыз қатқаны бар. Сөйтсек оны өткен ғасырдың бас кезінде-ақ халқына «Оян, қазақ!» деп ұран тастаған ақын әрі тамаша публицист-жазушы Міржақып Дулат «Гулеме жел» деп аударып қойыпты.

Күн сайын демейін, ашық аспан әлеміне қазақ баласы жиі көз тастайтыны белгілі. Ол – ата-бабадан мирас болып қалған дағды. Олар аспан әлеміне қабырғаға ілген картадай үңіле қарап, ертеңгі күннің ауа райын болжап айтқан ғой. Арсеньевтің Дерсу Узаласы олардың қасында жіп есе алмайды десек артық мақтаныш болмас. Аспан шырақтары «Водолей», «Козерог», «Близнецы», «Дева» атауларын сөзбе сөз аударып қазақ тіліне кіргізбек болғандар қазақ тілінен хабары болса, бір сәт ұялар ма еді, қайтер еді. Халықтық атауда «Козерог» – «Ешкімүйіз» де емес, «Тауешкі» де емес, Қамбар шоқ жұлдызы екен. «Водолей» – «Су құюшы» да емес, «Су құйғыш» та емес, Көнек шоқ жұлдызы. «Близнецы» – «Егіздер» емес, Қосақ дейтін шоқ жұлдыз, «Скорпион» – «Сарышаян» емес, Үшарқар шоқ жұлдызы, «Дева» – «Қыз» да, «Бикеш» те емес, кәдімгі Үркер екен. Қазекен осылай деп бағзы замандарда-ақ атап қойған. «Көрмегенге көсеу таң» дегендей, білмеген адам адасқыш қой. Қытайдың әрі ақын, әрі ғалым-жазушысы Гоморо деген кісі

Абайды Қытайда аударуды бірнеше рет жоспарлағанын, бірақ аударуға тістері батпағанын айтады. Сөйтсе Абайды түсініп аудару үшін ең әуелі қазақ деген дана халықты терең зерттеп білу керек екен ғой. Міне, мәселе қайда жатыр. Әрбір қазақ қаламгерінің тілінің түпкі иесі - халық.

Тағы бір пікірімізді тереңдете түсейік. Халықтың салт-дәстүріне, туыстық қатынасына байланысты атаулар қай халықта көп кездеседі десек, алдымен қазақты ауызға аламыз. Бұл да тіліміздің шұрайлылығын танытатын ерекшелік. Қарға тамырлы қазақтың ұрпақтан ұрпаққа көшіп келе жатқан ауызша кітабында талай құндылық бар. Осы таяуда ғана «Орталық Қазақстанда» аттың жүрісі, желісі, шабысына байланысты қазақи атаулардың бірталайы тізіп көрсетілді. Өмірі, тағдыры малмен, оның ішінде жылқы малымен тығыз байланыста болған халықта ондай атаулар ұшан-теңіз.

Осының өзі қазақ тілі деген мұхиттың бетінде қалқып шыққан мұзтау сияқты дүние. Соның өзінен қандай бай, қуатты, әсем-сұлу тіл Алланың әмірімен біздің пешенемізге жазылғаны айқын аңғарылады. Осындай ұлы тілді (ешқандай артықтығы жоқ теңеу деп білемін) жетімсірету, тіпті менсінбеу барып тұрған надандық демеске лажымыз жоқ. Мұндай байлықтан айырылып қалу біле білсек - сатқындық, орны толмас қаза, қасірет, бақытсыздық!

Біз осы уақытқа дейін ана тіліміз шет қақпай болды, қоғамда өзінің лайықты орнын ала алмай келеді деп көз жасымызды төгумен келе жатырмыз. Ұят қылық! Біз төмендеп кеткен басымызды тақаппарлана көтеріп, кеудемізді керіп тұрып: өмірге осындай ұлы тілдердің бірін емес, бірігейін әкелген ұлттың өкіліміз деп жар салуға еріктіміз. Елбасымыз осы жуырда республикамыздың белгілі қаламгер, ғалым, мәдениет қайраткерлерімен кездесуінде «Кім сіздерге тіліңді жоғалт деген, қазақтар ең алдымен бір-бірімен өзінің ана тілінде сөйлессін. Өз тіліңді өзің құрметтемесең басқа ешкім де құрметтемейді», деп жігер бере айтты ғой. Іс жүргізу қазақшаға көшіп келеді. Мектептерде қазақ, орыс, ағылшын тілдері оқытылатын болды. Қазақ қазірдің өзінде қос тілді. Ағылшын тілін үйрену оған қиындық келтіре қоймайды. Тек қазақтың ғана көп тілді болуы

жеткіліксіз, басқа ұлт өкілдеріне де тіл үйренуде мемлекеттік тілді - казак тілін кастерлеп, құрметтеуде қатаң талап қойып, айқын міндет жүктелгені жөн дейміз.

Отарлық саясат біздің бойымызға жаман қасиет-жарамсақтықты, «Үндемеген үйден пәледен құтылады», «Тек жүрсен - тоқ жүресін», «Бас жарылса - бөрік ішінде, кол сынса - жең ішінде» деген сияқты жалтақтық мінез- құлықты «жомарттықпен» егіп-ақ бакты ғой. Біз ондай аурудан өлмейтін болдық. Өйткені бойымызда «керемет» иммунитет пайда болды. Сол жарамсақтықтан, жалтақтықтан таяқ та жеп келеміз...

Қазақ тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдары соңғы уақытта ана тілімізді насихаттау, байыту жөнінде игі қадамдар жасап, ойлы әрі қызықты шаралар өткізіп келеді. Соның ішінде «Қазақстан» ұлттық телеарнасының «Алтын сақа», «Алтын қақпа», «Хабар» телеарнасының «Тіл», «Ток-шоу» хабарларын ризашылықпен атар едім. Осы хабарлардың өзінен-ақ тіліміздің қайнар көзінің әлі де бай, қуаттылығын аңғарамыз. Сол шараларға белсене қатысып жүрген жастарымызға сүйсінеміз. Осындай бастамаларды жергілікті газет, журналдар, радио, телевизия арналары қолдап, кеңейтіп әкетсе нұр үстіне нұр жауғандай ұлттық мән- маңызы бар жақсы істер гүл жарғандай болар еді. Тіл мәселесі – көпке ортақ. Тіл тағдырын билік те, мәдениет, өнер, ғылым, білім орындары да тыс қала алмайды.

Пікірімді, ойымды жинақтап айтар болсам, тілден артық байлық жоқ. Тіл – ұлтты ұлт етіп, мықты бірлікте ұстай алатын үш тағанның (тін, дін, діл) – ең қасиеттісі. Тілі бар халық – халық та, тілі жоқ халық – балық – мылқау. Қасиеттімізді, байлығымызды көздің қарашығындай қорғау, сақтау, ұлттың дұшпанына сілтер ақ семсері, досына қарай ұшырар ақ кентері етіп, аялап ұстау – ата-баба алдындағы – қарызымыз, ұрпақ алдындағы – парызымыз. Көп тіл біл, бірақ солардың ең басында ана тілің – мемлекеттік тілің – казак тілі тұрсын!

Егер тілге жанымыз ашыса істі Конституциямыздан бастау керек. Мемлекеттік тіл – казак тілі. «Ресми тіл» деген – көңіл жықпастық, уақытша көз алдау. Ата заңнан осы бір «соқыршекті» алып тастасақ та Қазақстанда орыс тіліне нұксан келмейді, қашан да жол ашық. Орыс тілінде жазуға, сөйлеуге



ешкім қарсы шығып отырған жоқ. Осыдан соң тіл полициясы өз дәрежесінде жұмыс істей берсін. Оның атынан қорқатын ештеңе жоқ. заты мазмұнды, сабырлы, салиқалы болсын. Тіл мәселесімен тікелей шұғылданатын министрлік әлде агенттік құрылып, жергілікті жерлерде департамент пе, комитет пе, басқарма ма білек сыбана жұмыс істесін. Бұрынғыша амалсыздық пен алдаусыратуға жол берілмесін.

*2004 жыл.*

## **ОҚЫРМАНДАРДЫҢ СҮЙІКТІСІ БОЛУ – ОҢАЙ ЕМЕС (Қазіргі журналистің басты міндеті)**

«Газет– өмір айнасы» десек, сол айнаның өмір бейнесін көрсету қабілеті әр кезеңде әр түрлі болғаны жалған емес. Ол, әрине, қоғамның бастан кешкен кезеңдеріне, сонымен бірге газет редакциясы қызметкерлерінің ( сол шақтағы) талантына, қабілетіне, талғамына, білім дәрежесіне тығыз байланысты түрліше болуы заңды құбылыс.

«Орталықта» жақсы журналистер бұрын да болған, қазір де аз емес. Олардың әрқасысының өзіндік ерекшеліктері болған, болады да. Әр ақынның өзіндік үні болсын дегендей, әр журналистің өзіндік қолтаңбасы болғаны қандай жақсы!

Менің алдымда ҚазМУ-дың журналистика бөлімшесін бітіріп, қызметке келген Ораз Сағынаев, Есімбек Бәйтенев, Қойшы Шаяхметов, біраз жыл басқа облыстық газетте болып, біздің қатарға кейінірек қосылған Асғат Темірбаев, Тоқан Әбуғалиев, Қайыркен Сұлтанов сынды дипломды журналистер жаңа бір леп ала келгені анық. Ал олардан кейінгі буын – Аманкелді Ахметәлімов, Кәмила Құдабаева, Сайлаухан Нәкенов, Тілеухан Жүсіпов, Рымқұл Сүлейменов оқығаны да, тоқығаны мол тума журналистер болатын. Өзім қызметтес болған редакторлардан қарапайым жұмысшыдан өскен, бойынан сол ортаның кеңпейілдігі арылмаған, адамды іскерлігіне, ізденімпаздығына қарап бағалай білетін Бейсек Исабековті атап айтуды парыз санаймын. Өзі өмірінде Қарағанды облысы

тарихын фотоматериалдарымен келістіріп жазып кеткен Камаш Шамовтың орны бөлек. Біз сол кезде «қарт гвардияның өкілдері» атайтын Құдыш Сүлейменов, Ахмедия Әлғожин, Хайреддин Әубәкіров, Шарапат Абаевтардың есімдерін ілтипатпен атаған жөн деп білемін.

Газет редакциясында кадр мәселесі «әттеген-айсыз» таптамаша болып шешіле бермейді. Мұнда да тайдың жұмысын істеп, аттың жемін жеп жүретіндер болады. Газеттің ең жеңіл әрі шапшан жанры хабардың өзін игере алмай жүргендерді қатты қиналып айтқан бұрынғы редактор Нұрмахан Оразбектің әңгімесі есімде.

Журналист қызметін мен ең ауыр әрі жауапты мамандықтардың бірі деп білемін. Өйткені, оның жұмыс уақыты сегіз сағатпен тынбайды. Қажет болса күндіз де, түнде де редакциядан, баспаханадан табылуы міндетті. Журналист маңдайдағы екі көзіне қоса көкірек көзінің қуатымен басқалардың көрмегенін көруге, сезбегенін сезуге тиіс. Сол көрген, сезгендерін күштіге жалтақтамай, билік алдында сипақтамай оқырманның алдына жайып салып, әділін айтып отырыуы керек деп білемін.

Ұзақ жылдық тәжірибеде кәміл көзім жеткені екі ауыз өлең жазғанның бәрі бірдей ақын да емес, журналист те емес. Солардың кейбірі журналистің жүгін көтере алмай жүріп, ақынмын, жазушымын деп кеуде қағатынын қайтерсін. Журналисті шындайтын, шынықтыратын, өсіретін жалған марапат емес, оның жеке басының тынымсыз еңбегі, ізденгіштігі, қол жеткенге тоқмейілсімеуі. Ақылы асса – аға тұт деп, таланты, білімі асса, кішіден де үйренуді ар көрмеуі. Аз еңбегіне мастанып, «мен, мен» деп күшініп жүрін, менменге айналып кетуден Алла сақтасын!

«Ақынға жағдай керек том жазуға, сен мені жібересің көр қазуға» деп бір ашынған ақын айтқандай, шындықты шырқыратып жазу үшін де журналиске қысылмай, қымтырылмай өмір сүретіндей қалыпты жағдай керек. Біреуге тәуелді болып, күнкөрістің қамын ойлап, басы қатып жүрген адамнан қандай қайраткер шықсын. Сонау патша заманында да,

кенестік кезеңде де аузымызды басып отырып, сөйле дейтін. Мұндай жағдайда журналистің қаламы мұқалып, түйте болады.

Біздің ақпарат құралдарымыз әлі шындықты қаймықпай, мәймөңкелемей жаза алатын бұқаралық жәрежеге жете алмай келеді. Ал шындық айтылмаған жерде өтіріктің құдайы жарылқайды. Шындық кеткенде сенім бірге кетеді. Сенімнен айырылған соң бедел де, абырой да адыра қалады. Жұртшылық көңілінен шықпаған газет - журналдар өзінің тірегінен айырылады. Осыдан барып баспасөз тарату науқанында «салық» салынады. Қандай әулие газет, не журнал болсын өзінің оқырмандарымен тығыз байланысты болса ғана қуатты. Олардан қол үзсе – құны төмендейді.

Енді бірер сөз газеттің тілі жөнінде. Газет бір күндік болмасын, оны сақтап қоюшылар көп болсын десек, мазмұнымен бірге тілін де көркемдеген жөн болар. Кейде жеке адамдар туралы жазылған материалдардан кейіпкердің бейнесі көрінбей сырттай құрғақ мақтау, мадақтау асып-төгіліп жатады. Ұлы жазушы Л.Толстой бір әңгімесін 30 ретке дейін түзетіп, қырнап, сырлапты дейміз де өз жазғанымызға бір рет те қайырылып қарамаймыз-ау...

Оқырмандардың жиі айтып жүргеніндей, қазір журналистер тақырып қоюда жарысқа түскен сияқты. Бірінен бірі асырып мадақтағанда ертегілердің кейіпкерлері ортамызға келгендей әсер алатынымыз бар. Мұның бәрі жазып отырған тақырыбына терең бойлай алмағандықтан кейіпкерінің жан дүниесін жете білмегендіктен деп ойлаймын.

Журналистикада «Газет жанрлары» аталатын арнаулы курс бар. Хабардан бастап көркем очеркке дейін жан-жақты қамтылады... Осындай курстан өтпегендіктен болар, кейбір жазғыштар хабарға ғана азық болатын оқиғаны сағыздай созып, тұтас бетті толтырады. Осылайша қанша көпіртіп жазғанменен арзанның жілігі татымайды ғой.

Қазір көкейкесті мәселелер көтеруден жеке адамдарды мадақтап ода жазу оңайлап кеткендей. Ақы төлеп жаздыратындар да, таныстарына салмақ салып, сөзін өткізетіндер де кездеседі. Кейде бұрын көрмеген, білмеген қаламгерге «сіз жазсаңыз – беделдірек болар еді» дейтіндер де

табылады. Адамның бір аты – пенде екен. Пенденің осал тұстары көп. Мақтағанды кім жек көрсін. Мақтанғанды әдетке айналдырып бара жатқандар аз ба? «Бәрі де сатылатын, бәрін де сатып алуға болатын мына түйенің мойнағындай иір-иір заманда сауда деген сұрқияның түү дегенде түкірігі жерге түспей тұр ғой. Ертеде бір сұңғыла би «еліңе сауда кіреді, саудамен бірге дау да кіреді, жау да кіреді» деген екен. Айтқан-ақ кой! Тіпті басқаны қозғамай-ақ қояйық. Орта қолдыдан да төмен орыс тіліндегі өлеңдерді қазақша қайта жазып (аударма емес) шығуға қазақтың мақтан тұтып жүрген ақынын мәжбүрлеген ненің күші? Әрине, ақшаның! Ақша болса, том-том кітап шығаруға да болады екен. Ата-бабаңызды, тұқым-тұқияныңызды көзінен тізіп, жер-көкке сыйғызбай, аспанға көтеріп, шежіре құрастыруға да болады екен. Осындай реті келгенде айта кетейін, біздің қазаққа бір нәрсенің шетін шығарсаңыз – шегі шыққанша тоқтамайды. Абай дананың «Не нәрсе шегінен асса, боғы шығады» дегенін құлағына қыстырмайды. «Ата-бабаңды біл» деп шежіре жазсаңыз, ру-руға, тайпа-тайпаға бөлініп, «мен сенен кеммін бе?» деп қызыл кеңірдек болып шекелеседі-ау келіп. Бұл қалай? десеңіз... Қазір демократия ғой, не жазсам да, айтсам да өз еркім дейді ежірейіп. Оу, ағайын! Бұл демократия емес, демогогия. Мұндай «демокртия» мен охлократияның арасы жезде мен балдыздың арасындай ғана. Газет осындай есерліктен сақтандырып отырсын. Бетін аулақ қылсын. Егер өршіп кетсе, сөндіруі қиын, апатқа соқтыратын өрт осы – рушылдық, жершілдік жұқпалы ауруы. Біреулер бізге ру керек. ру біздің түп қазығымыз дейді. Ру – туысқандық, қандастық, одан қаш демейміз. Түптеп келгенде бізге ру-руға бөлініп, шілдің қиындай пашылу емес, жұдырықтай жұмылып, қазақ деген азаттығын ардақ тұтқан, арнамысын ту еткен, өркениетті елдермен терезесін тең еткен ұлы ұлт болу ғой. Ұлылық ұлттың санында емес, ішкі мәнінде. Ондай ділі де, діні де берік, көрінгеннің қаңсығын тансық етіп, еліктемейтін елге ешбір дұшпанның тісі бастпайды. Бізді сақтаса, бір Алла сақтайды, екіншісі – саяси сайқализмдерге бой бермейтін алмас қылыштай өткір, болаттай берік бірлігіміз сақтайды.

Ұлттық ділімізді (жүрегімізді) бүлдіретін неше түрлі лас айла - әдістер көрнеу көз алдымызда да, асыртын да жүріп жатқанын көріп-біліп отырмыз. Оған не амал, ұлттық идеологиясы қалыптасып, бекімеген елдің басты арманы – баюға келіп тіреледі, адамның рухани жан дүниесі екінші кезекке қойылады. Отаршылдық ауруына қарсы шипалы ем қолдана алмай күндіз, түні тоқтаусыз сатылып жатыр. Түнгі көбелектер – жезөкше, зинақорлар – заңнан тыс. Түнгі клубтар, казинолар – солардың мекені. Маскүнемдер мен нашақорларға өздері күйіп өлгенше – жол ашық. Сыбайлас жемқорлықтың, паракорлықтың жалына саусағыңыз түгіл, құшағыңыз жетпейді. Жұмыссыздықты қанша жойдық дегенмен кемитін емес. Өйткені, байшыкештерге маман жұмысшыдан гөрі жас «қолжаулықтар», құлдың, күннің орнына жүретіндер керек. «Сыбырлағанды құдай естімей ме» дегендей, басқа ұлттан шыққан байлар қазақтарды қабылдауға құлықсыз. Баяғыда біреу «қорқыт, қорқыт дегенде осылай қорқыт деп пе едім» деген екен. Сол айтқандай, «байы, байы» дегенде қылмыс жасап байы деген ешкім жоқ сияқты еді ғой. Осындай еркінсіп кеткен заңсыздық, бассыздықтарға енді баспасөздің әлі жетпейді. Тек құқық қорғау органдарымен тығыз байланысып, шындықты шыңғыртып жазып, халыққа ашық жеткізіп отыру керек. Сонымен бірге «қырқын мінсең қыр аса алмайтын қырт мақтаннан» аулақ болу – қазіргі бір үлкен міндетіміз. Ал біздің кейбір баспасөзіміздің беті «ураға» толып бара жатқаны аландатады. Олар көптің үнінен гөрі биліктің күнделігіне айналып бара жатқандай...

Ертеде ақылды адамдар мақтау көбейе бастаса, «ойпырмай, мен қай жерден қателестім» деп аландап отырады екен. Ал біз езуіміз жыртылғанша масайраймыз. Бұған таңданатын ештеңе жоқ. Жетпіс жыл бойы кеңестік күпілдік мақтанмен ішіміз кеуіп келген. Қазақтың саны Қазақстанда жиырма пайыздан аз-ақ асқанда да «ұлттар достығының лабораториясымыз» деп күпінгеміз. Одан тез арада арылу, ұлтсыздық бишаралықтан арылу – қиынның қиыны. Жеріміздің үсті де, асты да байлық. Бір сөзбен айтқанда, алтын сандықтың үстінде отырмыз. Енді, міне, сол байлық сыртқа сатқаннан түскен долларларға Астана сынды әсем қала тұрғызып

жатырмыз. Бұл, әрине, осынша байлықты ұрпағына қызыл қанын төгіп жүріп тарту еткен аруақты ата-бабаларымыздың арқасы. Айналып артымызға қарасақ, қазақтың қасиетті қара шаңырағы – Ауыл тұрады жүдеп-жадап, Тәуелсіздіктің қиыншылық жылдарында тұралап қалған қалпынан ауылдың енді-енді қаз тұра бастағанына шүкіршілік етеміз. Сонда да ауылдың экономикасын, мәдениетін, хал-ахуалын көтеруге бөлінетін қыруар қаржының нәтижесі көрінбейтінін ойлап, «әй, осында бір жасырын сыр бар-ау», деп бас қатырамыз.

Осы бір толқымалы өткінші кезеңде баспасөз нені көруі, нені жазуы керек еді? Осындай сұрақ қойылғанда менің көңіліме, оның несін жасырайын, бір күмән келеді. Қазақстан, құдайға шүкір, келешекте қуатты мемлекетке айналар-ау, ал қазақ халқы өзінің тілінен, ділінен айырылып, Қазақстанға жан-жақтан ағылып келіп жатқан (еліміздің байлығына, халқының меймандос ақжарқындығына қызыққандар аз емес) қазақстандықтар болып аталуды қалайтын дүбәралардың арасында кетіп жүрмей ме? Нешеме жылдан бері ана тіліміздің – мемлекеттік тілдің өз мәртебесіне жете алмай келе жатқанына бір жымысқы саясаттың салқыны бар ма деп қауіптенбеске лажымыз жоқ.

Ағымыздан жарылып, шынын айтар болсақ, жерімізді сырттан миллиондап, миллиардтап қаржы алып отырған байларға сататын, тілімізді тізгіндейтін, астарында арамзалық жатқан демократияның қазақ үшін құны көк тиын! Мұндай саясат басы асқазанға айналған ұлтын сатқан мешкейлерге ғана ұнайды. Күле қарағанның бәрі бірдей дос емес, құшағын ашқанның бәрі бірдей қамқор емес. Құшақтап тұрып қылқындырып өлтіретіндерден сақтануымыз керек. Алланың өзі де «сақтанғанды сақтаймын» деген екен. Қазақ баласының қазақ мектебінде оқуына, қазақ балабақшасында тілі ынғуына қол жеткенше ана тіліміздің басындағы соры арылмайды, қара тұман ашылмайды. Қазіргі парламеттегі «мен ойлайды, мен айтады» емес, қазақтың тілі, қазақтың кәусардай мөлдір, алмастай өткір, жібектей жұмсақ, самалдай желпіген тілі алыстап барады бізден. Ауылдан қалаға көшіп келгендердің

қара домалақтары орысша шүлдірлей бастағанынан қорқайын дедік. Ана тілінің уызы ауылда қалыпты.

Біз қазақтың санын таяудағы жылдарда 20 миллионға жеткізуді мақсат етеміз. Бұл арман сияқты. Қалада бір-екі баласының өзін өсіріп, оқытып жеткізуге шамасы келмей басы қатып жүрген үйсіз, күйсіз қазақтар емес, бұл арман ауылда таза ауада өсіп, мал сүмесініне сүйенген, отбасында кеңес үкіметі кезіндегідей әр бала мемлекет қамқорлығына алынған жағдайда іс жүзіне асырылады. Ауылды ұмыту – ұлттық мүддемізді ұмыту.

Екінші бір шетін мәселе – сырттан келіп жатқан қандастарымызды қамқорлықпен қабылдау. Ресей президенті де өзінің отарлау саясатына байланысты бір кезде көптеген елдерге күштеп орналастырған отандастарын шақырып жатыр. Шақырумен келгендердің әрқасысына 350 мың рубльден төлемек. Екінші бала тапқан аналарға 250 мың рубльден жәрдем бермекші. Соңғысы біздің ақшаға шаққанда 1 млн. теңгеден асып кетеді скен. Ресей бұрын қару күшімен империя құрған байлығы мол ел. Қаражат дегенде, халықтың жан басына шақсак біз де кедей емеспіз. Ақшасын шетел банктеріне тығып жатқан байларымыз аз емес. Ұлттық буржуазиямыз де өсіп келеді. Бірақ қара халыққа одан не пайда? Жат елдерде жүрген қандастарымызды шақыруын шақырып алғанмен тиісті азаматтығын беруді жылдап созып, ал, азаматтығын берген соң енді жәрдем ақысын бермей сорлататынымыз өтірік пе? Монғолиядан келген қазақтарды «монғолдар», қытайдан келгендерді «қытайлар», өзбектен келгендерді «өзбектер» атандырып, намысына тиіп жүргеніміз кімнің кінәсі? Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жер ауып келген қарашай, чешендерге, немістерге, тағы басқа ұлттар мен ұлыстардың өкілдеріне пана болған, ауыздағы асын жырып берген иманды қазақ енді сонау тар заманда амалсыздан шет ел асып кеткен бауырларының ұрпақтарын құшағына алмаса кім болғаны?! «Өзіңді өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» дейтіндер кең пейілді жомарт қазақ тәуелсіз мемлекетіміздің іргесін бекітіп, шаңырағын биіктетіп жатқан осы бір ұлтымызға сын болатын сәттерде «әр қазақ – менің жалғызым» деген аталы

сөзді ұран етуі керек емес пе? Біздің баспасөзіміз, оның ішінде 75 жылдан бері ұлтымызды ұлықтап, ұлттық рухани тәлім-тәрбиенің бір қуатты құралы болып келе жатқан сүйікті газетіміз «Орталық Қазақстанның» алдағы уақытта да ұлттық мүдденің жоқтаушысы, қорғаны бола береді деген кәміл сенімдеміз. Мұны айтқанда біз басқа ұлттарды жат қор демейміз, әйтсе де өз камыңды жемесең, өз мүдденді өзің ойламасаң, қазақтың жоғын жоқтаған, сөзін сөйлегендердің әлі аз екендігін еске саламыз. Сондықтан да ғасырлар бойы арман еткен, арыстарымыздың қанымен келген тәуелсіздігінді нығайтам десең, бірлігінді нығайт деп үнемі қайталап айта беру – баспасөзіміздің басты міндеті демекпіз.

Жуырда өзінің көлігін, әйелінің, анасының сақина, жүзігін сатып, 15 жыл бойы түнде ұйқы, күндіз күлкі көрмей қазақтың намысын қорғап жүріп, жалғыз өзі «Казахская правда» газетін шығарған, тіршілігінде «Қазақтың Толағайы» атанған Алдан Айымбетов есімді нар қазақ дүниеден өтті. Сол кісінің әр қазақ мойнына тұмар тағып жүрсе қазіргісінен он, жүз есе қадірлі болатын мынадай бір ғаламат сөзі бар: «Тарихи санамызды қалпына келтірмей, қазақтың рухани қазынасын жас ұрпақ бойына сіңірмей – бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік идеологиясыз қазағым деп шырылдайтын саналы ұрпақ өспейді. Ең алдымен қазақтың қазақ екенін, болашақ тағдырының иесі өзі екенін түсіндіру керек. Қазақ жоқ жерде тіл жоқ, діл де жоқ, дін де жоқ, рух та жоқ». Мұны ұқпаған қазақтан не үміт, не қайыр!

Қазір «Орталықтың» қаламгерлері түгелдей жоғары білімді, біразы мәдениет қайраткері, әлде бір бағалы сыйлықтың лауреаттары атағын иеленгендер де аз емес. Тек журналистиканың арнайы курстарынан өтпегендіктен болар, кейбір филологтар қазіргі мамандықтарының қыр-сырын жете біле бермейтіні, әсіресе газет жанрлары өз дәрежесіне жетпей жататыны байқалып қалады.

Газеттің материалдарынан редактордың мінезі көрінеді. «қой да аман, қасқыр да тоқ» болып келетін азусыз дүниелер, «сен тимесең, мен тимен» дейтін журналистердің қолынан шығады. Құр дәрілеп атқан оқтан кісі өлмейтіні, өлмек тұрсын



жараланбайтыны белгілі. Нарық келгелі журналистер сын-сықақ, фельетон сияқты «мінезді» жанрлардан сырттай бастады. Заңның тармақтарын шекілдеуікше шағатын білгіштермен соттасып, не абырой тапсын. Не жасыратыны бар, заңның өзі бұл күнде күштінің, қалталының сөзін сөйлеуге бейім тұратыны жиі кездесіп жүр.

Сондықтан болар, журналистер «жерошақтан аулақ күрескенді» ұнататын сияқты. Қазақ мұндайда «жасқаншақтың көзі сау» деп сыпайылайды. Мен өз өмірінде қолымен бір сын материал жазбаған, өзінің айтары жоқ, жоғары бастықтарға жалтақтап өткен «жазғыштарды» да көрдім. Ондай жалған журналистер жағымпаз да келеді. Жалбақтап жағынып жүріп сый-сыбағадан, атақтан да құр қалмайды.

Әскерде «жаксы генерал солдатын зор етеді, жаман генерал офицерін қор етеді» деген ұрпақтар сынынан өткен асыл сөз бар. Журналист (әрине, шын мәніндегі) – өнер адамы. Ал өнер адамының сезімі нәзік, қиялы ұшқыр, көп ретте әсерленгіш келеді. Қара дүрсін, бұйрық, жарлықпен жұмыс істеуге үйренген басшыға ол ұнамауы мүмкін. Ондай басшылар өзіне құрақ ұшып құлша қызмет етіп, не айтса бас шұлғып, шыбындап тұратындарды жинайды. Мен көпті көрген аға буын өкілі ретінде бұрынғы өткен газет басшыларымен салыстыра отырып, Мағауия Сламбекұлы Сембайдың көпті тыңдай отырып, өз сөзін де тыңдата білетін, өз ісіне сын көзімен қарай алатын сабырлылығын айтсам, менің мақтауға сараң екендігімді, тура мінезімді білетін қаламдас, әріптестерім жарамсақтық жасап отыр дей қоймас. Қайта құру кезінде Одақта асыртын ұйымдасып КСРО президенті М.Горбачевті төңкеріп тастай жаздағанда «Бұл – төңкеріс!» деп жар салған батыл редактор Нұрмахан Оразбектің жөні бөлек. Әншейінде кеудесі көк тірейтін, жеме-жемге келгенде жылға-жылғамен кашатын «ұлылар» сол ұлтшыл да (осы сөздің әуелгі мәртебелі мағынасында) демократ Нұрмаханның ерлік сабағын үйренсе, артық болмас еді...

«Орталықта» өз мамандығын қадірлей білетін қаламгер аз емес. Солардың арасынан өткен жылдың соңында зейнетке шығып, қазір басқа қызметте жүрген қарымды қаламгер

Серікбай Алпысовты, ақырын жүріп анық басқанды ұнататын Аман Жангожинді, тілдерінде Шаншар атасынан мирас болып қалған шымшымасы бар Ермек Балташұлы мен Серік Сексеновті, өз міндетін газет, облыс тарихын зерттеумен ұштастырып, ерінбей еңбектенетін Ермағамбет Лұқпан мен Биыл қаламын берік ұстаған күйінде өмірден өткен Ғаббас Смағұловты, жас та болса тілге мерген, ойға кенен, қандай тапсырманы орындауға да қайраты жететін Қайрат Әбілдиновті, нардың жүгін көтерсе де белі қайыспайтын тынымсыз еңбек торысы Тілеукабыл Байтұрсынды, ұшқыр қаламдарын барлық жанрда сынап жүрген Сүйіндік Жанысбай мен Төрехан Майбасты, қазақтың кіндігі – ауылдың, қазақ әйелдерінің бүгінгі мүшкіл халін жанашырлықпен жүйелі түрде жазып келе жатқан Жұлдыз Тойбекті атап айтқан ләзім деп білемін. (Бұлардың қатарына «Орталықтың» айнымас меншікті тілшілері Амандық Рахұлы, Оралбек Жүнісұлы, Тәслима Құрмансейітова, келешегінен үлкен үміт күтгіретін, бүгінгі аяқ алысы сүйсіндірген, ұжымға кейін қосылған тәжірибелі Ерсін Мұсабеков, жас қаламгерлер Қызғалдақ, Сағыныш, Жанат, Жансая, Жәнібек, Нұрқанат, Қуаныш, Мирастарды қосамын. М.Х.).

Журналистің қызметі жол үстінде, ой үстінде отеді. 24 маусым 1997 жылы ҚарМУ-дың тұңғыш журналист түлектерінің алдында оқыған «Мазасыз желаяғым» деп аталатын өлеңімде мынадай шумақтар бар еді:

*Бүгін шопан қасында,  
Ертең шахтер досында,  
Арғы күні отырар,  
Жылқышылар қосында.  
Бұл кім өзі?  
Желаяқ...  
Журналист деген осы ма?  
Көлігі жоқ астында,  
Тоқсың ба, әлде ашсың ба?  
Бораның ба, тасқын ба...  
Қарамайды біріне –  
Өскеніне сақалдың,*

Өскеніне шаштың да.  
Кезекте жүрсе түнімен,  
(Бастан кешкем мұны мен)  
Қате қуып беттерден,  
Бәрін көзден өткерген.  
Үйге жетсе – таң анау.  
Ел ұйқыда, ол – ояу.  
Сол баяғы – бір жаяу,  
Құлауға да тұр таяу.  
Көз шырымын алады,  
Жұмысқа қайта барады.  
Күнді түнге созады,  
Ойдың кенін қазады.  
Кейіпкері алуан ұлт –  
Орыс, кәріс, қазағы.  
Олардың да атынан  
Сан мақала жазады.  
Елгезек, елпек досым-ай,  
Әрбір күнің осылай  
Өтіп жатыр, асырмай,  
Шынын айтсам жасырмай,  
Газетке селқос жұртым-ай.  
Журналистің жүр тынбай.  
Қадірін кім біледі,  
Біреу сыйлап жүреді,  
Біреу сырттан күледі,  
Біреу даттап үреді.  
Жаяу Мұса досым-ай,  
Жүре берші тосылмай,  
Күйің төмен болса да,  
Қоңдыларға бас ұрмай.  
Өткір болсын қаламың –  
Қаруың, жау-жарағың.  
Нық басылсын қадамың,  
Асырайтын аяғың.  
Халқың бар да сен барсың  
Мазасыз желаяғым.

*Қазағым деп қайнап жүр,  
Жас журналист – қазағым!*

Журналистің міндеті көп жағдайда аттың жалы, түйенің комы, ұстарының жүзінде дегендей асығыс орындалады. Мұндай жағдайда ол талантымен қатар білім қорына сүйенеді. Кейде сол білімнің жетімсіздігінен қателікке де ұрынып қалатыны бар. Бір ғана мысал келтірейін. «Жас қанат» қосымшасының биылғы 30 наурыз күнгі санында Асан Қайғының (Асан Қамқор деген мағынада) толғауы деп мына бір шумақты берді.

*«Ой түбінде жатқан сөз,  
Шер толқытса шығады.  
Су түбінде жатқан тас,*

*Көл толқытса шығады...»*, деген өлең жолдары «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды» және басқа жинақтарда Асан Қайғы толғауы деп қате берілген. Кейін Ахмет Байтұрсыновтың шығармалар жинағында орыстың Юлия Владимировна Жадовская деген ақынының төл өлеңі, аударған Ақаң екені ашып жазылды. Ұлтымыздың рухани ұстазы атанған А.Байтұрсынов орыс ақынының екі шумақ өлеңінің мағынасын бір шумаққа сығымдап сыйғызып, жыраулардың толғауындай жымдастырып, жұтынтып жіберген. Тіпті аударма деуге аузың бармайды.

Осы соңғы кезде жерлес бір інім Әлихан Бөкейхановтың туған жері Темірші болысы (Қарқаралы жерінде) деп жазып жіберді. Ал анығы – Тоқырауын болысы. (Ақтоғай жерінде). Бауырым Ақтоғайда туса да «Қарқаралының Қызыларайында тудым» деп жазып жүрген соң Әлихан атасын сол жаққа ала кетейін деген шығар деп күлдік те қойдық. Заты жазатын адамға сөз табылады, ой табылмайды. Ойсыз сылдыр сөз құмға құйған су сияқты зым-зия жоғалады. Очерк, өлең, тіпті суреттеме жазсаң да сурет, бейнелеу сұйқылтанып, желе-шоқырақ баяндауға түссең-ақ қаламыңды тежегенің жөн. Орыста «Когда кончается творчество, начичнается работа» деген әдемі мәтел бар. Осындай ақылды сөздің кім-кімге болса да пайдасы мол.

*2006 жыл.*

## ҚАУІП ПЕН ҚАТЕР

Тоталитарлық жүйе аузыңды басып отырып «сөйле!» дейтін. Шындықты айтқандар шыңырауға түсіп, жұтылып кетіп жатты. Пролетарлық диктатураны бетперде еткен отарлық қанды саясат халықты қынадай қырып, қалғанын естен тандырып, мәнгүрттендіріп жіберді. Қазақстанның отар ел екенін, отаршыларға біздің еліміз емес, жеріміз керек екенін мыңнан біріміз ғана түсіндік. Терен түсінгендер көрге түсті, әрең түсінгендер тескентау өтіп, итжеккенге айдалды, керен түсінгендер құлға айналды.

Қай заманда да қаламгерлер арасынан екі оттың ортасына түсіп, тірдей шығжырылатындар – журналистер қауымы. Қолма-қол ұрысқа кірісетіндер де солар. Коп толғататын жазушылар кейіпкерлерін анықтап, бейнелерін сомдағанша уақыт өтіп кетіп, көбіне өлі туып жатады.

Құдайға шүкір, отарлық саясат қияметінен құтылдық па деймін. Бірақ 250-300 жылдық қанаушылық зардабы бойдан кетсе де ойдан кетер емес. Қолдағы кісен алынғанмен, санаға түскен салмақ зардабы жазылар емес. Мұның басты себебі – тәуелсіздік алған соң біз отаршылдыққа қарсы саясатты өз мәнісінде жүргізе алмадық-ау деймін. Күні бүгінге дейін жер дауы, тіл дауының түбегейлі шешіле қоймауы, діліміздің, дініміздің осалдығы осы бір селкостығымыздан, қоңілшектігімізден екені жыл өткен сайын айқындала түсуде.

Тіл бірлігі болмай, діл бірлігі болмайтыны, діл бірлігі болмай, дін бірлігі болмайтыны ықылым заманнан мәлім. Бір ғана мысал. Ататүрік мемлекет тізгінін қолға алғанда, Түркияда 76 ұлт өкілдері тұрған екен. Осыған қарамастан, ол әйгілі «Үш бірлікті» мемлекет саясатына енгізді де табанды түрде негіздеді. Соның ең бастысы – «Тіл бірлігі». Тіл бірлігі біртіндеп дін бірлігін, діл бірлігін калыптастырды. Қазір Түркияны аса қуатты, өзіндік берік саясаты бар мемлекет етіп отырған осы тіл бірлігі. Сол кезде армян, курд, тәжік, пуштун, бенгаль, түрікмендердің бас-басына мектеп салып бергенде, өз тілдерінде оқытқанда не болар еді? Үлкен мемлекет – үлкен оркестр. Оның құрамындағы әр музыка аспабы өз алдына үн шығарса, қандай қойыртпақ туар

еді? Бұл – үлкен қауіп. «Қауіп қайдан болса, қатер содан» дейді халық даналығы. Мен мына мақалада қатер тудыратын кейбір қауіптерге назар аударуды жөн кордім. Газет өз оқырмандарын осы қауіп-қатерлерден алдын-ала сақтандырса екен деп тілек білдіремін.

Атағы айдай әлемге мәшһүр Баукен (Бауыржан Момышұлы) ағамыз қазақ тілінің де, ерліктің де туын асқақ көтерген біртуар Тұлға еді. Сол кісі «Менің ең басты тақырыбым не?» деп сұрақ қойып алып, өзі былай деп жауап берген екен: «Менің басты тақырыбым – Мен қазақпын! Қазақ болғанда бас шұлғи беретін қазақ емес, ойындағысын бүкпей, күмілжімей, жәдігөйленіп, жарамсақтанбай, ашық, тура айтатын айбынды да аруақты қазақ!»

«Ең алдымен, қазақ бол! Намысыңды ту етіп көтере біл. Сонан соң адал Адам бол!» Қанды майданды қақыратып жарып өткен Ұлттық Батырымыздың осы Аманат сөзін неге ұмытамыз? «Қазақ!» деп ұран салсаң кірпігі кимылдамайтын ұлтбездерлер ру шақырған жерде орнында отыра алмайды. Руға, жүзге бөліну қазақтың әлі де ұлттық дәрежеге жете алмай жүргенінің, пісіп жетілмегенінің бір белгісі. Атаңды, руыңды біл, бірақ ұлтыңды ұмытпа. «Бөлінгенді бөрі жейді». Бірсыпыра жерлерде тіршілігінде «шэй» деспегендер мәңгілік мекендерін белгілерде бөлектеніп кететінін көріп жүрміз. Бұл да азғана қазақтың басын біріктірмейтін қауіпті әрекет демеске лажымыз жоқ.

Қандастарымыздың арасында бүгінде екі түрлі қатерлі дерт тамыр тартып, өршіп бара жатқанын айтпасқа болмайды. Осы екеуі де қазақтың ілгері басқан аяғын кері шегеретін ұлттық қасірет деп білемін және оған күмәнданбаймын. Алғашқысы – күншілдік. Біреудің өзінен таланты, қызмет дәрежесі артыла бастаса, қайтсе де сүріндіру, құлату, шамасы келсе – көзін жою көрініс беруде. Болашақта ел ішінде бедел алып кететіні байқалса, көктей орып тастау да бой көрсетіп жүр. Осындай лас әрекеттерді жасайтын ласбасқырларды көрсек те көрмегенсіп, білсек те білмегенсіп, жауырды жаба тоқып жүргенімізге ұялмайтын болдық. Тіпті әлгіндей жымысқы әрекеттерге барған күнәкарлардың қылмысы әшкереленбей, ұмыт қалатын болды. «Үндемеген үйдей пәледен құтылады»

деген жалған мақал күш алып, Баукең ағамыз айтқандай, «бұқалар азайып, өгіздер көбейіп, соның салдарынан ұрпақ өспей тұр».

Екінші бір қатерлі дерт – рушылдық, жершілдік, жүзшілдік. Бұлар сыбайластықты, жемқорлықты тудыратын індет. Жемқорлық – байлыққа оңай жетудің тура жолы. Кеңес өкіметі тұсында компартияның облыстық комитетіндегі бірінші хатшының айлық жалақысы 500 сом болатын. Ол аймақтағы ең лауазымды, ең бақуатты адам еді. Әйтсе де оның мыңдаған, миллиондаған байлығы болмайтын. Бір сөзбен айтқанда, кедей мен байдың аражігі онша алыс емес еді. Енді бүгін қараңыз, Қазақстан миллионерлер қатары жағынан ТМД-да алдыңғы орынға шықты. Бұл байлық ата-бабадан мұра болып қалған шығар деуге, оның дәйегі жоқ. Қарапайым жұмысшы, колхозшыда ондай байлық қайдан болсын... Бірде қойын дәптеріме мынадай өлең жолдарын жазып қойыппын:

*Өзгеріс көп бұл күнде, заман басқа,  
Салмақ түсті саналы, ойлы басқа.  
Ар адыра, жыртылып, ұят тозды,  
Дүниені билейтін патша – ақша.*

*Кім сүймейді байлықты, молшылықты,  
Байлық тіркеп әкелер жалшылықты.  
Қалыңдаса қалталар, адам азып,  
Санаға сарқып құяр бар шылықты.*

*Әйтеуір мен қорқамын сол сұмдықтан,  
Қарын қамын ойлаумен елді ұмытқан.  
Жағымпаздық, сатқындық жаны сірі,  
Көлгірлік, ашкөзділік бізді құртқан.*

Артық байлық нысапсыздықты, одан тойымсыздықты, жалмауыздықты тудырады. Алланың әу баста өмірге жаланаш әкелген пендесі енді нәпсі құлына айналып, бар байлықты өзімен бірге ала кеткісі келеді. Бірақ, әкете алмайды. Александр Македонский «Мен өлгенде алақанымды ашып қойындар, жұрт көрсін, қаншама байлықтан менің ештеңені де алып кете алмағанымды» деуі соған ақылы жеткендіктен айтылған.

Жалпы, біз осындай кемшіліктерімізді дер кезінде айтпай, қиын жасырған мысықшылауға үйреніп алғандаймыз. Содан да барып, «бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде», «тек жүрсен, тоқ жүресің, домаланып көп жүресің» деп мақал шығарып, аяғымызды шақтап басып, көзімізді ептеп ашып жүргенімізге мәзбіз.

Мұның ақыры – кемшіліктің себебін емес, салдарымен күресуге әкеліп соғатынын кеш біліп, бармағымызды тістейміз. Кеш айтылған сөз – өлі сөз. Өлі сөзді батылдығы жетпеген өресіздер айтады. Ал, арамыздан еркектің сөзін сөйлейтін бірлі-жарым ерлер шықса, шиге кірген иттей қыламыз. Осыны да елдік, имандылық дейміз бе?! Жоқ, адалды адал, харамды харам демей, бізге өсу жоқ, өшу бар. Осы сөзімізге дәлелді көзінен тізіп келтіруге болар еді. Бірақ, әңгіме тақырыбынан шығып кете алмадым.

Тәуелсіздік алған соң біз байларды да, кедейлерді де өз қолымызбен жасадық. Кеңес өкіметі тұсында жасалған халық байлығы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. «Тезірек байы, қалай баюдың жолын өздерің табындар» деген ұран көтерілді. Мал, техника, тіпті, завод, фабрикалар су тегін сатылды. Сатып алғандар бұрынғы басшылар, олардың өрен-жарандары. Сонау патша заманында да тісі батпаған жер де, оның байлығы да бармақ басты, көз қыстымен сатылып кетті. Міне, талауға түскен ел мен жердің тауқыметін халық тартып отыр. Обалы қанша, тиіп-қашып болса да газет, телевизия журналистері айтып, жазып жүр. Басқалар көзсіз соқыр, тілсіз мылқау ма дерсің?

Ол – ол ма?! Естүімізше, біздің жеріміздің «иелері» шет елдерде де бар екен. Мына Қарағандының сыртындағы бұрынғы кеңшарлар тұрғындарының бүгінде малы жайылатын жер жоқ, бәрінін «иелері» бар, бірақ көзге көрінбейді деп жылап жүргенін күнде көреміз.

Осыны терең ойлап, зерделей алатын зиялы қауым бар ма өзі? Аз да болса, бар ғой. Бұлар да бірнеше топқа бөлінеді. Бір тобы – түсінеді, тілі жеткенше айтады, бірақ оны құлағына қыстырып жатқандар шамалы; екінші топ – өз кенейі түгел, айтқысы келмейді; үшінші топ – әй, айттың не, айтпадың не,



жаманатты болудың не қажеті бар дейтін, келешектен түңілгендер, әділеттікке жетуден үміт үзгендер.

Біздің қазіргі қоғамда «өзім дегенде өгіз қара күшім бар», «өзімнен былай кетсе, құлай кетсін» дейтіндер, ұлттың ұлы емес, байлықтың құлы болуды қалайтындар кобейіп бара жатыр.

Қадым заманнан бері жақсылық пен жамандық жауласып, жеңісе алмай келе жатқаны хақ. Бүкіл әлемді ұстап тұрған күш – үміт десек, сол үміт елдің ертеңі – жастарда. Жастар тәрбиесі қандай болса – елдің ертеңі де сондай. Жас өскінді көзі, құлағы, содан кейін зердесіне жиналған білім қоры тәрбиелейді. Көзімен көргеннен, құлақпен естігеннен сабақ алады. Бүгінде сол екеуіне де жөні түзу корек берілмейді. Атыс, шабыс, кісі өлтіру, зорлау, қинау өзек болған кинофильмнен тәлім-тәрбие алған баладан қандай кемел адам шығады, қаны бұзылған мизантроп дүниеге келеді емес пе? Қазір шет елдерден – берісі Ресейден, әрісі Америкадан келіп рухани жан дүниемізді бір оқ шығармастан жаулап алған сондай бұзық қоқыстар. Екінші дүние жүзілік соғыста жолы болмаған империалистер осындай арамза айламен елді аздырып-тоздыруды жоспарлаған еді ғой. Бейбітшіліктің қорғаны атанған Советтердің талқаны таусылған соң әлгілердің құдайы жарылқады. Қазір бәрі – бауыр, бәрі – туысқан. Еркіндеп кіріп, жеріміздің бойлығын күндіз-түні сорып жатқанымен қоймай, жастардың санасын улап та жатыр. Мен мұны жиырмасыншы ғасырда халқымыздың тең жартысынан астамын жойып жіберген ақ сүйек аштықты, қызыл қырғынды ұмытқаннан айтып отырған жоқпын. Жылжи-жылжи қойнымызға кіретін жылымқұрт саясаттан қорыққандықтан айтып отырмын.

Таяуда Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев телеэкраннан берген бір сұхбатында «немерелеріме сондай бұзық хабарларды көрсетпеуге тырысамын» деп ағынан жарылды. Одақ төрағасы мұндай психологиялық агрессияны тоқтата алмаса, билік басында отырған ресми адамдар тоқтатар дейміз. Бірақ, әй қайдам! Қазір адамгершілікке, рухани тәрбиеге көңіл аударып жатқан басшылар шамалы-ау. Бәрінің құлқынын құртқан – қу ақша, арманы – байлық. Материалдық байлық рухани байлықты

жалмап жұтып қойса, жандүниеміз ластанып, шөлге айналса қайттік?! Адам – Алланың сынақ құралы. Таяуда телевизиядан бір ән тыңдадым. Мәтіні мынадай:

*Ұсынып жақсы-жаманды,  
Еркіне беріп ғаламды,  
Жаратқан екен бір Алла,  
Сынап көру үшін адамды.*

Адам Алланың сынынан өте алмаса – өзінің мәнін жояды – хайуанға айналады.

Адамды бұзатын басты қауіп – дүниеқорлық дегенді жиі айтып жүрміз. «Бай байға жетем дейді, бай құдайға жетем дейді». Адам адамның құлы болып, біртіндеп дүниенің құлына айналып бара жатқан сияқты. Қанағат, тауфихтан айырылып, күлқынның қамын күйттейтін, дүние үшін арын сататын рухани мүгедекке айналады.

Арамыздан кеткеніне жыл толған ардақты азамат, аяулы дос, білгір ғалым, шебер қаламгер Акселеу Сланұлы Сейдімбек сонау 2000 жылы халқымыздың рухани азып-тозып бара жатқанына жаны күйіп, әрі мұңайып, әрі қайраттанып, сілкініп былай деп зар төккен еді:

– Уа, Бабай!

Ел-жұрттың халі қалай?!

– Е, е, Балам-ай!

Ел-аман, жұрт-тыныш демесе:

Әйел – ерге қарады, ер – жерге қарады;

Қартымыз – қақпас, қатынымыз – қақпыш;

Шешеніміз – шерменде, көсеміміз – сергелден;

Биіміз – жалтақ, батырымыз – қорқақ;

Данамыз – бала, баламыз – шала;

Әйел – арыды, келін – жеріді;

Бозбала – сайтан, бойжеткен – сайқал;

Азамат – әлсіз, арғымақ – жалсыз;

Сері – селтен, сал – мөлтен;

Көршіміз – кәшір, туысымыз – мүсәпір;

Жауымыз – атарман, досымыз – сатарман;

Тұлпарымыз – жабы, сұңқарымыз – жапалақ;

Өнеріміз – молақ, өнерпазымыз – олақ;

Дініміз – шала, тіліміз – шұбар;  
Еліміз – азды, жеріміз – тозды;  
Бүгініміз – тұман, ертеніміз – мұнар;  
Сенеріміз – жоқ, секеміміз – көп;  
Жан – шыққан жоқ, үміт – өлген жоқ;  
Өмір осылай өтіп жатыр...

Акселеу марқұм осылайша күйініп, жұдырықтай түйіліп жазған кезде әркімнің көңілінде осындай мұң тұрғаны анық еді. Бірақ осылайша торығып айтуға батылдары жетпеді. Жоғарыдан берілген нұсқауды әркім өз пайдасына бұрмалап, су аяғы құрдым болды. Жіліктің майлы басы сол заманның «тырнақтысы мен тістісінің» аузында кетті. Мына материалдың тақырыбына томпақ келетін болғандықтан ол жағын қозғамай-ақ қояйық деп, әнгіменің бетін бері бұрдық.

Қазір мені бір ой мазалай береді. Ол – осы журналист болу үшін бес жыл көз майын тауысып, қаражат шығарып оқудың қажеті жоқ па деймін. Өйткені, журналист деген сөздің мағынасына ой жүгіртіп көрмегендер қас қағымда журналист кәсібінің иесі болып шыға келетінін көргенде, еріксіз ойланасыз. Инженерлік, дәрігерлік білімі, дипломы жоқтардың инженер, дәрігер (осылай жалғаса береді) атанғанын көрмеп едік. Тым болмаса, тілші деген атқа да қанағаттанбайды-ау. Бір мектеп оқушыларымен кездесуде журналист мамандығы жайында жан-жақты әңгіме болды. Сонда «Журналист мамандық па, әлде қызмет лауазымы ма?» деген сұрақ қойылды. Бұл сұраққа мен «журналист – мамандық, ал сол мамандыққа жолжөнекей жармасқандар – тілші» деп жауап берген едім. Бұл пікірім тіпті де қызғаныштан туған жоқ, өзімнің сүйген мамандығыма жаным ашығандықтан туған еді. Бұқаралық ақпарат айдынында қызмет істеу үшін, тағы да айтамын, елім деген жүрек, ел үшін, шындық үшін қандай қиындыққа болса да шыдайтын қажыр-қайрат, мұқалмас жігер керек. Күнкөрісті ойлаушылар басқа жерден орын іздесін. Қаламның киесі бар, өтірік айтып, өрге шығамын дегенді киесі ұрады. «Ұлттық мүдде, ұлттық мақсат, ұлттық мақтан» деген ұстанымдардан зәресі ұшатын жарамсақ жалбақайлардан қайраткер жасау қазақ журналистикасының беделін түсіреді. Журналист мамандығы бүгінде қауіпті

мамандыққа айналды. Шындықты айтып шырылдағандар тосын қатерге ұшырайтынын көріп те, оқып та жүрміз. Ұлылардың барлығы да ұлтын сүйгендер. Өз ұлтын сүймегендердің басқа ұлтты сүйдім дегеніне сене алмаймыз. Жүректен шықпаған сөз жүрекке жетпейтіні рас болса, өз ұлтына қызмет етпегендердің өркені өспейтіні даусыз шындық.

Қазақта «Отбасыңа жақсаң, аулыңа жағасың, аулыңа жақсаң, аймағыңа жағасың, аймағыңа жақсаң, еліңе жағасың» деген ұлағатты сөз бар. Елге қызмет еткеннің ұлан-қайыр өрісі бар. «Ең жақсы өкімет – ең жақсы азаматтар билік құрған өкімет» деп біздің заманымызға дейінгі V-VII ғасырларда өмір сүрген скифтер көсемі данагөй Анақарыс айтқандай, ел қамын ойлағанның – мәртебесі биік, мерейі үстем!

Біздің халқымыздың тегі асыл екені аян. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары спорт, ғылым, өнер, мәдениет салаларындағы дүниежүзілік дүбірлі жарыстарда жастарымыздың көтерілген биіктері осыған дәлел. Бойымызда буырқаған күш-қуаттың көзін аша білсек, орасан зор табысқа жететінімізге кәміл сенеміз.

Қазақтың еліктеуден ұтылатынын, дарақылықтан опық жейтінін, ақ некеден мән кеткенін, жезөкшелік әркімнің жеке басының ісі, оған қол сұғуға ешкімнің қақысы жоқтығы заңмен бекітілгенін, алыпсатарлық өмірімізге сіңісті бөлғанын, кісі өліміне құлағымыз үйреніп, селт етпейтініміз, келімсектердің айы оңынан туып, анқау қазақтың маңқа қазаққа айналғанын, шет елдерден келген қонақтарды Астанадан, Алматыдан қарсы алып, азып-тозған ауылға маңайлатпай, аттандырып салатынымызды, жалақы, шәкіртақы, зейнетақы өсіріледі деген сөз айтылса-ақ бағаның көтеріле беретінін және басқа қауіпті жағдайларды айтуды басқалардың үлесіне қалдырып, осымен сөзімді тәмамдаймын. «Бір адамның ішіне бір-ақ аяқ ас сияды» дегендей, көптің аузы дуалы ғой, көп болып, дауыс қосып айтса, бүкіл ел сескеніп отырған қауіптің алдын алармыз, төніп келе жатқан қатерден сақтап қалармыз. «Көп қорқытады, терең батырады» деуші еді ғой дана халқымыз.

*2010 жыл.*

## ИМАНДАЙ СЫРЫМ (Тосын сұраққа қысқа жауап)

- Журналист мамандығы сізді несімен қызықтырды?
- Әлсізге көмектесуімен, заңсыздықпен күресуімен.
- **Қиындық неде екен?**
- Адамды түсінуде. Адам – шешуі қиын жұмбақ.
- **Пір тұтқан адамыңыз болды ма?**
- Бір адамды пір тұту қате. Ол да адам, пенде. Жаксы болса, баладан да үйрен.
- **Жоғары бағалайтын қасиетіңіз?**
- Адалдық, бірсөзділік, кісілік.
- **Жек көретін қасиетіңіз?**
- Екіжүзділік, айлакерлік.
- **Қазір қайсысын көбірек көріп жүрсіз?**
- Екеуін де. Екеуі де арамдыққа апарды.
- **Қауіпіңіз неде?**
- Адамдар ұсақтап бара жатқан сияқты. «Ұят–бетте, адамгершілік – ниетте» дейтін адамды табу қиынның қиыны. Дүние адамды құлданып кетер ме екен деген қауіпім бар.
- **Қылмыс көбейіп барады. Себебі не?**
- Қылмысты тудыратын себептермен күресу керек, ал біз себептер тудырған, асқынған салдармен күресіп жүрміз. Асқынған ауру алмай қоймайды.
- **Дауа бар ма?**
- Бар. Қоғамда әр адам өзіне лайық орында отыруы керек. Лайық емес адам –лайлайды.
- **Өкінішіңіз бар ма?**
- Он сегіз жыл ТВ-да өткен өміріме өкінемін. ТВ – сөз. Айтылды – кетті, із қалған жоқ.
- **Қатты қуанған кезіңіз болды ма?**
- Ұлым туғанда қуаныштың не екенін түсіндім.
- **Қатты қорыққан кезіңіз?**
- Қатты қорыққан кезім болған жоқ-ау деймін. Есімде жоқ.
- **Жастарға айтар ақылыңыз қандай?**
- Уақыт, өмір мәңгілік емес. Жалындаған жастықты дұрыс пайдалан. Тірліктің беделін түсірме.

– **Әр істе жеңіске жету үшін не істеу керек?**

– Әрқашан жеңіске жете беруін мүмкін емес. Жеңіліс дегеніміз– бақытсыздық. Ал, бақытсыздықтан қорықсаң – бақытқа жете алмайсың. Қашанда өз күшіңе сен.

– **Көп жасау үшін не керек?**

– «Өзің көп жасағың келсе – көп жасайсың» деген даналық сөз бар. Амандығың Алладан кейін өзіңе байланысты.

– **Дінге көзқарасыңыз қандай?**

– Дінді мәдениеттің бір саласы деп білемін. Ал, дінді құрал, мал табу жолы ету – Алла алдында да, адам алдында да – қылмыс, күнә. Алла – жүрегімізде. Діннің құлшылығын орындауға денсаулыққа, жастың ұлғаюына байланысты дәл қазір дайын емеспін.

– **Ең сүйікті ақыныңыз?**

– Абай. Абай– тұнып тұрған ақыл. Абайдың діні де – ақыл. Ал, поэзия – ақылдан азбайды. Ақылсыз поэзия – адасқандық.

– **Қазақ тілінің келешегі қандай?**

– Тілге көзқарас дәл қазіргідей болса, күмәнім көп. Әркім өзіне қажетті тілді үйренсін. Тілі екеудің – ділі екеу. Ал үшеу болса – не болады?

– **Қазақстан туралы ойыңыз қандай?**

– Қазақстан өз орнында болатынына сенімдімін. Ал, ата казак өз орнында бола қояды деуге дәлелім аз.

– **Мемлекеттік тілді тездетін үйрету үшін не істеу керек?**

– Қажеттілік тудыру керек. Қажеттілік болса, ықылас та, талпыныс та болады.

– **Сізше қандай адам жақсы?**

– Мен бұрын да айтқанмын. Айта да беремін. Мен үшін жақсы адам – жақсы қазақ.

– **Сіз ұлтшылсыз ба?**

– Иә, ұлтшылмын. Ұлтсыз емеспін. Рушыл, жүзіл емеспін. Ұлтын сүйген адам ұлтшыл болмағанда кім болушы еді?! Ұлтын сүймеген адамның басқа ұлттарды сүйемін деуі – есепті қулық.

– **Бастықтардың қандай түрін білесіз?**

– Бір бастыққа еңбек етсең жағасың, екінші бастық еңбегіңмен бірге соған берілгеніңізді, құлшылығыңды қалайды,

үшінші бастыққа осы екеуі де керек, төртінші бастыққа малай керек...

**– Өзіңізге ұнамайтын мінезіңіз?**

– Шыдамсыздық болар. Орынсыз кодилық, қоқилыққа көнбейтіндігімнен көп қиындық көрдім. Бірақ оған өкінбеймін. Еңбектеп жүріп өмір сүргеннен тік тұрып өлгенді ұнатамын. Бір көргенде маған барлық адам жақсы сияқты. Кемшілігін кеш біліп, соңынан өкінемін.

**– Өзіңізге қатты ұнайтын нақыл сөз қандай?**

– «Ең кедей адам – ақылға кедей адам». Нақыл сөздің төресін Абайдан табамын. Мәселен,

«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді, ішіне қулық сақтап.

Озіңе сен, өзінді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап».

**– Зиялы деп кімді атайсыз?**

– «Зиялы» деген арабтың «нұр таратады» деген сөзінен шыққан. Ал, біз оқыған, интеллигенттің бәрін зиялы деп жүрміз ғой. Ол қате. Оқығанның, білімдінің бәрі бірдей зиялы емес. Зиялы адам – іші де, сырты да мәдениетті, өзі жазаланатын болса да жазықсызға араша түсетін, ақты ақ, қараны қара деп айтуға батылы жететін, мейірімді, қайырымды адам. Оқымаған адамдар арасында да зиялылар бар. Жалтақ, жарамсақтар зиялы бола алмайды.

**– Сіз өзіңізді зиялылар қатарына қоса аласыз ба?**

– Біз қазір «дәме бар, дәрмен жоқ» кезеңге келдік қой. Зиялының барлық шарттарына сәйкес келе бермеспіз. Пікірімді ашық білдіруге мүмкіндігім шамалы.

**– Білдіріп те жүрсіз ғой.**

– Жоқ, ол жеткіліксіз. Менің пікірім бойынша ашық сырласу, пікір таласы болған жоқ. Ал, онсыз шындық ашылмайды. Жалпы қазір пікір таласы ұмытыла бастады.

**– Сіз қандай адамды қалайсыз?**

– Өзін-өзі сынай алатын адамды. «Өз қателігін түсінген адам жұмаққа барады» деген сөз – алтын сөз.

**– Сізге пікіріңізді ашық айтпа деп өтырған кім бар?**

– Мен үшін басқалар кінәлі болмасын деген оймен көп адамдар өзіне-өзі тоқтау салып келе жатқаны жасырын сыр емес. Пікір еркіндігі қалыптасқанша зиялылар қатары көбейе қоймас. Біреу сөз сөйлесе, қол шапалақтаймыз. Мақтаймыз, мақтанамыз. Біздер – қазақтар жыртық қостан сирағы сыртқа шығып жатқанда да «Айқай менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім» деп шіренетін Жиренше шешенге көбірек ұқсаймыз. Байларымыз баи берсем дейді. Кедейіміз «бұдан да жаманымда тойға барғам» деп шүкіршілік етеді. «Қозының зары қасқырға жетпейді» деген сөз баяғыда айтылған. Осымен тоқталайық. «Өлең шіркін өсекші, жұртқа жаяр...» деп нүкте қояйық.

*2012 жыл.*



## VI. ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

---

### «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫН ЕСКЕ АЛСАҚ

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басына қарай Қазақстанның әр тұсында «Қазақ тілі» қоғамы бой көрсетті. Халықаралық деген дардай аты болғанымен басқа елдерде бұл қоғамның ұшқыны да көрінген жоқ. Тоталитаризм жайлап алған заманда ол да бір саяси ойын екені көп ұзамай-ақ белгілі болды. Әйтсе де азаттықты аңсап отырған қазақ ұлты үшін мұның өзі аспаннан түскендей кеңшілік еді. «Қазақпын» деп айта алмайтын заманда қазақтың өзіне өзін танытуға, түп-тамырының кім, қайдан екенін түсіндіруге, өзінің құндылықтарын, мақтаныш сезімін, ар-намысын, ұлттық рухын оятуға мүмкіндік туғанына сүйіншілеп қуандық. «Мен қазақпын» деген азамат атқа қонды. Мен де сол саптан табылдым. Мына төмендегі материалдар сол шақта газеттерде жарияланған еді. «Оян, қазақ!», «Ойлан, қазақ!» дедік сонда...

### Қазақ болғыңыз келе ме?

Дат, ағайын!

Осы сұраққа бүгін әрқайсысымыз жауап бергеніміз дұрыс болар еді. Әрине, мақұлдап жауап беретіңізді, тіпті «өзіңіз не айтып отырсыз, мен қазақ емеспін бе?» дейтініңізді де сеземін. Ал кейбіреуіңіз «әй, қойшы, қазақ, орыс, шүршіт деп ұлтқа бөлудің қажеті қанша? Орысша оқып-ақ, екі ауыз қазақша сөйлесей-ақ, қызмет істеп, нанымызды тауып жеп жүрген жоқпыз ба?» деп реніш білдіріп, қабақ шытып қалатын да боларсыз.

Менің сізбен дауласқым келмейді. Әйтсе де, қазақ болу үшін төлқұжатыңыздағы «ұлты қазақ» деген екі сөздің жеткіліксіз екенін айтпасқа әддім жоқ. Неге? – дейсіз ғой. Айтайын: қазақ болу үшін басқа ұлттан өзін жоғары коюдың,

немесе оларды ұнатпаудың қажеті шамалы. Басқа ұлттардың ғасырлар бойы жиналған асыл қасиеттерінен ғибрат алыңыз. Жылт еткен жақсысы болса – жатырмаңыз, дегенмен ананың әлдиімен қаныңызға сінетін ауыз әдебиетінің маржандарынан, жүрегiңізді, сенiмiңізді, рухани жан-дүниенiңізді баурап алатын ән-күйiнен мақұрым қалсаңыз, онда толық қанды қазақ бола алмайтыныңызға бәс тiгемiн.

Осындайда менiң есiме елуiншi жылдардың соңғы кезiнде болған бiр оқиға түседi. Алыстағы ауданның екi бас басшысымен поезд вагонының бiр бөлмесiнде келе жатыр едiк. Жолдағы аялдамада поездға отырған бiр ақсақал адам бiзбен серiктес болды. Бетi – Қарағанды. Сұраса келе Сұлтанмахмұт Торайғыровтың немере туысы болып шықты. Жол бойы «қараңғылықтың көгiне, күн болмағанда кiм болам» деп армандап кеткен асыл ақынның тiршiлiктегi пендешiлiк мiнездерiн айтып әңгiмеге қандырып тастады. Журналистiк қадамын жаңа бастаған мен үшiн бұл асыл қазына едi. Бiр кезде Кеңес басшысы: «Ақсақал, мақтауын жеткiздiңiз, бiрақ сол айтулы ақныңыз кейiнгi кезде жазуды бiржола қойып кеткен сияқты ғой, үнi шықпайды» деп бүйiрден қойып қалмасы бар ма? Амал қанша, қайран қараңғылық-ай, не iстетпейсiң, нендей пәлеге ұрындырмайсың. Үндемедiк, томсырайып отырып қалдық. Партия басшысы менiң санымнан шымшып алды да, «Жүр, шылым шегiп келейiк», деп орнынан көтерiлдi. Тамбурға келген соң «Қарағым, жас журналистер жазғыш келедi. Сен жаңағы бiр сөздi естiмеген бола қой, осы жерде қалсын, деп ауыр күрсiндi, Мен жазбауға сөз бердiм. Сонымен iс тәмам.

Мұны неге айтып отырмын, арада отыз жыл өтiп кеткенде. Алда қашан сүйегiне қына шығып кеткен ақынды «жазбай кеттi ғой», деп жазғыратын сол ағамыздың iнiлерi, бауырлары қазiр арамызда аз ба? Азайған жоқ-ау, көбеймесе...

Осыдан келiп қазiргi қазақ халқының, оның тiлiнiң тағдырын ойлағанда iшiңiзге от түскендей күй кешесiз.

Бiр ауданды басқарып «әй!» деп өргiзiп, «шәй!» деп жусатып жүрген дүмбiлез ағамыздың түрi анадай болғанда, басқаларға не жорық. Лауазымды қызметке қоярда солардан «сен өз халқың туралы не бiлесiң, оның келешегi туралы не

ойлайсың?» деп сұраған кім бар екен? Ешкім де! Жоспар орындалса, дұрысы «жоспар орындалды!» деп антқа бергісіз ақпарат түсіп жатса, іс бітті емес пе?

Ол кешегі өткен оқиға ғой. Бүгін ше? Бүгін де солай.

Қалың қазақтың қаймағы бұзылмаған Қарқаралының кітап дүкенінен осыдан екі жарым жыл бұрын жолсапармен барғанда, бір қара көз қызымыздан Мұқағали Мақатаевтың «Қош, махаббатын» сұрағанымыз бар. «Жоқ, ондай кітап бізге түскен жоқ» болды естігеніміз. Дүкен ішін аралап жүріп қат-қабаттап үйіп қойған біраз кітаптарға кездестім. Үстіңгі кітаптарды алып, арғы жағына үнілгенімде сізге өтірік, маған шын «Қош, махаббаттың» жиырма шақты данасы шықты. Сол жерде жерден жеті қоян тапқандай қуанып кетіп (Қарағандыдан іздеп таба алмай қойғанбыз) он данасын сатып алып келіп, телестудиядағы жолдастарға таратқаным бар. Бұл жерде алпысыншы жылдардағы Кеңес ағасы мен сексенінші жылдардың соңындағы кітап сатушы қыз баланың арасынан теңдік белгісін қояйын деп отырғаным жоқ-ау. Айтпағым: «алдыңғы арба қайдан жүрсе, соңғы арба содан жүреді». Бүгінгі немересі орысша үйренбей қалатындай «барып кел, алып келіне» дейін шүлдірлеп жүрген әжелерден қандай әлди тыңдайсыз. «Обал-ай» дейміз де іштен тынамыз. Соны көріп жүріп «2-3 жылдың ішінде барлық жерде қазақ балалар бақшасы, қазақ кластары, мектептері ашылмады» деп қиналған боламыз. «Ұстазы надан болса, шәкіртінің білімі – нольге тең» деген сөз осындайда айтыла ма? Әже орысша сөйлесе, ана орысша сөйлесе, бала қазақшаға ағып кетеді деп кім айтты сізге?

Міне, біздің қазақтың қазақтығының мүрдем кетіп бара жатқандығының бір себебі осында.

Бұған кім кінәлі? Әрине, заман кінәлі. Үш жүз жылға созылған отарлық қанау, одан туған адам санасындағы азғындау-мәнгүрттену кінәлі.

Солай десек те, осыған қарсы бір дау айтқым келіп отыр.

Соғыс кезінде біздің Ақтоғай (ол кезде Қонырат) ауданына жер аударылған немістерді әкелді. Кемпір-шал, балашаға, әйелдер. Солар аз уақыт ішінде қазақшаны бір кісідей-ақ үйреніп алды. Тіпті, балалары мақалдап, мәтелдеп сөйлейтін

болды. Бертінде ғана дүние салған Этка Гених деген азамат Тәуке батыр жайлы домбырамен қосылып кисса айтқанда қазағына бергісіз еді. Солар немісшені де ұмытқан жоқ. Тіпті бүгінге дейін екеуара тұрғанда немісше сөйлеседі.

Мұның себебі неде? Біріншіден, қазақ тілін үйрену оларға қажеттілік болды, екіншіден, өзінің ана тілін де құрмет тұтты. Орышаны да бір кісіден кем білген жоқ. Міне, үш тілділік осыдан келіп шықты Қазірде Қазақстанға мәшһүр Герольд Бельгер (қазақтар оны Гера Білгір деп атайды) осылайша үш тілде сөйлейді. Үшеуін де таза біледі. Айта берсеңіз Абай өлеңдеріндегі кеткен жаңсақтықтарды (оны да «байкамай» жіберген өзіміздің оқымысты бауырларымыз) түзету керек деп жамияғатқа жар салған да сол Білгір.

Осы жерден бір қорытынды жасасак. Менің түйгенім: әкім бол, хакім бол, құрылысшы бол, тұрмысшы бол – әйтеуір, жұдырықтай жүрегіңде ұлтыңа, оның тіліне, өз жеріне деген сүйіспеншілік болсын. Өзіңді сыйлағаныңда, өзгені де ұмытпа! Ол да сендей басы жұмыр пенде. Тек «сенің атың тұра тұрсын, менің атым жүре тұрсын» деп өктемдік жасамасын. Егер өктемдік жасаса – құдайдың ұрғаны. Өктемдік жасағанның өрге шығып, жұмакқа жеткені жоқ. Өзгені де құртады, өзі де құриды. Біреуді бақытсыз еткен адам ешуақытта бақытты бола алмайды.

...Менің ойымнан ұзақ жылдар «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газетінде жемісті еңбек еткен Мінәж Жармұхамбетов ағаның музыкалық аспаптардың көбінде ойнай білетін, сол саладағы мектеп, жоғары оқу орындарын тәмамдаған ұлы – Хамиттің «Қазақтың қасиетті домбырасының үніндей бірде-бір музыкалық аспаптың үні маған әсер етіп көрген емес» деген сөзі кетпейді.

Хамиттің осылай айтуына себеп болған Мікеннің қоңыр үнді домбырасы-ау деймін оңашада. Шынында да солай. Мікен марқұм орысша өте сауатты – телетайп таспасын қолына ұстап отырып, ТАСС-тың материалдарын қазақшаға желдірте аударатын еді. Өлең де жазатын. Бірақ мен акынмын деген сөз ешқашан аузынан шыққан емес. Өлеңдерін, дастандарын өзі дүние салардан аз-ақ бұрын «Орталық Қазақстанның» бетінде жариялатты. Архивінде көп дүние жатқан болар деймін. Сол

кадірлі Мікең үйінде отырғанда қазақ композиторларының күйлерін былқылдатып, сылқылдатып орындайтын.

Хамиттің жүрегіне қазақ халқының тарихын сонау ғасырлар қойнауынан жеткізген құдіреттердің бірі – Мікеңнің қоныр үнді домбырасы дейтінімнің бір себебі осы жайға байланысты. Бұл рухани дүниеміздің бір саласы ғана. Ал, әдебиетімізге қалай қараймыз? Сол әдеби дүниелер жарияланатын газет, журналдарға жазыламыз ба? Кітаптар сатып аламыз ба? Осы сұрақтарға жауап берерде талай ағайынның беті қызаратынына бәс тігуге болады.

Өткен күзде Үлкен Михайловкадағы моншаның алдындағы газет-журнал сататын балағанның алдынан екі-үш қазақ жігітін кездестірдім. Тәп-тәуір киінген, бас-аяғы түп-түзу. Басы «Правдадан» бастап әрқайсысы бес-алты үнқағаздан сатып алып жатты. Ішінде бірде-бір қазақша басылым болсайшы. Шыдай алмадым. «Жігіттер-ау, анау жатқан қазақша газет-журналдарға көз салсаңдаршы. Сендер оқымағанда, оларды кім оқиды?!» деп қалдым. Сонда әлгілердің бірі маған ажырая қарап тұрды да: – оларда кроссворд жоқ қой! – деді. «Сыздануыңыз – қулықтан, сыздауығыңыз – суықтан» деп осындайда айтылса керек. Бұл да қулық!

Олар өздерінің қылығын дұрыс деп жөніне кетті, мен «апырай, жастарымыз мынадай болғанда, келешегіміз қандай болар екен» деп қапаланып қала бердім.

Сіздердің назарларыңызды тағы да бір кежегеден кері тартатын жайға аударсам деймін. Кейбір жолдастар менің осы айтқанымды бүгінгі қол жеткенге тойымсыздық, болған үстіне бола берсе екен дейтін ашқарақтық деп түсінетініне таңданудан қалдық. Мүйізі қарағайдай білікті басшыларымыз «осы сіздерге не жетпейді, орыстан не жаманшылық көрдің, орыс тілінің арқасында барлық елдермен тілдесетін болған жоқсыздар ма» деп өзіңізге қарсы сауал қояды. Жетпейтініміз көп, ол туралы жеке әңгіме. Оны да айтамын. Басқалар да айтып жатыр. Тек естір құлақ сарапқа салар, қорытынды жасар, әділін айтар ойлы адам болсын деңіз. Ал, орыс деген бүкіл халықты алға тарту – арандатуға бергісіз жала. Баяғы отыз жетіде алдымыздан шыққан «қанды қақпан». Жок, жолдастар, біз қазақтың жоғын

жоқтағанда орысты кіналап отырғанымыз жоқ, отаршылықты кіналап отырмыз. Отаршылық тудырған оспадарлықты, «өлмесен өме қап» дейтін даңкеуде дарақылықты, басқанын жанына батқан жамандыққа көз жұма қарайтын, обал, сауап деген асыл қасиеттерді аяққа басып таптайтын имансыздықты кіналаймыз. Ұлтшылдық та, шовинистік те мәдениетсіздіктің – улы жемісі. Мәдениетті адам ешқашан да басқа елдің жақсысын жатырқамайды. «Өзің өмір сүр, басқаның өмір сүруіне бөгет жасама» дейтін Шыңғыс Айтматов айтқан даналықты түсінетін уақыт жетті-ау деймін.

Осымен егіздің сынарындай кіндіктес, отаршылдық деген «темір талқы» тудырған бишаралық, өзінікін айтсам – ұлтшыл, өзгенікін айтсам – интернационалист боламын дейтін мүсәпір психология бар. Содан арылатын күн енді туды. Қазақстан тәуелсіздік алды. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды. Төрткүл дүниемен терезесі тең отырып сөйлесетін күнге жетті, құдайға шүкір! Солай бола тұрса да көзге қамшы тигендей жасқаншақтығымыз қалмайды.

Сонау бір заманда орыстың ұлы ойшылдары Белинский, Чернышевский, Толстой, Чеховтар және басқалары өз ұлтының келеңсіз жайларын өлтіре сынағанда жек көргендіктен сынаған ба еді? Керісінше, сүйгендіктен, сол ұлт неміс, яки француз болып шүлдірлеп кетпесін деп сынаған еді ғой. Ендеше біз отаршылдықтың жүз батпан зұлматын көрген халқымыздың рухын көтеруден, намысын шыңдаудан, мақтаныш сезімін оятудан неге тайсақтаймыз.

Токсан ауыз сөздің тоқ етері: ұлтыңның ұлы бола білсең ғана – ұлысың. Өзгені өзекке теппесең ғана – өркениетті елдің азаматы қатарына қосылғаның. Осыларды орындау өз қолымыздан келеді.

Біз мақаланың тақырыбында «Қазақ болғыңыз келе ме?» деген сұрақ беріп едік. Жауабымызды қорытындыласақ: еліңнің азаматы бол, адамгершілік туын төмендетпе. Ол үшін әл-қадарыңша үлес қос. Біреу батпандап қосар, біреу мысқалдап қосар. Бәріне де қанағат. Тек адамдықтың ақ жолынан айныма, ағайын!

*1992 жыл.*

**НАМЫСЫМЫЗ ОЯНБАЙ,  
ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗ НЫҒАЙМАЙДЫ**  
**(Қарағанды қаласының әкімі**  
**Шәймерден Оразалинов мырзаға ашық хат)**

Қадірлі Шәке! Соңғы бір жылдың ішінде қазақ тілінің қазіргі мүшкіл халі, қаланың автокөлік, теміржол, әуе бекеттеріндегі және автокөлік ішіндегі жазбаша, ауызша жарнамалар, сондай-ақ, Қарағанды қаласының кейбір көшелерінің атын өзгерту жайында Сізбен бірнеше мәрте пікірлескен екенбіз. Көбіне сізге іш тарта беруіміздің өзіндік себебі де бар. Алдымен сіз қала әкімісіз. Оған қоса «Қазақ тілі» қоғамы сізді облыстық ұйымның басқарма мүшесі ретінде өз адамына балайды.

Шыны керек, Сіздің тарапыңыздан қолдау тапқан істер аз емес. Қаладағы жазбаша, ауызша жарнамаларды реттеу жөнінде осы мәселеге қатысты мекемелер, кәсіпорындар басшыларымен жан-жақты пікірлескен әңгіме де болды. Оған сіздің орынбасарыңыз М.Қ.Жошина басшылық жасап, іс біраз реттелгендей болғанына қуанып та қалғанбыз. Амал қанша, «көң қатса, қалыбына түседі» деген бар ғой, бұрынғы орысша жазылатын, айтылатын жарнамалар мен хабарландыруларға бойы үйреніп, ойы қалыптасып алған басшылар біраздан соң қазақшаны жинап тастап, сол баяғы орысшасына қайта оралып отырғанын сізге тағы хабарлауға мәжбүр болғанбыз. Әйтеуір, осы мәселеде не жеңбей, не жеңілмей, «итжығыс» түсіп жүрген жайымыз бар еді. Соңғы уақытта қазақшамыздың жүпі жығылып, орысшамыздың жалы қайырадан күдірейіп барады.

Бұған не себеп болды? Менің ойымша, қала әкімшілігі жүйелі түрде бақылау жасамайды, аудан әкімшіліктерінің ойына бұл мәселе кіріп те шықпайды. Ал қай жерде болмасын алдымен ауызға ілігетін «Қазақ тілі» қоғамының қолында мұны жөндей қоятын күш жоқ, тексеріп, шара қолдану хұқы берілмеген.

Баспасөзде, радио мен телевизияда сан мәрте айтылып жүргендей, шынында, Қарағандыны Қазақстанның қаласы деуге ауыз бара ма? «Тәуелсіз Қазақстанға кеңес империясынан мұра

болып қалған ұрандар, жарнамалар, құрмет тақталары қашанға дейін қасқайып тұра береді?» деген сұрақты бүгінде екінші бірі қояды. «Сөйлемесең – сөзің өледі, сөйлесең – өзің өлесің» дейтін ызғарлы күн, құдайға шүкір келмеске кетті десек те әлі де айтқанымыз желге ұшып, атқанымыз жығылмай жүргенін несін жасырайық.

Түсінеміз. Экономика күннен күнге құлдырап, баға шарықтап, жұртшылық арықтап, коммерцияның арқасында қалтасы қалыңдап, бақыт құсы қалықтап бара жатқан алыпсатарлардың күні оңынан, айы солынан туып тұрған мына заманда жарнама дегеніңіз не тәйірі... дейтін ағайындар аз емес арамызда. Сөйтсе де уақытша қиындықтар да өтер деген үмітті серік етеміз. Бізді қынжылтатыны – қазақшаға қабағын түйіп, теріс қарайтын кейбіреулердің білімсіздігі емес, мәдениетінің төмендігі, рухани жұтандығы...

Қаладағы үш көшенің атын өзгерту қаншама дау-дамай, айтыс-тартыс туғызғанын жақсы білеміз. Ал, тереңірек ойлап қарасаңыз, осының өзі дау тудыра қоятындай мәселе емес еді ғой. Бұқар жырау да, Әлімхан Ермеков те, Саттар Ерубаев та қазақ халқының адал перзенттері емес пе еді?! Құдайға шүкір, әйтеуір, сіздің өкіміңіз жарияланып, от алып, қамысқа түскен кейбіреулер тынышталған сияқты. Үйлердің сыртындағы көрсеткіш таңбалар Республика күні қарсаңында ілінеді деген сөзді радиодан естіген едік. Оның да мерзімі ұзап бара ма, қалай?

Ендігі бір мәселе – Совет Конституциясы проспектісінің Алматы даңғылы, Центральный аэропортын «Сарыарқа» бекеті деп өзгерту жөнінде. Бұл мәселе көтерілгелі үш жылға жуықтап қалды. Баспасөзде де жарияланған. Бір кезде өзіңіз куә болған «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымының мәслихатында осы мәселе күн тәртібіне қойылып, қаулы да қабылданған еді. Қалалық атқару комитеті мақұлдаған болатын. Бірақ, су аяғы құрдымға кетті. Қала әкімшілігіне өткен жылы тағы да хат жаздық. Бірақ, нәтиже бермеді. Бүгінде Совет те жоқ, оның Конституциясы да жоқ. Бірақ, соның атына қойылған проспекті өзгеріссіз қалып келеді. Ендігі жерде бір тіршілік жасала ма, жоқ па деген ой көпшілік көңілін алаңдатуда.



Жалпы Қарағанды қаласында (облысымыздың басқа қалаларын әзір айтпай-ақ қояйық), Кеңес империясының қаһарынан қаймығып, кезінде жарамсақтанып қойылған көшелер, мүйістер аты аз емес қой. Соны қайыра бір қарап, өзгертпесек, тәуелсіздігіміздің бетіне түсер шіркеу болары дау тугыза қоймас.

Енді түпке сактаған бір мәселеге көшейін. Тіл туралы Занда жердің, елді мекеннің атауы тек қазақ тілінде беріледі делінген. Солай бола тұрса да «Қарағандадан» құтыла алмай келеміз. Қаланың бес ауданы сол баяғы қалпында аталады. Бүкіл Қазақстанның шартарабында талай атаулар өзгеріске түсіп, ежелгі халықтық атаулары қайтарылып жатқанда біздің облыста Корнеевака, Токаревка, Карбушевка және басқа жүздеген «овкалар» сол баяғы таз қалпынан өзгермей отырғаны сияқты Қарағандының Ленин, Киров, Октябрь, Совет аудандарын кімнің қимай жүргенін түсіне алмай басымыз қатқан жай бар. Отаршыл Ресей мемлекеті дүниенің төрт бұрышын ала тайдай бүлдіріп еді. Енді Петр, Екатерина сияқты патшалары қайырадан сүйреп әкеліп, Ленин және оның қанды көйлек серіктерінің есімдерін түгелдей сыпырып жатқанын біз көрмейміз бе, әлде көрсек те көрмегенсіп, білсек те білмегенсіп отыра береміз бе? «Азаматтық, елдік, ұлттық намысымыз неге оянбайды» деген ой мазалай береді. Сондықтан да құрметті Шаймерден Әбілмәжінұлы, мен халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Қарағанды облыстық ұйымы басқармасының, оның алқасының, сондай-ақ, осы қоғамның облыстағы 55 мың мүшесінің атынан осы хатты жазып, Қарағанды қаласындағы бес ауданның атын ұзаққа созбай өзгертуді ұсынамын.

Қарағандының қара шаңырағы делінген, қазақ жұмысшыларының тері де, қаны да сіңген екі аудан: Октябрь ауданы – Кеншілер ауданы, Киров ауданы – Ардагерлер ауданы, сондай-ақ, күні кеше Желтоқсанның ызғырығы сокқанда қазақ жастары демократияға малданып, бас көтерген Ленин ауданы – Желтоқсан ауданы, студенттер мен оқушы жастардың ең мол шоғырланған жері – Совет ауданы – Жастар немесе Жастық ауданы аталса, ал Теміржол ауданы жансыз темір емес,

Теміржолшылар ауданы болып аталса деген жұртшылық пікірін, ұсынысын білдіргім келеді.

Әрине, біз осы атаулар, ешбір өзгеріссіз дәл біз айтқандай болсын деген ойдан аулақпыз. Терең мазмұнды әрі әсем атаулар болса, жұртшылық ұсыныстарын білдіре жатар. Біз тек осы бір енді ертеңге қалдыруға болмайтын көкейкесті мәселені баспасөз арқылы мына сізге жолдаған ашық хатпен білдіруді өзімізге парыз санадық.

«Ораза, намаз кімде жоқ, тілде бар да, ділде жоқ» деп от ауызды, орақ тілді Махамбет батыр айтқандай, тілге жүргенмен ел таразысына тартыла қоймаған осы бір жайларды жариялылық жарығына шығаруды мақсат етеміз. Ендігі сөзді өзіңізден күтейік...

*1993 жыл.*

## **ҰЛТ НАМЫСЫН ТУ КӨТЕРЕР ШАҒЫМЫЗ**

Қадірлі бауырлар, қандас ағайындар!

Баспасөз тарату науқаны аяқталуға жақындаған сайын ұлттық үн қағаздарымыз бен журналдарымыздың, солармен тығыз байланысып, сабақтасатын ұлттық санамыздың тағдыры қатты алаңдата бастады. Оның өзіндік себептері бар.

Науқан басталғалы бірсыпыра уақыт өткенімен жазылушылар саны әлі саусақпен санарлықтай болып отырғаны бізді қынжылтады. Нарықтық экономикаға өту кезеңінің ауыртпалығы халықтың тұрмыс жағдайының төмендеуіне (аз ғана топтың баюына) әкеліп соғатыны өздеріңізге мәлім. Солай десек те, халқымыздың сүйегіне сіңген жайбарақаттық, өзінің алдағы күніне сол баяғыша ұйқылы-оюу қараушылық белгі беріп отырғанын енді жасырудың қажеті шамалы.

Қоғамдық ой-пікірді, идеологиямызды қалыптастырып, оны шынықтырып, пісіруде үн қағаздар мен журналдардың атқарар міндеттері ұшан-теңіз, ешбір асыл қазынамен бағалауға болмайтын қасиетті қызмет...

Тәуелсіздікке құжаттар бетінде қолымыз жеткенімен отаршылдықтың құрығын әлі үзіп кете алмай бұлқынған кезімізде тасқындалған күш-қуат алатын, бірігіп үн қосатын, тіпті

кейбір кешегі одақтың сойылын соғатындарға сокқы беретін баспасөзімізге жете мән бермеуіміз ертең үлкен өкінішке ұрындыратынын түсінетін, тереңірек ойланатын уақыт жетті-ау дейміз. Ұлттық баспасөзіміздің біртіндеп жабылып қалуы (құдай оның бетін аулақ қылсын) тілімізден айырылып – мылқау, көзімізден айырылып – соқыр, құлағымыздан айырылып – керек болып қалуы екенін бүгін айтпасақ, ертең кеш қалатын түріміз бар.

Кейбір ағайындар ана тілімізде шығатын басылымдарды менсінбей, орыс тіліндегі, тіпті сонау Ресей сияқты шет елдердің басылымдарын жаздырып алып, соған қанағаттанып жүр. Біз ондай басылымдарды оқыма демейміз, алайда алдымен өз іргенді бекітіп, өз шаңырағыңды көтеріп алу керек емес пе, бауырлар-ау?! «Қолына кей жаманның алтын түссе, қадірін кетіреді, мыстан жаман» деп дана халқымыз айтқандай, өз қолымызға сағындырып жеткен тарихтың тартуындай болып тиген тәуелсіздігімізді енді көздің қарашығындай сақтап, халқымыздың ұлттық санасын оятудың, бекітіп нығайтудың, ұлттық мақтаныш, ұлттық рухымызды көтерудің ең сенімді жолы, берік тірегі – ана тіліміздегі басылымдарды қастерлеп сақтап қалу, оларды барынша қолдап отыру деп білеміз. Олай болса осы бір елдің елдігі, ердің ерлігі сыналар шақта барша қауым болып, оның ішінде қолында билігі, қаражаты бар ел ағасы атанып жүрген азаматтар осы іске ұйтқы болуы қажет.

Бәріміз де «мен қазақпын, мен елімнің перзентімін» дегенде кеудеміз көріктей күмпілдейтіні рас. Әйтсе де, жеме-жемге келгенде үлкен істен шеттеп кететініміз, шынын айтқанда, бойымыздағы жаман мінезіміз, ауыр кеселіміз. Содан арылайық, халайық. Қолымыздан келгенше, қалтамыз көтергенше ана тілімізде шығатын үн қағаздарға, журналдарға тездетіп жазылайық.

Біз ана тіліміздегі барша басылымдарды алаламаймыз. Соның ішінде облысымыздың айнасы болып отырған «Орталық Қазақстан», арқа жастарының апталығы «Замандас» үнқағаздарын және республикалық «Ана тілі» апталығын жаңа жылда әр үйден көруге шақырамыз.

Осы бір маңызды істе сіздердің ақыл-парасаттарыңыз, шешімділіктеріңіз, іскерліктеріңіз сынға түсетінін ескере отырып, «Іске сәт, бауырлар!» дегіміз келеді.

1993 жыл.

## БАЛАЛАР АНА ТІЛІНЕН НӘР АЛСЫН ДЕЙТІН АТА-АНАЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА

Қарағанды қалалық білім бөлімінің хабарлауынша, биыл көмірлі қаламызда төменде аталған қазақ және аралас мектептер бұрынғыша бірінші қазақ кластарына балалар қабылдайды. Өткен оқу жылында сол мектептерде оқыған балалар келесі кластарда өздерінің оқуларын жалғастыра алады.

**Октябрь ауданы.** №8, 17, 36, 54, 74, 76-шы мектептер.

№76-шы Әлихан Бөкейханов атындағы қазақ орта мектебі биыл 1-8 класстарға оқушылар қабылдайды.

Биыл «Восток-5» мөлтек ауданында жаңадан ашылатын 507 балалық №68 қазақ орта мектебі 1993-94 оқу жылына барлық кластарға оқушылар мен мұғалімдер қабылдайды. Анықтама алу үшін №22-06-21, 72-01-71 телефондар арқылы хабарласуға болады немесе «Восток-3» шағын ауданындағы №8-ші орта мектепке келіп жазылу керек.

**Киров ауданы.** Өткен оқу жылында жұмыс істеген №18, 25, 50 мектептер. Биыл жаңадан ашылған №33 мектеп бірінші класқа балалар қабылдайды.

**Совет ауданы.** Өткен оқу жылында жұмыс істеген № 6, 21, 29, 66, 57 (қазақ мектебі), 48, 97 (1-2-ші гимназия кластарына) мектептер.

**Теміржол ауданы.** № 85 мектеп 1-2-ші кластарға балалар қабылдайды.

Таза қазақ балабақшалары – «Балапан», «Жұлдыз», «Шолпан», «Тілек» және бұрын қазақ балаларының топтары ашылған барлық балабақшалар әдеттегідей балалар қабылдай береді.

Сонымен, Қарағанды қаласының «Октябрь» ауданында №7 Жамбыл атындағы гимназия-мектеп-интернаты, «Восток-5»

мөлтек ауданында биыл ашылып отырған №68-ші орта мектеп; Совет ауданындағы №57 қазақ мектебі (1-6-шы кластарға), Ленин ауданындағы №39-шы қазақ мектебі (1-8-ші кластарға), №2 Н.Нұрмақов атындағы орта мектеп-интернат (1-11 кластарға) оқушылар қабылдайтынын ескерсек, бұдан бірер жыл бұрынғыдан бір табан алға басқандығымыз байқалады. Дегенмен, Қазақ Республикасының Тіл туралы Заңы мен Мемлекеттік бағдарламасының орындалуына әлі де салқын қараушылық орын алып отырғандығын жасыруға болмайды.

Бір ғана дәлел Ленин, Совет аудандарының әкімшіліктері мен білім бөлімдері биыл жаңадан осы аудандарда қазақ мектептерін ашамыз деген уағдаларын орындамағандығы қынжылтады. Жалпы жаңадан ашылуы аса қажетті делінетін мектептер мен балабақшалары жөніндегі өтініш, ұсыныс, тілектеріңізді Қоғамның облыстық ұйымына және жаңадан құрылатын облыстық Тіл басқармасына хабарлап тұруларыңызды сұраймын.

Қадірлі ата-аналар! Туған Қазақстанымыздың тәуелсіздігінің арқасында қолымыз жеткен табыстарымыздың бірі – өзінің ана тілінен мақұрым қалған, сөйтіп ұлттық рухымыздан шеттей бастаған балаларымызды мемлекеттік тілде оқытуға қол жеткізуіміз. Ана тілінің болашағы айқын, сәулелі болады дегенімізбен отарлық салқыны әлі де айыға қоймаған осы бір қиыншылығымыз мол, тар жол, тайғақ кешу кезеңде даңғыл жолға түсіп кетуімізге көп кедергілер тосқауыл болуда. Мектеп үйінің материалдық базасының жұтандығы, қазақ мұғалімдері қатарының аздығы, мұғалім кадрларының пәтерсіздігі (Қарағандыда 30 мұғалім үйсіз), оқу құралдарының тапшылығы, сонымен бірге қазақ ата-аналарының қалада шашыраңқы орналасуы, осыдан туындайтын балаларды мектептерге жеткізудегі көлік қиындығы және басқалар – осының бәрі балаларын ана тілінде оқытамын дейтін ата-аналарға сан алуан ауыртпалық келтіруде. Осымен байланысты аудан әкімшіліктері, білім бөлімдері ата-аналардың талап-тілектеріне сергектікпен қарап, жан-жақты қамқорлық көрсетуі, амал қанша, әлі де көңілдегідей болмай отыр. Ұлттық

коммерсант, бизнесмен ағайындар мектептерге көмек көрсеткені жөн.

Алайда тіл – ұлтымызды сақтап қалудың, қазақ халқының алдағы уақытта тарих сахнасында қалу-қалмауын шешетін ең басты мәселе екенін ескерсек, қандайда болмасын қиындықтарға қарсы тұруды, жеңіске тек жүйелі күреспен, табандылықпен жетуден басқа жолдың жоқтығын естен шығармауды ұсынар едік.

*Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың  
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың,  
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,*

*Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың, –* деп бүкіл Түркі дүниесінің аяулы ақыны, елім деп еңіреген, отаршылдық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған Мағжан Жұмабаев айтқандай, баба тілін, ана тілін ардақтайтын азаматтар, балаларыңызды қазақ мектептеріне, қазақ балалар бақшаларына қолдарынан жетектеп апарып, «Жолың жарқын болсын, балапаным, еліңнің бақытты болашағын ойлайтын, сол жолда жан аямай күресе білетін ардагер азаматы бол!» деп, баталарыңызды беріп, қуанышпен аттандырыңыздар! Осы бір елдің елдігі, ердің ерлігі сыналатын аса құрметті де жауапты істе сіздерге зор тілектестік білдіремін.

Жергілікті жердегі «Қазақ тілі» қоғамының ұйымдары, біріккен комитеттер басшылары ана тіліміздің болашағы бала бақшаларымен, мектептермен тығыз байланысты екенін ешқашанда естен шығармаса екен.

*1993 жыл.*

## ӨЗІМІЗДІ ӨЗІМІЗ КЕМІТПЕЙІК

Биылғы қараша айының екісі күнгі «Орталық Қазақстан» газетінде жарияланған «Жанашырлар қайда екен?» деп аталатын алдағы жылға баспасөзге жазылудың қал-жайын баяндайтын қысқаша хабарламаны оқығаннан кейін өз пікірімді білдіруді журналистік, азаматтық борышым санап, қандас бауырларыммен ой бөліскім келді.

Баспасөзге жазылудың қиыншылықтарын «Ел аман, жұрт тыныш» дейтін сонау кеңестік кезеңде де бастан кешкенбіз. Алайда, ол кезде қазіргі «Орталық Қазақстанға» жазылудың бір жылдық бағасы 5-6 сомнан аспайтын. Оқушы да, студент те жазыла беретін. Тек ана тіліне ниетін түзу болсын дейтінбіз.

Сонау алпысыншы жылдары газет тарату науқаны, кезінде кездескен бір оқиға әлі есімде. Осы Қарағандыдағы үлкен бір заводтың басшысы, ауылдық жерде туып-өскен, қазақ мектебінде оқыған бір азамат (марқұм болып кеткендіктен есімін атаудың реті жоқ) сол кездегі «Советтік Қарағандыға» жазылмаған екен. «Мұныңыз қалай?» дегенімде: «Мен қазақшаны нашар білемін. Орысша оқимын ғой», – деді былк етпестен. Мен не дерімді білмей, аң-таң қалдым. «Апырмау, мына сөзді басқаға айтсаңыз – сенер. Мен сіздің Ақтоғайдың мектебінде, қазақ тілінің қаймағы бұзылмаған жерде оқығаныңызды жақсы білемін ғой», – дедім. Сонда ол кісі: «Торт жыл соғыста жүргенде ұмытып қалдық қой», – деп мәймөңкеледі. Мен: «Ұмытқаныңыз ешқашанда есіңізге түспесін. Сіз сияқты ана тілін ұмытқандармен қазақ жыртығын жамамай-ақ қойсын», – деп күйіне сөйлеп, қоштаспастан шығып кеткен едім. Артынан сол жердегі почта бөлімшесі арқылы анықтағанымда бастықтың өзі де, басқарған ұжымның қазақ тіліне бүйрегі бұратындары түгел жазылған екен. «Ештен – кеш жақсы» деген осы да.

Ертеректе Ақтоғайда облыс орталығынан орта қолды басшы келіп, жиналыс өткені бар. Сонда жұрттын бәрі қазақша сөйлеп жатқанда бір жерлесіміз ортадағы жалғыз орыстың көңілі үшін бұтып-шатып орысша сөйлеген. Мінберден түсіп бара жатқан әлгіні бір ақсақал шақырып алды да: «Дап-дайын қазақша тұрғанда орысша сөйлеп не әкеңнің құны бар?» – деп санқ ете түскені. «Өлмегенге – кара жер» әлгі байғұс сүйретіліп, жұрттың ең артына барып отырды.

Міне, өзін-өзі сыйламағандық деп осыны айтады. Ал қазір біраз ағайындарымыз (көбіне басшы қызметтегілер) әуелі екі ауыз қазақшалайды да, қалғанын орысша судырата жөнеледі. Жарайды, мұны да кешірейік. Арамызда орыстар отырған шығар, солар түсінсін деген болар. Құдайым-ау, біз өзіміз өз

тілімізді қадірлемесек, басқа ұлт адамдары біздің тілімізді не қылады?! Өзіміз алдыға түсіп, жортақтап жүргенде олар мемлекеттік тілді қалай үйренеді?

Тілімізді, ұлтымызды менсінбей жерімізді саудаға салуды армандайтын арамзаларға ашу-ызаң келеді. Еріксіз (кейбіреулердің жерден жеті қоян тапқандай алға тарта беретін «сұлтшыл-радикалдықтан» емес) жаның күйгендіктен ана тіліңді тірідей жоқтағандай боласың.

*Қасиетті тілім менің,  
Жарық берген күнім менің.  
Туған ел деп толғағанда,  
Таусылмайтын жырым менің,  
Туған жерді қорғағанда,  
Ұран салған үнім менің.*

*Шалдыққанда әл беретін,  
Өміріме сән беретін,  
Дұшпанымнан жасыратын,  
Достарыма ашылатын,  
Иманымдай сырым менің,  
Жүзімдегі нұрым менің.*

*Шаттығымда шашу болған,  
Аптығымда басу болған.  
Салтанатты сәнім менің,  
Шырқап салған әнім менің.  
Тамырымда қаным менің,  
Кеудемдегі жаным менің,*

*Ата-баба өсиетін,  
Бойдағы асыл қасиетін,  
Сақтап қалар дәрім менің,  
Тіршілігім – барым менің.  
Түпсіз терең тұңғиықта,  
Қарманатын талым менің.*

*Қасиетімді саудалайтын,  
Құлық-сұмдық талғамайтын.*



*Қансыз-нәрсіз найсаптарға,  
Қазақсынған кәззаптарға,  
Қайнап қаным, күйіп жаным,  
Ішімде өлді көп арманым...*

Аталған мақалада: «Құрметті ағайындар! Өздеріңіздің жанашырларыңыз болып келе жатқан газеттеріңіз «Орталық Қазақстанды» биыл да алдыруды ұмытпаңыздар... Міне, алдымызда мәлімет жатыр. Екі ай уақыт өтсе де жазылған газет саны 2 мыңға толмапты. Сондықтан да дер кезінде жазылып қалуларыңызды сұраймыз» деп қиылады автор. Біле-білген адамға бұл бүкіл газет ана тіліндегі газеттер ұжымының жүрек жарды сөзі, өтініші емес пе? Осы тілек, өтініш арқылы өз тәуелсіздігін жетім баладай мөлтендетіп отырған ұлтымыздың айтары емес пе?

Күні кеше баспасөз сататын балаған алдында бір қазақ жігітін көрдім. Жиырма теңге тұратын «Аргументы и факты», 30 теңге тұратын «Двое», 10 теңге тұратын «Индустриальная Караганда» газеттерін сатып алды да, қайқайып шыға келді. Қазақ басылымдарына көзін салса бұйырмасын. Осыны көргенде «Қазағым-ау, кімге өкпелейсің?», «Өзіңнен-өзің безетіндей басыңа не күн туды?» деп айғай салғың келеді. Ана тіліндегі газет-журналдарға «ит көрген ешкі көзденіп» караса не ойлайсың. Апыр-ай, біз неге осынша соры арылмаған халық болдық? Тәуелсіздікке саяси жағынан қолымыз жетті емес пе? (Экономикалық қиыншылықтар әлі-ақ ұмыт болар). Азаматтық барша қакымызды (құқы деуге тілім бармады) Ата заңымыз бекітіп берді ғой. Енді неге жалтақтай береміз? Әлде «күшігінде таланған» соң басымызды көтере алмай қалғанымыз ба? Қазақ өлеңінде айтылатын «Кей жаманның қолына алтын түссе, қадірін кетіреді мыстан жаман» деген біздің басымызға келді ме? Неге өз қадірімізді өзіміз кетіреміз? Білген адамға баспасөз тәуелсіздіктің өзі емес пе? Баспасөз үніміз ғой! Үніміз шықпай мылқау болып қалсақ, біздің даусымызды кім естиді? Автордың «Өздеріңіздің жанашырларыңыз» деп отырғаны сол ғой. Ендеше сол жанашырымызға біздің жанымыз неге ашымайды? Осыдан кейін қалайша жан даусымыз шықпайды, бауырлар?!

*Қайран халқым, тарылмайтын,  
Дос пен қасты айырмайтын.  
Қойнына тас тыққандарды,  
Өңің бояп бұққандарды.  
Кешіретін, өсіретін,  
Олар содан есіретін...*

*Пенде етіп, ана тілін,  
Перде етіп, ата түрін.  
Өтпек болды өткелдерден,  
Айырмақшы тіл мен жерден.  
Бақ пен таққа ұлтын сатқан,  
Мазақ болды құдай атқан!*

*Қара көзді, қара шашты,  
Аруақ атты, қара басты,  
Басқа тілдер бауырындай.  
Қазақ тілі – аяқ асты.  
Өз ұлтына қас боп жүріп,  
Ағызады «қанды» жасты.*

*Намыс қайда, ей бауырлар,  
Ойым он сан, бой ауырлар.  
Тілің кетсе, дінің кетер,  
Дінің кетсе, ділің кетер,  
Үш асылдан айырылсаң,  
Түбіңе дәл сол күн жетер, – демеске лажым жоқ.*

Бұл сөз бүгін ғана айтылып жүрген сөз емес. Анау замандағы жырауларды айтпағанда, күні кеше бүкіл еліміз әлемге мақтаныш етіп, төбемізге көтерген ұлы Абайымыз «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп төгіле зарлаған, Міржақып асылымыз «Оян, қазақ!» деп егіле шерленген. Бүгін де аз айтылып жатқан жоқ. Тек тыңдар құлақ, ойлар ми болса! Өзіміз сөз етіп отырған «Орталық Қазақстанның» бетінен де нелер жауһар мақаланы, өлең-жырды оқып жүрміз ғой. Олай болса, ағайын, өз газетімізді өгейсітпейік!

Қазақстанда жүрген 8 миллион, шетелдегі 3 миллионға таяу қазақ ана тіліндегі баспасөздің бір-бір түрін алса, бізді ешбір дұшпан кемітпейді. Біз ешкімнен кем емеспіз, тек өзімізді өзіміз кемітпейік!

Осы бір жүрек жарды сөзімізді түйіндей айтсам – тіліңді сүйсең, ұлтыңды сүйсең, бостандық, тәуелсіздікті қорғасаң, ұрпағым басқалардың аузына қарап, жаутаңкөз болмасын десең – ана тіліндегі газет-журналдарға, оның ішінде өз облысымызда өрттен қалған жалғыз түп талдай болып отырған «Орталық Қазақстанға» жазылайық, бауырлар!

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, мұндайда облыс, аудан, кәсіпорын, мекеме, шаруашылық басшылары, кәсіпкер мырзалар қол ұшын берсе, бастаған ісіміз жемісті аяқталар еді.

Илайым солай болса екен!

*1995 жыл.*

### **ҚАЗАҚ ЖАЛҚАУ ЕМЕС...** **(Халықаралық «Заман–Қазақстан»** **газетінің сұрағына жауап)**

**1. Ұлттың жақсы қасиеттері қандай? Нашар қасиеттері ше? Мемлекеттік билік буындары бұларды қалай ескеруде? Үкіметтің басқару жұмыстары ұлтымыздың қай сипаттағы қасиеттерін дамытуға ықпал етуде?**

**2. Жекелеген адамдар бойындағы қасиеттер (адалдық, шыншылдық, арамдық, жалтақтық, жағымпаздық, пәреқорлық, сыбайлас, тамыр-таныс, туыстық, т.т.) елдік істерге қандай әсерін тигізуде?**

**3. Қазақ мемлекетінде қазақ мүддесі қалай қорғалып келеді? Қазақтарды еңбек ету салаларына тарту бұрып қалай жүрді? Қазір ше? Маңызды кәсіпорындарда қазақтардан маман жұмысшылар болмауы үкімет қызметінің кемшілігі емес пе? Шет елдіктер басқаруға алған жүйелердегі қазақ жағдайы қандай?**

**4. Дәстүрлі кәсіпте кім қалай істеу керек? Бұған үкімет қандай қамқорлық қорсетуде? Қазіргі қазақ: «Мемлекет –**

біз өзіміз» – дегенді айта ала ма? Әлде ондай ұғым көнерген ұрандар қатарында қалды ма?

*Үстіміздегі жылғы көкектің 25-індегі нөмірімізде (№17 (190)) «Ұлттың психикалық бітімі және біз» деген тақырыппен сауалдар беріп, пікірлесуге шақырған едік. Артыниша оқырмандардан хат келе бастады. Төмендегі мақала пікірлесудің беташары.*

1. Ұлт дегеніміз – емтихан тапсырып отырған шәкірт емес, біліміне қарай бағалай салатын. Көптің ішінде жақсы да, жаман да, ақылды да, ақымақ та, қайырымды да, қатыгез де, иманды да, зұлым да, кішіпейіл де, кекірт те, жомарт та, сараң да, тағы басқалар кездесе береді.

Ұлтымыздың жақсы қасиеті дегенде ең алдымен тілімізге оралары – көпшілдігі. Осыдан келіп қазақ – жаратылысында ешкімді жатырқамайтын, құшағы ашық, дастарханы ортақ, төрі қонағына бұйырған халық деген қорытынды жасауға болатын сияқты.

Қызыл империяның тұсында қазақ жерінен кім пана таппады? Атын атап, санап жатпай-ақ қояйын. Солардың біреуінің маңдайынан шерткен қазақ сирек шығар. Сол кең пейілі, дархан жүрегі үшін болар неміс те, чешен де, қарашай да, т.б. бізден кетерінде жылап қоштасатынын кім білмейді.

1990 жылы Егіндібұлақ ауданынан келген Шоколад Шошаева деген оқушы теледидар арқылы айтқан әнінде:

*Қонақжай қазақ ел едік,  
Келгеннің бәрін қарсы алдық.  
Ауыздан жырып бердік те,*

*Өзіміз тұрдық тамсанып,* – деген еді. Осы бір жап-жас қыздың жүрегін жарып шыққан шындық сөзге дау айтатын адам табыла қоймас.

Ертеде бір дана адам сапарлас жас жолдасына «Отырған орныңнан сырғып, келгендерге орын бере берме» деген екен. Серігі ол ақылды алмай, сырғи-сырғи ақыры есік көзінен шығып қалыпты. Кейде ойыма келеді, біздің қазақ та сондай ма – деп. Қазекен туған жерін елім дейді, өзгелер келген жерін төрім

дейді. Төрге шығып алған соң «Балаларым осында туған, анау жерде атамның, мына жерде әкемнің моласы жатыр» деп дау соға бастайды. Солтүстік, Шығыс өңірлерімізде кейбіреулердің сепаратизмді аңсап, өңешін жыртып жүргені – бір жағы патша өкіметінің қысымынан, көк мылтықтың күшінен болса, екінші жағы – қазақтың тірі пендеге көз алартпайтын кеңпейілдігінен болса керек.

Жамбыл атамыз «Калинин Қазақстанға келе жатыр» дегенде, «Неге келеді екен?» депті. «Бізге жер береді екен» деп түсіндіріпті. Сонда Жәкең: «Әй, ол қызыңды ұрайынның арқалап келе жатқан жері бар ма екен?» депті күйініп. Сол айтқандай-ақ ешкімнің арқалап келген жері жоқ еді ғой.

Соғыс кезінде біз мектепте оқып жүрген бала едік. Жер аударылған немістерге, оның ішінде балаларына тісімізді қайрап жүрдік алғашқыда. Неміс болған соң жау дегеніміз ғой. Бір күні бір баланы төмпештеп тастадық. Сонда менің әкем, мектеп директоры Жабас Кеңесбаев: «Сендер неткен ақымақсындар. Бұларды сонау Германиядан келді деп жүрсіндер ме? Бұлар Петр Бірінші, Екатерина патшалардың тұсында Ресейге келіп сіңген өзіміздің немістер. Ешқайсысына соқтығушы болмаңдар!» – деп бізді ұялтқан еді. Содан бастап біз аш-жалаңаш неміс балаларына үйіміздің соғым етінен ұрлап апарып беретін болдық.

Қазақтың көпшілдігін, кеңпейіл, дархандығын дәлелдейтін мысалды ондап, жүздеп келтіруге болар еді. Осымен тоқтатайын. Айтайын дегенім, біздің ұлттың осындай жақсы қасиетін, имандылығын сыртқы елдің бәрі бірдей түсіне бермейтінін аңғармаймыз-ау. Түсінбегендіктен төрінде тайраңдағысы келеді. Әрі-беріден соң әлгі қасиеттеріңді қорқақтығың, жалтақтығың, жалпақбайлығың деп түсінсе қайтесің? «Сыйды сықтама» дейді атам қазақ. Бірақ соны өзі орындай бермейді. Үйіне келген адамды кенірдегінен келтіре тойдырып, тіпті «атасының асына» суарып, тәлтіректетіп шығармаса көңілі көншімейтінін қайтерсің.

Нарық кіргелі «Өтпелі кезең» деп ат қойғанымыз «өкпелі кезеңге» айналып барады. Қазақтың, әсіресе, ауылдағы қазақтардың өкпесі қара қазандай. Жер берілді. Мал берілді.

Енді неге өкпелейді? Бұл жерде үкіметіміз бір нәрсені ескермей, елемей отыр. Патша өкіметі қазақтың ең шұрайлы жерін тартып алып, қара шекпендерге иелендірген. Кеңес өкіметі оны өзгерткен жоқ. Қазақ шөлді, шөлейт жерлерге көшірілген. Өйтеуір техниканың, жанар-жағар майдың күшімен мал бағып келген еді. Енді не болды? Техника тозған. Жанар-жағар майдың құны удай. Қолға тиген мал сатылды, өлді. Базарлы жерден 200-500 шақырым жерде тұратын әр сайда қалған қазақтар несін саудаға салады. Коммерсант, бизнесмен атанғандар тауары үшін әкесінің құнын сұрайды. Амалсыз алады... Мектеп, клуб, кітапхана жабылып жатыр. Жұмыссыздық жайлап алды. Еңбекақы, зейнетақы көрмегелі қашан? Жастар сендей соғылысуда. Қалаға ағылуда. Мұнда оларды құшақ жайып қарсы алып тұрған «нағашылары» жоқ. Өртүрлі ортаға түседі. Аш, жалаңаш. Қылмысқа ұрынады. Ақыры темір тордың арғы жағынан бір-ақ шығады. Таяуда Қарағандыдағы №16 түрменің бір шенеунігімен сөйлескен едім. «Бізде отырғандардың 70-80 проценті қазақтар, көкөрім жастар», – деді. Үкіметіміз ұлтымыздың қай сипаттағы қасиеттерін дамытуға ықпал етуде деген сұраққа енді жауапты өздеріңіз іздеп көріңіздер... Біреудің көзінің ағы мен қарасына балаған алтын асықтай баласының қылмыскер болып шыға келуі опонай екен! Ал, анау темір тордан адам болып қайта ма, аң болып қайта ма? Құдай білсін. Менің ойымша, соңғысына көбірек ұқсап қайтар. Өйткені, онда отырғандардың ішінде «ұрыны ұрлайтын қарақшылар» аз емес. Жаман әдет – жұкқыш. Аздырады, азғындатады, тоздырады.

2. Жекелеген адамдар туралы саралап айту қиын болар. Әркім өз әлінше еңбек етеді, үлгі-өнегеге көрсетеді. Жалтақтық, жағымпаздық деген пәле өріс алып бара жатқан сияқты.

Сөз кәдірі кеткендей. Айтылған сөздің құны азайғандай. Сөз кәдірі кетсе – адамның өз кәдірі кететінін ескере бермейміз-ау.

Қазір ата-баба рухын қастерлеп, аруағына бас иіп, ас беру көбейді. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деп, аруаққа бағышталған асты өздерінің бас иетін, сүйеніш ететін немесе бұрын қарыздар болғандарының құлқынына құятын параға

айналдырып бара жатқан жоқ па осы, деген ой келеді. Неге десеніз, халықтың аруақ сыйлап берген малына, ақшасына әлдекімдерге (енбегі сіңсе бір сәрі ғой) ат мінгізіп, шапан жауып жатқандарды жарамсақтар, жағымпаздар демеске лажың жоқ! Бұл да бір ұлтымыздың буынына түскен жегі құрт!

3. Қазақ мемлекетінде қазақтардың мүддесі қалай қорғалып келеді деген сұраққа жауап жоғарыда біраз айтылғандай болды.

Сонда да... Бізде, біздің Ата Заңымызда «Қазақ мемлекеттігі» деген аса салмақты, құнды, мазмұнды тіркес бар. Бірақ іс жүзінде басқаша, «Қазақстан халықтарының мемлекеттігі» дегенге ұқсайды. Кейін қалай боларына көз жетпейді. Әзірге осылай. «Мемлекеттік тіл» деп жарияланған қазақ тілінде сөйлеу ешкімге міндетті болмаса, қажеті болмаса, мектептерде, жоғары оқу орындарында оқытылғанмен емтихан алынбаса, біліміне баға қойылмаса, қазақ тіліндегі зордың күшімен ашылған балабақшалар, мектептер енді жабылып жатса, мектеп, институт, университет бітірген, оны айтасыз-ау ғылым кандидаттары жұмыс таба алмай (шет елдіктер, орыстар, т.б. оларды орналастыруға ынталы еместігіне күмәнданбай-ақ қойыңыз) сандалып жүрсе, базар жағалап кара кайыс болып күн кешсе, үкімет, әкімшілік (акимат деп дабырайтамыз) көзін жұмып отырса – қайдағы қазақ мемлекеттігі айтып жүргеніміз? Кеңес кезінде тым болмаса «Ұлттық кадрлар даярлайық» деуші еді. Сағынып отырмасам да айтайын, «Мына жерде обязательно ұлттық кадр отыруы керек» деп шегелеп те қоятын. Енді ше? Енді «Өз күніңді өзің көр». Міне, бүгінгі ұран осы. Күніңді көре алмасаң – өзің кінәлісің. «Екі қолыңды бос қойдық», жұмысты өзің тап. Жалын, жалбарын, қайда айдаса жүре беретін құлы бол, шыдасаң осы, шыдамасаң – жүре бер. Шыдар еді-ау. Жұмыс қайда? Жаппай жабылып жатқан кәсіпорындар... Бизнеспен айналысайын десе – ақша жоқ. «Кедейдің күні кіжінумен өтеді» дейтін мақал дәл бүгінге арналып айтылғандай.

Бір кезде ФЗО (фабрика-завод оқуы) деген болушы еді. Неге сондайларды ашпасқа? Мемлекет өзі кадрлар (ұлттық кадрлар) даярласын. Оқытуға кеткен қаражатты ертен жалақысынан ұстай отырсын.

Түбінде өзінің ұлттық кадрына сүйенбеген мемлекеттің табаны тайғақ. «Өзгенің түбі – шикі». Өзіндікі өзекке тепсең де кетпейді, сатпайды, сатылмайды. Шет елдіктер бізді жарылқау үшін, бауыры елжіреп келіп жүрген жоқ, көкейін тескен – пайда. Пайдасыз жерге байлап қойсан да тұрмайды олар. Электр энергиясының құнын шыркатып өсіріп жатқанына күенің қажеті бола қояр ма екен?

4. Дәстүрлі кәсіп дегеніміз мал шаруашылығы ғой. Малыңыз жылдан жылға пұштиып бара жатқанын айтудай-ақ айтудамыз. Оған үкіметтің камкорлығы жоқ. Енді болса – көрерміз. Әзір ауыл азып-тозуда. Осы жағдайды қыста бір баспасөз мәслихатында «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы Ахат Жақсыбай айтып салғанда, Нүрекен: «Қане – айтшы сол жерді, мен ертең комиссия жіберейін» дегенде Ахат үндей алмай қалды. «Үндемеген үйдей пәледен құтылады» дегенді ойлады-ау. Өттеген-ай, «комиссияңызды өзім бастап алып барайын» десе қайтетіп еді деп, теледидар алдында отырып бармағымызды тістедік. Елбасын, үкімет басшыларын әлгіндей қалтылдап отырған жерге қай әкім апарады? Онда өзі жұмыссыз қалатынын білмей ме, шындықты көрсетіп, өле алмай жүрген ақымағыңыз жоқ бүгінде. Басшылар жылдан жылға қуланып, «өмірге бейімделіп, ширап» келе жатқанын неге жасырайық. Міне, сондықтан да жоғары лауазымды адамдар елдің, әсіресе, алыс ауылдардағы халықтың жағдайын жете біліп отырғанына күмәндіміз.

Айта берсек сөз көп. Қараспанды жаудырып, сол үшін біреуден бірдеме дәметіп отырғанымыз да жоқ. Шындықты айту қиын. Ал, оны дәлелдеу одан жүз есе қиын. Әйтеуір баспасөз бетін көрсе, ел оқыр, е... бізді де ескеретіндер бар екен-ау дер. Бірақ осыны жоғарыда отырғандар оқымайды ғой деген ой мазалай береді...

*1997 жыл.*



## **VII. СЫН ТҮЗЕЛМЕЙ – МІН ТҮЗЕЛМЕЙДІ**

---

### **ҰРЫНЫҢ БӨРКІ ЖАНБАЙТЫН БОЛЫПТЫ СЫҚАҚ ӘНГІМЕ**

**«Өтірікті үш қайталап айтсаң, шындыққа айналады».  
(Бүгінгі күннің мақалы).**

– Тұрыңыздар! Сот келеді!

Енгезердей еркектің күркіреген даусынан мәжіліс залында иыктасып, бұйығып отырғандар ұйқысынан шошып оянғандай төрт аяғынан, ғафу етіңіздер, екі аяғынан тік тұрды. Шыбынның ызыңы естілетіндей өлі тыныштық. Сот ағасы майланған ауыр денесін ыргала қозғап, ыңырана сөз бастады.

– Айтып сөз жеткісіз, ардақты әлеумет! Бүгінгі сот мәжілісінде қаралатын сыңар ғана мәселе – өмірден ұлып өткір ұрлық туралы. Оның ішінде қазірде біреудің сөзін, екеудің ойын шаруа қожалығының қойын ұрлағандай тарпа бас сап қымқырып, түлен түртін, ажал айдап, шашау шыққанын сумақай қолмен сып еткізіп сыпырып кету қақында болмақ. Соңғы уақытта осы бір атың өшкір сұғанақтық деген пәле шіліңгір шілдеде қауға түскен өрттей лапылдап, бой бермей өршіп бара жатқанын қанша жасырғанымызбен жалғанның жарығына шықпай қоймайтын дауасыз дерт болды. Әу пісмілла үй тонау, «жылжи-жылжи жымығыңызға» дегендей, тапа-тал түсте дүкен тонау, ақша мен алтынның қоймасы – банкі тонау. Қолы қанданып кісі өлтіру, әйел зорлау (ұят та болса айтайын, баз-базда әнгіленіп еркек зорлау), мал ұрлау, көлік ұрлау, адам ұрлау (чешендерге еліктеп), қыз ұрлау (онтүстіктегі ағайындарға қарап солықтап)... Айта берсеніз, түбі жоқ тұңғыық, жан шошырлық құбыжық сұмдықтар жарықтан қашқан тарақандай тырағайлап өріп бара жатыр. Сондай социализм... тойыс, социализмнен капитализмге өтер жолда егіздейтін, сегіздейтін қан жауғыр қылмыстарды біз де адымын аштырмай

кұрықтап ұстап, шыралдатып желкелеп, жерге тығып, тақымына қыл бұрау салып, қаққанда қанын, сокқанда жанын шығарып, сағыз ғып шайнап жатырмыз. Бұдан былай да, иншалла, ата-баба, тұқымын, зәузатын тұздай құртқанша көз ілмей, бел шешпей, ауқат ішпей, аттан түспей, тырқыратып қуып, інге кірсе сирағынан, көрге кірсе кәлласынан ұстап, суырып аламыз. (Сәл тыныстап, солығын басып, тамағын кырнап, жөткірініп, алты кәріске бөліп берсе аздық етпейтіндей алақандай ала көзінің аясына іліккен – құлақтары қалқайып, ауыздары аңқайып, мүлгіп отырғандардың бет-жүзін бір-бір тінтіп шықты). Ал, енді бүгінгі қақпанға түскен ұрымыз көзі күлімдеген, басқан ізі білінбеген, ақырындап алға шыққан, айла-амалын ішке тыққан, мансап қуып өрге ұмтылған, ар, ұят, иман деген қасиетті ұғымдар мүлде ұмытылған, сол жарамсақтық пен арамсақтықты қос аттап мініп жүрген, қиын да қисық, бұралаң жолда, несін жасырайық, әркімдердің әдеби, ғылыми еңбектерін есебін тауып қымқырған, жүйесін тауып жымқырған, төбесіне қарасаң – бөрікті, бетіне қарасаң – көрікті-ақ жігіт. Амал қанша, болар іс болды, бояуы сінді. Дән жеп дәнігіп жүріп құнығып еді, ақыры қақпанға түсті. Дегенмен, осындай атак қуып, шатаққа ұрынған дардай жігітті «үкімет» көптің алдына көлденең тартып, көзге шұқып қорсете қоюдың өзі. былайша айтқанда, нелеу ... сопақтау, томпақтау болғандықтан (демократиялық, әділетті қоғам құрып жатқан ел азаматының атына лайықсыз ғой) онсыз да сатпақталып қалған бетіне пәрәнжі жауып, әлгі бір телехабардағы «Жұмбақ кейіпкер» кейіпінде алып шығуды жөн көрдік, – деп сот ағасы арқасынан алты батпан жүк түскендей, еңтігін басып, алдындағы тостаған толы суды қылық еткізіп бір жұтып, кеуде кере тыныстады. Осы кезде төс қаптасындағы ұялы телефоны емшек сұраған баладай дызақтап қоя бермесі бар ма, шалт қимылымен суырып алып, қалақайдай қалқиған құлағына жапсыра салды.

– Әлө, әлө! Ә ... Ә... Сіз екенсіз ғой, Байеке! Үй іші, бала-шағаңыз дін аман ба? Жеңгейдің дені-қарны сау ма? Иә, иә, ағасы, есімде ғой. Сіз тапсырған соң неге ұмытайын? Сіз – сүйеу, біз – күйеу. Иә, иә, тастай қатырамыз ғой, тастай. Басқаларға үлгі болсын! Шөп-шаламды әлдескендай етпін, шошандап,

жұрттың алтын уақытын ала берудің өзі, жұмсартып айтқанда, просто приступление екенін дурактар түсінсін! Сөз ұрлағанды, ой ұрлағанды қой ұрлағандай көріп... Сөздің құны түсіп, ақшаның құны аспанға ұшып тұрған мына заманда ондай-ондайдан ешкімнің бірдеңесі бүлініп, әлденесі жұлынып қалған жоқ қой. Талайлар ... әрісі пайғамбардан, берісі Абайдан да ұрлаған... Ну что же...

Осылай деп мәртебелі сот ағасы кеңірдектерін созып, көздері жаудырап, арты не болар екен деп әрі-сәрі отырған жамиғатқа майы шығып, жылтыраған бетін бұрды.

– Мырзалар мен мырзаларға жүз пайыз ырзалар – сүйріктей сүп-сүйкімді бикештер! Сауыры жұп-жұмыр, бөксесі бөп-бөлек, жұтып жіберсең өңештен жылп етіп өтіп кететін ханымдар! Азаматтар мен азаматтарды ерттеп мініп, көзге көрінбей-ақ көңілдерін үндемей тындырып жүрген аяулы аяштар мен айымдар! Бүгінгі сот мәжілісінде мына бір жас баланың еңбегіндей былқылдаған арызды қарамақпыз. Опыр Топыров деген азамат Бықи Тыкиев есімді адамның үстінен арыз айтады. Қысқаша үзіндісі мынадай:

– «Құдай бермеген талантты, өлермендікпен өзгеден барымталаған Бықи Тыкиев бұдан көп бұрын, тіпті сонау кеңес заманында көз майымды тауысып, талай жыл күлмек тұрсын, езу тартпай мұражай қоймаларында күндіз-түні тапжылмай отырып, шаң басқан құжаттарды аударып-төңкеріп, қағып-сілкіп, ақтарып (осы сөзіме дәлел – сол шаңнан бүйрегіме тас байланған), жазған ғылыми еңбектерімді үптеп – ойын опырып ойып алып, сөзін боршалап сөгіп алып, тұтас тарауларын, маскара ұят-ай, аузын ұрып аңкитып, мұрын бұзып санкитып көшіріп алып, өзінің қырық құрақ, шата-шатпырақ, балдыр-батпақ қойыртпақтарының арасына колтықтап апарып, жымын білдірмей сылап-сипап сыналап қосып жіберіпті. Ел аман, жұрт тынышта Қап тауы мен Ирактағы содырлардың кепілдікке алған тұтқындарындай қапас күй кешкен қайран перзенттерім мені сағынып, көңілі бұзылып, жылағанда тумай туа шөккір ұры «жиенімнің» қоныс жайын көл дария көз жасы басып кеткетінін көргендер осы сөзімді түбірімен растайды». (Бір тостаған суды сіміріп салып, біраз тыныстайды). Бұдан әрі бұл арызды

тәптіштеп оқып, кымбат уақыттарыңызды алмай-ақ қояйын. Қалай дейсіздер? Егер мал ұрланса, жетектеп әкеліп, көздеріңізге көрсетер едім. Амал бар ма, сөзі бар болғыр, қолға ұстайтын бұйым емес, осының өзін ұрлық деуге өзім де күмәнданып, тап басып, табан тіреп айта алмай қиналып тұрмын,—деп занымыздың абыройын алты қырдан асыратын ұлығымыз бұлталақ сөзінің құйрығын бұлаңдатып, қас пен көздің арасында құс тұмауы тигендей мінгірлеп аяқтады.

Сөз айыптаушыға тиді.

— Судья мырзаның мына сарт мезіретіне қарағанда, сөз дегеннің аумағы да, салмағы да, беті де, беделі де жоқ, белгісіз де берекесіз бірдене екен. Тоқ етеріп айтқанда, көп сөз – көбік. Көп сөздің құны – көк тиын. Біреудің ойына, біреудің сөзіне ашынасындай асылып жүрін, ақыры бір жола иеленіп, түк көрмегендей сіңіріп кетсе, соның нәтижесінде ғылыми еңбек қорғап, дардай ғалым атанып, жастарға судыратып дәріс оқыса, сол «еңбегіне» мың-мыңдап жалақы алып, арам ақшаның арқасында мәртебелі қызметтердің орынтағына шалжиып отырып алса, құрметті судья мырзаның ойынша, моральға да, ар-ұятқа да сыя береді ғой шамасы! Мұның аты – қып-қызыл қылмысқа «жоғары шығыңыз!» деп қылымсып жол беру емес пе?! Осындай былық-шылықты көрген мына халық кімнің бетіне түкіреді енді?! Былай қарағанда сөз дегеніміз, рас, қарын тойғызатын ауқат та, тарту-таралғы болар сәлем-сауқат та емес. Судья мырзаға салсақ, сөз ұрлағанның ешбір сөкеттігі де, таңғалатын бөтендігі де жоқ екен. Ұрлыққа – жол ашық! Жоқ, мырзалар! Мәйгитети, әлдекімнің өті жарылса да турасын айтайын, бұлай ойлау – шындық отына сідік шаптырған жезөкшелік! Түсінген адамға сөздің бас жармаса да жүрек жаруға қаптал күші жететін күдіреті бар. Ол жарылса ұрыны да, ұрының артынан сүйеп, мұртын жалаушыны да жапырып, жайпап кетеді. Олай болса, сөз дегеніміз – бомба! Сондықтан, сөз ұрлағандарға төпей тымақ киген көпей ұрылар емес, ұрының өзін нетіп ... жіберетін баукеспе қарақшы деп қарау керек. Оларды Тәуке ханның тұсындағыдай, мойнына құрым киіз іліп, арсыз бетін тіліп, қара сиырға теріс қаратып мінгізіп, ел аралатып жүргізу керек. Менің айтарым да, ұсынысым да осы!

Атбекет (адвокат) сөз алады.

—Мәртебелі сот ағасы, тон жағасы! «Көрмегенге – көсеу таң» деген бар. Өздеріңіз бұрын мұндай оқиғамен әмпей-жәмпей, дастарқандас, дәмдес болмаған соң аяқ астында шашылып, табанға басылып жататын сөздің өзін қымбат дүние көріп, әлде бір әйдік қылмыс етіп, жалауын желбіретіп отырғандарыңызға таңғалмасқа лажым болмай тұр. Мен сіздерге мынадай бір дәлел келтіріп айтайын...

Алғашқылардың бірі болып сөз ұрлаған өзіміз жетпіс жыл табынған – Ленин көсем. Иә, иә, қателесіп айтып тұрған жоқпын. Шыны сол! Өздеріңіз тақыр бас Лекеннің қалың-қалың томдарын аударып-төңкеріп, ішек-қарнын ақтарып қарап көріңіздерші. Тең жартысы қаба сақал Маркстен ұрланған ұзақ-ұзақ сөйлемдер мен сementал бұқаның мүйізіндеі арбиған абзацтар. Лекен оларды есебін тауып қымқырғанда Мәкен о дүниеге аттанып кеткен. (Аллауакпар!) Әйтпесе, ол да жұлқынып шығып, сотқа сүйреп, бас қатырар ма еді, қайтер еді? Ал, енді қырманда жүргенде жыртық етігінің жұлығынан құйылған 100 грамм бидай үшін аш-арық бейбақты «халық жауы» атандырып, шырылдатып, итжеккенге жаяу айдаған қаһарлы қаһан – Сталин патшаның томдарын қараңыздар. Оныңыз Мәкенге қосып, Энекенді, осы екеуіне қосақтап Лекенді тырдай жалаңаштап тонап алған. Басқаларды қармап, жымқырғаны, қымқырғаны аз емес. Одан біз не зиян көрдік? Тек әлгі бір Еуропаны кезіп жүрген (қол айнаның сәулесіндеі секектеген) коммунизм елесін қанша қусақ та ұстай алмай ала өкпе болып, сіндіріміз созылып, ыңыршағымыз шыққаны болмаса...

Менің бір естігенім: біреудің ақ-адал еңбегін ұрлаған пақырың мұражайларға кіріп алып, қағаз кемірген кәдімгі қаптесерге айналып кетеді екен. Осы сөз рас болса, анау жүзі күйіп, бетін көрсете алмай отырған «Жұмбақ кейіпкеріміз» бұл дүниедегі тартар жазасын әлденеше еселеп тартқан сияқты. Ол аз болса, о дүниеде көрешегін көре жатар. Енді осымен сөзді доғарайық, бұдан былай мұндай кеселден құлан-таза оңалайық!

Естуімізше, шенді-шекпенді шенеуніктер қатысқан, мәңсіз де дәмсіз сот мәжілісі осылайша мәмілесіз итмәләкумен аяқталыпты. Одан бері де талай сулар ағып, талай таңдар атып,

талай күндер батыпты. Бірақ жоғарыдан да, төменнен де тырп еткен дыбыс, сырт еткен сыбыс естілмейді. Жұрттың бәрі меніреу мен саңырауға, мылқау мен мақауға айналғандай. Ал әлгі Бейімбеттің «ел күйеуіндей» сүйкеншек ұрымыз бұрынғыша қылшығы қисаймай, мәртебелі қызметтің тізгінін ұстап ұрты томпайып, беті жалпайып жүріп жатқан көрінеді.

Кімнің аузына кім қақпақ қойғандай. Осы оқиғадан хабардар ел айтады: Апырай, мұндай да тексіздік, мұндай да бетсіздік болады екен-ау. Ең алдымен ұрыны емес, ұрыны күлшелі баладай әлпештеп отырғандарды жөнге салу керек екен ғой. Қашанда «құйын ішінде жын жүреді». Құйынды құртпай жыңды ұстай алмайсың. Сонда ғана ұрының ініпе су құйылады, ұрлықтың да тамыры қиылады. Осы пікірімді естіген кейбіреулер: шыныңызды айтыңызшы, осы сөзіңізге өзіңіз сенесіз бе?— деуі кәдік қой. Оларға айтарым: мынау адамды да, оның арын да, сонымен қоса бәрін де ақша, байлық, тежеусіз билік билеген заманда шырылдап шындық іздеген ақкөңіл, ақжүрек ағайын! Өзімнің де ойым ойран, миым айран. Ертеде бір күйеу алмай сүрленіп қалған әжі қыз айтыпты-мыс: «Ұзатылатын болды деп біріннен бірін сүйінші сұрасып жатырсыңдар ғой. Ал мен сол күйеу қойныма кіргенше сенбеймін!» Соның сөзінде шындық бар сияқты.

Ел сасып, ерге қараған, ер жасып, жерге қараған, аталы сөз адыра қалып, алдамшы сөз абырой алған қым-қуыт, шым-шуыт, аласапыран кезең келгендей. Халқымыз «май сасыса, тұз салар, тұз сасыса не салар?» деуші еді. Неге нені салардан адасып, аңырып отырған жай бар. Көңіл – алаң, жүрек – күпті...

О заманда бұ заман кімнің пікірәсі, кимасы, сүйіктісі болса да өлген адамды жер қойнына беруші еді. Бұл күнде күлімсі ісі аймаққа жайылса да үйде сақтай беретін жаңа рәсім шыққан ба?! Жок, бұл адамнан да, құдайдан да қорықпайтындардың, қызметті де, атакты да, абыройды да паралап сатып алатындардың арсыздардың қылмысты қылығы, моральдық былығы мен шылығы! Құран Кәрімде «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деуші еді. Мынадай ұятсыздықтан қорқа бастадық. Аулақ! Аулақ! Өзімен кетсін пәлекет!

*2005 жыл.*

## ҚАРАП ОТЫРҒАНША, КҮЛЕ ОТЫРАЙЫҚ (Мақанның әзілдері)

### Перілер кетіп, серілер қалды

Бір сапарда шалқып-тасып жүрген жігіттер көзге түсетін көрікті жерлерді өздерінің аттарымен атап, «мәңгілік» ескерткіш қалдырмақ болады. Басқа биіктерден мойны озық тұрған бір қақпа жартасты Т-ның атымен атайды. Тау биігінен құлдыраңдап ағып жатқан қасқа бұлақты да, көркіне көз оймайтын әсем бір алаңды да Т-ның үлесіне береді. Осындай ағыл-тегіл «жомарттыққа» дән риза болған Т. «пай-пай, өңкей бір серілер жиналған екенбіз», – деп мәз боп жүреді.

Т. он екі күннен кейін «Ақкөл» демалыс орнына кетіп, одан Қарағандыда кездескенде әлгі серіктестерінен:

– Мен кеткен соң жұрт не деді? – деп сұрайды ғой. Сонда Мақаң:

– Бөтен ештеңе айта қойған жоқ. Тек «перілер кетті, серілер қалды» дегені болмаса... – деген екен.

### Будан машина

Жетпісінші жылдары телевизия және радио комитетінде техника, оның ішінде көліктер тозып кетіпті. Сондай көліктің бірін мініп бір топ телеқызметкер Нұра ауданының Маржанкөл кеңшарына барады. Мақсат – сол жерде телекөрермендермен сұхбаттасу, пікір алысу. Жолай автобустың радиаторы қызып, суы сақылдап қайнап кетеді де жүріс өнбейді. Су орнына қарды жентектеп тығып, күн кешкіре жетеді-ау, әйтеуір. Машинаның буы бұрқырап, тамаша бір көрініс жасайды. Көргендер «мынадай да машина болады екен-ау?!» деп таңдай қағысыпты. Сонда Мақаң:

– Мұның танданатын ештеңесі жоқ. Бұл жаңа марка – будан машина, паровоз бен кәдімгі автомобильдің будандастырылған гибриді. Буы мен күші паровоздай, май мен су ішуі кәдімгі машинадай, – депті.

## **Асқазанымыз ауырса, кімді боқтаймыз?**

Тоқсаныншы жылдардың басы. Мамыр айының сегізінші жұлдызында Қарағанды телевизиясының бір топ қызметкерлері журналист Тілеухан Жүсіпов, режиссер Айтуған Салықов бар, сол кездегі «Восток» кеңшары басшыларының шақыруымен сонда барады. Мұның алдында Мақаң мен Тілеухан осы кеңшар еңбеккерлері өмірінен телевизиялық киносценарий жазған екен. Енді Жеңіс мерекесімен орайластыра өткізілетін Наурыз тойынан көріністер түсіруді жоспарлап келген. Шақыруын шақырғанмен, кеңшардың кеудесі аяққаптай директоры бұларды жылы қабақпен қарсы ала қоймайды.

Сол күні түлкі фермасынан ауру білініп, бірер түлкі өліп, қонақтарды қабылдауды партия ұйымының хатшысы мен кәсіподақ комитетінің төрағасына сырғытып, өзі «қайғы үстінде» телефонмен әлде біреуді «сәбәкілеп» отырып алады. Кеңшар басшылары қонақтарды асханаға әкеліп, күйген котлетпен сыйлайды. Осылайша, «сарт мезірет» аяқталған соң Мақаң Айтуғанға:

– Айтеке, ренжімесеніз, аспаздың аты-жөнін сұрап, біліп беріңізші, – деп тілек етеді.

– Оны қайтесіз?! – дейді Айтекең аң-таң қалып.

Сонда Мақаң:

– Айтеке-ау, мен ол аспазға құда түсейін деп тұрғам жоқ. Мына күйік котлеттен кешке асқазаныңыз ауратыны сөзсіз. Жаныңыз киналғанда аспазды боқтамағанда өз буына өзі пісіп жүрген директорды боқтаймыз ба? Әлде айтқанды екі етпей елпілдеп ұшып жүрген мына жігіттерді боқтаймыз ба? – депті.

Әзілдің астарын түсінген екі жігіт ұялғаннан үйлеріне жүгіріпті.

## **«Ақымақ бас ағармайды»**

Мақанның бір құрдасы:

– Осы сендерге не болған, барлығыңның бастарың тұз түйген келсаптың басындай аппақ. Қарашы, мына менің басымда бір тал ақ шаш жоқ, – деп мақтаныпты. Сонда Мақаң:



– Әй, Жартыбай, мақтанатын қасиетті тапқан екенсің. Осы сен қазақша білесің бе? – депті: – Білгенде қандай! Сені оқытуға жараймын, – деп анау да беріспейді.

– Жақсы, оған қуаныштымын. Ал мақал-мәтел білесің бе? – дейді Мақан тақымдап.

– Мақал-мәтелді үйрететін кісіні тапқан екенсің! – деп анау тағы да қыңыраяды.

– Онда сен білгіш болсаң айта қойшы. «Ақымақ бас ағармайды» деген қай халықтың мақалы?

– Әй, ондай мақал жоқ. Өзін ойдан шығарып тұрсың! – дейді құрдасы қызарақтап.

– Бұрын жоқ болса, енді бар. Осындай ақылды сөзді ұғып ал! – депті Мақан.

### **Жаңа бастықтарың келді ме?**

Бірде Мақан Алматыдан қонаққа келген жолдастарын шығарып салуға аэропортқа келеді. Сол күні ауа райы бұзылып, ұшақтың ұшу мерзімі екі сағатқа шегеріледі. Қыстың күні. Ауыз жылыта тұрайық деп «Старт» мейрамханасына кіреді. Келушілердің көптігінен бе, әлде өздерінің әдеттері ме, даяшылар бұларға көңіл аударма қоймайды. Күте-күте сабыры сарқылған Мақан бір даяшыны ымдап шақырып алып, құпия бір жайды кеңескендей құлағына сыбырлайды.

– Сендердің жаңа бастықтарың жұмысқа кірісті ме?

– Қайдағы жаңа бастық?! – дейді даяшы шошып кеткендей.

– Сендерге Нақан деген су жаңа бастық келіп, бүгін жұмысқа кіріспек еді. Осындағы бір үлкен бастықтың туысы. Бізді сол үлкен бастық мына мейрамхананың жағдайы қандай екен, біліп келіңдер деп жұмсап еді. Жағдайларың жақсы болғанмен, мәдениеттерің төмен сияқты көрініп тұр бізге. Жарайды, біраз мағлұмат алған сияқтымыз. Осы да жетер, – деп жолдастарына кетейік дегендей иек қағады.

Осыдан кейін даяшы жік-жаппар болып, құрметті қонақтарын қабылдайтын бөлмесіне шақырыпты. Осы оқиғаны Мақан Нақан деген құрдасына айтқанда, ол да бір саппас екен: «Енді менің беделіммен күндерінді көре берсеңдерші», – депті.

## Жуылған өлең

Мақаңмен қатты қалжыңдасып жүретін Т. бір күні танертең телестудияның парк жақ сыртында кездесе кетеді. Әлгінің басындағы жалбыраған жаман бөрік сұрқын алып, жүдетіп тұрғанын ұнатпаған Мақаң:

– Әй, Көкібай, тәп-тәуір малақайыңды сандыққа тығып тастап, мына бір түлеген иттің тересінен тіккен сабалақ бөрікті қайдан тауып, киіп алғансың? – дейді.

Т. шынын айтады. Өткен түні бір жерден қызулау күйде қайтып келе жатса, бөрік алып қашқыш «жиендердің» бірі езулете бірді қондырып жіберіп, малақайын басынан жұлып алып, зыта жөнеледі. Ол қуып береді. Енді-енді жеттім-ау дегенде әлгі қу малақайды лақтырып жіберіп, сытылып кетеді. Бас киімі қолына тиетін болған соң Т-да ентелеп қумайды. Өмбы қардың қалың ортасына түскен малақайды көтеріп алып қараса ... өзінікі емес. Иіскеп көрсе ... бензин сасиды. Әлгі пәтшағардың тақыр мұзға отырғызып кеткенін сонда бір-ақ біледі.

Мақаң телестудияға келе сала екі шумақ өлең жазып, Т-ға телефон соғады.

*Атақты көкемылжың бас қатырған,  
Басында малақайы ондатрдан  
Басынан сол немесін жұлып алып,  
Бір тентек езуіне «дәм» татырған.*

*Сол, шіркін, ала қашып малақайын,  
Аңқитып алдап кеткен ағатайын.  
Мүсіркеп жалбағайын лақтырған,  
Көкібай жуғаннан соң «топатайын».*

– Әй, әй, – депті құрдасы, – сен мұны ешкімге айтпа. Өлең сенікі болсын, қаламақысы менікі болсын. Жұмыс аяғында кездесейік, жууын маған тапсыр, ақшасын кассаға сен тапсыр! Жарай ма?

– Жарайды! Пәлесің-ау, көрген талайды...

## Жарамсақ бұралқы ит сияқты

Газет редакциясында не түрлі мінезді адамдар бола береді. Солардың бірі жарамсақтығымен ерекше әйгіленген еді. Редактор жолға шықса, ол қарғылы тазыдай ізінен қалмайтын аткосшы – малай. Пальтосын киіпдіреді. Малақайын әпереді. Голошын дайындап, қолына ұстап тұрады. Оның осы мінезіне қонған үйінің иелері де ұялады екен. Күндердің бір күнінде жарамсақ бишараның өрескелдеу бір қылығы азулы басшының кәріне ұшырайды ғой. Сонда да бастықтың табанын жалаудан жалықпайды. Әлгінің осындай бір жүрек айнытар қылығын көріп жүріп, әбден түңілген Мақаң:

– Мынау Ә. бұралқы ит сияқты. Басекең камшылап-камшылап жіберсе, үй айнала қаңсылап-қаңсылап қайтып келеді, – деген екен.

## Көп жылдық қызанақ

Саяжайшылардың бір-бірінен әрнені сұрап, тәжірибе алмаса жүруі – әдетке айналып кеткен шаруа. «Пікір таласынан шындық туады» дегендей, соның өзінен едәуір мағлұмат алуға болады. Десек те түртіншектеп сұрай берудің өзі кейде жалықтырып жіберетіні бар. Бірде саяжаймен жаңада айналысып жүргендердің бірі Мақаңның ананы-мынаны сұрағыштап, мазасын ала берсе керек.

– Сіздер помидорды (қызанақты) отырғыздыңыздар ма? – депті мамырдың аяқ кезінде. (Көбіне маусымның онынан кейін отырғызатынын білмесе керек).

– Жок, біз жыл сайын отырғызатын ақымақпыз ба? Біздікі көп жылдық қой, – депті Мақаң жайымен ғана. Аузын ашып, таңданып қалған анау:

– Көп жылдығы қалай? – дейді.

– Көп жылдығы солай! Алма ағашы сияқты отырғызамыз. 2-3 жылда төгіліп жеміс береді. Содан жыл сайын өнімін жинап аламыз да, тымпиып отыра береміз...

– Ой, Алла-ай, мынау рахат қой! Бізге де сол көпжылдығыңыздың тұқымын беріңізші, ағатай! – деп жалыныпты жас саяжайшы.

## **Біз гептильмен ұшықтаймыз**

Мақаңның саяжайдағы көршісі жасы ұлғайса да Володя деген атпен жүретін әзілқой, ақжарқын кісі екен. Бірде Володя қырыққабаттың (капустаның) үстіне сыпырғышпен әлденені сеуіп тұрады.

– Мұның не? – деп сұраса, – Бәйбішем кір жуып еді, соның суымен капустамды «ұшықтап» жатырмын. Капустаға күрт түсірмеудің бірден-бір амалы осы, – депті.

– Е... – депті Мақаң, – бұл қымбатқа түсетін әдіс. Біз Қарқаралыға жауып жатқан гептильмен ұшықтаймыз. Әрі арзан, әрі пайдалы...

– Әркім қолында барымен... Артылса дептильмен маған да қарайласарсың, – депті Володя өзінің бұл «әдістен» хабарсыз екенін сездіргісі келмей.

## **Үйдің бораны**

Көрші үйдегі ақсақал боран күні де есік алдына шығып отыра береді екен. Оның себебі: ақсақалдың кемпірі шалының құлағына маза бермейтін бейапар, көкдолы болыпты. Бірде көршілер жиналып қалғанда «осы ақсақалдың боран күні далада отыратыны қалай?» – деп сұрасыпты. Сонда Мақаң:

– Сендер білмейсіңдер. Даланың боранынан үйдің бораны күшті болғанда ең абзалы есік алдына шығып отырған, – депті.

## **Ең қиын тіл – қазақ тілі**

– Ең қиын тіл – қай тіл? – деп сұрапты біреулер Мақаңнан.

– Қазақ тілі! – депті ол нықтап.

– Дәлел...

– Айтайын, соғыс кезінде Гитлер генералдарына тездетіп қазақ тілін үйрету жөнінде жасырын бұйрық беріпті. Немісше, орысша айтылса, басқалар түсініп, құпия ашылып қалады екен. Ең дұрысы – қазақ тілі. Бұл тілдің қиындығына дәлел: басқалар түгіл, қазақтардың өздері де осы тілді меңгере алмай жүргені баршаға аян. Содан бір күні атақты генерал Кейтель жер текпілеп келін, Гитлердің алдына қакшиып тұра қалады:

–Ассаламағалейкум, Адеке! Насыбай шакшаңыздан дәмөтіп келіп тұрған Бәленбай Түгенбайұлы! –депті барынша қазақыланып.

– Өңкей қайыршылар! Насыбайға да жарымайсыңдар. Мұның темекісі емес, оған қосатын күлі қат. Ал отқа жағып күлін алатын қылша деген шөп Қазақстанда ғана өседі. Оған жету қасірет болып тұрған жоқ па? – депті Адекен шекесі тырысып...

Осыны айтып Мақаң немістердің құпияны сақтау үшін қазақ тілін бекер таңдамағанын, қазақ тілінің қиындығынан ағылшын, француз, неміс тілдерінің жілігін шекілдеуікше шағатын қазақтардың өздері «мен былмейдыдан» әрі аса алмай жүргеніне алуан-алуан мысалдар келтіріп, тәптіштеп түсіндіріпті.

### **Кұрдастың тілегіне орай**

Жақында машина сатып алған құрдасының тілегіне орай Мақаң мәтіні «а» әрпінен басталатын сөздерден құралған мынадай екі шумақ өлең шығарып, көрімдік орнына ұсыныпты.

*«Ақтастың аңқылдағы, амансың ба,  
Арып-ашып, ақыры алғансың ба?  
Алатаяқ алдыңнан аңдығанда,  
Арақты аузыңа алмас адамсыма!*

*Астыңда арғымағың арындасын,  
Арымасын, арқырап ағындасын.  
Ақтастан Ақтоғайға аттанғанда,  
Асылың, алтын айың айрылмасын!»*

### **Осыған да шүкір**

Бірде Мақаңның желкесіне бір бөрткен шыққан соң көйлектің жағасы қажап ушықпасын деп ақ дәкемен орап, байлатып алыпты. Соны аңғарып қалған қушыкеш жуан қарын бір жездесі: – Әлдебіреулер «жегенің желкеңнен шықсын!» деп қарғаған-ау, – депті көзі күлімдеп.

– Осыған өзiм шүкiр деп тұрмын. Мойынға шыққан бөрткен шартыған қарынға шықса, оны байлау үшін бес метр дәке кетпес пе едi?! – дептi Мақаң.

### **Ең қиыны – басты басқару**

– Облысты ма, әлде республиканы ма, қайсысын басқару қиын? – деп сұрапты біреу Мақаңнан.

– Екеуі де қиын емес, ең қиыны – өзіңнің басыңды басқару. Өз басын дұрыс басқарған адам бәрін де басқара алады. Дүниеде басқаруға көнбейтін де, дұрыс басқарса – қисықты түзетіп жөндейтін де, шешек шыққан бұжыр бетті тегістеп өңдейтін де, әділетсіздікке көнбейтін де, қылмысқа қарай бір қадам аяқ баспайтын да, қиыншылықта саспайтын да, байлықтың буына елтіп таспайтын да осы өзіңнің қарбыздай ғана домалақ басың, – деген екен Мақаң.

### **Алкашқа хат**

Келешегінен үміт күткен бір жігіт ішуге салынып жүріп, арақтың құрбаны болып кетеді. Айтқан сөз өтпейді. Ақылын арақ сорып алған адамға не дауа? Анадан безіп, қатын-бала қашып, көше кезіп кеткен міскінге Мақаң арнап хат жазып, есігіне іліп кетіпті.

*Ақ сүт берген анаңды  
Ұмыта бастадың ба?  
Алтын асықтай балаңды  
Араққа айырбастадың ба?  
Арсыздан татып арамды,  
Жар төсегінен қашқаның ба?  
Тұман торлап санаңды,  
Ақылдан адасқаның ба?  
Жанбай жатып сөнгенің бе?  
Тұмай жатып өлгенің бе?  
Толмай жатып төгілгенің бе?  
Бордай тозып, үгілгенің бе?*

### Өзің кінәлісің

Мақаңмен араласып жүретін бір жәргелтай жігіт мұның шаққан екен. Оның құнан өгізді құйрығымен соғып құлатарлық «айғыр» қатыны күйеуінің суық жүрісін сезіп қойып, бастығына барып, шағым жасай беріпті. Шөп басы қимылдаса еркек кінәлі болатын кеңестік заманда шоқпардың басы жігітке жиі тиіп, пұшайман болады ғой.

– Өзің кінәлісің! – дейді, бір адам қорған болса, осы кісі болар деп сеніп келген Мақаң.

– Мен не жазыппын? – дейді жігіт танданып.

– Әйеліңнің сыртыңнан арызданып жүретінін біле тұра, үйде жайдан-жай қалдырып кетерсің бе?

– Сонда мен не істеуім керек еді?

– Сен соны да білмейсің бе? Өзің қайта айналып келгенше орнынан тұра алмайтындай қылып, мықтап неге кетпейсің! Осыған да ақылың жетпеді ме, ә?! – дейді Мақаң жан алатын әзірейілдей төніп.

– Ойбой, – Мақа-ау, ондай арыстан қатынды тұрғызбай тастаймын деп жүргенде өзім тұра алмай қаламын ғой, – депті бейшара жігіт мұңайып.

### Ақыл азайса, қызмет өседі

– Қартайғапта адамның ақылы азаяды, – депті біреу білгішсінін.

– Онда тұрған не бар?! Ақыл азайғанмен қызмет өсе береді, – депті Мақаң.

– Оған қандай дәлеліңіз бар?

– Дәлел жетіп артылады. Көптеген президенттерді алып қарашы. Мәселен, Ельцин, Шеварнадзе, Әлиев, т.б. Осындайлар қартайса да тақтан тайғысы келмейді. Оларға мемлекеттік Заң – пішту. Әлде мұндай Алла тағаланың ерекше жаратқан «асылдарына» ерекше заң шығарып, Пәруардигердің өзіне қол қойғызу керек пе екен?

## **Менің өз есебім бар**

Мақаң зейнетке шыққалы жиырма жылдан асыпты. Бірде бұрын өзінің қол астында істеген бір журналист кездесіп, Мақана:

– Сізді көптен көрмейтін болдық. Бізді ұмытып кеттіңіз бе? – депті кимас көңілмен.

– Ой, айналайын, ниетіңе, адал көңіліңе көптен-көп рахмет. Бірақ жұрттың бәрі өзіңдей емес қой. Солардың ендігі жерде тыржигандарын көрмей, бұрынғы ыржигандарын еске сақтап, көз алдыма елестетіп жүре берсем деп едім. Бұл мәселеде менің өз есебім бар. Кейін түсінесің оны, – деген екен Мақаң.

## **Екі мыңыншы жылмен жүздескенде**

– Екі мыңыншы жылды біз Астанада қалай қарсы алғанымызды байқадыңыз ба? – депті бір танысы Мақаңа.

– Байқадым. «Милениум патимен» қарсы алғандарыңды телевизордан көріп, рухымыздың төмендеп, намысымыздың шөмеңдеп қалғанына куә болдым. Өңкей Ресей мен шет елдердің сайқалдары тақымдары жалтылдап сахнамызды жаулап алды. Өз өнерпаздарымыз көрінбеді ғой...

– Неге? Біздің Бекболат Тілеухан бауырымыз «Елім менің» әнін айтты емес пе?

– О, Құдайға шүкір, Бекболатпен бірге «Менің елім» тұрды. Сырттан қолқалап шақырылған Ресейдің кемпірі мен шет елдердің талай-талай жалаңбұттарын таразыға салса, «Менің еліммен» аруақтанған жалғыз Бекболаттың бәрін басып кеткенін іштей сезіп, осыған да шүкіршілік еттім! – депті Мақаң.

## **Бақыт қайда тұрақтайды**

Мақаңнан біреулер сұрапты:

– Бақыт дегеніміз не және ол қайда тұрақтайды?

– Бақыт дегеніміз сол – таңертең жұмысқа баруды, ал кешке үйге – отбасына қайтуды аңсап тұрсаң, бақытты сол екі жерден табасың. Бақыт өз үйің, өлең төсегінде және үйренген ортаң, қуанышыңа да, ренішіңе де ортақтасар – ұжымыңда.



Баска бақыт осы екеуінің нөкері болып, еріп жүреді, – деген екен Мақан.

### **Ұят болады**

Жұртшылыққа белгілі азамат, Ішкі істер қызметінің полковнигі Сатан (Сатыпалды) Қарашолақов бір күні қолына таяқ ұстап, ақсай басып келе жатқанда Мақан жолығады. Мақан: Жездеке, бұл қалай? – дейді таяғын нұсқап.

– Мына бір аяғым ауырған соң ұстап жүргенім ғой, – дейді Сакен майдалап.

– Бұл сізге жараспайды, Саке. Сіз сияқты басы алтын адамның басы ауыруы керек. Сіз аяғым ауырады десеніз, ұят болады! – депті Мақан.

### **Келін іздеп жүрмесе...**

Мақанның бір жерлес інісі қызыңқырап алып, «ағамыздың соңынан еріп жүрміз ғой», – деп қайталап айта беріпті.

– Е, оның дұрыс. «Ағасы бардың – жағасы бар, інісі бардың – тынысы бар» деген. Ағалы-інілі болып, сыйласып жүргеннен артық дүниеде не қызық бар. Тек менің қасымнан ұзаған соң жоғалып кетіп, артыңнан келін розыск жариялатып жүрмесе болды да, – депті Мақан.

Сөйтсе, әлгі жігіт «ағамызбен бірге болдық» деп, көбіне жоғалып кете береді екен.

### **Өзін де тоздың ғой**

Мақанның елінен қыз алған бір жігіт жас кезінде «пайғамбар да күйеуін сыйлаған» деп, ащы судан дәмете беріпті. Жасы ұлғайып, зейнетке шықса да сол «еркелігін» қоймай, оның үстіне бүгінде жұбайын өзі билеп-төстейтінін қайта-қайта айтып қоймаса керек. «Қарындасыңыз қартайды, тіпті, қызғануды да қойды» деп, оны өзінің артықшылығындай мақтан етеді. Сонда Мақан:

– Өзін де тоздың ғой, қызғанатын да ештеңең қалмаған шығар, – депті. Дәсерсіп тұрған «күйеу бала»: – Қайнаға, қатырдың! – деп жеңілгенін мойындапты.

### **Ар жағындағы он бес метріне шыға алмап едім...**

Мақаң өзінің сонау ерте кездегі шәкірті, қазіргі Қарағанды медицина академиясының доценті Әуезхан Омархановтың 70 жылдығына арнап очерк жазып, «ол Қызыларай тауының биік шыңы – Ақсоранның (биіктігі теңіз бетінен 1550 метр) түбінде туған» деп, кейіпкерін «Тау баласы тауға қарап өседі» деп мақалдап биіктетеді ғой. Соны оқыған бір жиені «нағашы, 15 метрін кем айтыпсыз» деп дауласады. «Қазақ Совет энциклопедиясында» солай жазылған десе, оған тоқтамапты.

Сонда Мақаң:

– Шіркін, жастыққа дауа жоқ қой, мен ар жағындағы он бес метріне шығуға ерініп, қайтып кетіп едім, сен шыққан екенсің ғой, – депті.

### **Менің бұқа жөніндегі білімім төмен**

Бір күлегештеу келіншек «бұқаның өзі қартайса да, мұрны қартаймайды» деп диванда отырған Мақана сүйкене жантая кетіпті. Соны естіп тұрған бір журналист Мақаң жеңілді деп түсініп, «апырай, мына келіншекке қарсы айтар уәжі болмады-ау» деп қиналыпты. Еркектік намыс қой оны қинаған! Сонда Мақан: «Менің бұқа жөніндегі білімім бұл келіншектің білімінен төмен, сонаң соң таласа алмадым», – деген екен.

### **«Қара бұқа» деген жігіт**

Көрінгенмен ұстасып жүретін бір алақұйын жігіт бірде Мақана да қыр көрсетіп қалыпты. Содан былай амандасуды қойып, анадайдан бұрылып, теріс айналып кететін болыпты. Бір күні Мақаң әлгіге өзі келіп, қол беріп амандасып:

– Мұсылманның реніші үш күннен аспауы керек. Ертеде бір мүйізі түскенше сүзісетін Қара бұқа деген жігіт бөлыпты, – деп бір әңгімені бастай бергенде әлгі жігіт ұялғанынан:

– Ол мен ғой, – деген екен. Өз кінәсін түсінген жігіттің қолын қысып, Мақаң ризалығын білдіріпті.

### Моллакеңе хат

«Акылсызға намаз үйретсең, маңдайын жарады» дегендей, жұрт көзіне әсіре діншіл (рия) болып, тыраштанып жүретін бір құрдасының кітап етіп шығаруға әзірлеген боқташақтарын оқып шығып, аузына бұрыш салғандай тұншығып қалған Мақаң оған майдалап мынадай хат жазыпты:

*« Сәке!*

*Серілікпен сексенге жеткенше,  
Көп мағлұмат жинапсың.  
Компартия дүниеден өткенше,  
Мадақтап сөзді шыңдапсың.*

*Райкомда жүрдің уралап,  
Уағыздап партия уставын.  
Жүрегің таза, көңілің ақ,  
Адалдық жолын ұстадың.*

*Енді, міне, Құранды,  
Қиралаған молласың.  
Әр ісіңді кең Алла  
Әрқашанда қолдасын!*

*Үйреніпсің жазуды  
Қаламға ерік беріпсің.  
Әттеген-ай, сызуды,  
Сәл ұмытып кетіпсің.*

*Суын сығып тасташы,  
Мына жазған томыңның,  
Бісімлла деп басташы,  
Бағдарын нақтап жолыңның.*

*Хат жазған — молла болмаса да,*

*Алла деп жүретін құрдасың»,-* деп қол қойып,

бармағын басыпты.

### Торнадо кемпірмен текетірес

Аялдамаға қабағынан қар жауып, кірпігіне мұз қатып арындап жеткен Торнадо-кемпір ашуын автоматтай атып-атып жіберді. Қызып кеткен моторы көпке дейін дүрсілдеп, жиналған жұртты әбден ығыр етті. Енді бірде:

– Ауылдың қайыршы қазақтары-ақ тыныштық бермеді, – деп лақ еткізгенде шыдай алмаған Мақаң:

– Аурусыз ба?! – деп сұрақты төтесінен қояды.

– Көтек! Менің ауруымда сенің не шаруаң бар?!

– Тәуіпін. Емдеймін.

– Әдірә қал! Өле алмай жүріп мұның дәрігер бола қалуын.

Ал, емдей қойшы, емдегішім, көрейін өнеріңді! – дейді көк дауыл кемпір.

– Бәйбіше. ақылға келіңіз. Менің үшкіруім – 300 ауруға ем. Үш күнде жындарыңыз шақшадай басыңыздан безіп кетеді, айдаланы кезіп кетеді. Жүйкеңіз жібек арқандай, көңіліңіз көпіріп шампандай болады, – дейді Мақаң майдалап.

– Ойбай! Аулақ! Осы қағынған шалдарды Құдай алмайды екен! – деп көк-дауыл – Торнадо кемпір жүрегін басып, судан шыққан балықтай аузын ашып, екі бүктеліп құлап түсіпті.

*2011 жыл.*

## VIII. ЖАҚСЫ ЛЕБІЗ – ЖАН АЗЫҒЫ

---

**БАБАЛАР, АТАЛАР, ӘКЕЛЕР**  
**(2000 жылы 18 тамызда әкем Жабас Халиоллаұлы**  
**Кеңесбаевтың 100 жылдығында оқылған**  
**өлең-толғаудан үзінді)**

*Көріп едім атамды бала шақта,  
Жаралғандай жан еді парасатқа.  
Қимасы да көп еді, сырласы да,  
Беруге де бар еді, алашаққа.*

*Атын түсіп ұсынған достарына,  
Иілмейтін емендей қастарына.  
Сөздерінде тұнатын жұмбақ сырлар,  
Түсінбейтін көп адам астарына.*

*Өлеңдерін Абайдың жатқа айтатын,  
Терең ойы дананың марқайтатын.  
Ахметтің «Масасын» құлағым,  
Сыбырлайтын құрметтеп ақын атын.*

*Тәуба десе - жүрекке иман толар,  
Шүкір десе - басына бақыт қонар.  
Бес уақыт намазын қаза қылмай,  
Ғазиз басын Алланың құлы санар.*

*Ит жүгіртіп, құс салған, сауық құрған,  
Пейілінде гүлдейтін тауфих, иман.  
Жаны жылап тұратын ғаріптерге,  
Ақ жолына шындықтың болып құрбан.*

*Менің әкем атамның жалғыз ұлы,  
Халқының көзін ашу - ойы, мұңы.*

«Ұстаздардың ұстазы» деп атанған,  
Туған елге арналған арман, жыры.

Ұстаздық пен ақындық таразыға,  
Түскенінде айтылған мақтау, сын да.  
Өлең-жырмен әсемдеп кесте салып,  
Шырақ жаққан ақылмен санамызға.

«Таспен атса - аспен ат» деген мақал,  
Серік болып өмірде жүрген қатар.  
Содан да ма, қасы аз, достары көп,  
Болушы еді бірлесіп шеккен сапар.

Оқушыдан ұстазды өзі жасап,  
Ағартушы атымен құрған жасақ.  
Тамыршыдай кеселді тап басатын,  
Кер жалқауды қайырған болған қаишақ.

Білімнен іздеп тапқан бес қаруды,  
Аламан айтыстарда топ жаруды.  
Қаламы мен қағазы - жан серігі,  
Сүйетін домбыра алып, ән салуды.

Баланы да ойлы деп дос көретін,  
Нәрлі сөзді алтындай ескеретін,  
«Сабыр түбі - сары алтын» еске ұста,  
«Ақылдан ой артық» деп дес беретін.

Мінезінде болмайтын тәкаппарлық,  
Сүймейтін беруді де бұйрық, жарлық.  
Еліне тартып туған Азаматы,  
Сондықтан да қадірлі жанға барлық.

Өзі көпті сыйлайтын, сыйлататын,  
Босбелбеді ақылмен ширататын.  
Шешенсініп, білгішсіп, өзеуремей,  
Ақырын айтып, әр сөзін тыңдататын.

«Ең алдымен Адам бол!» - талабы еді.  
Мың сан жолдан тек соны қалап еді.  
«Елім!» деген ет жүрек тоқтағанша,  
Өзін көптің ұлына санап еді.

Міне, бүгін ел - ана ардақтады,  
Дұға етті қол жайып, арнап бәрі.  
Алланың шапағаты сәулеленіп,  
Жәннаттан сая тапсын шыбын жаны

Пенденің тіршілікте мұраты көп,  
Мініп кет пәк көңілді жыр аты деп.  
Перзентін ардақтаған асыл елім,  
Нұр жаусын баршаңызға, Рахмет!

\* \* \*

Сол әкеден мен тудым, бейғам өстім,  
Қалғамын жоқ соңында ұлы көштің.  
Жақсылардан үлгі алып, еліктедім,  
Жеткенінше шамасы ақыл-естің.

Бір көргенде жоқ маған жаман адам,  
Сүйеу болдым әлсізге келсе шамам.  
Екі айтуды ар көрдім, қаламадым,  
Жақтырмадым жылпосты тайғақтаған.

Қиқаң, сипаң болмадым, бұлаң құйрық,  
Жүрегімнің қалауы – маған бұйрық.  
Бас кессе де бұлтармай шындықты айттым,  
Көп қоштаса болар деп –үлкен сыйлық.

Көп дегенім, амал не, тобыр екен,  
Бүгін сені жақтайды, ертең – бөтен.  
Сөзде тұрар ерлері аз, ездері кеп,  
Армандары – билікке қайтсем жетем.

*Құласам да, сүрініп, жығылсам да,  
Мейлі қандай қатерге ұрынсам да,  
Айнымадым адалдық ақжолынан,  
Шүкір! - дедім үмітке жылыным да.*

*Міне, иманым, бұл сөзім мақтан емес,  
Мақтан сүйген кісі емес, ол бір елес.  
Адам болам десеңіз, ей, ағайын,  
Ұятыңмен, арыңмен күнде кеңес.*

### «ЖҮРЕГІМ ӘР КЕЗ АҚТОҒАЙ ДЕП СОҒАДЫ»

Актоғай ауданының тарихы өткен ғасырдың басынан бергі уақытта аймағымыздың біртұтас ел болып қалыптасуына, әлауқаты артуына, әлеуметтік-экономикалық дамуына бойындағы күш-қайратын, білімін жұмсап, маңдай терін төгіп еңбегін сіңірген, өмірі өнеге азаматтардың тағдырымен тығыз байланысты. Кеңес заманында да, еліміз тәуелсіздік алған кезеңнен бері де халқының ыстық ықыласына бөленіп, Отан алдындағы ерен еңбегі үшін жоғары марапаттарға қол жеткізген, есімдері ауданымыздың тарихына алтын әріптермен жазылып қалған адамдар жеткілікті.

Осы қатардан біз Ақтоғай топырағынан жаралып, қасиетті Тоқырауын суынан нәр алған, еліміздің, облысымыз бен ауданымыздың мәдениеті, өнері, білімі мен ғылымы, денсаулық сақтау саласы дамуына зор үлесін қосқан азаматтарды көреміз. Олар біздің өткен заманғы, бүгінгі таңдағы, келер күнгі мақтанышымыз болып қала береді. Сондай жандардың бірі – ауданымыздың құрдасы, бүгінде Қарағанды қаласында тұратын қадірменді қаламгер Масғұт Жабасұлы Халиоллин ақсақал.

Жалпы, Масғұт Жабасұлы шыққан әулет шежіресі ел шежіресімен. Ақтоғайдың тарихымен бір ғасырдан астам уақыт сабақтасып жатыр. Махаңның арғы атасы Кеңесбай өз заманында ауқатты адам болған. Арабша оқыған, діндар жан екен, шағын мешіт ұстапты, ел сөзіне сенсек. Үлкен әкесі



Халиолла да ескіше сауат ашқан. Абайдың өлеңдерін жатқа айтады екен. «Алаш» қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейханов Мемлекеттік думаға депутат болып сайланарда «үй иесі» деген куәлік – аса маңызды құжат талап етілген. Сонда ел ішінен куә болып, қол қойған үш адамның бірі – Тоқырауын болысындағы №7 ауылдың старшыны Кеңесбайұлы Халиолла екені жай әңгіме емес, тарихи дерек. Осы құжатты белгілі қоғам қайраткері Қабылсаят Әбішев Ресей мұрағатынан тауып, Махана өз қолымен табыстаған. Онда куәлік 1906 жылдың 1 мамырында жасалғаны көрсетілген.

Өз әкесі Жабас Қарқаралыдағы педагогика техникумын бітірген. «Ұстаздардың ұстазы», «Ақын ұстаз» атанған ұлағатты жан. Елінің елеулісі, халқының қалаулысы болған Жабекен бар саналы ғұмырын бала оқытып, ұрпақ тәрбиелеуге арнады. Ақтоғай өңіріндегі алғашқы ұстаздың бірі, суырып салма ақындығы мен сазгерлігі бар ерекше дарын иесі. Біраз жыл ұстаздық қызметте, аудандық оқу бөліміне инспектор болып, соғыс жылдары аудан орталығындағы М.Горький атындағы орта мектептің директорлығына тағайындалады. Алғашқыда бастауыш, одан соң орталау білім ордасы заман талабымен орта мектеп дәрежесін алғанда мектептің тұңғыш директоры осы Жабас ақсақал екен. Ол 1945 жылы Ақтоғай өңірінде тұңғыш рет «Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген мұғалімі» атағын алған. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен марапатталған. Кеудесіне Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерін, бірнеше медальдар таққан. Жабекен еңбегінің бағасы – 2000 жылы ұрпақтары бас болып, аудан халқы 100 жылдық мерейтойын атап өтті. Ақтоғай аудандық мәслихаты мен ономастикалық комиссиясының ұсынысымен Қазақстан Республикасының Үкіметі 2000 жылдың 12 қазанындағы № 1576 қаулысымен Сарытерек ауылдық округіндегі орта мектепке Жабас Кеңесбаевтың атын берді. Ол кісінің ұстаздық жолын қыздары Бибіш пен Қалимаш, ортаншы ұлы Бауыржан жалғастырды.

Жабекеннің ақын-азамат ретінде сонында қалдырған мұраларын саралай қарап, ой елегінен өткізсеңіз, үлгі-өнегелік мәнге ие көп дүние табасыз. Ол өткен ғасырдың 40 жылдары

жыр дүлдүлі Кеншекене шәкірт-қолқанат бола жүріп, айтыс өнерінің жанаша (жазбаша) сипатпен дамыған мектебін қалыптастырды.

Қоғамда болып жатқан келеңсіздіктерді айтыстарына ғана арқау етпей, шағын фельетон, сын-сықақтарында аяусыз сынап, кем-кетікті тезге салып, халқына жанашырлық танытты.

Енді Масғұт Жабасұлының өзі жайлы айтар болсақ, ол 1929 жылы Шатырша тауының теріскейіндегі Тоқтықора деген жерде дүниеге келген. Ол кісінің бүкіл саналы өмірі Ақтоғаймен біте қайнасып жатыр. Махаң – аудан орталығындағы, қазір Әлихан Бөкейхан атын иеленген мектепті 1947 жылы тұңғыш бітіріп шыққан 8 оқушының бірі. 1950 жылы Қарағанды қаласындағы мұғалімдер институтын бітіріп, қазіргі Шабанбай би ауылдық округінде мұғалімдік қызмет атқарды. Бір жарым жылдан соң аудандық партия комитетіне нұсқаушылық қызметке шақырылған білімді, алғыр жас маман өз өтінішімен қызметтен босап, Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түседі. Одан бергі өмірі тек баспасөзбен және теледидармен байланысты. Еңбек жолын облыстық «Советтік Қарағанды» («Орталық Қазақстан») газетінен бастап, әдеби қызметкерден ректордың орынбасарлығына дейін көтеріледі. Қарағандыға алғаш көгілдір экран келген кезде облыстық партия комитетінің пәрменімен телерадио комитетінің бас редакторы қызметіне тағайындалады.

Зейнет демалысына шыққан соң, «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының облыстық ұйымын басқарады. Жалпы, азаматтық қоғам дүр сілкінген кезеңде дүниеге келген қозғалыстың жұмысын жандандыруға, ана тіліміздің мәртебесін көтеруге, салт-дәстүрімізді жаңғыртып, ұлттық рухымызды асқақтатуға, облыс колемінде қазақ мектептері мен балабақшалар көптеп ашылуына, әлі де тоңы жіби қоймаған бюрократиямен айқаса жүре, бар білімі мен күш-жігерін аямай жұмсады.

Бертінде, өзі ұзақ жылдар адал қызмет еткен баспасөз саласынан қол үзіп кетпей, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде журналист кадрлар даярлауға үлес қосып, «Алаш публицистикасы» курсы ашып, дәріс оқыды.

Махан – Жалаңтөс (Соқыр) батыр жөнінде көлемді еңбек жазған бірден-бір қаламгер. Республикалық, облыстық баспасөз беттерінде белгілі қоғам қайраткерлері мен көрнекті тұлғалар жайлы зерттеулері, очерктері мен деректі әңгімелері жарық көрген. Сонымен қатар, қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістерге, келелі мәселелерге қатысты кенінен ой толғап, қалам тартқан көркемсөз шебері. 2002 жылы «Парыз» атты, көркемсөздер, әңгімелер, фельетондар, өлеңдері мен мақал-мәтелдер жинағы баспадан шықты.

Масғұт аға туған топырағының жанды-жансыз әлемін бар болмысымен сақтап, Алла тағала жаратқан алғашқы бұла қалпында келер ұрпаққа аманаттап тапсыру жайлы жан тебіренерлік ой толғамдары мен жанайқайын үнемі жария етіп келеді. Сонау 90 жылдары Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қарағандыға келген бір жолғы сапарында сұхбат жасап, атом жарылысынан 40 жыл қасірет шеккен елді құтқаруды сұрағаны көз алдымызда.

Ол Әлихан Бөкейханов еңбектерін насихаттауға, Абай арманын іске асыруға көп көңіл бөліп келеді. Абай арманы демекші, былтырғы қыркүйек айының 6 жұлдызында «Орталық Қазақстан» бетінде «Абайтану ғылымына қосылған салмақты үлес» тақырыбымен филология ғылымдарының докторы, профессор, Алаш арыстарының жоқшысы Тұрсын Жұртбайдың абайтануға арналған «Сүйесің жүрек, күйесің» атты күрделі ғылыми еңбегіне пікір айтып, талдау жасау арқылы өзі де абайтануға зор үлес қосты. Осы мақаласының соңында Абайдың «Толық Адам!» ұстанымына төмендегідей анықтама береді.

«...Кәсіпте адал. Туралықта – әділ, басқаруда – белсенді, құмарлықта – есті, яғни құмарлыққа елікпейді. Әрекет еткенге – қамқоршы. Мүмин өзін күндегендерге зәбір көрсетпейтін және аманатқа қиянат етпейді, күндемейді, масқаралап даттамайды және тіл тигізіп күнәһар болмайды. Өзіне қарсы болса да расты мойындайды. Жалған ат таңып, мазақ етпейді. Намазда – момын. Зекетте – асығыс. Күйзелісте байсалды да байыпты. Молшылықта – шүкір етуші. Барға – қанағатшыл. Мүмин бөтеннің нәрсесінен дәмеспейді және дәрекіліктен аулақ болады. Мүмин осындай нәтижеге жетсе, Абай-дана сөзімен айтқанда

«Толық Адам!» аталады. Ұлы ақынның арманы осындай адам», – дейді қолынан қаламы түспеген гуманист аға.

Сондай-ақ, теңдессіз өнерпаз Әсет Найманбайұлының 140 жылдығын тойлау қарсаңында да суырыла шығып, көлемді зерттеу еңбегі – «Адамзаттың бұлбұлы» арқылы ұлы тұлғаның өмір-өнер жолының ақтаңдақ беттерін толықтырып, оның болмыс-бітімін лирикалық тебіреніспен толғап жеткізген осы Махаң еді.

Масғұт Жабасұлының есімі Қарағанды облысының 70 жылдығы қарсаңында шыққан облыс тарихы мен шежіресінің энциклопедиясына енді. Бүкілодақтық радио және телевизия мемлекеттік комитетінің, КСРО Журналистер одағының Құрмет грамотасымен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, бірнеше медальдармен марапатталған. Баспасөз саласындағы көп жылғы жемісті еңбегі тиісінше бағаланып, «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағымен қоса, Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері атанды.

«Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы» мәртебесі ел азаматтарына қоғамға сіңірген еңбегі, ауыл шаруашылығы саласында қол жеткізген жетістіктері, ғылым мен мәдениет, өнер, халыққа білім беру, денсаулық сақтау саласының қалыптасуына, дамуына сіңірген ерекше үлесі үшін беріледі десек, бүгінде осы атакқа бірден-бір лайық адам – жерлесіміз Масғұт Жабасұлы Халиоллин. Ал, атақ беру осы мәртебеге ұсынылған адамды қоғамның мойындауы, сипатталған еңбегіне құрмет көрсету, олардың даралығы мен дарындылығына бас ию десек, «Жүрегім Ақтоғай деп соғады» деуден талмайтын Махаңды бұдан артық қалай құрметтемекпіз? «Әділет таразысындай ізгі жанға», «Толқырауын тектісі» деп баға берген «Орталық Қазақстанның» сөзімен айтар болсақ: «Жинақтай айтқанда, осының бәрі ұлттың көкейкесті мүддесіне жұмсалған, ештеңемен өлшеп болмас қыруар еңбек. Егер «Ұлттық мүдде» деген жалпылама ұғымды ажыратып айтар болсақ, Махаң сияқты журналистің Еңбек Еріне теңелері дау туғызбас еді». Бұдан артық қандай баға керек?

Ой-пікіріміз бір арнаға тоғысып, көтеріліп отырған сұрақ бойынша оң шешім шығара алсақ, бұл – тек Махаңның жеке

басына көрсетілетін құрмет емес, ғасырдан астам ғұмырын аудан тағдырымен тығыз байланыстырған әулетке, Кеңесбай атамның аруағына, бар ғұмырын Алаш ұрпағының тәуелсіздігіне арнаған Әлекене шапағаты тиген Халиөлла Кеңесбайұлының, өнегелі өмірімен өскелең ұрпаққа «өсиет өлеңін» жазып кеткен Жабас Халиоллаұлының рухына көрсететін құрметіміз. Бұл – ауданымыздың тарихына бей-жай қарай алмайтын өскелең ұрпаққа көрсетер үлгі-өнегеміз.

**Амангелді ТУҒАНБАЙ,**

**зейнеткер ұстаз.**

**АҚТОҒАЙ ауданы.**

*«Орталық Қазақстан», 24 .01.2012 жыл.*

**Журналист Масғұт Халиолланың кейінгі жылдарғы  
негізгі мақалаларының  
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ**

**«Егемен Қазақстан» газеті**

Алаштың арыстарын тебіrentкен Қазы Нұрмұхамбетұлы кім? – 2003 ж. 28 мамыр.

**«Азия Транзит» журналы**

Азаттықтың алдаспаны: Махамбет Өтемісұлының туғанына - 200 жыл. - 2003 . - №8. - 10-13 б.

Ой сүзгі: өтгі дәурен осылай //Естеліктер. - 2005 . - №3. - 41-46 б ; №5. - 27-31 б ; №9. - 24-25 б.

**«ЗАМАН – ҚАЗАҚСТАН» газеті**

Қазақ жалқау емес // Сұрақтарға – жауап .-1997.-16 мамыр.

**«Замандас» апталығы**

Балалар ана тілінен нәр алсын дейтін ата-аналардың назарына // «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымы атынан.-1993.-16 шілде.

**«Орталық Қазақстан» газеті**

**1992**

Қазақ болғыңыз келе ме? //Дат, ағайын.-1992.—16 сәуір

**1993**

Намысымыз оянбай, тәуелсіздігіміз нығаймайды //қазақ тілінің тағдыры туралы қала әкімі Ш. Оразалинов мырзаға ашық хат.-1993.—19 қаңтар.

Ана тілінің абыройы өз перзенттерінің қолында// Қазақ тілінің тағдыры туралы .-1993.- 29 сәуір.

Ұлылыққа әркімнің бар таласы... Тек сөзімен емес, ісімен, талантымен, адамгершілігімен лайық болсын// ақын Серік Аксұңқарұлының шығармашылығы - 1993. - 6 шілде.

Тойдың сәні –ақ орда, ақбоз үйлер //Бұқар жыраудың 325 жылдығы қарсаңында.– 1993.-27 шілде.

Жалаңтөс (Соқыр) батыр.- 1993.-11 тамыз.

Ұлт намысын ту көтерер шағымыз//қазақ тілді баспасөзді жаздырып алуға шақыру.-1993.-30 қазан.

**1995**

Актоғайдың айтқыштары//Ел аузынан. 1995.-17,20 маусым.  
Батыр баба басындағы ой //Жалаңтөс батырдың тілек-  
батасы.-1995.- 17 қазан.

Өзімізді өзіміз кемітпейік //Баспасөз-96.-1995 .-14 қараша.

**1996**

Көңілде қалды бейнесі :Қаламдас туралы сыр//  
Журналист Ғалымбек Нәдіровті еске алу .-1996.-11 қаңтар.

Сөзі қалды артында айта жүрер...:тағдыр //кен инженері  
Сібір Кәрібеков туралы. -1996.-24 сәуір.

Қазақи мінез //қысқа әңгімелер. 1996.- 24 қыркүйек.

Мұндай да болған : «Орталық Қазақстан» газетіне 65  
жыл// қаламдастар қалжыңы -1996-28 қыркүйек, 3 қазан.

Баукемен өткен бір күн//Б.Момышұлы Қарағандыда  
болғанда кездесуінен естелік.- 1996.-3 қазан.

**1998**

Қаскең айтқан бір өлең //Актоғайлық шежіре-қарт Қасабек  
Аманбеков айтқан бір өлең туралы.-1998.-16 желтоқсан.

Актоғайға – араша, бауырлар!// Құлаққағыс.- 1998.- 4  
қараша.

**1999**

Жер туралы мөлтек сыр// Жер туралы заң жобасын  
талқылау.- 1999.-7 тамыз.

«Түлкінің зары» -Жабас ақындікі.- 1999.-3 наурыз.

Тағдырмен тайталас //Ғалым Жақсылық Толпақов  
туралы.-1999.- 24 сәуір.

Өліп, тірілген халықпыз// Ой түрткі - 1999.-21, 25 тамыз.

**2000**

Ақыл менен қайратқа сенген абзал : эссе / - 2000. - 3  
мамыр.

Имандылықты армандаған азамат еді // Садық  
Жәнкеұлының өмір жолы туралы. - 2000. - 21 маусым.

Құрдастар қалжыңы: әзіл-оспақ, сын-сықақ әңгімелер . -  
2000. - 5 тамыз.

Теспей сорған Телеком//Қазтелекомның келеңсіз қызметі.  
туралы -2000. - 4 қараша.

Желтоқсаншылар аманаты елім деген ерге сын: 17  
желтоқсан – Демократиялық жанару күні.-2000.-16 желтоқсан.

### 2001

Қазақ бау-бақша өсіре ала ма? - 2001. - 11 сәуір.

Мақсұт ақынның өтініші //Ақын М.Байсейітовтың өлеңмен жазылған өтініші туралы. - 2001. - 31 наурыз.

Жалындап жану немесе майдангер-ұстаз Мүтәш Сүлейменовпен сырласу: [Эссе]. - 2001. - 5 мамыр.

Тіл-тәңірмен тілдесу // эссе. 2001.-22 қыркүйек.

Сапарластар: Естелік // «Орталық Қазақстан» газетінің 70 жылдық саны.2001.- 4 қазан.

Кәусар бұлақтай мөлдір сезім көріністері. - 2001. - 5 желтоқсан.

### 2002

Ислам нұры жүректерге жетсін.- 2002.- 16,20,23,27ақпан, 2 наурыз.

Сапарлас болған Сапар еді //Газет қызметкері С.Тұрабаев туралы.- 2002.-9 ақпан.

Арак - атадан қалған ас емес. - 2002. - 5 маусым.

### 2003

Алаштың арыстарын тебіrentкен Қазы Нұрмұхамбетұлы кім? -2003.-18 қаңтар.

Кеудесі жақсылардың алтын сандық : Әріден жеткен әңгімелер. - 2003. - 25 қаңтар.

Жаралы жылдар жаңғырығы : тағдыр // БАҚ қызметкерлері Қыздарбек, Бәтжан Әкімбековтер туралы - 2003. - 29 наурыз.

Таңбалы тарлан: саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында //Жазушы Ж.Бектұров туралы. - 2003. - 27, 29 мамыр.

Бір айтыс туралы 59 жылдан соң...: мұрағаттан жеткен сыр// 1944 жылғы Қоңырат (Ақтоғай) – Шет аудандары ақындарының айтысы - 2003. - 5 тамыз.

### 2004

Амалсыздық па, әлде алдаусырату ма?: Қазақ тілін үйретуді жастардан бастау керек// Тіл тағдыры – ұлт тағдыры.2004.-3 шілде.



Ұстаз – ұлы тұлға// Мұғалім кадрлары туралы толғаныс - 2004.-2 қазан.

Ең басты қазынамыз- тіл байлығымыз //Тіл тағдыры – ұлт тағдыры .-2004.-20,25 қараша.

Сәкеннің шарапаты тиген...//Журналист Оспанбай Орынтаев туралы.-2004.-21 қазан.

## 2005

Көптің құрметтісі болған еді: Ұлы Жеңіске - 60 жыл //актоғайлық соғыс ардагері Кәрім Қонақбаев туралы. - 2005. - 7 мамыр.

Бұл мекенге Мәди есімі лайық :Жанғырық // Мәди әнінің мәтіндері туралы.- 2005.-12 мамыр.

Мәдидің жалғыз суреті //Тоқаш Кәдікеев ақсақалмен сұхбат.-2005.-19 мамыр.

Отарлық, озбырлық және ойрандалған отбасылар: Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні//Адамбек Мұхамедияұлы және оның жақындарының тағдыры. 2005.-28, 31 мамыр.

Өнердегі бір өрен: жақсының аты өлмейді // Режиссер, актер Айтуған Салықов туралы толғаныс. - 2005. - 23 нілде.

Ұрының бөркі жанбайтын болыпты...//Сықақ әңгіме. - 2005.- 10 қараша.

Тіл ұмытылса – ұлт ұмытылады //Мағнасы ұмытылып бара жатқан (архаизм) сөздер туралы аз ғана түсінік.-2005.-17 қараша.

Мағынасы ұмытылып бара жатқан сөздер.-2005-19, 22 ,24,26 қараша.

Алаш үшін жүрегін алау еткен // Ә.Бөкейхановтың туғанына-140 жыл.-2005.-31 желтоқсан, 2006.-3 қаңтар.

## 2006

Көңілден кетпес бейнесі: жақсының аты өлмейді //Сібір Кәрібековты еске алу- 2006. - 26 қаңтар.

Жақсы қасиет ұстаздан жұғады//Ұстаз Әуезхан Омарханұлы туралы.-2006.-18 ақпан.

Айтпасаң шындық өледі// «Орталық Қазақстан» газетіне – 75 жыл.-2006.-20, 22 сәуір.

Оқырмандардың сүйіктісі болу – оңай емес // «Орталық Қазақстан» газетінің 75 жылдығына.-2006.-30 қыркүйек, 5 қазан.  
Өмірі - өнеге // Академик Е.Бөкетовтің рухына .2006.-23-25 қараша.

### **2007**

Мағнасы ұмытылып бара жатқан кейбір сөздер// Ескі сөздерге түсінік. -2007.-16,18 қаңтар.

Өндірісті өлкенің шежіресі //«Қарағанды. Қарағанды облысы» аймақтық энциклопедиясының жарыққа шығуына. - 2007.- 20 қаңтар.

Аманатқа адалдық// Г.Оразалиеваның «Нұртас Ондасынов» деген кітабы туралы пікір.-2007.-6 наурыз.

Тұрған бойы «Теледидар» еді //ақтоғайлық өнерпаз Тұрған Түсімбаев туралы.-2007.- 14 сәуір.

Бас аудармашы // Журналист Мінәж Жармұхамедовтің туғанына -100 жыл.-2007.-19 сәуір.

Ізгілік //Журналист Ғалымбек Нәдіровтің туғанына -100 жыл.- 2007.- 26 мамыр.

Жүрек алауы // Геолог-ғалым Т.Ақышев туралы толғаныс.-2007.-14 шілде.

Тіл мергені Қалекен // Журналист Қали Садықовтың туғанына -100 жыл. 2007.-21 шілде.

Адамзаттың бұлбұлы //ақын, сазгер, әнші Әсет Найманбайұлының туғанына - 140 жыл ( А. Сейдахметовпен бірге) - 2007. - 2 тамыз.

Атаулар және олардың астары: толғауы тоқсан қызыл тіл. - 2007. - 6 қыркүйек.

### **2008**

Той атымен тон бітеді // Қар ТВ-50 жыл-2008.-16 қазан.

### **2009**

Шешен домбырадай шежіре// Қуандық Сәденовтың «Құлық Жалаңтөс (Соқыр) ұрпақтарының шежіресі» деген кітабына пікір - 2009. - 6 тамыз.

### **2010**

Қауіп пен қатер: Сырласу//Тіл бірлігі туралы.-2010.-9 қазан.

**2011**

Қайта оралмас күндердің елестері : Естеліктер //«Орталық Қазақстан» газетіне -80 жыл.-2011.- 25,30 маусым.

Абайтану ғылымына қосылған салмақты үлес //Т.Жұртбайдың «Сүйесің, жүрек, күйесің» деген кітабына пікір.-2011. – 6 қыркүйек.

Қарап отырғанша ... күле отырайық: Қаламдастар қалжыны. Х.Алмасов. - 2011. - 27 қазан.

**2012**

Таңбалы тарланның өлмес өмірі басталды//Жазушы Жайық Бектұровтың 100 жылдығына.-2012.-26 мамыр.

**2013**

Өзгенің қуанышын аялаған// Ұстаз-ғалым Әуезхан Омарханұлының қайтыс болуына. -2013.-7 ақпан.

**Кітаптары, жинақтарға енген туындылары**

Парыз//Мақалалар, көсемсөздер, әңгімелер. Қарағанды, 2002, 300 бет.

Қайта оралмас күндердің елестері: естеліктер // Кітапта: Сексен жыл халықпен бірге, Қарағанды, 2011ж.,77-85-бб.

Қаламдастар қалжыны // Кітапта: Сексен жыл халықпен бірге, Қарағанды, 2011ж.,212-214-бб.

**Журналист М.Халиолланын өмірі мен шығармашылығы туралы**

Әділет таразысындай ізгі жан : 70 жасқа толуына //С.Алпысұлы. Орталық Қазақстан.-1999. - 27 қазан.

Еңбекпен көтерілді ел еңсесі: 50 жылдар: "Орталық Қазақстан" газетіне-70 жыл // Жанғожин А., Лұқпанов Е. Орталық Қазақстан. - 2001. - 27 маусым.

Еңбекпен көтерілді ел еңсесі: 50 жылдар//Кітапта: Ақпарат айдынында. Жанғожин А., Лұқпанов Е. - Қарағанды, 2001 ж.,76-б.

Қаламгер парызы : жаңа кітап / /М.Халиолланың «Парыз» кітабына пікір// Лұқпан Е. Орталық Қазақстан. - 2002. - 21 желтоқсан.

Халиоллин Масғұт Жабасұлы //Кітапта: Қарағанды.

Қарағанды облысы, энциклопедия. Алматы, 2006, 535 б.

Халиоллин Масғұт Жабасович // В книге: Қарағанда. Қарағандинская область, энциклопедия. Алматы, 2008, с. 474.

Жүзден жүйрік журналистер // Облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығын «Мамандыққа берілгені үшін» номинациясы бойынша ие болуы туралы мақаладан. А.Кемпірбаев. Орталық Қазақстан.-2009.-27 маусым.

Журналистер марапатталды // Қазақстанның Құрметті журналисі атағын алуы туралы хабар. Орталық Қазақстан. - 2009.- 27 маусым.

Тоқырауынның тектісі: 80 жасқа толуына. // Қ.Әбілдинов. Орталық Қазақстан. -2009.-3 қыркүйек.

Халиоллин Масғұт Жабасұлы // Кітапта: Орталық Қазақстан: 80 жыл. Бұрын, кеше және бүгін, Қарағанды, 2011 ж., 40-б.

«Жүрегім әркез Ақтоғай деп соғады» // А.Туғанбай. Орталық Қазақстан. -2012.-24 қаңтар.

***Жинаған Аман ЖАНҒОЖИН.***

## СӨЗ СОҢЫ

### **Қадірменді оқырман!**

*Сіз осы кітаптың соңғы бетін жапқанда қандай сезімде болатыныңызды мен білмеймін. Әйтсе де жайбарақат қалмайтыныңызды түйсінемін. Бұл жазбаларым – көсем сөздерім бүгінгі аласапыран кезеңде аса қажетті құрал деп білдім. Сәндеп, сырлап отыруды уақыт кешірмес еді. Бұл менің еліме, ұлтым деген ыстық махаббатымның бір көрінісі болар. «Өмірінде бір рет ғашық болмаған адам өмір сүрмедім десе де болады» дегендей, өзінің ұлты мен тілін сүймеген адамға айтылар сөз де осы.*

*Тіл үшін ғазиз басын бәйгеге тігіп от пен судың арасынан аман-есен шығып келе жатқан айбынды ақын Мұхтар Шаханов айтқандай, «Тіліңді жоғалтсаң, тіліңді жоғалтсаң: жоғалтқаның бәрін де!» Тіл үшін күрес азаттық жолындағы күрестің ең басында тұруы керек. Тілінді жоғалтқаның ұлтыңды, оның сан ғасырлар бойы сары алтындай сақтап келген, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған жауһарларын – мақал-мәтелін, ән-күйін өз қолыңмен итке тастағаның, өзіңе-өзің жасаған опасыздығың!*

*Осы жинақ – менің «Парыз» атты кітабымның жалғасы іспетті. Яғни, менің өмірімнің жалғасы деп білерсіздер.*

*Өзім сүйген мамандықты бастаған, негіздеген қара шаңырағым – «Орталық Қазақстан» («Советтік Қарағанды») газетінің, қазақ журналистикасының сарбаздары жайындағы естеліктерім сол марқұмдар қабіріне қойған бір шоқ гүлім болсын!*

*Аға буын өкілі ретінде айтар бір ғана тілегім бар: ойлаған ойымыз, айтқан сөзіміз, жазғанымыз өзгеріссіз, бір жерден шықса екен.*

*Сөз қадірін кетірсек өз қадірімізді жоғалтатынымызды бір сәт те ұмытпайық! Уақыттың көлеңкесі болудан Алла сақтасын. Сонда ғана ата-баба арманы болған Тәуелсіздігімізді сақтап, нығайта аламыз!*

Осы кітаптың жарық көруіне бастаушы болған «Орталық Қазақстан» газетінің Бас редакторы, қарымды қаламгер, ағалық жолын да, інілік міндетін де берік ұстанатын, қадірлі шәкіртім **Мағауия Сембайға**, баспасөздің қажымас қайраткері **Аман Жанғожинге** шын жүректен алғыс айтып, істеріне сәттілік тілеймін!

## МАЗМҰНЫ

<b>I.</b>	
<i>Естеліктер</i> .....	3
Ой сүзгі .....	3
Қайта оралмас күндердің елестері .....	40
<b>II. Алдыңғы толқын – ағалар</b> .....	<b>58</b>
Таңбалы тарлан Жәкең .....	58
Ізгілікті Ғалекең .....	71
Тіл мергені Қалекең .....	77
Бас аудармашы Мікең .....	83
Сәкеннің шарапаты тиген Оскең .....	88
<b>III. Алаштың арыстары</b> .....	<b>95</b>
Осы біз өз Абайымызды толық таныдық па? .....	95
Алаш үшін жүрегін алау еткен .....	110
Алаштың арыстарын тебіrentкен .....	126
Кеудесін кек кернеген кесек талант .....	139
<b>IV. Ұмытылмас бейнелер</b> .....	<b>151</b>
Өмірі – өнеге .....	151
Жүрек алауы .....	160
Өзгенің бақытын аялаған азамат .....	171
Өмір өткелдері .....	176
<b>V. Сырсандық</b> .....	<b>184</b>
Ұстаз – ұлы тұлға .....	184
Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады .....	192
Оқырмандардың сүйіктісі болу – оңай емес .....	208
Қауін пен қатер .....	220
Имандай сырым .....	228
<b>VI. Тіл тағдыры – ұлт тағдыры</b> .....	<b>232</b>
«Қазақ тілі» қоғамын еске алсақ .....	232

Намысымыз оянбай, тәуелсіздігіміз нығаймайды .....	238
Ұлт намысын ту көтерер шағымыз .....	241
Балалар ана тілінен нәр алсын дейтін ата-аналар назарына ...	243
Өзімізді өзіміз кемітпейік .....	245
Қазақ жалқау емес... ..	250
<b><i>VII. Сын түзелмей – мін түзелмейді .....</i></b>	<b>256</b>
Ұрының бөркі жанбайтын болыпты .....	256
Қарап отырғанша, күле отырайық .....	262
<b><i>VIII. Жақсы лебіз – жан азығы .....</i></b>	<b>276</b>
Бабалар, аталар, әкелер .....	276
«Жүрегім әркез Ақтоғай деп соғады» .....	279
Журналист Масғұт Халиолланың кейінгі жылдарғы негізгі мақалаларының библиографиялық көрсеткіші .....	285
<b><i>Сөз соңы .....</i></b>	<b>292</b>



# **Масғұт Жабасұлы ХАЛИОЛЛА**

*Редакторлары А.Жангожин, Ж.Оспанов  
Техникалық редакторы Ж.Сүлейменов  
Корректоры Ә.Әбішева*

*Теруге 26.09.2014 ж. жіберілді.  
Басуға 20.08.2014 ж. қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/16. Көлемі 18,8 б.т. Офсеттік қағаз.  
Таралымы 150 дана. Тапсырыс № 6015*

---

